

УДК 340(075)

ББК 67.0я7

Ж 89

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

«Құқық қорғау қызметі» мамандығы бойынша оқу-әдістемелік секциясымен мақұлданған (рұқсат етілген)

Әл-Фараби атындағы ҚҰУ заң факультетінің ғылыми кеңесі және Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы институтының ғылыми кеңесі ұсынған

Рецензенттер:

**І. Ж. Бақтыбаев** — заң ғылымдарының докторы, профессор

**Г. Х. Насыров** — заң ғылымдарының кандидаты, доцент

**С. К. Жүрсімбаев**

**Ж 89 Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары:**

**Оқулық.**— Алматы: «NURPRESS» баспасы, 2019.— 360 бет.

**ISBN 9965-813-90-6**

«Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары» курсы — заң оқу орындарында студенттерге құқық қорғау және құқық қолдану органдарының қызметі туралы негізгі мәліметтерді беретін пән. Курсты оқудың мақсаты — болашақ заңгерлерді құқық қорғау қызметін жүзеге асыратын соттың, прокуратураның және басқа да органдардың құқықтық негіздері, міндеттері, құрылымы мен құзыреттері жөнінде қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету.

Толықтырылып ұсынылып отырған осы екінші басылым — заң оқу орындарының студенттеріне, оқытушыларға және құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне арналған.

УДК 340(075)

ББК 67.0я7

© С. К. Жүрсімбаев, 2019.

© «NURPRESS» баспасы, 2019.

**ISBN 9965-813-90-6**

## Кіріспе мақала

«Қазақстан Республикасындағы құқық қорғау органдары» курсы оқу бағдарларының көпшілігінің оқу бағдарламаларында көзделген. Бұл құқық қорғау органдары қызметінің заңдардың орындалуында маңызды рөл атқаратындығымен байланысты. Бірақ, бұл пәнді оқыту практикасы құқық қорғау қызметін реттеудің қазіргі жағдайға бейімделген курсының материалдарын іздестіруде қиындық бар екендігін көрсетіп отыр.

Осы мәселені біршама шешу мақсатында жоғары оқу орындарының «Юриспруденция» мамандығы бойынша оқитын студенттеріне арнап осы оқу-әдістемелік құрал даярланды. Оқулық университет профессоры, заң ғылымдарының докторы С. К. Жүрсімбаевтың ғылыми және оқу-әдістемелік жұмыстары негізінде жазылған, онда Бас прокуратура Институтының ұсыныстары, сондай-ақ Бас прокуратура материалдары пайдаланылған.

Кейбір тұжырымдарды автор өзінің соттағы, прокуратура және ішкі істер органдарындағы жұмыс тәжірибесіне сүйеніп жасайды.

Ұсынылып отырған оқу-әдістемелік материалдар «Қазақстан Республикасындағы құқық қорғау органдары» курсы оқытудың әртүрлі жақтарын қамтиды. Басылымда курс бағдарламасы мен әдістемелік ұсыныс берілген. «Қазақстан Республикасындағы құқық қорғау органдарын» оқу арқылы студент құқық қорғау қызметінің теориялық негіздерін білуге, құқық қорғау қызметін сипаттау үшін қажетті негізгі терминдер мен категорияларды игеруге, сондай-ақ нормативтік материалдармен жұмыс істеу тәжірибесін алуға тиіс.

«Қазақстан Республикасындағы құқық қорғау органдары» курсы құқық қорғау қызметінің құқықтық және әлеуметтік тегі, құқық қорғау органдарының құқықтық мәртебесі, оның функциялары, қызметінің формалары мен әдістері туралы өзінше бір жүйе.

Бұл оқу пәні шеңберінде құқық қорғау органдарының заң шығарушы, атқарушы және сот биліктері жүйесіндегі орны туралы, құқық қорғау органдарының азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды, елдегі құқықтық тәртіп пен

қауіпсіздікті қорғауды, мемлекеттік биліктің жоғарғы органдары атынан Конституция мен заңдардың дәл және біркелкі орындалуын қадағалауды жүзеге асырудағы арнайы өкілеттігі туралы мәселелер оқытылады.

Нақты-тарихи көзқарас құқық қорғау органдары қызметін реттеудің КСРО тарағаннан осы кезге дейінгі аралықтағы ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Оқулықта құқық қорғау органдарының алдында тұрған міндеттердің мазмұны ашылған, олар топтастырылған, өкілеттіктеріне талдама жасалған, құқық қорғау органдары, аумақтық және арнайы құқық қорғау органдары, жоғары тұрған және төмен тұрған құқық қорғау органдары арасындағы құзыреттер жіктелген.

Жұмыста, сонымен қатар, қолданыстағы заңдар талданған, олардың негізгі ерекшеліктері көрсетілген, мемлекеттің құқық қорғау органдарының жүйесін құру тәжірибесі қорытылған.

Жүйенің салыстырмалы-құқықтық талдамасы және кейбір шет елдердің құқық қорғау органдары қызметінің ерекшеліктері айрықша көңіл аударарлық.

Сонымен, бұл жұмыс құқық қорғау және құқық қолдану органдарының қызметіне қатысы бар барлық заң актілерін мұқият зерделеудің нәтижесі болып табылады.

Еңбекті ұйымдастыру және басқару мәселесіне көзқарас құқық қорғау органдарындағы жұмысты ұйымдастыру жөніндегі материалдың мазмұнын анықтайды. Компьютерлік технологияларды, қазіргі байланыс құралдарын және т.б. пайдалана отырып, күрделенген және ұлғайған жұмыс процесін басқарудың жолдары, құқық қорғау органдарында қызмет атқару тәртібі қарастырылған.

Оқулықта әртүрлі ведомстволардағы құқық қорғау органдарының алдында тұрған мақсаттар мен міндеттер, олардың өкілеттіктері көрініс тапқан. Бұл өкілеттіктерді іске асырудың тактикасы мен әдістері де көрсетілген.

Курс материалдары басқа оқу пәндерімен біршама ұқсас келеді.

Сонымен қатар, «Қазақстан Республикасындағы құқық қорғау органдары» курсы өзінше дербес оқу пәні болып табылады. Бұл

құқық қорғау органдарының айрықша мемлекеттік-құқықтық институт екендігімен байланысты. Мемлекеттің арнайы құқық қорғау органы болғандықтан Қазақстан Республикасында құқық қорғау органдары оның атынан әрекет етеді, заң үстемдігін, заңдылықтың нығаюын қамтамасыз етеді.

*Бас прокуратура Институтының  
директоры, аға әділет кеңесшісі,  
заң ғылымдарының докторы, профессор*

***С. Молдабаев***

## КІРІСПЕ

Жеке бастың, қоғамның және мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғайтын мемлекеттік механизмде өздерінің нақты міндеттері мен функциялары бар құқық қорғау органдарының қызметі маңызды рөл атқарады.

«Құқық қорғау органдары» курсы қарапайым сөзбен айтқанда, басқа заңдық пәндерді оқу алдындағы кіріспе болып табылады және олармен үздіксіз байланыста болады. Құқық қорғау және құқық қолдану қызметін жүзеге асыратын соттың, прокуратураның, адвокатураның және өзге органдардың жұмысы жайлы хабардар болмай тұрып, басқа заңдық пәндерді түсіну, әрі қарай қылмыстық іс жүргізудің, азаматтық іс жүргізудің, қылмыстық атқарудың, қаржылық және басқа да құқық салаларының мәні мен мазмұнын ұғыну қиынға түседі.

Құқық қорғау органдарын қалыптастырудағы, ұйымдастырудағы және оның қызметіндегі ерекшеліктер осы оқулықта зерделенетін пән. Бұл органдардың қызметі құқықтық нормативтік актілермен регламенттелген. Сондықтан осы курсты жақсы меңгеру үшін көптеген заңдар мен басқа да нормативтік құқықтық актілерді қамтитын деректемелерді оқуға тура келеді.

Кітапта сот билігі ұғымын ашуға, республика соттарының қызметі негізін құраған принциптерге және оны орындаудың басты формасы — тек сот жүзеге асыратын әділ сотқа басты назар аударылған. Сот төрелігін алқабилерді қатыстырып жүргізуге байланысты 2007 жылғы 1 қаңтарда алқабилерді сайлау тәртібі олардың құқықтары мен міндеттері қарастырылған нормативтік құқықтық заң актісі жарияланды. Баршамызға мәлім, 2007 жылдың 21 мамырында «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң қабылданып, онда еліміз үшін маңызды новеллалар жарияланды. Белгіленген тәртіпте сот төрелігін жүргізу кезінде соттардың тәуелсіздігін нығайту мақсатында оларға конституциялық қолдау көрсетілген. Өлім жазасын қолдану түрі қысқартылған және ол соғыс уақытында адам өліміне және аса ауыр қылмыстар жасауға әкеліп соқтыратын террористік қылмыстармен ғана шектелген, бұның өзі Қазақстан жағдайында өлім жазасынан іс жүзінде бас

тарту дегенді білдіреді. Сот санкциясымен (рұқсатымен) қамауға алу енгізілді және прокуратураның тергеу жүргізуіне конституция тарапынан тыйым салу алынып тасталды.

Мемлекетіміздің құқықтық саясатының негізгі бағыттарын әрі қарай белгілеу мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы N 858 Жарлығымен бекітілген, 2010 — 2020 жж. кезеңіне арналған жаңа **Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының тұжырымдамасы** қабылданды.

2009 жылдың 3-желтоқсанында «Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне сотқа дейінгі іс жүргізуді жеңілдету мәселелері бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң қабылданды. 2009 жылдың 10-желтоқсанында «Қылмыстық, қылмыстық-іс жүргізу және азаматтық іс жүргізу кодекстеріне сот жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңда сот актілеріне шағымданудың жаңа құрылымы белгіленді. Сол күні «Қазақстан Республикасының қылмыстық жазаларды орындау және қылмыстық атқару жүйелерін әрі қарай жетілдіру мәселелері бойынша кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң қабылданды. 2009 жылдың 11-желтоқсанында жылы «Қазақстан Республикасының білікті заң көмегімен қамтамасыз ету мәселелері бойынша кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң қабылданды. Жүргізілген реформа мемлекет пен қоғам институттарын әрі қарай демократияландыруға бағытталған еді.

Мемлекет басшысы 2009 жылдың 29-қаңтарында Парламент палаталарының бірлескен отырысында сөз сөйлеп, өзінің **Қазақстан халқына Жолдауында**: «Құқық қорғау жүйесінің қызметінде екпін ішкі ведомстволық мүддеден азаматтардың құқы мен мемлекеттің мүддесін қорғауға қарай ауыстырылуы тиіс. Бізге парламенттік және қоғамдық қатал бақылауды қамтамасыз ету керек болады, сондықтан әрбір құқық қорғау органының қызметінде есептілік пен бағалау жүйесін жетілдіру талап етіледі. Нәтижеліліктің өлшемі сандық көрсеткіштер емес, азаматтардың, заңды тұлғалар мен шетел инвесторларының сенімін арттырудың индикаторы болатын жұмыс сапасы болуы тиіс. Басқаша айтқанда, жаңа онжылдықта бізге демократиялық мемлекеттегі құқық қорғау қызметінің жоғары халықаралық

стандарттарына сәйкес келетін жаңа құқық қорғау жүйесі қажет» делінген<sup>1</sup>.

Ресей Федерациясында басылып шыққан, қазір қолданыста жүрген «Құқық қорғау органдары» оқулықтары біздің мемлекеттік білім берудің міндетті стандарттарына сәйкес келе бермеді, өйткені Кеңес Одағы тарағаннан кейін Қазақстанда белсенді түрде жүргізілген сот-құқықтық реформа осы органдардың құрылымы мен қызметтеріне елеулі өзгерістер алып келді, талай жаңа нормативтік құқықтық актілер қабылданды.

Қазақстан авторлары дайындаған балама оқу құралдары шыққалы бері де белгілі бір уақыт өтті, сол аралықта құқық қорғау қызметін реттейтін заңдар мен құқықтық актілерде едәуір жаңартулар жасалды.

Автор құқық қорғау органдары туралы оқып-үйренушілердің ең қажетті мәліметтерді дұрыс қабылдауын және игеруін қиындататын теориялық даулар мен пікірсайыстық проблемаларға аса көңіл бөлмеуге тырысқан. Автордың пікірінше, оқулықтар мен оқу құралдарында материалдар бірізділікпен, жүйелі баяндалуға тиіс. Нақты органның құқық қорғау және құқық қолдану қызметі туралы ақпарат *қолданыстағы заңдардың* мәнін ашумен шектелуі тиіс.

Бұл оқулықты дайындағанда құқық қорғау органдарының қызметін регламенттейтін заңдар ғана емес, заңға енгізілген соңғы өзгертулер мен толықтырулар ескеріліп, көрсетілген мекемелердің қайсыбір функцияларын анықтайтын ведомстволық құқықтық актілер де пайдаланылды.

Құқық қорғау органдарының құзыретін регламенттейтін заң нормаларының мағынасын бұрмаламау мақсатында, олардың қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері заңда қалай баяндалса, негізінен тура солай келтірілген. Оқулықта сонымен қатар, шет мемлекеттердің құқық қорғау органдарына арналған арнайы бөлім бар, онда салыстырмалы құқықтану әдісін пайдалана отырып, кейбір елдердің құқық қорғау органдары қарастырылады. Осы пәнді тереңірек зерттегілері келетіндер үшін заң және әдебиет көздерінің тізімі берілген.

Әрі қарай жетілдіруге бағытталған ұсыныстар мен ескертпелер жасағандарға автор өз алғысын білдіреді.

<sup>1</sup> Н. Ә. Назарбаев. Жаңа онжылдық — жаңа экономикалық өрлеу — Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері.

## 1 ТАРАУ

### ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТІ. ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ ҰҒЫМЫ, ОЛАРДЫҢ НЕГІЗГІ БЕЛГІЛЕРІ МЕН МІНДЕТТЕРІ

#### ***1.1. Құқық қорғау қызметі. Құқық қорғау органдары ұғымы, олардың негізгі белгілері мен міндеттері.***

Қазақстанның өзін құқықтық, демократиялық мемлекеттер қатарына жатқызатындығы, адамды, оның өмірін, құқықтары мен бостандығын аса жоғары құндылық деп санайтындығы, демократиялық принциптер мен жалпы адамзат құндылықтарын мойындайтындығы біздің еліміздің Ата заңында жарияланған. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін халықаралық-құқықтық актілердің негізгі ережелері мен адам құқығын қорғаудың көпшілік мойындаған құқықтық стандарттары ұлттық заңнамада едәуір орын алды. Мысалы, 1995 жылғы Конституция адам және азамат құқығы мен бостандығына өзінше тарау арнаған. Адам құқығы мен бостандығын қамтамасыз ету мақсатында азаматтардың құқықтарына, бостандығы мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілерді, оларды қолданудың міндетті шарты ретінде ресми жариялау туралы конституциялық норма қабылданды. Сонымен қатар, бұл норманы бақылаудың тетігі ретінде оны тіркеу қарастырылды.

Қазақстан, тәуелсіздіктің алғашқы күнінен бастап Адам құқығының Жалпыға бірдей Декларациясында (1948 ж.) баяндалған талаптарды мойындады. Сонымен қатар, республика бірқатар халықаралық конвенцияларды, олардың ішінде Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық Пакт пен Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Халықаралық Пакт (1966 ж.) сияқты көпшілік мойындаған актілерді бекітті.

Адам құқығы мен бостандығын аса жоғары құндылық деп жариялау, ал адамның және азаматтың құқықтары мен бостандығын

сақтауды және қорғауды мемлекеттің **міндеті** деп тану Республика Конституциясының аса маңызды құқықтық ережелері болып табылады. Бұл барлық заң шығарушы, атқарушы және сот органдарының, сонымен қатар оларға жатпайтын басқа органдардың да елдегі заңдылық пен құқық тәртібін сақтау үшін жан-жақты шара қолдануға, құқықтың қорғалуына күш салуға тиіс екендігін білдіреді, яғни мемлекеттік органдардың басым көпшілігі құқық қорғау қызметіне атсалысады. Және де, азаматтарды заңсыздық пен озбырлықтан қорғаудың нақты тетігі болмайынша мемлекетте демократия да болмайды. Сондықтан да құқықты заңсыздықтан әрқашан қорғау үшін, құқық бұзушылықты айқындау, тыю және оның алдын алу, құқық бұзушыларға әртүрлі санкциялар қолдану үшін мемлекет арнаулы органдар құрады, олар негізінен **құқық қорғау қызметімен** айналысады.

Құқық қорғау қызметі мемлекеттік қызметтің бір түрі ретінде құқықты қорғауға, демократиялық қоғамда заңдылық режимін қамтамасыз етуге тиіс. Құқық заңдардың көмегімен бостандық шегін белгілейді, қоғамдық өмірді реттеудің негізгі мәселелері бойынша мемлекеттің ырқын білдіреді. Құқық жалпыға бір-дей және құқықтық қатынастарға қатысушыларды түгел қамтитындықтан, заңдылық барлық құқықтық жүйенің қалыпты жұмыс істеуінің қажетті шарты болып табылады. Бұл ретте табиғи құқықты мойындауға негізделген, демократиялық құқықтар мен бостандықтарға сай келетін заңдардың үстемдігі қамтамасыз етілуге тиіс. Заңдылықтың жайы заңдардың мазмұнына тікелей байланысты.

Осы айтылғандарды ескерсек, **заңдылықты** барлық заң нормаларын, бәрінен бұрын заңдарда, барлық құқықтық актілерді көрсетілген нормаларды *азаматтардың, олардың бірлестіктерінің, лауазымды адамдардың, мемлекеттік органдардың* бұлжытпай сақтауы және орындауы деп ұғыну керек. Мызғымастай құқықтық тәртіп заңдылық режимінің ойдағыдай жүзеге асырылғандығының нәтижесі болып табылады.

**Құқықтық тәртіп** дегеніміз қоғамдық қатынастарды тәртіпке келтірудің құқық пен заңдылыққа негізделген күйі. Құқықтық тәртіп мемлекет белгілеген тәртіпте қабылданған құқықтық нормалармен реттеледі.

Жоғарыда аталған мақсатқа жетудің құралы болып табылатын құқық қорғау қызметі заңдылықтың сақталуын қадағалау және бақылау, бұзылған құқықты қалпына келтіру және кінәлі адамды жауапқа тарту жөніндегі қызметтерді қамтиды.

Айта кету керек, ғылымда да, заң әдебиетінде де құқық қорғау қызметінің субъектілерін анықтауда ортақ пікір, ал заңнамада «құқық қорғау органдары» ұғымына нақты түсінікте беретін құқықтық норма жоқ. Мысалы, Б. Т. Безлепкин өз оқулығында құқық қорғау органдарының тек алты түрін көрсетеді: прокуратура органдары, федералдық қауіпсіздік қызметі органдары, ішкі істер органдары, салық полициясы органдары, кеден органдары, шекара қызметі органдары<sup>1</sup>.

Құқық қорғау органдарының санын бұл оқу құралында әртүрлі авторлар 5-тен 16-ға дейінгі аралықта береді. А. В. Ендольцеваның, О. А. Галустьянның және А. П. Кизлықтың редакциясында басылып шыққан «Құқық қорғау органдары» оқулығында құқық қорғау органдарына сот органдары, прокуратура, қауіпсіздік органдары, ішкі істер органдары, есірткі айналымын бақылау органдары, кеден органдары және әділет органдары жатқызылған. Бұл аталған жеті құқық қорғау органдарының әрқайсысы оның өзара байланыстағы элементтерінің жиынтығын құрайды. Өз кезегінде барлық құқық қорғау органдары да өзара байланысты. Белгілі ғалымдардың ғылыми еңбектерін жинақтап қорыту мынадай екі тұжырым жасауға мүмкіндік береді:

1) мемлекеттің құқыққа қатыстығын алғанда ол алғашқы болып табылады, себебі ол бұл құқықты құрайды;

2) мемлекет өзі құрған құқықты қорғайды. Сондықтан да, құқық қорғауға арнаулы уәкілеттігі бар мемлекеттік орган ғана құқық қорғау органы болып табылады<sup>2</sup>.

Құқық қорғау қызметін жүзеге асыратын органдар қатарына сот органдарын жатқызу мәселесі құқық қорғау органдарының теориясында да, мамандар арасында да пікір таласын тудыруда.

<sup>1</sup> Безлепкин Б. Т. Судебная система, правоохранительные органы и адвокатура России: Оқулық.— М.: Юристъ, 2001.— 25 б.

<sup>2</sup> Правоохранительные органы / А. В. Ендольцеваның, О. А. Галустьянның, А. П. Кизлыканың редакц.— М.: Юнити, 2009.— 13—14 б.

Біреулері сот органдарын құқық қорғау органдарына жатқызады, біреулері — жатқызбайды, ал басқа біреулері олардың ешқайсысына да қосылмайды.

Кейбір ғалымдардың пікірінше сотты құқық қорғау органдарының қатарына жатқызуға болмайды. Олардың ойынша, егер сотты «құқық қорғау органдарының» бірі деп санасак, онда ол бұрынғыдай айыптау органдарымен бірлесіп қылмыскерлікпен күресуге тиіс. Бұл міндетті ол тікелей емес, азаматтардың құқықтарын, бостандығын және заңды мүдделерін, мемлекеттік және басқа органдардың, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау туралы нормативтік құқықтық актілердің тиісті нормаларының жүзеге асырылуын қамтамасыз ету арқылы жанама жүзеге асырады. Олардың пікірінше, «сот билігі... өзіне азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауды... мақсат етіп қояды» деп көрсетілген Конституцияның 76-бабының 1-тармағы мен «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның 1-бабының 2-тармағы дұрыс баяндалмаған, себебі сотқа біреуді қорғау функциясы заңмен берілмеген. Адам құқығын сот қорғамайды, құқық сотта қорғалады. Соттың негізгі міндеті — құқық туралы барлық істер мен дауларды қарап шешу<sup>1</sup>.

А. П. Гуляевтің пікірі мүлде басқаша, ол сот билігін іске асырудың формасы болып табылатын әділ сот пен сот бақылауы «құқық қорғау қызметінің ең жоғарғы формасына жатады» дейді. Р. А. Беленковтың да ұстанымы осындай, ол әділ сотты — «соттардың заңда және ол белгілеген процедураға сәйкес қылмыстық және азаматтық істерді қараудағы және шешудегі құқық қорғау қызметінің түрі» деп қарастырады<sup>2</sup>.

<sup>1</sup> Стецовский Ю. И. Судебная власть.— М., 2000.— 4 б; Сулейменова Г. Ж. Проблемы взаимодействия ветвей государственной власти в процессе их функционирования / Ғылыми-практикалық конференцияның материалдары.— Алматы, 2004; Проблемы согласованного функционирования органов государственной власти Республики Казахстан и системы сдержек и противовесов.— Алматы, 2006.— 264 б.

<sup>2</sup> Правоохранительные органы и организации России: Компетенция и полномочия / А. П. Гуляевтің редакциясы.— М., 1999.— 16 б; Беленков Р. А. Правоохранительные органы (лекциялар конспектісі).— М., 1999.— 9 б.

К. Ф. Гуценко тіптен былай деп жазады: «Қайсыбір органды құқық қорғау органдарына жатқызу оны тәуелсіздіктен айырып, басқа біртекті органдарға тәуелді етуді білдірмейді. Соттарды құқық қорғау органдары қатарынан алып тастау олардың құқық қорғауға уәкілетті және онымен айналысуға міндетті екендігін қалай да теріске шығарады. Өз құқықтары мен бостандықтарының қорғалуын іздеп адамдар көбіне сотқа жүгінеді. Соттар — құқық қорғау органдары жүйесінің ең биік шыңы»<sup>1</sup>.

А. В. Наумовтың айтуынша «сотты құқық қорғау органы деп санау дұрыс, тіпті ол қылмыскерлікпен күрес органы болып табылады, себебі бұл күрестің басты қаруы — жазалау — соттың қолында»<sup>2</sup>. В. П. Рябцев, соттар «қылмыскерлікпен күресті жүзеге асырушы мемлекеттік-құқықтық құрылымдар жүйесінің тікелей құрамдас бөлігі болып табылады» дейді<sup>3</sup>. Әрі қарай ол былай деп жазады: «Жедел-іздігі қызметін, алдын ала анықтама және тергеу әрекеттерін жүзеге асырушы органдардың азаматтардың елеулі құқықтары мен бостандығына қатысты әрекеттеріне билікті — өкімді бақылау жасағанда және ол органдардың үстінен түскен шағымдарды қарағанда сот маңызды құқық қорғау функциясын атқарады. Бұл тұрғыдан алғанда, жалпы юрисдикция соттары қылмыскерлікпен күресетін құқық қорғау жүйесінің ажырамас құрамдас бөлігі болып табылады»<sup>4</sup>.

Ескеретін бір жағдай — сот органдары жүзеге асыратын сот билігінде міндетті түрде мәжбүрлеу сипаты болады. Сот үкімі құқық қолданудағы аса маңызды акт, ол қылмыстық іс бойынша оған дейін жүргізілген барлық әрекетке қорытынды жасайды, заңды, дәлелді және әділ жаза тағайындау сотталғанның түзелуіне септігін тигізеді. Жазаның әділдігі қылмыскерлікпен күрестің тиімділігін көтерудегі маңызды фактор болып табылады. Бұл тұста Қылмыстық кодекстің 38-бабының 2-бөлігіне назар ауда-

<sup>1</sup> Гуценко К. Ф., Ковалев М. А. Правоохранительные органы.— М., 2006.— 18—19 б.

<sup>2</sup> Наумов А. В. Суд как орган борьбы с преступностью, а прокуратура — как институт общего надзора // Российская юстиция, 2002.— № 1.— 24—26 б.

<sup>3</sup> Рябцев В. П. Правоохранительные органы Российской Федерации по борьбе с преступностью // Организация управления в органах прокуратуры. Ғылыми еңбектер жинағы.— М., 1998.— 44 б.

<sup>4</sup> Сонда.

ру керек, онда: «Жаза әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сондай-ақ сотталған адамды түзеу және сотталған адамның да, басқа адамдардың да жаңа қылмыстар жасауынан сақтандыру мақсатында қолданылады» делінген.

Қылмыс жасаған адамға жаза оның түзелуі және жаңа қылмыстың алдын алу үшін қажетті және жеткілікті шамада тағайындалады.

Істі дер кезінде қарау, сот талқысының жариялылығын сақтау және заңды, дәлелді, әділ жаза тағайындау қылмыскерлікпен ұтымды күресудің, құқық тәртібін нығайтудың, заңдылық режимін қамтамасыз етудің маңызды шарттарының бірі болып табылады. Бұл да соттың қылмыскерлікпен күрес ісіне қосқан қомақты үлесі.

Сот отырысының сақтандыру-тәрбиелік ықпалының, сот қаулысының әділдігінің, сондай-ақ құқық пен моральға деген құрмет қалыптастыруға қатысудың да үлкен маңыздылығы бар. Сондықтан да сот, ҚР ҚІЖК-нің 387-бабына сәйкес, егер негіз болса, жеке қаулы шығарып, онда мемлекеттік органдардың немесе мекеме, ұйым басшыларының назарын істе анықталған, қылмыстың жасалуына алып келген себептер мен жағдайларға аударып, тиісті шара қолданылуын талап етеді.

Жоғарғы Сот, азаматтық, қылмыстық және өзге істер бойынша ең жоғарғы сот органы болғандықтан жалпы юрисдикция соттарының қызметіне заңда белгіленген процессуалдық формада қадағалау жүргізеді, төменгі тұрған соттардың шешімдерін апелляциялық, кассациялық, қадағалау тәртібінде және жаңа ашылған мән-жайлар бойынша қайта қарайды. Сонымен қатар судья анықтаушы органның, тергеушінің, прокурордың алдын ала тергеу жүргізген кездегі әрекеттері мен шешімдерінің заңдылығын және дәлелділігін тексере отырып, қылмыстық қудалау органдарының қызметінің заңдылығына *бақылау* жасайды. Және де, Негізгі заңға сәйкес сот билігі адамның, азаматтың, ұйымдардың құқығын, бостандығын және заңды мүдделерін қорғауға, Конституцияның, заңдардың, өзге нормативтік құқықтық актілердің, республиканың халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Соған байланысты алсақ, соттың міндеті істерді жай қарау ғана емес, әділ шешім қабылдай отырып, азаматтардың заңды

құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету. Сондықтан да Жоғарғы Соттың пленарлық отырысы сот практикасын ауық-ауық зерделейді және оның қорытындысын жинақтап қорытып Республика соттарының әділ қазылық жүргізуде заңдылықты сақтауы мәселесін қарастырады, сондай-ақ істерді қадағалау тәртібінде қарайды.

Әділ сот өзінің заңды және әділ шешімімен жасалған қылмыс үшін жауапкершіліктің қалай да болатындығына сенім тудырады, халықтың құқықтық және өнегелік санасына ықпал етеді, құқық беделін көтереді. Мемлекеттік биліктің бір тармағы болғандықтан соттар елдегі заңдылық пен құқық тәртібін сақтау мәселесінен тыс қала алмайды. Сондықтан да Сот юриі құрылған, ол әділ сот жүргізуде төмен нәтижелер көрсеткен немесе сотта іс қарағанда заңдылықты бұзғаны үшін кемінде екі рет тәртіптік жаза алған судьяларға қатысты материалдарды қарайды.

Бұл айтылғандарды негізге алсақ сот органдарын құқық қорғау органдарының қатарына жатқызуға болады. Сот органдарын елдегі қылмыскерлікпен күрестің жайы үшін жауапкершіліктен босату және оларда қылмыстық қудалау функциясының болмауы оларды адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге тиісті уәкілетті органдар жүйесінен шығарып тастамайды. Қазіргі кезде адамның құқықтары мен бостандығын қорғау мәселесінде сот бақылауына да үлкен мән беріледі, ол негізінен сотқа дейінгі кезеңде жүргізіледі.

Бұл проблеманың едәуір пікірталас тудыратындығына байланысты заң ғылымы мен практикасы нақты мемлекеттік органдарды құқық қорғау органдарына жатқыза алатындай бірқатар **критерилер мен елеулі белгілерді анықтады.**

Атап айтқанда:

— құқық қорғау органдарының бұл қызметпен айналысуына заң уәкілеттік береді, құқық қорғау қызметін тек оның қызметкерлері ғана жүзеге асырады;

— құқық қорғау қызметі заңда белгіленген тәртіп пен процедура қатаң сақталып іске асырылады, оны бұзған лауазымды адам тиісті жауапкершілік көтереді;

— құқық қорғау органдары өз қызметінің барысында ықпал етудің заңдық шараларын қолдану арқылы өктемдік билікті пайдаланады;

— құқық қорғау органдарының, олардың лауазымды адамдарының өз құзыреті шегінде қабылдаған заңды және дәлелді шешімдері мен әрекеттері міндетті түрде орындалуға жатады, оларды орындамау заң бойынша жауапкершілікке алып келеді.

Құқық қорғау органдарының қызметіндегі негізгі бағыттар:

— азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау;

— тиісті қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету;

— қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

— құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатындағы сақтық жұмыстар;

— құқық бұзушылық фактілерін айқындау, айыптыларды жауапқа тарту мақсатында ол фактілерді заңда белгіленген тәртіпте тергеу;

— құқық бұзушылық жасаған адамдарға көзделген мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолдану;

— қабылданған шешімдердің орындалуын қамтамасыз ету;

— билікті заңдық көмек көрсету.

Негізгі бағыттар деп құқық қорғау органдарының ақтық нәтижеге жету жолындағы басты іс-әрекеттерін айтуға болады, олар: Конституцияның және заңдардың бұзылғандығын айқындап, оларды қалпына келтіру; қылмыстың бетін ашып, оны жасаған адамды әшкерелеу; азаматтық, қылмыстық және өзге істерді әділ талқылап шешу; жазаны орындаудың және өтеудің тәртібі мен шарттарын реттеу, сотталғандардың әлеуметтік бейімделуіне көмектесу. Құқық қорғау органдары қызметінің негізгі бағыттары дегеніміз олардың атқаратын функциясы. Құқық қорғау органдарына тән функциялар оның ұйымын, құрылымын және құзырын анықтайды. Кейбір құқық қорғау органдары тек бір функция, ал кейбіреулері бірнеше функция атқарады. Бұл тұрғыдан алғанда сотты құқық қорғау органдарына жатқызуға болады, себебі, сот органдары, мемлекеттік биліктің бір тармағы болғандықтан *сот билігін* жүзеге асырады, құқық қорғау органдарының барлық аталған белгілеріне жауап береді.

Сонымен, **құқық қорғау қызметі** дегеніміз арнаулы уәкілеттігі бар органдар мен адамдардың билікті өкілеттік берілген

қызметі, ол белгілі процессуалдық формада жүргізілетін мәжбүрлеу сипаты бар айрықша әрекеттер арқылы азаматтар мен қоғамының құқықтары мен бостандығын қорғауға, мемлекетте заңдылық пен құқық тәртібін қамтамасыз етуге бағытталады.

Біздің ойымызша, құқық қорғау органдарына, бәрінен бұрын **сот органдары, прокуратура, ішкі істер органдары, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету органдары, әділет органдары, қаржы полициясы және кедендік бақылау органдары жатады.**

Ал, квазисот органы болып табылатын және бақылау-қадағалау функциясы бар Конституциялық Кеңесті алатын болсақ, құқық қорғау органдары арасында оның қандай орын алатындығына қарамастан, студенттер оның қызметінің құқықтық негіздерін, мақсаты мен міндеттерін білуге тиіс. Біртұтас мемлекеттік биліктің құрамдас бөлігі болып саналатын **Конституциялық Кеңесте** айрықша ұйымдық-құқықтық форма бар, ол Қазақстан Республикасында Конституцияның жан-жақты қорғалуын жүзеге асырады.

Құқық қорғау органдары өзге мемлекеттік органдармен, және де мемлекеттік емес органдармен өзара әрекеттестікте болады. Құқық қорғауға көмектесетін органдар да бар, олар **«құқық қолдану органдары»** деп аталады. «Құқық қорғау органдары» ұғымына қарағанда «құқық қолдану органдары» ұғымы кең. Құқық қолдану органдары құқықты қолдану сөзінен шыққан, яғни заң нормалары негізінде әрекет етуді білдіреді. Құқық қорғау органдары көп, сондықтан олардың ішінен құқық қорғауға белсенді көмек көрсететінін ғана алайық. Белгілі ресей ғалымы Ю. К. Орлов «барлық органдарды құқық қорғау және құқық қолдану деп бөлу орынды, ал соңғысы өз кезегінде мемлекеттік және мемлекеттік емес болып бөлінеді» деп дұрыс айтады<sup>1</sup>.

Құқық қорғауға көмегін тигізетін құқық қолдану органдарына **нотариалдық органдар, адвокатура, күзет қызметі, төрелік сот, салық және өзге қаржы органдары, сот-сараптама мекемелері** жатады.

<sup>1</sup> Суд и правоохранительные органы: Учебник / Жауапты ред. Ю. К. Орлов.— М.: Юристъ, 2006.— 15 б.



Мысалы, **нотариат** қызметі сот қызметімен тығыз байланысты. Егер сот азаматтық процесте құқық туралы дауларды қарастырса, ал нотариат даусыз азаматтық құқықты заң жүзінде бекітеді, оның бұзылуының алдын алады, яғни юрисдикциялық, құқық қорғаушылық функция атқарады.

**Адвокатурада** да өзіндік сипат бар, ол да белгілі бір құқық қорғау функциясын атқарады. Адвокатура қызметінде жариялылық-құқықтық сипат бар, ол құқық мәселесі бойынша кеңес береді, шағым-арыз, өтініш және басқа да құжаттар жазуға көмектеседі, маңызды мемлекеттік функцияға — сот ісінің жүргізілуіне қатысады. Жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды жүзеге асыратын басқа органдармен бірге адвокатура, сот ісіне қатысушы негізгі және белсенді тұлға ретінде мемлекеттің *құқық қорғау жүйесінің бір бөлшегіне айналады*.

Сонымен, азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудағы маңыздылығын және көптеген құқық қорғау органдарымен тығыз байланысын ескере отырып адвокатура мен нотариатты зерделеу нысанына жатқызамыз.

Мәселе, қандай да бір органның құқық қорғауға жататындығында емес, ең бастысы, мемлекет нақты құқықтар мен міндет жүктеген органның азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, заңдылық пен құқықтық тәртіпті сақтауды қаншалықты қамтамасыз ете алатындығында.

Жалпы, мұндай органдарға мыналар жатады: **сот органдары, конституциялық кеңес, әділет органдары, прокуратура, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету органдары, ішкі істер органдары, қылмыстарды тергеу органдары, қаржы полициясы және кедендік бақылау органдары, нотариат және адвокатура**.

Кейбір шет мемлекеттердің құқық қорғау органдарының қызметі жайында мағлұмат алғанның да артықшылығы жоқ. Әсіресе АҚШ-тың, еуропа елдерінің тәжірибелерін білген дұрыс, себебі бізге құқық қорғау қызметін әрі қарай дамытып, жетілдіруіміз керек.

## **1.2. Курстың заты, оның мақсаты. Құқық қорғау органдарының түрлері**

«Құқық қорғау органдары» курсының затына құқық қорғау органдарының құрылымы, олардың өзінше де, жүйе ретінде де ұйымдастырылуы, олардың алдында тұрған міндеттерді анықтау, оны жүзеге асыру үшін оларға берілетін құзыреттер жатады. Мысалы, соттардың, прокуратураның және басқа құқық қорғау органдарының қалай ұйымдастырылатынын білмей, олардың қызметін, өзара қарым-қатынастарын анықтау мүмкін емес.

Курс заты оның мазмұнын анықтайды. Курс затының мазмұны мынадай мәселелерді қамтиды:

- органдардың жиынтықтағы және жеке дара құрылымы;
- алдыға қойған мақсаттар мен міндеттерді орындаумен байланысты болғанда құқық қорғау органдарын ұйымдастыру;
- жүктелген функцияларды орындауға қатысты болғанда құқық қорғау органдарының қызметі.

«Құқық қорғау органдары» **курсын зерделеудегі мақсат** студенттерді құқық қорғау органдарының қызметі, ол қызметтің негізгі бағыттары және оларға берілетін өкілеттіктер туралы бастапқы деректермен қамтамасыз ету.

«Құқық қорғау органдары» курсы басқа заң пәндерінің арасында ерекше орын алады, себебі ол басқаларды зерделеуде бастапқы деректер береді, олармен тығыз байланыста болады. Мысалы, барлық мемлекеттік органдар жүйесіндегі құқық қорғау органдарының рөлі мен орнын анықтайтын конституциялық құқық онымен арадағы өзара байланыстылықпен сипатталады.

Барлық мемлекеттік басқару органдарының ұйымдастырылу және жұмыс істеу заңдылықтарын зерттеу міндеті болып табылатын «әкімшілік құқық» курсымен жанасатын тұстары аз емес.

Негізгі міндеті құқық қорғау органдарының іс жүргізумен байланысты қызметінің мазмұнын талдау болып табылатын «қылмыстық процесс» курсымен бұл курстың байланысы ерекше.

«Мемлекет және құқық теориясы», «мемлекет және құқық тарихы» және т.б. курстар да бұл пәнмен тығыз байланыста.

Егер құқық қорғау қызметіне кең ауқымда қарайтын болсақ, онда Конституцияның, елдегі адам мен азаматтың құқықтары мен бостандығының кепілгері, бәрінен бұрын, **Мемлекет басшысы** болып табылады. Ол мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын анықтайды, қоғамдық өмірдің және елді басқарудың барлық салаларына қатысады.

Республика Президентінің өкілеттігі Конституцияның 44, 45-баптарында айтылған. Президенттің өзіне жүктелген функцияларды орындауына Қауіпсіздік Кеңесі, Жоғарғы Сот Кеңесі және консультативтік-кеңесші органдар көмектеседі.

ҚР Президенті жанында Адам құқығы жөніндегі комиссия жұмыс істейді, ол жыл сайын адам құқығы мен бостандығының сақталу жайы туралы есеп береді. 2002 жылғы 19 қыркүйектен бастап елде Адам құқығы жөніндегі Уәкілетті жұмыс істейді, ол азаматтың құқығы мен бостандығын қорғаудағы маңызды институт болып табылады.

Құқық қорғау органдарының мемлекеттік органдар жүйесіндегі орнын анықтағанда Қазақстан Республикасының Конституциясында бекімін тапқан билікті бөлу принципіне сүйену керек.

Биліктің **заң шығарушы органы**, өзінің заң шығару функциясын жүзеге асырғанда құқық қорғау органдарының қызметін ұйымдастыру және оның мазмұны мәселесін реттейді.

**Биліктің атқарушы тармағының** құқық қорғау функциясына Үкіметтің көптеген құқық қорғау органдарының қызметін ұйымдастыру, оларды кадрлармен, құқықпен, материалдық-техникалық және әлеуметтік тұрғыдан қамтамасыз ету мәселелері бойынша нормативтік актілер шығаруын жатқызу керек.

**Конституциялық Кеңес** маңызды міндет атқарады, ол мемлекеттік органдар ретінде республика аумағында Конституцияның үстемдігін қамтамасыз етеді.

Конституциялық Кеңес Парламент қабылдаған заңдардың Конституцияға сәйкестігін Президент қол қойғанша қарайды, республиканың халықаралық заңдарының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін оларды бекіткенге дейін қарайды, Конституция нормаларына ресми түсініктеме береді, Конституцияның 78-бабында белгіленген жағдайларда соттардың шағым-арыздарын қарайды.

Құқық қорғау органдарының жүйесінде **соттың** алатын орны ерекше, ол республикада әділ сотты жүзеге асыратын бірден-бір орган. Соттар мемлекеттік биліктің дербес тармағының мәртебесіне сай құзыры бар мемлекеттік билік органы болып табылады. Сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады, ондағы мақсат — азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау, Конституцияның, заңдардың, өзге нормативтік актілердің, республиканың халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасының әділет органдары биліктің атқарушы тармағының құқық қорғау органдары жүйесінде соңғы жылдары өздерінің өкілеттік ауқымын кеңейтті, құқық қорғау қызметін күшейтті. Бүгіндері әділет министрлігі тек заң шығарушылық қызметке ғана басшылық жасап қоймайды, оның үстіне адвокатура мен нотариат институттарының, халыққа қызмет ету орталықтарының қызметіне жетекшілік етеді және діни бірлестіктердің жұмысын заңмен реттеу мәселесімен де айналысады.

Елдегі заңдылық пен құқық тәртібінің жағдайы көбіне **прокуратура** қызметімен тікелей байланысты, ол құқық қорғау жүйесінің өзегі болып табылады. Қазақстан Республикасының прокуратурасы заңдардың, ҚР Президенті жарлықтарының және өзге нормативтік құқықтық актілердің республика аумағында дәл және біртекті қолданылуына, жедел-ізвестіру қызметінің, анықтаманың және тергеудің, әкімшілік және атқарушылық іс жүргізудің заңдылығына жоғары қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган, ол тек Республика Президенті алдында есеп береді.

Адамның, қоғамның және мемлекеттің қалыпты дамуының аса маңызды шарттарының бірі — қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

Қауіпсіздік дегеніміз зиян келтіру қаупінің болмауы. Қауіпсіздікке өмірлік маңызы бар мүдделердің: *адамның* құқығы мен бостандығының, *қоғамның* — материалдық және рухани құндылықтарының, *мемлекеттің* — конституциялық құрылымының, егемендігінің және аумақтық тұтастығының қорғалуын жатқызамыз. Ел қауіпсіздігін қамтамасыз ететін

күштердің бірі — **ұлттық қауіпсіздік органы**, ол Президентке тікелей бағынады және оның алдында есеп береді. Бұл органның негізгі міндеті — шет мемлекеттердің арнайы қызметтерінің және ұйымдарының, сондай-ақ жекелеген адамдардың республика қауіпсіздігіне зиян келтіруге бағытталған барлау және басқа қызметтерінің бетін ашу, алдын алу және жолын кесу. Өздеріне берілген өкілеттік шегінде ол адамның, қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Құқық қорғау органдары жүйесінде мемлекеттің атқарушы билік тармағының бірі болып табылатын **ішкі істер органдарының** алатын орны ерекше, ол адам мен азаматтың құқықтары мен бостандығына, қоғам мен мемлекеттің мүддесі нұқсан келтіретін қылмыстық және құқық бұзушылық іс-әрекеттердің алдын алуға, жолын кесуде қыруар жұмыс атқарады. Ішкі істер органдары республика заңнамасына сәйкес алдын ала анықтауды, тергеуді, жедел-ізвестіру қызметін, сондай-ақ қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысты функцияларды жүзеге асырады.

Елде көлеңкелі экономика етек алып, сыбайлас жемқорлықпен күрес мемлекет саясатының маңызды бағыттарының бірі болып отырған қазіргі кезеңде экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмыстармен күресетін органдарға ерекше мән беріліп отыр. **Қаржы полиция органы** арнайы мемлекеттік орган, ол экономика және қаржы саласында адам мен азаматтың құқығына, қоғам мен мемлекеттің мүддесіне жасалатын қылмыстардың және басқа құқық бұзушылықтың алдын алуға, жолын кесуге бағытталған құқық қорғау қызметін жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының егемендігі мен экономикалық қауіпсіздігін қорғау, қазақстан экономикасының байланыстарын кеңейту қажеттігі **кеден** органдарының рөлін арттыруды керек етеді, ол мемлекет пен сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асырушы тұлғалар арасындағы билікті қатынастарға негізделген құралдар арқылы кеден саясатын іске асырады, бұл саладағы құқық бұзушылықпен күреседі.

**Адвокатура** адвокаттардың кәсіби қауымдастығы болып табылады, ол билікті өкілеттік берілген мемлекеттік органға жатпайды.

Дегенмен, көптеген авторлар (И. Л. Петрухин, К. Ф. Гуценко) адвокатураны құқық қорғау органдарының қатарына жатқызады<sup>1</sup>.

Адам құқығының қоғамда мемлекеттік органдар ғана емес, қоғамдық бірлестіктер арқылы да қорғалатыны белгілі. Адвокатура азаматтар құқығын заңды құралдармен жан-жақты қорғау үшін құрылған арнаулы қоғамдық ұйым болып табылады, ол азаматтарға заңдық көмек көрсету жүйесінің өзегі.

«Конституция адвокатураға жеке тұлғаға да, заңды тұлғаларға да билікті заң көмегін көрсетуге, ал мемлекетке — әркімнің ондай көмек алуына конституциялық құқық беруге айрықша міндет жүктеген, ал «жеке және заңды тұлғаларға билікті заңдық көмек көрсету, негізінен, адвокаттардың міндеті»<sup>2</sup>.

Кейбір авторлар (Н. Полтавская., В. Кузнецов) құқық қорғау жүйесіне **нотариат** органдарын да қосады. Бұл авторлар нотариатты «әділет органдарының, сондай-ақ лауазымды адамдардың жүйесі» деп ұғынады, оған Әділет министрлігін, әділет басқармасын, мемлекеттік нотариалдық кеңселерді, жеке практикамен айналысушы нотариустарды, атқару билік және консулдық мекемелер органдарының лауазымды адамдарын және т.б. жатқызады<sup>3</sup>.

Қазақстан Республикасында нотариат жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін құқық пен фактілерді куәлендіруге бағытталған нотариалдық әрекеттер жасау, сондай-ақ заңда көзделген өзге міндеттерді шешу арқылы жүйе болып табылады, ол заңда өз бекімін тапқан. Нотариалдық қызметтің конституциялық құқық пен бостандыққа тікелей қатысы бар, себебі ол қызметті жүзеге асыру арқылы құқық пен бостандық іске асырылады.

Адвокатура, нотариат және басқа мемлекеттік емес ұйымдар құқық қорғау қызметін іске асыруға елеулі үлес қосатындықтан бұл органдар жайындағы материалдар, әдетте, осы оқу пәні шегінде баяндалады.

<sup>1</sup> Правоохранительные органы Российской Федерации: Оқулық. 5-басылым, / В. П. Божьевтің редакциясында. — М.: Спарк, 2004. — 361—382 б.; Гуценко К. Ф., Ковалев М. А. Правоохранительные органы: ЖОО-ға арналған. — М.: ЗЕРЦАЛО-М, 2007. — 368—388 б.

<sup>2</sup> Конституциялық Кеңестің 2009 жылғы 20-тамыздағы № 5 Қаулысы.

<sup>3</sup> Полтавская Н., Кузнецов В. Нотариат: Лекциялар курсы. — М.: А. С. Грибоедов атындағы халықаралық құқық және экономика институты, 1999. — 10—13 б.

Соттардың, прокуратура, алдын ала анықтау, тергеу және басқа органдардың ұйымдастырылу принциптерін, жүйесін және өзара қатынастарын анықтайтын нормалар бар заңдар жиынтығы «Құқық қорғау органдары» **курсының қайнар көзі** болып табылады.

Ең жоғарғы заңдық күші бар және республиканың барлық аумағында тікелей әрекет ететін Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық құқықтық актілер негізгі көздерге жатады. Конституциялық заңдар, Республика Заңдары, кодекстер, сондай-ақ Конституциялық Кеңес пен Жоғарғы Соттың құқық қорғау органдарының қызметі мен ол органдар қорғайтын нысандарды құқықтық қорғауды тікелей реттейтін нормативтік қаулылары маңызды көздер болып табылады.

Басқа көздерге Конституция мен қабылданған заңдардың орындалуы мақсатында шығарылған Үкімет қаулыларын, сондай-ақ ведомстволық актілерді — құқық қорғау органдарының басшылары берген бұйрықтарды, нұсқаулықтарды жатқызамыз, бұдан біз «Құқық қорғау органдары» курсының нормативтік-құқықтық базасының кең екендігін көреміз.

### **1.3. Мемлекеттің құқық қорғау қызметін жетілдірудегі құқықтық саясаты**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24-тамыздағы № 858 Жарлығымен 2010—2020 жылдарға арналған **Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының тұжырымдамасы** бекітілді, бұл мемлекеттік құқықтық саясат саласындағы тиісті бағдарламаларын, Үкіметтің заң жобалау жұмыстарының перспективалық және жыл сайынғы жоспарларын, Республиканың нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын жасауға негіз болып табылады.

Құқықтық саясаттың жаңа Тұжырымдамасына сәйкес қылмыскерлікпен күрес, заңдылық пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтары мен бостандығын қорғау, мемлекеттің кез келген құқық бұзушылыққа қалай да шара қолдануы, қылмыстарды тез және толық ашу, қылмыскерді

қылмыстық жауапқа тарту, құқық бұзушылықтың алдын алу, қылмыскерлікпен күресте азаматтармен бірлесіп әрекет жасау бұл қызметтің басты бағыты деп саналды.

Бұл міндеттерді орындау үшін құқықтық тәртіп органдарын нығайтып, олардың жұмыс формалары мен әдістерін жетілдірумен қатар, кадр саясатын тұрақтандырып, құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне қойылатын талапты көтеру керек.

Елдің құқық қорғау органдарының өзегі **прокуратура** екендігін айттық. Сондықтан да, оның қадағалау қызметінің тиімділігін арттыруға, жұмыс тәсілдерін әрі қарай жетілдіруге баса назар аударған жөн. Осы тұрғыдан алғанда прокурордың сотқа дейінгі іс жүргізудегі рөлі мен жауапкершілігін арттыру қажет, ол прокуратура жүзеге асыратын қылмыстық қудалау функциясының құрамдас бөлігі ретінде қоғамға едәуір қауіп төндіретін қылмыстық істерді тергеу арқылы өзіне жүктелген міндеттің маңыздылығын арттырады. Прокуратура органдарының құқық қорғау қызметіне қатысты үйлестірушілік функциясының тиімділігін әрі қарай көтеру ұсынылған.

Тұжырымдамада **ішкі істер органдарының** басты міндеті қоғамдық тәртіпті қорғау, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, адамның жеке басына, меншігіне қарсы қылмыстармен және басқа да жалпы қылмыстармен күрес деп көрсетілген. Азаматтардың қауіпсіздігі мен тыныштығы, елдегі қылмыскерліктің жайы мен криминогендік ахуал деңгейі ішкі істер органдары қызметінің тиімділігіне тікелей байланысты, сондықтан да ішкі істер органдарын жетілдіру процесі олардың қылмыстық құбылыстарға тез шара қолдануы жағына бағытталуы керек.

Тұжырымдамада **қаржы полициясы органдары** экономикалық және сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі өздеріне жүктелген міндеттерді орындауда өздерін оң жағынан көрсетті. Қазіргі жағдайда бет пердесін ұдайы өзгертіп отырған экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмыстармен ұтымды күресу үшін қаржы полициясы органдары жұмыс формасы мен әдістерін жетілдіріп отыру керек. Мұндай қылмыстардың туындауына себеп болған жайларды анықтап, оларды жою жағына баса назар аудару — бұл органның алдында тұрған маңызды мәселелердің бірі.

Сонымен қатар, бұл орган бизнес қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, оның қызметіне дәлелсіз араласуды болдырмауға назар аударуы керек.

Тиімді ұйымдық-басқару тетіктерін құру және тиісті функцияларды ұтымды бөліп беру мақсатында құқық қорғау органдарының **құрылымы мен функцияларын оңтайландыру** қажет және бұл органдарды оларға тән емес функциялардан босатқан жөн.

Бұл ретте, егер құқық қорғау органдарына әкімшілік реформа жүргізіле қалса, ол құқық қорғау потенциалын төмендетпеуі және қылмыскерлікке қарсы тұру мүмкіндігін әлсіретпеуі үшін бұл органның қызметінің ерекшеліктері толықтай ескерілуі тиіс.

Құқық қорғау органдарының қызметкерлері үшін қызмет атқарудың бірыңғай құқықтық стандарты мен нормалары белгіленуге және әкімшілік мемлекеттік қызметкерлерге қойылатындай жоғары біліктілік талабы болуға және қызметке конкурспен қабылдау тәртібі енгізілуі тиіс.

Құқық қорғау органдарының бұл органдардың алдына қойылған негізгі міндеттер мен функцияларды тікелей орындайтын әскери қызметшілері мен қызметкерлерінің әскери және арнайы атақтарын сақтай отырып бұл органдарды біртіндеп **демитаризациялаған** дұрыс деп санайды.

Олардың қызметін бағалайтын нақты критерийлерді анықтау өте қажет, онда тек сандық көрсеткіштер ғана емес, сапалық параметрлер де ескерілуі керек.

**Тергеу аппаратының** тиімділігін көтеру және қызметінің ұйымдастырылуын жақсарту, тергеушінің процессуалдық мәртебесін көтеруге бағытталған шаралар қолдану мәселесі ұдайы назарда болуға тиіс. Сонымен қатар полицияның учаскелік инспекторларының өкілеттіктерін кеңейту, оларды аттестациялау, халықтың олар жайындағы пікірінің ескерілуі тұжырымдамада көрсетілген.

**Ұлттық қауіпсіздікті** қамтамасыз етуге, оның ішінде ланкестіктің, этникалық және діни экстремизмнің, заңсыз көші-қонның, нашақорлық пен наркобизнесінің, адам саудасы, компьютерлік қылмыскерлік, атылатын қаруды заңсыз даярлау және айналымға жіберу, сыбайластық сипаттағы, сондай-ақ ақша

заңдастыруға қатысты халықаралық қылмыстырадың алдын алуға және жолын кесуге бағытталған құқықтық нормаларды уақтылы енгізіп дұрыс қолдану жұмысын әрі қарай жалғастыруға да үлкен мән берілген.

Құқықтың басты міндеті ақпаратты қорғаудың ұлттық жүйесінің негізін, сол саладағы басты қауіп-қатерді, ақпараттық қауіпсіздік саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыру тетіктерін анықтау екені көрсетілген.

Тұжырымдамада, сонымен қатар, жалпы Қазақстанның **сот жүйесі** азаматтардың құқықтары мен бостандығын, ұйымдар мен мемлекеттің заңды мүдделерін ойдағыдай қорғау талабын қанағаттандыра алады деп көрсетілген.

Сондықтан да, соттық-құқықтық жүйені сабақтастық және кезең-кезеңдік негізде мына бағыттар бойынша дамытқан дұрыс деп танылды:

— соттар мен судьяларды мамандандыру, оның ішінде ювеналдық соттарды дамыту, қылмыстық істерді қарайтын мамандандырылған соттар құру, алдағы уақытта ондай соттарды салық және басқа салаларда құру. Бұл ретте ювеналдық соттар елде құрылатын ювеналдық әділет жүйесінің орталық буыны болуға тиіс;

— жария-құқықтық дауларды қарайтын қазіргі әкімшілік соттардың негізінде әкімшілік әділет жүйесін құру, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді жалпы юрисдикция соттарына ведомстволық белгі бойынша беру;

— әртүрлі сот сатыларының бірін-бірі қайталауын болдырмау;

— сотқа дейінгі іс жүргізуде сот бақылауының шегін кеңейту;

— төрелік соттар жүйесін дамыту;

— соттардың қызметі туралы ақпаратқа жұртшылықтың қолын жеткізу арқылы сот жүйесінің ашықтығын және мөлдірлік деңгейін көтеру;

— сот ақпаратын бекітудің қазіргі құралдарын енгізу, ол сот ісін жүргізуде бәсекелестік принципін іске асыруда көмегін тигізеді, әділ сот жүргізу процесіне жедел ақпараттық-құқықтық қолдау көрсетуге, істерді қарау мерзімін қысқартуға мүмкіндік береді;

— қарызгерлерге қатысты шектеу шараларын кеңірек қолдану. Мемлекеттік сот атқарушысымен қатар жеке сот атқарушылар институтын енгізу. Сот шешімдерін орындаудың аралас моделі шегінде мемлекет пайдасына өндіріп алу туралы, сондай-ақ мемлекеттен өндіріп алу туралы құжаттарды мәжбүрлеп орындату құқығы мемлекеттік сот атқарушыларына ғана берілуі тиіс.

— судьяға үміткерлерге қойылатын біліктілік талабын қатайту, себебі судьялардың кәсібилігі және жоғары өнегелік қасиеті сапалы сот ұжымын жинақтаудың негізі болып табылады. Соттардың сот этикасы кодексінің талаптарын сақтауына соттардың өз қауымдастығы тарапынан бақылауды күшейту, барлық құқық бұзушылыққа дереу тиісінше шара қолдану.

Айта кету керек, соңғы 10-15 жылда сот жүйесінде біршама реформа жүргізілді. 2009 жылғы 18 қарашада Астана қаласындағы жаңа Тәуелсіздік Сарайының залында Қазақстан Республикасы судьяларының V съезі өтті, онда сот жүйесін қамтамасыз етудің жақсарып келе жатқандығы аталып өтті. Қажеттілікке қарай соңғы жылдары соттар мен судьялардың саны артқан. Егер 2002 жылы елде 185 жергілікті соттар мен 1823 судья болса, ол қазіргі кезде (2009ж.) тиісінше 340 және 2433-ке жеткен.

Алқабилердің қатысуымен сот ісін жүргізу енгізілді, қамауға рұқсат беру құзыры соттарға көшті, соттардың мамандандырылуы әрі қарай даму тапты. Бүгінгі күндері республикада мамандандырылған экономикалық, әкімшілік, әскери соттар, Алматы қаласында қаржы соты, Алматы және Астана қалаларында ювеналдық соттар табысты жұмыс істеуде. Жақын арада мамандандырылған салық және қылмыстық соттарды енгізу жоспарлануда.

Соттар қызметіне ақпараттық технологияның соңғы жетістіктері енгізілді. Бүгіндері құжат айналымын автоматтандыру, Жоғарғы және облыстық соттардың веб-сайты, сот процестерінде бейне байланыстарды пайдалану, процеске қатысушылардың сотқа келмей-ақ, өз құжатының сотта қозғалысымен Интернет арқылы танысуы үшін ақпараттық киоск орнату жаңалық емес.

Қазақстанда жоғары жалақы алатындардың бірі болып табылатын судьялардың әлеуметтік мәселесін шешу жағына да көп

көңіл бөлінуде. Олар үшін зейнеткерлікке шығу жасы 65-ке дейін көтеріліп, ценз 70 жасқа дейін сақталу жағы қарастырылған<sup>1</sup>.

Құқық қорғау органдарының қызметін жетілдіру жөніндегі біраз ұсыныстар ҚР Президентінің 22.04.2009 жылғы «Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлықпен күресу және құқық қорғау қызметін әрі қарай жетілдіру жөніндегі қосымша шаралар туралы» №793 Жарлығында бар, онда «тергеушінің процессуалдық мәртебесін көтеру мәселесі қарастырылып, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің құқықтық мәртебесі мен олардың қызмет атқаруын бір ізге келтіру, учаскелік инспекторларды халықтың пікірін ескере отырып тағайындау және аттестациялау, және де құқық қорғау органдарындағы қызметке міндетті түрде тағылымда өткізіп барып конкурстық негізде қабылдау» ұсынылған.

---

<sup>1</sup> Казахстанская правда. 2009. 19 қараша. Юридическая газета 2009. 19 қараша.

## 2 ТАРАУ

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ СОТ БИЛІГІ

#### 2.1. Сот билігі ұғымы және оның негізгі белгілері

Республикада мемлекеттік билік біртұтас, ол Конституция мен заңдар негізінде заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөліну, олардың тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы, өзара іс-қимыл жасау принципіне сәйкес жүзеге асырылатыны белгілі. Ол, бәрінен бұрын, өзінің көзі жағынан біртұтас. Мемлекеттік биліктің көзі болып табылатын халықтың біртұтастығы және бөлінбейтіндігі биліктің бұл көрсетілген тармақтарын қатарласып және біріне-бірі тәуелсіз әрекет етеді деп айтуға мүмкіндік бермейді.

Бұдан жүз жыл бұрын Г. Ф. Шершеневич бұларды биліктің дербес үш тармағы емес, «біртұтас, бөлінбейтін мемлекеттік биліктің көрініс табуының үш формасы ғана» деген болатын<sup>1</sup>. Бұл жағдайда заң шығарушы, атқарушы және сот билігі бұл біртұтас, бөлінбейтін мемлекеттік биліктің көрініс табу формалары ретінде қарастырылады.

Билікті бөлісу принципі өкілеттіктерді іске асыру саласында үш биліктің де дербес екендігін білдіреді, олардың әрқайсыларының тежемелік және тепе-теңдік жүйесінде өз жауапкершіліктері мен өз мүмкіндіктері бар. Кеңестік режим кезінде саяси да, заң шығарушылық та, ғылыми да лексиконда «сот билігі» деген термин мүлде болмаған. Бұл ұғым жаңа, ол 90-жылдардың басынан айналымға енді.

Қазіргі кезде сот билігі биліктің үш тәуелсіз тармақтарының бірі, ол Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады, оның міндеті — азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау, Конституцияның,

<sup>1</sup> Шершеневич Г. Ф. Общее учение о праве и государстве: Лекциялар.— М.: Типография т-ва И. Д. Сытина, 1911.— 34 б.

заңдардың, өзге нормативтік құқықтық актілердің, республиканың халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз ету. Мемлекеттік қызметтің бір түрі болып саналатын сот билігі мемлекеттің арнайы органдары — Қазақстанның сот жүйесіне кіретін соттарға берілген.

Қ. А. Мамидің ойынша, сот билігі дегеніміз бірыңғай мемлекеттік биліктің Конституцияда белгіленген дербес және тәуелсіз тармағы, оны арнайы мемлекеттік органдар — соттар мемлекет атынан іске асырады, оларға құқықтық даулар мен істерді қарауға заңдарда құзыр берілген; олар, сонымен қатар, адам мен азаматтың, мемлекет пен ұйымның құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау үшін өздеріне жүктелген міндеттерді орындауда мемлекеттің барлық аумағында орындалуы міндетті шешімдер шығару құқығына ие<sup>1</sup>.

К. Х. Халиковтың пікірінше, сот билігі дегеніміз — мемлекеттің демократия, әлеуметтік әділеттік, гуманизм және заңдылық негізінде азаматтардың құқықтарын, бостандығы мен заңды мүдделерін, барлық органдардың, ұйымдардың құқықтарын мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі, Конституцияның, заңдардың, өзге нормативтік құқықтық актілердің, халықаралық шарттардың орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі айрықша қызметі<sup>2</sup>.

Арнайы мемлекеттік органдардың жүзеге асыруға құқығы бар функцияларды, өкілеттікті сот билігі деп түсіну керек дейді басқа біреулер<sup>3</sup>. Сот билігінің мазмұнын құрайтын айрықша функцияға Негізгі Заң (ҚР Конституциясының 77-бабының 1-бөлігі) сот төрелігін жатқызады.

Адам мен азаматтың құқықтары мен бостандығын қорғауға кепілдікті күшейту және сот процедураларын оңайлату мақсатында 2008 жылдың 17 қарашасында «Сот жүйесі және судьялар мәртебесі туралы» Конституциялық Заңға өзгертулер мен қосымшалар енгізу туралы» Конституциялық заң қабылданды, ол

<sup>1</sup> Мами К. А. Становление и развитие судебной власти в Республике Казахстан.— Астана, 2001.— 239 б.

<sup>2</sup> Халиков К. Х. К вопросу определения судебной власти как одного из основных понятий, используемых юридической наукой // Қазақстан Республикасындағы сот билігі: қалыптасуы және дамуы.— Астана, 2006.— 24 б.

<sup>3</sup> Гуценко К. Ф., Ковалев М. А. Правоохранительные органы: ЖОО-ға арналған.— М.: ЗЕРЦАЛО-М, 2007.— 47—48 б.

аталған заңды жаңарған Конституцияға сәйкестендіруді мақсат тұтты. Конституциялық заң республикада соттардың үш буынды жүйесін құруды қарастырады. Дүниезүзілік стандартқа сәйкес барлық істер, азаматтық істер де, қылмыстық істер де бірінші инстанция соттарында — аудандық, қалалық соттарда қаралады.

Облыстық сот апелляциялық және кассациялық инстанциялар деп саналады. Бұрынғы апелляцияға қарағанда облыстық сот қазір бірінші инстанция сотының құқықтарын толықтай алған — істің мән-жайларын толық зерттеп, шешім немесе үкім шығарады. Апелляциялық инстанция істі бірінші инстанция сотына қайта қарауға жібермейді, себебі оған бірінші инстанция сотының құқықтары берілген. Соған байланысты азаматтардың істі жоғары тұрған соттың алқалық құрамда қарауына құқығы бар, апелляциядан кейін «кассациялық» деп аталатын сот инстанциясы іске араласады, ол бірінші инстанция сотының да, апелляциялық соттың да шешімін немесе үкімін тексереді.

Жоғарғы сот істі қадағалау тәртібінде қарайды, ол материалдық не іс жүргізу құқығының нормалары бұзылған жағдайда ғана шешімді бұзады, өзгертеді немесе жаңа шешім қабылдайды.

Соттар, сот билігінің органы ретінде құқық қорғау және құқық қолдану қызметінің субъектісі болып табылады.

**Сот билігінің** негізгі белгілері мыналар:

1. Сот билігі — биліктің үш тармағының бірі, оны мемлекеттің ырқын білдіретін мемлекеттік органдар ғана жүзеге асырады;

2. Сот билігі тек соттарға тиесілі. Ол сот билігін жүзеге асыратын субъект кез келген мемлекеттік орган емес, тек сот екендігін білдіреді. Онда адамдардың іс-әрекетіне, ол арқылы қоғамда жүріп жатқан процестерге ықпал ету мүмкіндіктері мен тәсілдері бар. Кәсіби негізде тұрақты істейтін судьялармен қатар сот билігін Қазақстанда 2007 жылдың 1 қаңтарынан бастап сот ісін жүргізуге заңда белгіленген тәртіпте шақырылатын алқабилер де жүзеге асыра алады.

3. Сот билігі іс жүргізу заңына қатаң сәйкестендіріп сот ісін жүргізу арқылы жүзеге асырылады, онда нақты істерді қараған кездердегі сот әрекетінің және шешім қабылдауының ережелері нақты регламенттелген. Соттарға ғана тән өкілеттіктердің басқа органдарға берілуін қарастыратын заң актілерін шығаруға тыйым салынады;

4. Мемлекеттік орган ретінде сотта өктем өкілеттік бар. Ол соттың талаптары мен өкімдерінің Республиканың бүкіл аумағында барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар, лауазымды адамдар және азаматтар үшін міндетті екендігін білдіреді.

Соттың заңды күшіне енген үкімі, шешімі немесе қаулысы онда көрсетілген міндеттеуге де, сот анықтаған мән-жайларға да қатысты алғанда барлығы үшін міндетті. Сот шешімін ешкімнің бұрмалауына, даттауға, оның орындалуына кедергі жасауға құқығы жоқ. Сот шешімімен келіспеу және оған жоғары тұрған сотқа шағым (наразылық) келтіру заңда белгіленген тәртіпте іске асырылады.

Сот шешімі орындалмаған жағдайда оны орындаушы органдар шешімнің іске асырылуы үшін мәжбүрлеу шараларын қолдануға құқылы. Заңды күшіне енген сот қаулысын қасақана орындамау, және де оны азаматтардың, билік өкілдерінің орындауына кедергі келтіру қылмыстық жауапкершілікке алып келеді;

5. Қоғам өмірін демократияландыруға бағдар алған мемлекеттегі сот билігінің ажырамас белгісі оның тәуелсіздігі, дербестігі және жеке даралығы.

Соттардың **тәуелсіздігі** дегеніміз, олар әділқазылық жасағанда тек Конституция мен заңға бағынады, ол заң шығарушы және атқарушы билік органдарына, басқа органдарға, ұйымдарға, партияларға қозғалыстарға, лауазымды адамдарға, сот процесіндегі тараптардың пікірлері мен позицияларына, алдын ала тергеу органдары мен прокурордың тұжырымдарына, жоғары тұрған соттарға тәуелді емес.

Соттардың **дербестігі** оның өз өкілеттігін қандай да бір басқа органдармен бөліспейтіндігінен көрініс табады, ал сот шешімі басқа біреудің рұқсатын немесе бекітуін керек етпейді. Сот билігінің дербестігі және тәуелсіздігі оның бақылаусыз және басқарусыз болуы үшін керек емес, басқа биліктердің басынушылығын тыюға және жалпы жеке азаматтардың да, олардың бірлестіктері мен қауымының да құқықтары мен бостандықтарын қорғауға нақты мүмкіндік болуы үшін керек.

Сот билігінің тәуелсіздігі мен дербестігі оның **жеке даралығымен** тығыз байланысты. Сот жүйесі қандай да бір басқа мемлекеттік құрылымға кірмейді, ол өзінің айрықша са-



ласында жеке дара әрекет етеді. Оның мемлекеттік биліктің басқа тармақтарымен өзара әрекеттестігі судьялар тәуелсіздігіне кепілдік беретін заңдар шегінде жүзеге асырылады.

Сонымен, **сот билігіне** біртұтас мемлекеттік биліктің Конституция белгілеген тәуелсіз тармағы деп анықтама беруге болады, оны құқықтық даулар мен істерді қарап шешуге, басқа да жүктелген міндеттерді шешуге заңда құзырет берілген арнайы уәкілетті органдар (сот, судья) мемлекет атынан іске асырады, олардың шешімі республиканың барлық аумағында міндетті болып табылады.

Сот билігінің тәуелсіздігін қамтамасыз етуге қатысты негізгі халықаралық стандарттар мен талаптар БҰҰ-ның бірқатар құжаттарында бекімін тапқан. Олар — Адам құқығының жалпыға бірдей декларациясы (1948 ж.), Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакт, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт (1966 ж.), Сот органдары тәуелсіздігінің негізгі принциптері (1985 ж.) және басқалар. Сонымен қатар, Қазақстан үшін міндетті күші жоқ халықаралық аспаптар да есепті керек етеді. Бұл — Еуропа Кеңесі Министрлер Комитетінің судьялардың тәуелсіздігі, тиімділігі және рөлі туралы ұсынысы немесе Судьялардың халықаралық қауымдастығы 1999 жылы Тайвань қаласында қабылдаған «Судьялардың жалпыға бірдей хартиясы» және Судьялардың Еуропиялық қауымдастығы 1993 жылы қабылдаған «Еуропа судьяларының хартиясы» және басқалар.

## ***2.2. Сот төрелігі ұғымы және оның принциптері***

Сот төрелігі — мемлекеттік қызметтің сот билігінің мазмұнын құрайтын айрықша функциясы болып табылатын бағыттарының бірі. Бұл соттардың азаматтық және қылмыстық істерді заңда белгіленген тәртіпте сот отырысында қарап шешу арқылы жүзеге асыратын қызметі, яғни сот төрелігі іс жүргізу тәртібінде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасында сот төрелігін жүргізу тәртібі, сондай-ақ сот құрылымы мен судьялар мәртебесі Конституцияда, 2000 жылғы 25 желтоқсанда қабылданған «Сот жүйесі және

судьялар мәртебесі туралы» Конституциялық заңда, Қазақстан Республикасының басқа да заң актілерінде анықталған.

«Сот төрелігі» ұғымы «сот билігі» ұғымына жақын, бірақ олар өзара бірмағыналы емес. Сот билігі соттың көптеген әрекеттерінде көрініс табады, сондықтан ол сот төрелігіне қарағанда кең мағыналы. Мысалы, Жоғарғы Соттың пленарлық отырысы сот практикасын зерделейді, оны жинақтап қорытып республика соттарының сот төрелігін жүргізуде заңдылықты сақтауы мәселесін қарайды; сот практикасында заңдарды қолдану мәселесі бойынша түсініктеме беретін нормативтік қаулы қабылдайды. Облыстық соттар сот статистикасын жүргізеді, сот практикасын зерделейді, оны жинақтап қорытып облыс соттарының сот төрелігін жүргізу кезінде заңдылықты сақтауын қарайды. Сонымен қатар, соңғы жылдары қылмыстық процестің сотқа дейінгі кезеңін соттың бақылау функциясын кеңейту мәселесі қарастырылуда.

Сот билігі сот төрелігінде іске асырылады және нақты істердің сот отырысында қаралуын, соттың тиісті шешім қабылдауын көздейді. Сонымен **«сот төрелігі»** терминін осы соттың құзырына жататын істерді сот отырысында талқылауды іс жүргізушілік тәртібінде жүзеге асыру және сот үкімдерін, шешімдерін, қаулыларын және т.б. орындаудан туындайтын мәселелерді шешу деп түсіну керек.

Сот төрелігі құқық қорғау қызметінің адамдардың, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың, лауазымды адамдардың ең елеулі құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға едәуір ықпал ететін функциясы. Сондықтан да сот төрелігін жүзеге асыру үшін адамзат ғасырлар бойы адам мен азаматтың құқықтары мен бостандығын қорғау мақсатында әмбебап ережелер мен баптар ойластырды, құрастырды. Бұл әділеттік, қайырымдылық, ізгілік құндылықтарына негізделген әмбебап ережелер сот төрелігінің принциптері деген атақ алды.

«**Принцип**» термині латынның «*principium*» сөзінен шыққан, мағынасы негіз, негіздеме дегенді білдіреді. Сот төрелігі принципін барлық сот ісін жүргізу тұрғызылған тұғыр деуге болады.

Сот төрелігінің принциптері дегеніміз заңда бекімін тапқан, негізге алынатын құқықтық идеялар, ол сот ісін жүргізудің

мазмұнын, мәнін және сипатын анықтайды. Айта кету керек, бұл құқықтық идеялар көбіне құқықтық қатынастарға қатысушыларға арналған талаптар түрінде баяндалған, оларды реттеудің маңызды аспабы болып табылады.

Принциптер қоғамдағы сот төрелігін жүзеге асырудың он тиімдірек және әділдеу формалары туралы ұғымдарға сәйкес келеді, олар өзара байланыста және жүйе құрайды, өзінің сол тұтастығымен сот төрелігінің формасы мен мазмұнын береді.

Сот төрелігін мына принциптер бойынша топтастырамыз:

— **шыққан көзі бойынша** конституциялық — Конституцияда көзделген (неғұрлым жалпы) және арнаулы — іс жүргізу заңдарында (ҚІЖК, АІЖК) көзделген болып бөлінеді;

— **мазмұны бойынша** олар сот төрелігінің мазмұн-мәнін сипаттайтын функционалдық және сот ісін жүргізу тәртібін қарастыратын — ұйымдық болып бөлінеді.

**Ұйымдық** (сот құрылымы) принципі республиканың сот жүйесінің қалыптасуын, атап айтқанда — судьялардың тағайындалу және ауыспайтындығы негізінде соттардың құрылуын сипаттайды.

**Іс жүргізу** принципі сот төрелігін жүзеге асыру қызметінің мәнін анықтайды. Негізгі принциптер өзара байланысты, тәуелді және біртұтас жүйе құратындықтан бұл бөлініс шартты болып саналады. Іс жүргізу принциптерінде өктемдік сипат бар, оларда орындалуы барлық құқықтық құралдармен қамтамасыз етілетін қалай да міндеттеу болады.

Сот төрелігін жүзеге асырғанда принциптердің маңыздылығы олардың Қазақстан Республикасының Конституциясында бекімін тапқандығымен анықталады. Мысалы, Конституцияның 77-бабының 3-тармағына сәйкес судья заңды қолданғанда мынадай принциптерді басшылыққа алады:

— адамның кінәлі екендігі заңды күшіне енген сот үкімімен танылғанша ол жасалған қылмысқа кінәлі емес деп есептеледі;

— бір құқық бұзушылық үшін ешкімді де қайтадан қылмыстық немесе әкімшілік жауапқа тартуға болмайды;

— өзіне заңмен көзделген соттылығын оның келісімінсіз ешкімнің өзгертуіне болмайды;

— сотта әркім өз сөзін тыңдатуға құқылы;

— жауапкершілікті белгілейтін немесе күштейтін, азаматтарға жаңа міндеттемелер жүктейтін немесе олардың жағдайын нашарлататын заңдардың кері күші болмайды. Егер құқық бұзушылық жасалғаннан кейін ол үшін жауапкершілік заңмен алынып тасталса немесе жеңілдетілсе, жаңа заң қолданылады;

— айыпталушы өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес;

— ешкім өзіне-өзі, жұбайына (зайыбына) және заңмен белгіленген шектегі жақын туыстарына қарсы айғақ беруге міндетті емес. Діни қызметшілер өздеріне сеніп, сырын ашқандарға қарсы куәгер болуға міндетті емес;

— адамның кінәлі екендігі жөніндегі кез келген күдік айыпталушының пайдасына қарастырылады;

— заңсыз тәсілмен алынған айғақтардың заңды күші болмайды. Ешкім өзінің жеке мойындауы негізінде ғана сотталуға тиіс емес;

— Қылмыстық заңды ұқсастығына қарай қолдануға жол берілмейді.

Бұл принциптер Қазақстанның барлық соттары мен судьялары үшін конституциялық және бірыңғай болып табылады. Сот төрелігінің принциптері жоғарыда аталған он принциппен ғана шектелмейді, олардың шеңбері кең және олар бірыңғай жүйе құрайды. Барлық принциптер бірімен-бірі тығыз байланыста әрекет етеді және олардың әрқайсысы басқасын жүзеге асырудың кепілі болып саналады.

Сот төрелігінің принциптері заңдардың үстемдігі, адам құқығы мен бостандығын қорғау сияқты жалпы құқықтық принциптермен байланысты.

Сот төрелігінің жалпы принциптері мыналар:

— заңдылық;

— сот төрелігін тек соттың жүзеге асыруы;

— судьялардың тәуелсіздігі;

— сот төрелігін заң және сот алдында жұрттың бәрінің теңдігі негізінде жүзеге асыру;

— әркімнің сотта қорғалу құқығын қамтамасыз ету;

— кінәсіздік презумпциясы;

— тараптардың бәсекелестігі және тең құқықтылығы;

— сотта іс талқылаудың жариялылығы;

- ана тілін пайдалану құқығын қамтамасыз ету;
- адамның ар-намысы мен абыройын қорғау;
- сот талқысының тікелей және ауызша жүруі.

**Заңдылық принципі** — барлық қоғамдық өмірдің қалыпты жұмыс істеуінің өзегі, сондықтан оның барлық мемлекеттік органдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың қызметіне қатысы бар. Заңдылық біртұтас және ол қоғамдық қатынастардың барлық субъектілері үшін бірдей міндетті. Заңдылық принципі — әмбебап жалпы құқықтық принцип, оның мәнісі — барлық мемлекеттік және мемлекеттік емес органдар мен мекемелердің, лауазымды және жеке адамдардың Конституцияның, заңдардың және оларға тиісті өзге нормативтік құқықтық актілерді бұлжытпай орындауында.

Заңдылық принципі қызметті жүзеге асырғанда барлық сот органдарының іргелі принципі болып табылады. Сондықтан да Қазақстан Республикасы Конституциясының 78-бабының диспозициясында маңызды конституциялық принцип келтірілген, сотты адам мен азаматтың құқығы мен бостандығына нұқсан келтіретін заңдар мен нормативтік құқықтық актілерді қолданбауын міндеттейді. Егер сот қолдануға жататын ондай заң немесе өзге нормативтік құқықтық акт адамның және азаматтың Конституцияда көзделген құқықтары мен бостандығына нұқсан келтіреді деп санаса, онда ол істің жүргізілуін тоқтата тұруға және бұл актіні конституциялық емес деп тану жөнінде Конституциялық Кеңеске жүгінуге міндетті.

Соттың іс бойынша заң бұзуына жол берілмейді, ол белгіленген жауапкершілікке алып келеді, заңсыз актілердің күші жойылып, олар бұзылады.

Даулы құқықтық қатынастарды реттейтін құқық нормалары болмаған жағдайда азаматтық істер бойынша сот ұқсас қатынастарды реттейтін құқық нормаларын қолданады, ал ондай нормалар да болмаған ретте дау заңдардың жалпы бастауы мен мәндеріне сүйеніп шешіледі. Егер тиісті мәселелерді соттың заң актілерімен немесе дау тараптарының келісімімен шешуі көзделсе, сот бұл мәселелерді әділеттілік және ойға қонымдылық принциптеріне жүгініп шешуге тиіс.

Баяндалғандарды қорыта келіп мынадай тұжырым жасауға болады: сот ісін жүргізудегі **заңдылық принципі** дегеніміз демократиялық, құқықтық мемлекеттің негізге алынатын идеялары мен ережелерінің жиынтығы, олар адамның және азаматтың құқықтары мен бостандығын Конституцияда, заңдарда бекіткен, оларда сот ісін жүргізуге қатысушылардың барлығы бұлжытпай сақтауға тиісті міндеттеу бар.

**Сот әділдігін тек соттың ғана жүзеге асыруы принципі** дегеніміз сот төрелігін жүзеге асыруға құқылы органдар шеңберінің Конституцияда қатаң шектелгендігін білдіреді, оның 75-бабының 1-тармағында «Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады» делінген. Сот төрелігін жүзеге асыру айрықша құқықтық режимде жүргізіледі, ол істер мен дауларды шешуде мемлекеттік қызметтің басқа ешқандай формасында жоқ артықшылық береді. Бұл тәртіпте заңды және әділ шешім қабылдау үшін ең мол кепілдік бар. Сот өкілеттігін ешқандай басқа орган немесе адам иемдене алмайды. Сот өкілеттігін кім иемденсе де ол үшін заңда жауапкершілік көзделген.

Сот үкімінсіз және заңға сәйкес келмейінше кімді болса да қылмыс жасады деп айыптауға және қылмыстық жазаға тартуға болмайды. Іс бойынша үкімді немесе соттың басқадай шешімдерін заңда көзделген тәртіпте тиісті соттар ғана тексеріп қайта қарай алады. Сот құзыреті, оның юрисдикциясының шектері, оның қылмыстық сот ісін жүргізу тәртібі заңда анықталған, оны өз бетінше өзгертуге болмайды.

Қылмыстық істерді қарау үшін қандай да бір атпен төтенше немесе арнайы соттар құруға жол берілмейді. Төтенше соттардың, басқа да заңсыз құрылған соттардың үкімдерінде және басқа шешімдерінде заң күші болмайды, олар орындалуға жатпайды.

**Судьялардың тәуелсіздігі принципі** — сот төрелігін жүзеге асырудың қажетті шарты, іс бойынша шындықты анықтаудың маңызды кепілдігі болып табылады. Судьялар тәуелсіздігі Конституциямен және заңмен қорғалған. Сот төрелігін жүзеге асырғанда басқа біреулердің араласуына және судья мен алқабилерге қандай да бір қысым жасауға жол берілмейді. Ондай әрекеттер заңмен қудаланады.

Судьялардың тәуелсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Республика Конституциясында олар қандай да бір партияларға, кәсіби одақтарға мүше болуға, оларды қолдауға тиіс емес деп көрсетілген. Судья қызметі депутаттық мандатпен, оқытушылық, ғылыми немесе өзгедей шығармашылық қызметті қоспағанда, басқа ақы төленетін қызмет атқарумен, коммерциялық ұйымдардың басқарушы органдарының немесе бақылаушы кеңесінің құрамына кірумен сыйыспайды.

Соттың сот төрелігін жүзеге асыру қызметіне қандай да бір араласуға жол берілмейді, ол заң бойынша жауапкершілікке алып келеді. Нақты істер бойынша соттар есеп бермейді. Сот қызметіне араласуға оның нақты істі әділ және бейтарап қарауына кедергі келтіру мақсатындағы оған кез келген ықпал ету жатады. Ондай араласудың түрлеріне сот процесінің нақты тарабының пайдасына шешім қабылдау туралы қайсы біреудің тікелей нұсқау беруі немесе жанама өтініш жасауы, судьяны белгілі бір шешім қабылдауға мәжбүрлеу үшін тиісті жағдай тудыру жатады. Сот төрелігін жүзеге асыруға кедергі жасау мақсатында соттың жүргізуіндегі істі мемлекеттік органдардың немесе олардың лауазымды адамдарының бақылауға алуы сот қызметіне араласқандық болып табылады. Сот қаралған немесе өзінің жүргізілуіндегі істер жайында қандай да бір түсініктемелер беруге міндетті емес. Кеңесу бөлмесінің құпиясы барлық жағдайда да сақталуға тиіс.

Соттарды қаржыландыру, судьяларды материалдық қамсыздандыру, сондай-ақ оларға үй-жай беру мемлекеттік бюджет есебінен және олардың сот төрелігін толықтай тәуелсіз жүзеге асыруы үшін жергілікті мөлшерде жүзеге асырылады.

**Сот әділдігін заң мен сот алдындағы теңдік негіздерінде жүзеге асыру принципі** тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне немесе кез келген басқа мән-жайларға қарамастан адам мен азаматтың құқықтары мен бостандығының теңдігіне кепілдік береді.

Теңдіктің жалпы құқықтық бастауы Республика Конституциясының 14-бабында көзделген, оған сәйкес жұрттың бәрі заң мен сот алдында теңдей. Заң алдында теңдей дегеніміз заңда белгіленген баптарды барлық азаматтарға бірдей қолдану. Бұл

жерде адамға құқық беріп оны іске асыру ғана емес, оған міндет жүктеу, сот төрелігін жүзеге асыруды реттейтін заң актілеріне сәйкес жауапкершілік қолдану мүмкіндігі де қарастырылған.

Заң алдында теңдік дегеніміз істі қандай сот қараса да әркім үшін бірдей кепілдік сақтай отырып бір режимде сот процесін өткізу. Қылмыстық іс қозғау, оны тергеу, соттың қарауы барлық азаматтар үшін бірдей тәртіпте, бірдей негіздерде жүзеге асырылады.

Қылмыстық қудалаудан иммунитеті бар адамдарға қатысты сот ісін жүргізгенде жалпы ережеден қандай да бір ауытқу заң мен сот алдында жұрттың бәрінің теңдігі принципінің мәніне қайшы келмейді. Парламент депутаттарын, Конституциялық кеңестің Төрағасы мен мүшелерін, судьяларды, Бас прокурорды қылмыстық жауапқа тартудың айрықша тәртібі қылмыстық сот ісін жүргізу барысында бұл адамдарға қандай да бір артықшылық бермейді, бірақ оларға қатысты заңдылықтың бұзылуына тосқауыл және олардың өз өкілдіктерін жүзеге асыруына кепілдік болады.

**Әркімнің сотта қорғану құқығын қамтамасыз ету принципі** Республика Конституциясының 13-бабында бекімін тапқан, ол әркімнің құқықтары мен бостандығының сотта қорғалуына құқылы екендігін жариялайды.

Жеке дара және жалпы нормативтік сипаттағы актілерге, ұжымдық және жеке адамның шешімдері мен әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдануға болады. Заңға сәйкес азаматтар мен лауазымды адамдардың заңды бұзып жасаған шешімдері мен әрекеттеріне белгіленген тәртіпте сотқа шағына алады. Мемлекет қылмыстан жәбірленгендерге де сот төрелігіне жол ашқан. Заңда қылмыстан немесе есі дұрыс еместің Қылмыстық кодексте тыйым салынған іс-әрекетінен келген моральдық және мүліктік шығынды қылмыстық процесте азаматтық талапты қарау арқылы жәбірленушіге өндіріп беру жағы да қарастырылған.

Барлық соттарда және сот ісін жүргізудің кез келген сатысында азаматтардың білікті заңдық көмек алуға құқығы бар. Заңда көзделген жағдайларда заңдық көмек тегін көрсетіледі. Істің қысқаруы жақсы атағына кір келтіретін, құқығын бұзатын болса, онда онымен келіспеген сезікті, айыпталушы (айыпталушы

қайтыс болған жағдайда оның туысы) өзін толық ақтап алғанға дейін істің сотта қаралуын талап ете алады. Қылмыстық іс жүргізуші орган, мысалы сот, егер негіз болса, сезіктіні, айыпталушыны заңдық көмекке ақы төлеуден толықтай не жарым-жартылай босата алады. Бұл жағдайда адвокаттың еңбегіне ақы мемлекет есебінен төленеді. Сонымен, кез келген мүдделі адам заңда белгіленген тәртіпте бұзылған немесе даулы құқығын немесе заңмен қорғалатын мүддесін қорғау үшін сотқа жүгінуге құқылы.

**Кінәсіздік презумпциясы принципі** бойынша адамның қылмыс жасады деген кінәсі заңда белгіленген тәртіпте дәлелденбейінше және заңды күшіне енген сот үкімімен анықталмайынша ол кінәлә деп танылмайды, ешкім өзінің кінәлі екендігін дәлелдеуге міндетті емес; айыпталушының кінәлігі жайындағы шешімі жоқ күдік оның пайдасына жатады; айыптау үкімі болжамдарға негізделуге тиіс емес, ол шынайы дәлелдердің жеткілікті жиынтығынан туындайды.

Презумпция сөзі дәлелдеуді керек етпейтін болжамды білдіреді. Кінәсіздік презумпциясы судьның, тергеушінің, прокурордың жеке пікірін білдірмейді. Ол объективтік құқықтық күй, адам әуел бастан-ақ кінәсіз, оған өз кінәсін дәлелдеу немесе растау қажет емес, кінәсіздік оның бойындағы қасиет. Сонымен қатар кінәсіздік презумпциясын теріске шығаруға болады: адамды кінәсіз деген болжам шын және нақты дәлелдермен заңда белгіленген тәртіпте оның қылмыс жасаған кінәсі сот үкімінде анықталғанға дейін ғана күшінде болады.

Кінәсіздік презумпциясы принципі Қазақстан Республикасы Конституциясының 77-бабы 3-тармағының 1-тармақшасында және ҚР ҚІЖК-нің 19-бабында баяндалған, оларда кінәсіздік презумпциясының басты идеясы: айыпты деп тануға тек сот құқылы, және ол сезіктіге, айыпталушыға, сотталушыға, сондай-ақ өзіне қатысты үкім заңды күшіне енген сотталғанға таралады деп көрсетілген.

Кінәсіздік презумпциясы принципін сақтау іс жүргізу заңында шешілуге жататын тікелей міндеттермен — қылмыстық жағдайға душар болған адамның құқықтарын сенімді қорғаумен тығыз байланысты. Кінәсіздік презумпциясы айыпталушыға

жазықсыз кінәленіп, жауапқа тартылып кетпеуіне кепілдік болады, оны сот ісін жүргізу кезінде дәл және бұлжытпай сақтау керек.

**Тараптардың бәсекелестік және тең құқықтылық принципі** бойынша іс сотта қаралғанда айыптау функциясы қорғау функциясы мен істі шешу функциясынан бөлінеді.

ҚР ҚІЖК-нің 23-бабында қылмыстық сот ісін жүргізу айыптау мен қорғау тараптарының бәсекелестігі мен тең құқықтылығы принципінің негізінде жүзеге асырылады делінген, ол қылмыстық-іс жүргізу қатынастарының өрісіне түскен азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуына және қамтамасыз етуілуіне кепілдік болады. Бұл принципті ұстаудағы маңызды мәселелердің бірі — тараптардың теңдігін, процеске қатысушылардың белгілі бір позициясына негіз болатын мән-жайларды дәлелдеудің әдістері мен құралдарының теңдігін қамтамасыз ету. Сот тараптарға ешкімге тәуелсіз таңдап алған өз позицияларын қорғауға теңдей мүмкіндік тудыруға тиіс. Тараптардың біреуінің құқығына нұқсан келтірген судья объективті емес.

Бәсекелестік болу үшін:

— бір-бірімен бәсекеге түсетін екі тараптың (айыптау тарабы және қорғау тарабы);

— тараптардың белгілі бір құқықтары мен міндеттерінің теңдігі, яғни оларды теңдей жағдайға қоятын мән-жайлар;

— бәсекелестік шартын тараптардың сақтауын бақылайтын және ақтық шешім қабылдайтын төреші (мысалы, сот) болуы тиіс.

**Сотта іс қараудың жариялылығы принципі** барлық соттарда және барлық инстанцияларда істің ашық қаралуын қамтамасыз етеді. Бұл принцип, сонымен қатар, «әркім сотта өз сөзін тыңдауға құқылы» деген конституциялық қағиданы бекітеді. Жариялылық процеске қатысушылардың істің барлық материалдарына, оның жедел-ізвестіру іс-шаралары барысында алынғандарға қол жеткізуге болатындығын, процестің басқа қатысушыларынан түскен шағымдармен тараптардың танысуын, кез келген сатыдағы сотта істің қашан және қай жерде қаралатындығын білуді, соттардың заңды күшіне енген үкімдері мен қаулыларының бірыңғай базасын құру және оларға еркін қол

жеткізуді, сот актілерінің орындалғаны туралы ақпараттарды алуға болатындығын көздейді.

Сот талқысының жариялылығын ол мемлекеттік құпияларды қорғау мүдделеріне қайшы келгенде ғана шектеуге жол беріледі. Кәмелетке толмағандардың қылмыстары туралы істер бойынша, жыныстық және басқа қылмыстар туралы істер бойынша, егер соттың дәлелді қаулысы болса, сот талқысын жабық жүргізуге болады. Мұндай жағдайдағы мақсат — сот процесіне қатысушылар өмірінің интимдік жағын ашпау және де іске қатысушылардың, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері мен жақын туыстарының қауіпсіздігіне қатер төндірмеу.

Жабық сот отырысында, сонымен қатар, процестің сотқа дейінгі кезеңінде сот шешетін, қылмыстық қудалау органдарының әрекеттері мен шешімдеріне келтірілген шағымдар қаралады. Бұл шектеулер Республика Конституциясының 18-бабында көзделген ережені нақтылайды, онда: «Әркімнің жеке өміріне қол сұғылмауына, өзінің және отбасының құпиясы болуына, ар-намысы мен абыройлы атының қорғалуына құқығы бар» делінген. Сонымен қатар, бұл шектеуге қарамастан соттың үкімі мен қаулысы барлық жағдайларда да ашық жарияланады.

Іске қатысқан адамдар және ашық сот отырысында болған азаматтар, соттың рұқсатымен, сот талқысының барысын, іске қатысушылардың пікірлерін ескере отырып жазып алуға немесе аудиобейнеге түсіріп алуға құқылы.

2007 жылдан бастап республика соттарында сот органдарының бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық-талдама жүйесі жұмыс істейді. Сот ақпаратын сақтап қалудың қазіргі құралдарын енгізу сот ісін жүргізуде бәсекелестік принципін іске асыруға септігін тигізеді.

**Ана тілді пайдалану құқығын қамтамасыз ету принципі** Қазақстан Республикасында сот ісі мемлекеттік тілде, ал қажет болған жағдайда, мемлекеттік тілмен қатар, орыс және басқа тілдерде жүргізіледі деген конституциялық ереже негізделген. Бір іс бойынша іс жүргізу сот процесін жүргізуші органның қаулысында белгіленген бір тілде жүзеге асырылады.

Ана тілді пайдалану құқығын қамтамасыз ету принципі сот төрелігі үшін маңызды мынадай мәселелерді шешеді:

— халықтың сотқа қолжеткізе алуы;

— сот ісін жүргізуге қатысушылардың құқықтарын жүзеге асырудың маңыздылығына кепілдік;

— бәсекелестік, жариялылық, ауызшалық принциптерін іске асырудың алғышарты.

Іске қатысушы, іс жүргізіліп жатқан тілді игермеген немесе нашар игерген адамдарға арыз беруге, түсініктеме және айғақ беруге, өтініш мәлімдеуге, шағым келтіруге, іс материалдарымен танысуға, сотта өз тілінде немесе басқа тілде сөйлеуге, аудармашының қызметін тегін пайдалануға құқығы бар екендігі түсіндіріледі. Сонымен қатар, істің басқа тілде баяндалған материалдары оған сот жүргізіліп жатқан тілге тегін аударылып беріледі.

Сот құжаттары іске қатысушы адамдарға олардың ана тіліне немесе олар игерген басқа тілге аударылып тапсырылады.

Іс жүргізу заңы сот ісін жүргізу туралы белгіленген ереженің бірінші инстанция сотында ғана емес, апелляциялық және қадағалаулық іс жүргізу кезеңдерінде де іске асырылуына кепілдік береді.

**Адамның ар-намысы мен абыройын қорғау принципі** Қазақстан Республикасы Конституциясының 17, 18, 34 — баптарында бекімін тапқан, онда «адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды» делінген. Сот ісін жүргізу барысында процеске қатысушы адамдардың ар-намысын қарайтын, абыройын төгетін әрекеттер мен шешімдерге тыйым салынған, жеке өмірге қатысты мәліметтерде, оның ішінде адам заңда көзделмеген мақсаттар үшін құпияда сақтауды қажет деп тапқан оның жеке басына қатысты мәліметтер жинауға, пайдалануға және таратуға жол берілмейді. Ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамның қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайды, әркімнің өз ар-намысын, абыройын қорғауға құқығы бар, әркім басқа адамдардың құқығын, бостандығын, ар-намысы мен абыройын құрметтеуге міндетті.

Абырой дегеніміз мемлекеттің нақты адамның мемлекеттік құндылығын, адамның қоғам мүшесі ретіндегі маңыздылығын тануы. Адамның абыройы оның табиғи құқығына жатады, одан айыруға және оны басқаға беруге болмайды. Оны қорғауға Конституцияда кепілдік берілген — әркімнің ар-намысы мен абы-

ройы қорғалуға тиіс. Адамның абыройын қорғауды мемлекет жүзеге асырады.

Азаптауды қылмыс деп санайтын, оған қылмыстық процесс кезінде, сондай-ақ жазаны орындау және өтеу кезінде оған жол беруге болмайтындығы жайында заңдарда көптеген нормалар бар. Адамның ар-намысы мен абыройын құрметтеу принципі ҚР ҚІЖК-нің 13-бабында бекімін тапқан. Бұл бапқа сәйкес, қылмыстық іс бойынша іс жүргізілгенде, қылмыстық процеске қатысушы адамдардың ар-намысын қорлайтын, абыройын түсіретін шешім шығаруға және әрекеттер жасауға тыйым салынған.

Мұндай норма ҚР АІЖК-нің 9-бабында да бар, онда азаматтық іс жүргізгенде, азаматтық процеске қатысушы адамдардың ар-намысын қорлайтын, абыройын түсіретін шешім шығаруға, әрекеттер жасауға тыйым салынады делінген. Азаматтық сот ісін жүргізу барысында адамға мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың заңсыз әрекеттерінен келген моральдық зиян заңда белгіленген тәртіпте өндірілуге жатады.

**Сот талқысының тікелейлік және ауызшалық принципі** бәсекелестік және жариялылық принципімен тығыз байланысты, себебі бұл соңғы принцип сот талқысы тікелей ауызша өтпесе жүзеге аспайды. Тікелейлік принципінің арқасында сот шешімдердегі немесе үкімдердегі өз тұжырымдарын сот отырысы барысында өзі зерттеген дәлелдер негізінде жасайды. Бұл сот талушыдан, куәгерден немесе басқа адамнан алынған жауапты ерекше мән-жайларда ғана олардың бұрынғы жауаптарының хаттамасын жариялаумен алмастыруға болатындығын білдіреді.

Сот талқысы ауызша жүргенде сот дәлелдерді ауызша қабылдайды, процеске қатысушылар ауызша талқылайды. Істегі құжаттар естіріліп жарияланады, тараптардың жарыссөздері ауызба-ауыз айтылады.

### **2.3. Алқабилердің қатысуымен сот ісін жүргізу**

Қазақстан Республикасы Конституциясының 75-бабына сәйкес сот төрелігін тек сот жүзеге асырады. Заңда көзделген жағдайларда қылмыстық сот ісін жүргізу **алқабилердің** қатысуымен жүзеге асырылады.

2006 жылғы 16 қаңтарда «Алқабилер туралы» № 121-ІІІ заң қабылданды, ол қылмыстық сот ісін жүргізуге алқабилердің қатысуымен байланысты қоғамдық қатынастарды реттейді, сонымен қатар алқабилердің құқықтық мәртебесін анықтайды, олардың тәуелсіздігіне кепілдік береді, олардың қызметін қамтамасыз етудің құқықтық, экономикалық және ұйымдық негіздерін белгілейді. Бұл заң 2007 жылдың 1 қаңтарынан күшіне енді.

Кейін 2009 жылдың 10-желтоқсанында «Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу және Азаматтық іс жүргізу кодекстеріне сот жүйесін жетілдіру мәселесі бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға сәйкес сот құрамына елеулі өзгерістер енгізілді.

Қазақстан Республикасы азаматтарының қатысуын қамтамасыз ету мақсатында жергілікті атқарушы органдар алқабиге үміткерлерді іріктеп, олардың **бастапқы, бірыңғай және қосалқы** тізімін сол жылдың алдындағы жылдың 1 желтоқсанына жасайды. Ол тізбелердегі алқабилер саны облыстық және оған теңестірілген соттың төрағасының жыл сайын ұсынатын алқабилерінің санына негізделеді.

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы бір айлық мерзімде әкімшілік-аумақтық бөліністе тұрғылықты тұратын азаматтардың ішінен алқабилікке үміткерлердің **бастапқы** тізімін береді. Алқабилікке үміткерге қойылатын талаптарды қанағаттандырмайтын адамдар — жиырма бес жасқа толмаған; жойылмаған немесе алынбаған сотталғандығы бар; сот әрекет қабілеттігі жоқ немесе әрекет қабілеттігі шектеулі деп танылған; судьялар, прокурорлар, тергеушілер, адвокаттар, мемлекеттік қызметкерлер және әскери қызметшілер, сондай-ақ құқық қорғау органдарының қызметкерлері; наркологиялық және психоневрологиялық диспансерде есепте тұратын адамдар тізімге ілінбейді. Алқабилікке үміткерлердің қосалқы тізімі де осылай жасалынады.

**Алқабилікке үміткерлердің бірыңғай** тізімі алқабилікке үміткерлердің бастапқы тізімінің негізінде жасалады, сонан соң бірыңғай және қосалқы тізбелер тиісті облыстық және оған теңестірілген сотқа жіберіледі. Азаматтардың алқабилікке

үміткерлер тізіміне ілінуіне қандай да бір шектеу қоюға рұқсат етілмейді.

Алқаби сотта қаралатын дәлелдемелердің зерттеуіне қатысуға; төраға арқылы процеске қатысушыларға сұрақ қоюға; заттай айғақтарды, құжаттарды қарауға, қылмыс орнын қарауға, сот тергеуі барысындағы барлық басқа әрекеттерге қатысуға; төрағалық етушінің заң нормаларын түсіндіріп беруін өтінуге; сот отырысы кезінде керектілерін жазып алуға **құқылы**. Алқаби сот отырысы кезінде тәртіп сақтауға, төрағалық етушінің заңды талаптарына бағынуға; алқабилік міндетін атқару үшін сот көрсеткен уақытта келуге; сотқа келуге мүмкіндік болмаған жағдай ол туралы төрағалық етушіні алдын ала ескертуге **міндетті**.

Алқаби іс тыңдалып жатқанда сот залынан шығып кетуге; іс тыңдалып жатқан кезде төрағалық етушінің рұқсатынсыз сот құрамына кірмейтін адамдармен сөйлесуге; істі талқылау барысында сот отырысынан тыс деректер жинауға; жабық сот отырысына қатысқанда онда өзіне белгілі болған мән-жайлар туралы мәліметтерді жариялауға, кеңесу бөлмесінің құпиясын бұзуға **құқылы емес**.

Азаматтар сотта алқаби міндетін атқаруға қылмыстық іс қаралатын барлық уақытта бір жылда бір реттен артық шақырылмайды. Сотқа шақырылған, бірақ алқабилер құрамына кірмеген адамдар басқа сот отырысының алқабилігіне тартылуы мүмкін.

Алқабиге уәкілетті мемлекеттік орган нақты іс қаралып біткеннен кейін ақы төлейді, ал істің қаралуы ұзаққа созылса оған бюджет есебінен облыстық және оған теңестірілген соттың судьясының лауазымдық жалақысының жартысы мөлшерінде, бірақ алқабидің негізгі жұмыс орнындағы орташа жалақысынан кем емес мөлшерде, сотта болған уақытына (жұмыс күн санына) қарай сыйақы төленеді.

Алқабилікке үміткерге (алқабиге) іссапар шығындары мемлекеттік мекемелердің республикалық бюджет есебінен қаржыландырылатын қызметкерлері үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте және мөлшерде төленеді. Сотта алқаби міндетін атқарған уақыт еңбек стажын есептегенде ескеріледі. Алқаби міндетін атқарған кезде оның

негізгі жұмысындағы орны сақталады. Алқабиді ол соттағы міндетін атқарып жүрген кезде жұмыс берушінің бастамасымен жұмыстан босатуға немесе жалақысы төмен жұмысқа ауыстыруға жол берілмейді.

Алқаби, оның отбасы мүшелері және оның мүлкі мемлекеттің қорғауында болады. Қылмыстық іс жүргізуші орган, егер сотта міндетін атқарушы алқабиден тиісті арыз түссе, сондай-ақ оның өзіне немесе мүлкіне қауіп төнгендігі туралы деректер болса, алқабидің өзін және оның отбасы мүшелерін қорғау, мүлкін сақтау жөнінде тиісті шаралар қабылдайды.

Алқабилердің қатысуымен іс жүргізу ҚР ҚІЖК-нің 57-тарауымен реттеледі. ҚР ҚІЖК-нің 543-бабына сәйкес алқабилер қатысатын сот ҚР Қылмыстық Кодексінің 165, 166, 167, 168 (бірінші бөлігі), 169, 233 (үшінші, төртінші бөліктері) баптарда көзделген қылмыстар туралы істерді, сондай-ақ қылмысты есі дұрыс емес күйде жасаған не қылмыс жасағаннан кейін психикалық ауруға шалдыққан адамдарға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы істерді қоспағанда, аса ауыр қылмыстар туралы істерді қарайды.

Егер адам ҚР Қылмыстық кодексінің бірнеше баптарында көзделген қылмыстарды жасағандығы үшін айыпталса, онда істің алқабилер қатысқан соттың қарауына айыпталушының құқығы бар, ол үшін қылмыстар жиынтығында ҚР Қылмыстық кодексінің 165, 166, 167, 168 (бірінші бөлігі), 169, 233 (үшінші және төртінші бөліктері) баптарында көзделген қылмыстарды қоспағанда кемінде бір аса ауыр қылмыс болуға тиіс.

ҚР ҚІЖК-нің 544-бабына сәйкес ауданаралық мамандандырылған қылмыстық істер бойынша сотта және қылмыстық істерді қарайтын ауданаралық мамандандырылған әскери сотта алқабилер қатысқан сот **бір судья және он алқаби** құрамында жұмыс істейді.

Қылмыстық сот ісін жүргізуді осы тарауда көзделген ережелерге сәйкес жүзеге асыру айыпталушының өз ісін алқабилер қатысқан соттың қарауы туралы өтінішімен болады.

Алдын ала тергеу аяқталғаннан кейін іс материалдарымен айыпталушы танысқан кезде тергеуші оған өз ісін алқабилер қатысқан сотта қарау туралы өтініш білдіруге құқылы екендігін



және ондай соттың үкіміне шағым жасаудың ерекшеліктерін түсіндіреді.

Айыпталушы алдын ала тергеудің аяқталғандығы және іс материалдарының өзіне берілетіндігі туралы хабарланғаннан кейін және де істі сотта алдын ала тыңдау кезінде, бірақ басты сот талқысы тағайындалғанға дейін істі алқабилер қатысқан соттың қарауы жөнінде өтініш бере алады.

Айыпталушының өз ісін алқабилер қатысқан соттың қарауы туралы өтінішін не істі алқабилер қатысқан соттың қарауына құқығын пайдаланудан бас тартқандығын тергеуші айыпталушыға тергеу әрекеттерінің аяқталғандығын хабарлағаны және оған құқықтарын түсіндіргендігі туралы хаттамаға түсіреді. Кейін мәлімдеген өтінішті айыпталушы жазбаша береді, оны істі қарайтын сотқа тез жібереді. Сот басты сот талқылауын тағайындаған соң айыпталушының істі алқабилер қатысқан соттың қарауы жөніндегі өтініші қабылданбайды.

Айыпталушы өз ісін алқабилер қатысқан соттың қарауы жөнінде мәлімдеген алдын ала тыңдауға дейін немесе алдын ала тыңдау барысында бас тарта алады. Істі алқабилер қатысқан сотта қарауы туралы өтініш істі алдын ала тыңдау барысында бекітілген болса, онда айыпталушының одан бас тартуы жөніндегі арызы қабылданбайды.

Істі алдын ала тыңдауда судья жабық сот отырысында жеке өзі прокурорды, істі алқабилер қатысқан сотта қарауы туралы өтініш мәлімдеген сотталушыны және оның қорғаушысын міндетті түрде қатыстырып жүргізеді. Егер істі алқабилер қатысқан сотта қарауы туралы сотталушылардың тым болмаса біреуінің өтініші болса, онда алдын ала тыңдау сотталушылардың және олардың қорғаушыларының барлығының қатысуымен жүргізіледі.

Сот отырысы басталған бойда судья онда отырған адамдарға қандай істің қаралатындығын, мемлекеттік айыптаушының, қорғаушының, хатшының кім екендігін жариялайды, сотталушының жеке басымен таныстырады, мәлімделген қарсылықтарды шешеді. Мемлекеттік айыптаушы айыптау қорытындысының қорытынды бөлігін жариялайды. Егер сотталушы істің алқабилер қатысқан сотта қаралуы туралы өз өтінішін растаса, онда сот ол өтінішті қанағаттандыруы туралы шешім қабылдайды, сонан соң мемлекеттік айыптаушы, жәбірленуші, сотталушы және оның

қорғаушысы мәлімдеген басқа өтініштерді қарауға кіріседі. Қажет болған жағдайда, алдын ала тыңдау кезінде дәлелдеме ретінде пайдалануға болатындығын тексеру үшін істің материалдары жарияланады.

Істі алқабилер қатысқан сотта қарауы туралы қаулы шығарған соң судья сот отырысының хатшысына сол сот отырысына алқабилердің келуін қамтамасыз ету жөнінде тапсырма береді, ал олардың саны алқабилікке ішінен таңдап алу үшін жиырма бес-тен кем болмауға тиіс.

Басты сот талқысы тағайындалғаннан кейін төрағалық етушінің өкімімен сот отырысының хатшысы соттағы бірыңғай және қосалқы (жылдық) тізімнен алқабилікке үміткерлерді алдын ала жобалап таңдайды. Алдын ала тізімге ілінген алқабилікке үміткерлер сот отырысы басталғанға дейін кемінде жеті күн қалғанша қашан және қай жерге сотқа келуі туралы хабарлама қағаз алуға тиіс. Прокурор, жәбірленуші, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер және олардың өкілдері, сотталушы және оның қорғаушысы алқабилікке үміткердің әрқайсысына қарсылық мәлімдей алады.

Алқабилер алқасын құру үшін төрағалық етуші қарсылық болмаған үміткерлердің аты-жөні жазылған парақшаларды сайлау жәшігіне салып араластырады, сонан соң біртіндеп суырып ондағы аты-жөнді дауыстап жариялайды. Егер суырып алынған және урнада қалған билеттер саны қарсылық жасалмаған үміткерлер санына тең болса, және де алқабилер алқасының дұрыс құрылуына қандай да бір теріс жағдайлар ықпал етпесе, онда алқабилер алқасы құрылған болып саналады.

Төрағалық етуші алқабилерге олардың іс қарауымен байланысты құқықтарын, міндеттерін және әрекеттеріне қойылатын шектеулерді түсіндіреді, шектеулер мен міндеттерді сақтамаған жағдайда нендей салдар болатынын ескертеді. Сот тергеуі аяқталғаннан кейін алқабилер қатысқан сот тараптардың жарыссөздерін тыңдауға кіріседі. Содан кейін төрағалық етуші сот тергеуінің нәтижелері мен тараптар жарыссөздері негізінде алқабилер қатысқан соттың шешуі тиіс сұрақтарды қағазға түсіреді, оларды оқып беріп тараптарға таратады. Тараптар сұрақтардың мазмұны мен баяндалуы бойынша өз ойларын білдіруге және жаңа сұрақтар қосуы туралы ұсыныс жасауға құқылы.

Сұрақтарды талқылау және келісу кезінде алқабилер сот залынан шығарылады. Тараптардың ескертулері мен ұсыныстарын ескеріп төрағалық етуші кеңесу бөлмесінде алқабилер қатысқан соттың шешуі тиіс сұрақтарды біржола даярлайды, оларды сұрақ парағына кіргізеді, оған қол қояды. Сұрақ парағы алқабилер мен тараптардың алдында жария етіледі.

Сотталушы жасады деп айыпталып отырған іс-әрекеттердің әрқайсысы бойынша **негізгі** үш сұрақ қойылады:

- іс-әрекеттің орын алғандығы дәлелденген бе;
- бұл іс-әрекетті сотталушының жасағаны дәлелденген бе;
- бұл іс-әрекетті жасауда сотталушы кінәлі ме.

Сотталушының айыптылығы жөніндегі негізгі сұрақтан кейін айыптылық дәрежесін ұлғайтатын немесе азайтатын, не оның сипатын өзгертетін, сотталушыны жауапкершіліктен босатуға алып келетін мән-жайлар жайында жеке сұрақтар қойылады. Қажет болған жағдайда қылмыстық пиғылдың қаншалықты жүзеге асырылғандығы, оның аяғына дейін жеткізілмегендігіне ненің себеп болғандығы, қылмысты жасауға қатысқандардың үлесі туралы сұрақтар да қойылады.

Егер сотталушының қорғану құқығын бұзбайтын болса, оның жеңілдеу басқа да қылмыс жасаған-жасамағандығы туралы да сұрақ қоюға болады, бұл оның қаншалықты кінәлі екендігін анықтауға мүмкіндік береді. Жауабы табылуға тиіс сұрақтар әр сотталушыға өзінше қойылады.

Жарыссөз аяқталғаннан кейін судьялар мен негізгі алқабилер үкім шығару үшін кеңесу бөлмесіне жиналады. Алқаби дәлелдемелерді өзінің ішкі нанымы бойынша бағалайды, ұятын басшылыққа алады.

Төрағалық етуші алқабилер отырысына басшылық етеді, жауапты керек ететін сұрақтарды кезекпен талқыға ұсынады, дауыс беру арқылы алынған жауаптарға есеп жүргізеді. Дауыс беріліп біткеннен кейін төрағалық етуші сайлау жәшігін ашып, алқабилердің көзінше әр бюллетеньдегі дауыстарды санайды, олардың нәтижесін сол жерде сұрақ парағындағы негізгі үш сұрақтың әрқайсысының тұсына жаза қояды.

Егер үш сұрақтың әрқайсысына дауыс берушілердің көпшілігі құптап дауыс берсе айыптау шешімі қабылданады. Ал, алты не

одан көп дауыс беруші негізгі сұрақтарға теріс жауап берсе ақтау шешімі қабылданады.

Он бес жылдан асатын мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза, егер ондай шешімді қолдап сегіз не одан көп алқабилер дауыс берген жағдайда ғана тағайындалады. Өлім жазасы судьялар мен алқабилердің бірауызды шешімі болғанда ғана тағайындалады.

Егер, алқабилер қатысқан соттың істі талқылауы кезінде сотталушыны оның психикалық жағдайына байланысты соттау болмайтындығы немесе өз әрекетіне есеп беріп оны басқара алмайтындай психикалық ауруға ұшырағандығы және ол жайында сот-психиатриялық сараптаманың тиісті қорытындысы бар екендігі жайында жаңа мән-жайлар ашылса, онда төрағалық етуші алқабилер қатысқан соттың қылмыстық істі қарауын қысқарту туралы қаулы шығарады.

Кассациялық инстанция сотталғанға ауырлығы төмендеу қылмыстар туралы заң қолданып, қылмысты тиісінше саралай отырып жазаны жеңілдетуге құқылы. Бұл жерде кассациялық инстанция ауырлау қылмыстар туралы заң қолдануға немесе тағайындалған жазаны қатайтуға құқылы емес<sup>1</sup>.

Прокурордың, жәбірленушінің немесе оның өкілінің дәлелдемелер ұсыну құқығын шектеп қылмыстық-іс жүргізу заңы бұзылған жағдайлардан басқа ретте алқабилер қатысқан соттың ақтау үкімін кассациялық инстанция бұза алмайды.

Жазаның жеңілдігі себепті немесе сотталғанның жағдайын нашарлататын басқадай негіздер бойынша ауырырақ қылмыстар туралы заңды қолдану қажеттігіне байланысты айыптау үкімін, сондай-ақ сот қаулысын қадағалау тәртібінде қайта қарауға, және де соттың қылмыстық істі қысқарту туралы қаулысын қайта қарауға жол берілмейді.

Жалпы, біздің елде алқабилер қатысқан сотты енгізгеннен бергі уақыт қылмыстық сот ісін жүргізудің бұл моделінің сот төрелігіне халықтың қатысуы үшін аса қажет екендігін көрсетті. Келешекте мұндай сот қарайтын қылмыстар ауқымының кеңейетіндігі сөзсіз.

<sup>1</sup> ҚР Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу кодекстеріне «Сот жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң.

## 3 ТАРАУ

### Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі

#### 3.1. Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі

Сот жүйесі дегеніміз Қазақстан Республикасының аумағында әрекет ететін, ортақ міндеті бар, біртұтас демократиялық принципте ұйымдастырылған және жұмыс істейтін, сот төрелігін жүзеге асыру жөніндегі қатынастармен өзара байланысты барлық соттардың жиынтығы. Жүйе, ол — белгілі бір өзара байланыстағы, өзара тәуелділіктегі элементтер жиынтығы. Сот жүйесінің құрылымы нормативтік құқықтық актілерде бекімін тапқан.

«Сот» — сот билігінің органы, Қазақстан Республикасының сот жүйесіне кіретін, істі алқа болып немесе жеке дара қарайтын, кез келген заңды құрылған сот. Судьялар жұмыс істейтін мекеме де, соттың құрамы да, сот талқысының өзі де «сот» деп ұғынылады.

«Сот» ұғымы соттардың құрылымдық бөлімшелерін: сот алқасын, пленарлық отырысты да қамтиды. Әр соттың юрисдикциясы (тиісті органдардың құқықтық мәселелерді шешуге өкілеттіктерінің жиынтығы) белгілі бір аумаққа немесе құрылымдық бөліністерге (әскери округ, гарнизон) таралады. Соттың юрисдикциясы республиканың әкімшілік-аумақтық бөлінісімен әр уақытта бірдей сәйкес бола бермейді. Әр сот органында өзіне ғана берілген өкілеттік болады.

«Судья» — сот билігін таратушы; заңда белгіленген тәртіпте осы лауазымға тағайындалған немесе сайланған кәсіпкер судья (сот төрағасы, сот алқасының төрағасы, сот мүшесі немесе тиісті соттың басқа судьясы).

Қазақстан Республикасы **сот жүйесінің бірлігі:**

— барлық соттар мен судьялар үшін сот төрелігінің Конституцияда, «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңда, іс жүргізушілік және өзге де заңдарда белгіленген принциптерінің ортақтығымен және бірлігімен;

— сот билігін сот ісін жүргізудің барлық соттар үшін заңда белгіленген бірыңғай формасында жүзеге асырумен;

— Қазақстан Республикасының күшіндегі құқығын барлық соттардың қолдануымен;

— Судьялардың бірыңғай мәртебесін заңда бекітумен;

— Қазақстанның барлық аумағында заңды күшіне енген сот актілерін орындаудың міндеттілігімен;

— барлық соттарды тек республикалық бюджеттен қаржыландырумен қамтамасыз етіледі.

**Сот жүйесін** Республиканың Конституциясы мен конституциялық заңы анықтайды. Қазақстан Республикасының сот жүйесіне Жоғарғы Сот, жергілікті және басқа соттар кіреді. Конституцияда және конституциялық заңда көрсетілген соттар басқадай соттар құруға қатаң тыйым салынған.

Оң бағыттың бірі — сот жүйесін мамандандыру, ол әділ де дәлелді шешімдер шығаруға жағдай тудырады. Елде қазір экономикалық, әкімшілік соттар және кәмелетке толмағандардың ісі бойынша соттар жұмыс істейді.

ҚР Президентінің 2006 жылдың 17-тамыздағы № 158 жарлығымен Алматы қаласында **мамандандырылған қаржы соты** құрылды, ол облыстық сотқа теңестірілді. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Алматы қаласындағы аймақтық қаржы орталығына қатысушылардың азаматтық-құқықтық дауларын қарауға уәкілетті.

ҚР Президентінің 2009 жылғы 29-желтоқсанындағы жарлығымен барлық аймақтарда қылмыстық істер бойынша мамандандырылған ауданаралық соттар, сондай-ақ Алматы қаласында қылмыстық істер бойынша мамандандырылған ауданаралық әскери сот құрылды.

Сот ісін жүргізуді онтайландыру, қадағалау инстанцияларын азайту, аудандық соттардың тәуелсіздігін нығайтып, рөлін едәуір кеңейту мақсатында 2009 жылдың 10-желтоқсанында «Қылмыстық, Қылмыстық-іс жүргізу және Азаматтық іс-жүргізу кодекстеріне сот жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң қабылданды.

Республика соттарының тек бір жылда (2009 ж.) атқарған жұмысының көлемін мына статистикалық деректерден көруге болады:

**Азаматтық істер** бойынша барлығы 553 816 істер мен арыздар түскен. 469 198 істің жүргізілуі аяқталған, оның ішінде 310 165 азаматтық іс қаралып шешім шығарылған.

Қылмыстық істер бойынша барлығы 56 605 іс түскен. 56576 істің жүргізілуі аяқталып, оның ішінде 41 232 адамға қатысты 34 667 қылмыстық іс қаралып үкім шығарылған.

Тұтқындау түріндегі мәжбүрлеу шарасына рұқсат беру туралы материалдарды соттар 20 001 адамға қарысты қараған, оның ішінде 19 213 адамға қатысты өтініш қанағаттандырылған. (Оған тұтқындау ұстау мерзімін ұзарту, үйде қамауда ұстау сияқтылар кірмейді). Соттар 39 391 адамды соттап, оның 18 788-ін бас бостандығынан айырған.

**Әкімшілік құқық бұзушылық** туралы істер бойынша барлығы 296 477 іс келіп түскен. 243 186 адамға қатысты 239 813 іс аяғына дейін жүргізілген. Аяқталған атқару құжаттары бойынша өндірілген қаражат сомасы 2009 жылы 416,7 млрд теңге болған<sup>1</sup>.

Соттар өздерінің іс жүргізу құзыретіне қарай бірінші инстанция соты, екінші инстанция соты және қадағалау инстанциясы соты болып бөлінеді.

#### **Жергілікті соттарға:**

— облыстық және оларға теңестірілген соттар (Республика астанасының қалалық соты, республикалық дәрежедегі қалалардың қалалық соттары);

— аудандық және оларға теңестірілген соттар (қалалық, ауданаралық) жатады.

Қазақстан Республикасында басқа да соттар, мысалы, мамандандырылған соттар (әскери, қаржы, экономикалық, әкімшілік, кәмелетке толмағандардың істері бойынша және басқадай) соттар құрылуы мүмкін. Мамандандырылған соттарды ҚР Президенті облыстық немесе аудандық соттың мәртебесін беріп құрады.

Қылмыстық істерді бірінші инстанция сотында судьяның жеке өзі, ал аса ауыр қылмыстар туралы істер бойынша, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 165, 166, 167, 168 (бірінші бөлігі); 169, 233 (үшінші және төртінші бөлігі) топтарында көзделген қылмыстар туралы істерді қоспағанда, айыпталушының өтініші бойынша — құрамында бір судья, он алқаби бар сот қарайды.

<sup>1</sup> Юридическая газета, 2010. 28-қантар.

Қылмыстық істерді **апелляциялық тәртіпте** қарауды судьяның жеке өзі жүзеге асырады.

Істерді кассациялық шағым, наразылық бойынша **кассациялық инстанцияда** қарауды кемінде үш судьядан құрылған сот жүзеге асырады.

Істерді қадағалау тәртібінде қарауды құрамында кемінде үш судья бар сот жүзеге асырады.

**Аудандық және оларға теңестірілген соттарды** (әрі қарай — аудандық соттар) уәкілетті органның Жоғарғы Сот Төрағасымен келісілген ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті құрады, қайта ұйымдастырады және таратады. ҚР Президенті бірнеше әкімшілік-аумақтық бөліністе бір аудандық сот немесе бір әкімшілік-аумақтық бөліністе бірнеше аудандық сот құра алады.

Аудандық соттардағы судьялардың жалпы санын ҚР Президенті уәкілетті органның ұсынысы бойынша бекітеді. Әр аудандық сот үшін судьялар санын уәкілетті орган сол сот төрағасының ұсынысы негізінде анықтайды. Аудандық сот төрағадан және заңда белгіленген тәртіпте тағайындалатын судьялардан тұрады. Егер штат бойынша аудандық сотта бір судья қарастырылса (бір құрамды сот) ол осы соттың төрағасының да міндетін атқарады. Аудандық сот бірінші инстанция соты болып табылады.

**Аудандық соттың төрағасы** судья болып саналады және ол судья міндетіне қоса: сотта судьялардың істерді қарауын ұйымдастырады; сот кеңсесіне жалпы басшылық жасайды; азаматтар қабылдайды; судья қызметіне үміткерлердің стажировка өтуін ұйымдастырады; сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру және сот этикасы нормаларын сақтау жұмыстарын қамтамасыз етеді; өкімдер береді; заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

**Облыстық және оларға теңестірілген соттарды** (әрі қарай — облыстық соттар) уәкілетті органның Жоғарғы Сот Төрағасымен келісілген ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті құрады, қайта ұйымдастырады және таратады. Облыстық соттардағы судьялардың жалпы санын ҚР Президенті уәкілетті органның ұсынысы бойынша бекітеді. Әр облыстық сот үшін судьялар санын уәкілетті орган сол сот төрағасының ұсынысы негізінде анықтайды.

Облыстық сот төрағадан және судьялардан тұрады. Облыстық сотта сот алқалары құрылады және мамандандырылған құрамдар да құрылуы мүмкін.

Сот алқасын Конституциялық заңда белгіленген тәртіпте тағайындалған төраға басқарады. Сот алқасының сандық және персоналдық құрамы облыстық сот төрағасының ұсынысы бойынша облыстық соттың пленарлық отырысында белгіленеді.

Облыстық сот қажеттілігіне қарай, бірақ жылына кемінде екі рет пленарлық отырыс өткізеді, онда:

— тиісті сот алқасының сандық және персоналдық құрамын белгілейді;

— облыстық соттың төрағасы мен сот алқалары төрағаларының ақпаратын тыңдайды;

— сот практикасын жинақтап қорытады және сол қорытудың нәтижесі бойынша облыс соттарының сот төрелігін іске асыру кезінде заңдылықты сақтауы мәселесін қарайды;

— облыс соттарына әкімгер қызметіне адамдар тағайындауға уәкілетті органға келісім береді;

— облыс соттары әкімгерінің өз қызметі жөніндегі есебін тыңдайды;

— аудандық сот төрағасының бос орнына үміткерді қарайды, оның нәтижесі бойынша тиісті қорытынды шығарады;

— облыс соттары әкімгерін босату туралы уәкілетті органға ұсыныс жасайды;

— судья қызметіне үміткерлердің стажировкасының нәтижесін қарайды, тиісті қорытынды жасайды;

— сот төрелігін жүзеге асырудағы көрсеткіші төмен немесе сотта іс қарағанда заңдылықты бұзғаны үшін екі және одан көп тәртіптік жаза алған судьяға қатысты материалдарды Сот сарапшыларына беру туралы мәселені талқылайды, тиісті шешім қабылдайды;

— заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Облыстық сот судьяларының жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса пленарлық отырыс өкілетті деп танылады. Облыстық соттың пленарлық отырысының жұмыс тәртібін ол бекіткен регламент анықтайды. 2000 жылғы 25-желтоқсандағы «Сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның

3-бабының 2-тармағына сәйкес республикада мамандандырылған соттар арасында **әскери соттар** да жұмыс істейді.

**Әскери соттар** өз қызметін жалпы юрисдикция соттарына ұқсас принциптерде және тәртіпте жүзеге асырады. Бүгінгі күнгі Республиканың Әскери соты облыстық сотқа, гарнизонның әскери соты — аудандық сотқа теңестірілген. Сот төрелігін жүзеге асырғанда, қылмыстық, азаматтық және өзге де істерді қарағанда әскери соттар барлық басқа соттар қолданатын процессуалдық және материалдық заң нормаларын басшылыққа алады, себебі олар да Республиканың сот жүйесінің бір бөлігі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты азаматтық, қылмыстық және өзге істер бойынша, жалпы юрисдикция соттарының соттылығына қатысты жоғарғы сот органы болып табылады, олардың қызметіне заңда көзделген процессуалдық формаларда қадағалау жүргізеді, сот практикасының мәселелері бойынша түсініктеме береді.

Қадағалау инстанциясының соты ретінде Жоғарғы Сот тараптардың өтініші және прокурордың наразылығы бойынша істерді қарайды. Және де сот практикасын зерделейді, оны жинақтап қорытудың нәтижесі бойынша республика соттарының сот төрелігін жүзеге асыру барысында заңдылықты сақтауы мәселесін қарайды; нормативтік қаулылар қабылдайды; сот практикасының мәселелері бойынша түсініктеме береді; заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Жоғарғы Сот Төрағадан және судьялардан тұрады. Жоғарғы Сот судьяларының жалпы санын Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынысы бойынша ҚР Президенті анықтайды. Жоғарғы Сотта сот алқалары құрылады және мамандандырылған құрамдар құрылуы мүмкін.

Жоғарғы Сот органдарына:

1) пленарлық отырыс;

2) азаматтық және әкімшілік істер бойынша қадағалау сот алқасы;

3) қылмыстық істер бойынша қадағалау сот алқасы жатады.

Сот алқасын осы Конституциялық заңда белгіленген тәртіпте тағайындалған төраға басқарады.

Сот алқасының сандық және персоналдық құрамы Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынысы бойынша Жоғарғы Соттың пленарлық отырысында белгіленеді. Мамандандырылған құрамдарды Жоғарғы Сот Төрағасы құрады. Жоғарғы Сот жанынан ғылыми-консультациялық кеңес пен баспа орган құрылады.

Жоғарғы Сот Төрағасы мемлекеттік биліктің басқа тармақтарының органдарымен және халықаралық ұйымдармен өзара қатынаста Республиканың сот жүйесінің мүдделерін білдіреді, және де:

1) уәкілетті орган басшысына үміткерді ҚР Президентіне ұсынады;

2) жергілікті және басқа соттардың төрағалары мен сот алқалары төрағаларының, Жоғарғы Соттың сот алқаларының төрағалары мен судьяларының бос орындарына балама негізде тиісті пленарлық отырыстың қарауына үміткерлер ұсынады;

3) жергілікті және басқа соттардың пленарлық отырысының шешімі негізінде аудандық сот төрағаларының бос орнына үміткерлерді Жоғарғы Соттың Кеңеске ұсынады; Жоғарғы Соттың пленарлық отырысының шешімі негізінде Жоғарғы Соттың Кеңеске облыстық соттардың төрағалары мен сот алқалары төрағаларының, Жоғарғы Соттың сот алқаларының төрағалары мен судьяларының бос орындарына үміткерлер ұсынады;

4) заңдарды жетілдіру жөнінде ҚР Президентіне ұсыныс енгізеді;

5) осы Конституциялық заңда көзделген негіздер туындаса Жоғарғы Соттың кеңеске Республика соттарының төрағаларының, сот алқалары төрағаларының және судьяларының өкілеттігін тоқтату мәселесі бойынша ұсыныстар мен материалдар енгізеді;

6) судьяларды мемлекеттік наградалармен марапаттау және оларға құрметті атақ беру туралы ҚР Президентіне ұсыныс енгізеді;

7) Республика судьяларына «Құрметті судья» атағын береді, бұл атақты беру тәртібі туралы Ережені бекітеді;

8) Заңда және өзге нормативтік құқықтық актілерде көзделген басқа өкілеттіктерді жүзеге асырады.

**Жоғарғы Соттың пленарлық отырысы:**

1) Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынысы бойынша тиісті сот алқасының сандық және персоналдық құрамын белгілейді;

2) сот практикасын зерделейді және оны жинақтап қорытудың нәтижесі бойынша Республика соттарының сот төрелігін жүзеге асыру барысында заңдылықты сақтауы мәселесін қарайды;

3) нормативтік қаулылар қабылдайды, сот практикасының мәселелері бойынша түсініктеме береді, заңдарды жетілдіру жөнінде ұсыныс енгізеді; заңға сәйкес қадағалау тәртібінде сот істерін қарайды;

4) Жоғарғы Соттың сот алқалары төрағаларының және уәкілетті орган басшысының ақпаратын тыңдайды;

5) Қазақстан Республикасы Конституциясының 47-бабының 2-тармағында көзделген жағдайда қорытынды береді;

6) облыстық сот төрағасының, сот алқалары төрағаларының, Жоғарғы Соттың сот алқалары төрағаларының және судьяларының бос орындарына үміткерлерді талқылайды;

7) Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынысымен пленарлық отырыстың хатшысы мен ғылыми-консультативтік кеңестің құрамы бекітіледі, сондай-ақ жасырын дауыспен Сот сарапшыларын сайлайды; сот төрелігін жүзеге асыруда көрсеткіші төмен немесе сотта іс қарағанда заңдылықты бұзғаны үшін екі және одан көп тәртіптік жаза алған судьяларға қатысты материалдарды Сот сарапшыларына беру туралы мәселені талқылайды, талқылау қорытындысы бойынша тиісті шешім қабылдайды;

8) заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Жоғарғы Сот судьяларының кемінде үштен екісі қатысса пленарлық отырыс заңды деп саналады. Жоғарғы Соттың пленарлық отырысының жұмыс тәртібін өзі бекіткен регламент анықтайды<sup>1</sup>.

### **3.2. Судьялардың құқықтық мәртебесі**

Судьяның құқықтық мәртебесі дегеніміз судьяны қызметке тағайындау ережесін, қызметтен босату ережесін, тәуелсіздігінің әлеуметтік және құқықтық кепілдіктерін, судьяға қойылатын

<sup>1</sup> «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңы, 25 желтоқсан 2000 жыл.

талаптарды, оның жауапкершілігін, сондай-ақ құқықтары мен міндетін қамтитын құқықтық ережелер жиынтығы.

Қазақстан Республикасының барлық судьяларының мәртебесі бірдей, бірақ олардың өкілеттіктері әртүрлі. Судьяға сот төрелігін жүзеге асыру өкілеттігі берілген, ол өз міндетін тұрақты негізде атқарады және сот билігін таратушы болып табылады. Судьяға заңда көзделмеген, сотқа қатысы жоқ функциялар мен міндеттер жүктеуге тиіс емес. Судья қылмыскерлікпен күрес, заңдылық пен құқық тәртібін сақтау мәселелерімен айналысатын мемлекеттік құрылымдардың құрамына кіргізілмейді.

Сот төрелігін жүзеге асырғанда судья тәуелсіз болады, ол тек Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына бағынады. Судья мен алқабилердің сот төрелігін жүзеге асыруына кімнің болса да араласуына және кедергі келтіруіне тыйым салынған. Судья өз қолындағы істерге байланысты қандай да бір түсініктеме беруге тиісті емес. Кеңесу бөлмесінің құпиясы қандай жағдайда болмасын сақталуға тиіс.

Соттарды қаржыландыру, судьяларды материалдық және әлеуметтік қамтамасызету, оларға тұрғын-жай беруді республикалық қаражат есебінен, олардың сот төрелігін толық және тәуелсіз жүзеге асыруы үшін жеткілікті мөлшерде жүргізіледі.

Судьялардың тәуелсіздігі: сот төрелігін жүзеге асырудың заңда көзделген процедурасымен; олардың сот төрелігін жүзеге асыруына араласқандық, оларды сыйламағандық үшін заңда көзделген жауапкершілікпен; судьяларға қол сұғуға болмайтындығымен; судьяларды қызметке сайлау, тағайындау, олардың өкілеттіктерін қысқарту, тоқтату тәртібінің заңда қарастырылуымен, судьяның отставкаға шығу құқығымен; судьяларға мемлекет есебінен олардың мәртебесіне сәйкес келетін материалдық және әлеуметтік қолдау көрсетумен қамтамасыз етіледі. Судьялар, олардың отбасы мүшелері мен мүлкі мемлекет қорғауында болады.

Аудандық соттың судьясы қызметіне жасы жиырма беске толған, жоғары заң білімі бар, беделін жоғалтпаған, заңгер мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс істеген, біліктілік сынағынан өткен, сотта стажировка өтіп пленарлық отырыста оң пікір қалдырған Қазақстан Республикасының азаматы тағайындала алады. Мамандандырылған магистратурада оқығандардың стажировка өтуі міндетті емес.

Жоғары аталған талаптармен қоса заңгер кәсібінде кемінде он бес жыл немесе судья болып кемінде бес жыл істеген азамат облыстық соттың судьясы бола алады.

Ал, жоғарыдағы талаптармен қатар заңгер кәсібі бойынша кемінде жиырма жыл немесе судья болып кемінде он жыл істеген адам Жоғарғы Сот судьясы бола алады.

Судья қызметіне үміткерде оның кәсіби қызметін атқаруына кедергі болатындай сырқаттың жоқ екендігін анықтау үшін оған медициналық зерттеу жүргізіледі.

Судья қызметіне үміткерлерге олардың тегіне, әлеуметтік және мүліктік жағдайына, нәсіліне және ұлтына, жынысына, саяси көзқарасына, діни нанымына және басқа мән-жайларға қарамай қызметке тұруына теңдей құқық қамтамасыз етіледі. Жеткілікті және басқа соттардың судьяларының бос орындарына үміткерлерді іріктеу — сол қызметке тұруға арыз берген адамдар арасынан конкурстық негізде жүзеге асырылады.

Жоғарғы Соттың Кеңес конкурстың қортындысы бойынша Қазақстан Республикасының Президентіне оның жергілікті және басқа соттардың судьяларының бос орындарына тағайындауы үшін үміткерлер ұсынады.

Аудандық сот төрағасының бос орнына үміткер Жоғарғы Сот Төрағасының тиісті облыстық соттың пленарлық отырысының шешімі негізінде енгізген ұсынысы бойынша қаралады.

Облыстық соттың төрағалары мен сот алқалары төрағаларының, Жоғарғы Соттың сот алқаларының төрағалары мен судьяларының бос орындарына үміткерлер Жоғарғы Сот Төрағасының Жоғарғы Соттың пленарлық отырысының шешімі негізінде енгізген ұсынысы бойынша қаралады. Жоғарғы Соттың сот алқасының төрағасы қызметіне үміткер Жоғарғы Сот судьяларының ішінен ұсынылады.

Жергілікті және басқа соттардың төрағаларының, сот алқаларының төрағаларының, Жоғарғы Соттың сот алқаларының төрағаларының бос орындарына үміткерді Жоғарғы Соттың Кеңес Қазақстан Республикасы Президентінің тағайындауына ұсынады. Жоғарғы Сот Төрағасының қызметіне үміткерді Жоғарғы Соттың Кеңес қарайды.

Жоғарғы Соттық Кеңес Жоғарғы Сот Төрағасының, судьяларының бос орындарына үміткерлерді ол ҚР Парламентінің Сенатына ұсынуы үшін ҚР Президентіне ұсынады.

Судья қызметіне алғаш сайланған немесе тағайындалған адам ант береді. Жоғарғы Сот Төрағасы, Жоғарғы Сот алқаларының мүшелері, судьялары антты ҚР Парламенті Сенатының отырысында береді.

Облыстық соттың алқа төрағалары мен судьялары, аудандық соттың төрағалары мен судьялары антты тиісті облыстық соттардың пленарлық отырысында береді.

Судьяның жоғарғы мәртебесін анықтағанда, заң ол үшін тәуелсіздіктің қосымша кепілдіктерін белгілейді, олар сот төрелігін жүзеге асырудың заңда көзделген процедурасымен; сот төрелігін жүргізгенде олардың қызметіне араласқандық және сот пен судьяны сайлағандық үшін жауапкершілікпен; соттың жеке басына қол сұқпаушылықпен; судья өкілеттігін тоқтатудан және қысқартудың белгіленген тәртібімен, судьяның отставкаға шығу құқығымен; судьяларға олардың мәртебесіне сәйкес мемлекет есебінен әлеуметтік және материалдық қолдау көрсетумен, сондай-ақ олардың нашарлауына жол бермеумен қамтамасыз етіледі.

Судьялар, олардың отбасы мүшелері мен мүлкі мемлекет қорғауында болады, тиісті органдар, егер судьядан немесе оның отбасы мүшелерінен тиісті өтініш келіп түссе, судьяның және оның отбасы мүшесінің қауіпсіздігін, оларға тиесілі мүліктің сақталуын қамтамасыз етуге уақтылы және толық шара қолдануға тиіс. Судьялар және олардың өздерімен бірге тұратын отбасы мүшелері белгіленген тәртіпте тиісті мемлекеттік денсаулық сақтау мекемесінде медициналық зерттеуден өтіп тұрады. Судьяға және оның мүлкіне кәсіби қызметке байланысты келген зиян мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебінен өтеледі. Судьялар заңнамаға сәйкес республикалық мекеменің қаражаты есебінен міндетті түрде сақтандырылады.

Судьяның жеке басына қол сұғуға болмайды. Судьяларды қылмыс жасаған жерде ұстаған немесе олар ауыр қылмыс жасаған жағдайлардан басқа реттерде Жоғарғы Соттық Кеңестің қорытындысына негізделген ҚР Президентінің келісімінсіз

қамауға алуға, мәжбүрлеп әкелуге, сот тәртібінде берілетін әкімшілік жазаға тартуға, қылмыстық жауапқа тартуға болмайды. Ал, Жоғарғы Соттың Төрағасы мен судьяларын қол сұқпаушылық құқығынан айыру үшін ҚР Парламенті Сенатының келісімі керек.

Сонымен қатар, судьяға белгілі бір өнегелік талаптар да қойылады, ол Заңда көрсетілген. Мысалы, судья: Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын мүлтіксіз сақтауға; сот төрелігін жүргізуге байланысты өзінің конституциялық міндетін атқарғанда, сондай-ақ қызметтен тыс қатынастарда сот этикасының талаптарын сақтауға және судьяның беделін түсіретін немесе оның әділеттілігіне күмән келтіретін жайлардан аулақ болуға; өзінің сот төрелігін жүзеге асыру қызметіне қайсы біреудің заңсыз араласу ниетіне қарсы тұруға; судьялар кеңесінің құпиясын сақтауға **міндетті**.

Судьяның өзінің жүргізуіндегі іс бойынша кез келген формада алдын ала пікір айтуына жол берілмейді. Судья нақты іс бойынша өз пікірін тек кеңесу бөлмесінде айтады.

өз өкілеттігін жүзеге асыруы кезінде судья, өзінің келісімінсіз, ешқайда ауыстырылмайды, конституциялық заңда көзделген негіздер мен тәртіпте ғана оның өкілеттігінің қысқаруы немесе тоқтатылуы мүмкін.

Егер судья Қазақстан Республикасының Президентігіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің немесе маслихатының депутаттығына үміткер ретінде тіркелсе; судья соттың заңды күшіне енген шешімімен хабар-ошарсыз деп танылса; судьяны қылмыстық жауапқа тартуға келісім берілсе; судьялардың тәртіптік-біліктілік алқасының заңда көзделген негіздерде судьяның өкілеттігін тоқтату қажеттігі жөнінде шешім болса; кәсіби жарамсыздығы себепті атқарып жүрген қызметіне судьяның сай келмейтіндігі туралы Сот жюриінің қорытындысы болса **судьяның өкілеттігі тоқтайды**.

Судья өкілеттігі тоқтағанда оның тиісті сот төрағасы немесе сот алқасының төраға қызметіндегі өкілеттігі де тоқтайды. Басқа жұмысқа ауысқанда судья өкілеттігі, егер Жоғарғы Сот Төрағасы Қазақстан Республикасының Президенті, ал басқа барлық судьялар Жоғарғы Сот Төрағасы болған жағдайда тоқтайды. Егер судья



өкілеттігін тоқтату туралы шешім қабылдауға негіз болған мән-жайлар күшін жойса, онда өкілеттік қайтадан қалпына келеді.

Судья қызметінде болудың шегі — 65 жас, дегенмен ол мерзімді Жоғарғы Соттық Кеңестің келісімімен Жоғарғы Сот Төрағасы ары кетсе бес жылға ұзарта алады.

**Судьяның отставка** институты тәуелсіздікті қамтамасыз етудің бір жолы. Ол судьяның құрметпен кетуін білдіреді. Отставка осы қызметте кемінде он бес жыл істеп үлкен беделге ие болған судьяның өз өкілеттігін тоқтатуының айрықша формасы, оның судья атағы, судьялар қауымына жататындығы, жеке басына қол сұқпаушылық кепілдігі, басқа да кепілдіктер сақталады.

2007 жылдың 1 қаңтарынан Конституциялық заңға толықтыру енгізілді, онда қызметтегі судьялардың кәсіби деңгейін тексеру үшін жеті адамнан тұратын *Сот жюриін құру* қарастырылған. Жюри құрамына Жоғарғы Сот судьяларымен қатар отставкадағы судьялар да, жоғары беделге ие болған жергілікті соттардың судьялары да кіре алады. Жюри судьяны белгіленген мерзімге өзінің кәсіби деңгейін көтеруге міндеттейді немесе атқарып жүрген қызметіне сай емес деп шешім шығарады, ондай шешім судьяны мәртебесінен айырады.

Мысалы, 2009 жылы теріс негіздерде барлығы 31 судья қызметінен босатылған, оның жетеуі — Сот жюриінің қорытындысына байланысты, 24-і — судьяға қойылатын талаптарға жауап бере алмайтындығы үшін. Бес судьяға қатысты қылмыстық іс қозғалған<sup>1</sup>.

Республиканың кез келген судьясына қатысты тәртіптік іс қозғау құқығы республикалық тәртіптік-біліктілік алқаға; облыстық соттың судьяларына, аудандық соттың төрағасы мен судьяларына қатысты іс қозғау құқығы облыстық тәртіптік-біліктілік алқаға берілген.

Судьяға қатысты қылмыстық істі тек Қазақстан Республикасының Бас прокуроры қозғауға құқылы.

Істі қарау кезінде заңдылықты бұзғандық үшін және сот этикасына қайшы келетін қылық көрсеткені үшін, сондай-ақ еңбек тәртібін өрескел бұзғандық үшін судьяның тәртіптік жауапқа тартылуы мүмкін. Егер жоғарғы тұрған сот инстанциясының сот

<sup>1</sup> Юридическая газета, 2010. 28 қаңтар.

актілерінде көрсетілген талаптар өрескел бұзылмаса, онда сот актісінің күшін жоюы немесе өзгеруі өздігінен жауапкершілікке алып келмейді.

Судьяға қатысты тәртіптік іс жүргізу, қызметтік тексеру және судьяның дәлелді себептермен жұмыста болмаған уақытын қоспағанда, теріс қылық айқындалған күннен бастап үш айдан кешіктірмей және теріс қылық жасалған күннен бастап бір жылдан кешіктірілмей қозғалады.

Судьяны материалдық қолдау оның мәртебесіне сәйкес келуге және сот төрелігін тәуелсіз және толық жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс және ол азаймау керек. Судьяларға атқарып жүрген қызметіне, кәсіби даярлық деңгейіне, еңбек сіңірген жылдарына және басқа мән-жайларға қарай біліктілік дәрежесі беріледі.

Жоғарғы Сот қызметін ұйымдық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді, сондай-ақ сот статистикасын жүргізуді Жоғарғы Сот аппараты жүзеге асырады.

Жоғарғы Сот, Қазақстан Республикасының басқа да соттары республикалық бюджеттің қаражаты есебінен қаржыландырылады.

### **3.3. Жоғарғы Соттық Кеңес. Судьялар одағы. Төрелік соттар**

Судьялар корпусын қалыптастыруда Жоғарғы Соттық Кеңестің атқарар рөлі зор. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соттық Кеңесі Қазақстан Республикасы Президентінің соттарды қалыптастыру, судьялардың тәуелсіздігіне және оларға қол сұқпауға кепілдік беру жөніндегі конституциялық өкілеттігін қамтамасыз ету мақсатында құрылған.

Жоғарғы Соттық Кеңес Конституцияға, «Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңға, 2008 жылғы 17-қарашадағы «Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соттық Кеңесі туралы» Заңға сәйкес жұмыс істейді, ол Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын және босататын Төрағадан, хатшыдан және басқа мүшелерден тұрады. Кеңес Төрағасының, хатшысының

және мүшесінің қызметі коммерциялық ұйымның басқарушы органының және бақылау кеңесінің құрамына кірумен, саяси партиядағы басшылық қызметпен сыйыспайды.

Бұрынғы Біліктілік әділет алқасының функциялары 2007 жылғы 21-мамырдағы «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» № 254-III Заңға сәйкес Жоғарғы Соттық Кеңеске берілген, ол судьялық жүйе үшін білікті кадрлар іріктеу жұмысымен айналысады.

Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьялар мәртебесін анықтайтын Конституциялық заң, 2008 жылғы 17-қарашадағы «Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соттық Кеңесі туралы» № 79-IV заң және басқа нормативтік құқықтық актілер Кеңес қызметінің құқықтық негізі болып табылады.

Кеңес:

1) судьялар тәуелсіздігіне және оларға қол сұқпауға кепілдікті қамтамасыз етеді;

2) жергілікті және басқа соттар судьяларының бос орындарына конкурстық негізде үміткерлер іріктеуді жүзеге асырады;

конкурстың қорытындысы бойынша іріктелген үміткерлерді Қазақстан Республикасы Президентінің тағайындауына ұсынады;

3) Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынысы бойынша жергілікті және басқа соттардың төрағаларының және сот алқалары төрағаларының, Жоғарғы Соттың сот алқалары төрағаларының бос орындарына үміткерлерді қарайды;

бұл үміткерлерді Қазақстан Республикасы Президентінің тағайындауына ұсынады;

4) Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынысы бойынша Жоғарғы Сот судьясының бос орнына үміткерді қарайды;

бұл үміткерді Парламент Сенатына ұсынуы үшін оны Қазақстан Республикасының Президентіне ұсынады;

5) Жоғарғы Сот Төрағасының бос орнына үміткерді қарайды;

бұл үміткерді Парламент Сенатына ұсынуы үшін оны Қазақстан Республикасының Президентіне ұсынады;

6) отставка, отставканы тоқтату формасында Жоғарғы Сот Төрағасының, сот алқалары төрағаларының және судьяларының,

жергілікті және басқа соттардың төрағаларының, сот алқалары төрағаларының және судьяларының өкілеттіктерін тоқтату мәселелерін қарайды;

соттарды таратқанда немесе тиісті соттың судьяларының жалпы санын қысқартқанда, егер олар басқа соттағы бос орынға баруға келісімін бермесе жергілікті және басқа соттардың төрағаларын, сот алқаларының төрағаларын және судьяларын қызметтерінен босату мәселелерін қарайды;

Жоғарғы Сот судьяларының жалпы саны қысқарып, ол қысқарғандар басқа соттардағы бос орынға баруға келісімін бермесе Жоғарғы Соттың сот алқаларының төрағаларын және судьяларын қызметтен босату мәселелерін қарайды;

Жоғарғы Соттың сот алқаларының төрағалары мен судьялары, жергілікті және басқа соттардың төрағаларын, сот алқаларының төрағалары мен судьяларын олардың жасаған тәртіптік теріс қылықтары үшін, кәсіби жарамсыздығы себепті немесе Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңының талаптарын орындамағаны үшін Жоғарғы Сот Төрағасының судьялардың Тәртіптік-біліктілік алқасының немесе Сот жюриінің шешіміне негізделген ұсынысы бойынша жұмыстан босатуға ұсыныс жасау туралы мәселені қарайды;

Қазақстан Республикасының Президентіне жергілікті және басқа соттардың төрағаларын, сот алқаларының төрағалары мен судьяларын, Жоғарғы Соттың сот алқаларының төрағаларын қызметтен босату туралы ұсыныс жасайды;

Парламент Сенатына ұсыныс енгізуі үшін Қазақстан Республикасының Президентіне Жоғарғы Соттың Төрағасы мен судьяларын қызметінен босату туралы ұсыныс жасайды;

Жоғарғы Сот Төрағасының жас шегіне жеткен соң ары кетсе бес жылға судья қызметінде болуға келісімін беруі туралы мәселені қарайды;

7) судья болып істеуге тілек білдірген азаматтардан біліктілік сынағын қабылдауды ұйымдастырады;

8) Қазақстан Республикасының Президентіне судьяны қамауға алуға, оны мәжбүрлеп әкелуге, оған сот тәртібінде берілетін әкімшіліктік жазалау шарасын қолдануға, судьяны қылмыстық

жауапқа тартуға келісімін беруі туралы мәселені шешу үшін қорытынды ұсынады;

9) сот жүйесін және заңдарды жетілдіру жөнінде ұсыныстар даярлап оларды Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына береді, судьялар корпусының құрамын, кадрлар даярлау жүйесін жақсартуға, судьялар біліктілігін арттыруға шара қолданады;

10) Кеңестің регламентін бекітеді;

11) судья қызметіне тұру үшін біліктілік сынағынан өткен адамдарға есеп жүргізеді;

12) осы Заңнан және Кеңес регламентінен туындайтын өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Кеңес отырысы қажеттігіне қарай, бірақ жылына кем дегенде төрт рет өтеді. Кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса отырыс өкілетті деп саналады.

Кеңес отырысы ашық және жария өткізіледі. Отырысқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің және бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің шақырылуы мүмкін. Кеңес қорытынды, хаттамалық шешім және (немесе) ұсыныс формасында шешім қабылдайды.

Судьяға үміткерлердің білім деңгейін анықтауға арналған біліктілік сынағын қабылдауды Кеңес жанындағы Біліктілік комиссиясы жүзеге асырады.

Комиссия құрамына:

1) Кеңес тағайындайтын төраға және құқық оқытушылары, ғалым-заңгерлер ішінен бес маман;

2) Сот жюриі өз құрамынан жіберген, ауысып тұратын үш судья кіреді.

Комиссияның Төрағасы мен мүшелері оның құрамына екі жылға тағайындалады немесе жіберіледі. Босаған орын болса Комиссияның жаңа мүшесі алдыңғы мүше кеткен күннен бастап екі ай ішінде тағайындалады немесе жіберіледі. Комиссия құрамына ұсынылған адамда юриспруденция саласында кәсіби білім, заң мамандығы бойынша кем дегенде он жылдық стаж және мінсіз бедел болуға тиіс.

Комиссия қызметін қамтамасыз етуді Кеңес аппараты мен жергілікті және басқа соттардың ұйымдық, материалдық-техникалық және басқадай қамсыздануымен айналысатын уәкілетті органдар жүзеге асырады.

Комиссияның біліктілік сынақ қабылдау жөніндегі отырысы қажеттілігіне қарай, бірақ жылына кемінде төрт рет өткізіледі. Комиссияның біліктілік сынақтарын қабылдау жөніндегі отырысы ашық және жария етеді. Комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса отырыс өкілетті деп танылады. Комиссия отырысының өтетін уақыты мен жері жайында Комиссия мүшелері мен оған шақырылатын адамдар он күнтізбелік күн бұрын хабардар етіледі.

Комиссияға құжаттар өткізу, біліктілік сынақтарын тапсыру тәртібін Кеңестің регламенті анықтайды. Судьяға үміткерлерден біліктілік сынағын қабылдау — азаматтар арнайы тексеруден өткен соң жүзеге асырылады.

Бұрын кемінде үш жыл судья болып тұрақты істеген және қызметтен босанған күннен бастап алты жыл ішінде қайтадан судья болуға бел байлаған адамдар, егер судьялықтан өзіне қойылған талаптарды орындамағандықтан, соттың заңды күшіне енген айыптау үкіміне байланысты немесе тәртіптік теріс қылық жасағандық үшін босатылған болмаса, біліктілік сынақты тапсырудан босатылады. Қызметтік міндетті атқару кезінде Қазақстан Республикасының заңдарын бұзғаны және ұятқа қалдыратын теріс қылығы үшін судья қызметінен, құқық қорғау және басқа мемлекеттік органдардағы қызметтен босатылған адамдар біліктілік сынағын тапсыруға жіберілмейді. Өткізген біліктілік сынақтың нәтижесі сынақ өткізген күннен бастап алты жыл күшінде болады. Біліктілік сынақтарын тапсыра алмаған адамдар қайталап тапсыруға бір жылдан кейін ғана жіберіледі.

Кеңестің жергілікті және басқа сот усдьясының қызметіне тағайындау туралы ұсынысы конкурстық қараудың нәтижесі бойынша беріледі. Жергілікті және басқа соттардың қызметін ұйымдық, материалдық-техникалық және басқадай қамтамасыз етумен айналысатын уәкілетті органның судья қызметіне бос орын бар екендігі туралы мәліметі Кеңестің конкурс жүргізуіне негіз болады. Судья қызметінің бос орнына үміткерлерді іріктеу үшін өткізілетін конкурстың өтетін уақыты мен орны туралы хабарды жергілікті және басқа соттардың қызметін ұйымдық, материалдық-техникалық және басқадай қамтамасыз етумен айналысатын уәкілетті орган конкурсқа дейін кемінде бір ай қалғанша

республикалық бұқаралық ақпарат құралдарының қазақ және орыс тілдеріндегі ресми басылымына жариялайды.

Жергілікті және басқа соттың судьясы қызметіне жарияланған конкурсқа қатысу үшін Кеңес аппаратына арыз және басқа құжаттар өткізіледі, олардың тізбесі Кеңес регламентінде белгіленген. Аудандық және оған теңестірілген соттардың судьясы қызметіне тұруға Кеңес беретін ұсыныс үшін конкурсқа Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңының талаптарына жауап беретін азаматтар қатыса алады.

Облыстық және оған теңестірілген соттардың судьясы қызметіне тұруға Кеңес беретін ұсыныс үшін конкурсқа Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңының талаптарына жауап беретін және заңгерлік кәсіпте кемінде он бес жыл немесе судья болып кемінде бес жыл жұмыс істеген азаматтар қатыса алады.

Судьялардың бос орындарына үміткерлерді конкурстық іріктеуді Кеңес өз қызметіне ешкімді араластырмай ашық және жария жүргізеді. Аудандық және оған теңестірілген соттардың судьяларының бос орындарына үміткерлер іріктеудегі негізгі өлшем — білім деңгейінің жоғарылығы, моральдық-өнегелік қасиет және мінсіз бедел.

Облыстық және оған теңестірілген соттардың судьяларының бос орындарына үміткерлерді іріктеу конкурсын өткізгенде мыналар ескеріледі:

- 1) судья қызметіндегі жұмыс стажы;
- 2) мінсіз беделі және сот төрелігін жүргізу сапасы;
- 3) сот жүйесінің қызметін қамтамасыз ететін мемлекеттік органдардағы жұмыс стажы;
- 4) сот жүйесінің қызметін қамтамасыз ететін құқық қорғау және өзге мемлекеттік органдардағы, адвокатурадағы жұмыс стажы;
- 5) ғылыми дәрежесінің немесе ғылыми атағының болуы.

Бос орынға үміткерлерді іріктеудің қорытындысы бойынша Кеңес хатшысы конкурсқа қатысқандарға ол аяқталған күннен бастап он жұмыс күні ішінде конкурстың нәтижесі туралы тиісті хабарлау хатын жібереді.

Облыстық және оған теңестірілген соттардың төрағаларының, сот алқалары төрағаларының, Жоғарғы Соттың сот алқалары төрағаларының және судьяларының бос орындарына үміткерлерді Кеңес Жоғарғы Сот Төрағасының Жоғарғы Соттың пленарлық отырысының шешімі негізінде енгізген ұсынысы бойынша қарайды. Аудандық және оған теңестірілген сот төрағасының бос орнына үміткерді Кеңес Жоғарғы Сот Төрағасының тиісті облыстық соттың пленарлық отырысының шешімі негізінде енгізген ұсынысы бойынша қарайды.

Облыстық және оған теңестірілген соттың төрағасы және сот алқасының төрағасы қызметіне Кеңестің ұсынысын алуы үшін Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық Заңының талаптарына жауап беретін және заңгер кәсібі бойынша кемінде он бес жыл немесе судья болып кемінде бес жыл жұмыс істеген азаматтар ұсынылады.

Жоғарғы Сот судьясының қызметіне Кеңестің ұсынысын алуы үшін Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңының талаптарына жауап беретін және заңгер кәсібі бойынша кемінде жиырма жыл немесе судья қызметінде кемінде он жыл жұмыс істеген азаматтар ұсынылады.

Кеңестің судьяны қызметінен босату туралы мәселені қарауына Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынысы негіз болады. Тәртіптік теріс қылығы үшін, кәсіби жарамсыздығына байланысты немесе Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңының талаптарына жауап бере алмағаны үшін судьяны қызметінен босату туралы ұсынысты Жоғарғы Сот Төрағасы судьялардың Тәртіптік-біліктілік алқасының немесе Сот жюриінің шешімі негізінде Кеңеске енгізеді.

Кеңес, материалдарды алғаннан кейін, ондағы мәліметтерді судьядан және басқа адамдардан жазбаша түсініктеме алу, тиісті құжаттарды сұратып алып олармен танысу, мемлекеттік органдардан, ұйымдар мен азаматтардан басқа да ақпараттар алу арқылы регламентте белгіленген тәртіпте тексереді. Тексерудің нәтижелері бойынша анықтама даярлайды. Анықтамада айқындалған мән-

жайлар баяндалады, тексерушілердің қорытындылары мен ұсыныстары, олардың қолы болады.

Судьяны қызметінен босату туралы мәселені қарағанда Кеңес Жоғарғы Сот Төрағасының өзіне қатысты ұсынысы түскен судьяның түсініктемесін тыңдайды. Судьяның Кеңес отырысына дәлелді себептерсіз келмеуі мәселені қарауға кедергі болмайды. Отырыста судьяның, Кеңес хатшысының өтініші бойынша шақырылған басқа адамдардың хабары тыңдалып, басқа материалдардың қаралуы мүмкін. Кеңес шешімінде судьяны қызметінен босату туралы Қазақстан Республикасының Президентіне жіберілетін ұсынысқа негіз болатын мән-жайлар немесе дәлелдеменің нақты материалдарына сілтеме жасалып ұсыныстан бас тарту себебі баяндалады<sup>1</sup>.

**Қазақстан Республикасы судьяларының одағы.** Судьялар бірлестігінің ортақ мүдделерін іске асыру және қорғау мақсатында судьялар қоғамдық бірлестік құруға құқылы. Судьялар бірлестігі қажет болған жағдайда заңмен белгіленген тәртіп бойынша өз мүшелерінің мүдделерін білдіреді және қорғайды. Сонымен қатар, олар сот төрелігін жүргізуге ықпалын тигізе алмайды, саяси мақсат ұстанбайды. Сот бірлестігі органдарының қызметі бұл ұйымдар қабылдайтын актілермен реттеледі.

Қазақстан Республикасы судьяларының одағы республикалық мәртебесі бар қоғамдық бірлестік формасындағы коммерциялық емес ұйым, оны Қазақстан Республикасының азаматтары құрады, ол Қазақстан Республикасы судьялар одағының Республикалық қоғамдық бірлестігінің ортақ мүдделерін іске асыруды және қорғауды мақсат тұтады.

Одақтың мақсаттары мен міндеттері мыналар:

— судьялар бірлестігінің маңызды құқықтық проблемаларды шешудегі позициясын анықтау;

— соттар жұмысының және судьялар мәртебесінің өзекті проблемаларын қарау;

— судьялардың ғылыми-практикалық конференцияларын өткізу және оларға қатысу;

— соттар тәуелсіздігін күшейтуге, сот билігін нығайтуға, судьялардың өзін-өзі басқаруын дамытуға жәрдемдесу;

<sup>1</sup> «Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соттық Кеңесі туралы» Заң. 17 қараша 2008 жыл.

— мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктерде судьялардың мүдделерін білдіру;

— сот практикасы және заңдарды жетілдіру мәселелерін талқылауға қатысу;

— судьялардың кәсіби деңгейін көтеру, судьяларды оқыту жөніндегі іс-шараларға қатысу;

— соттар қызметіне және құқық қолдану практикасына қатысты Заңдар мен өзге нормативтік актілердің жобаларына тәуелсіз баға беру;

— басқа елдердің судьялар бірлестігімен халықаралық қатынастар орнату, оны дамыту.

Талқыланған мәселелер бойынша Одақтың органы шешім шығарады және де мемлекеттік органдарға, қоғамдық бірлестіктерге және лауазымды адамдарға үндеу қабылдайды.

Қазақстан Республикасының жұмыс істеп жүрген судьяларымен қатар отставкадағы не зейнеткерліктегі судьялары да Одаққа мүше бола алады. Басқа жұмысқа ауысқан судьялардың Одақта мүше болып қалу құқығы сақталады. Одаққа өз еркімен мүше болады, ол үшін тиісті Одаққа жазбаша арыз беріледі.

Судьялардың конференциясы филиалдың ең жоғарғы органы болып табылады. Конференция судьялар Съезі мен оның атқарушы органы — Кеңестің құзырындағы мәселелерден басқа барлық мәселелерді қарауға құқылы. Конференция екі жылға филиал Кеңесін, филиал төрағасын, филиал хатшысын сайлайды. Филиал төрағасы бір жағынан Кеңес төрағасы да болып саналады.

Төрт жылда кемінде бір рет шақырылатын судьялар Съезі Одақтың жоғарғы органы болып табылады. Съездер арасындағы Орталық Кеңес атқару орган функциясын орындайды, ол съезде 4 жылға сайланатын Төрағадан және мүшелерден, сондай-ақ Орталық Кеңес тағайындайтын Хатшыдан тұрады. Орталық Кеңестің сандық құрамын съезд анықтайды. Съездер аралығында белгілі бір өкілеттіктерді съезд Орталық Кеңеске береді. Орталық Кеңес жылына кемінде үш рет отырыс өткізеді.

Алғашқы және жыл сайынғы мүшелік жарналар Одақтың қаржы көзі болып табылады. Мүшелік жарнаның мөлшерін және төлеу тәртібін судьялар съезі анықтайды.

Жоғарғы Сот судьялары мен әскери соттардың судьялары, отставкадағы судьялар, сондай-ақ басқа судьялар бірлестіктері облыстарда, Астана, Алматы қалаларында филиалдар құрады<sup>1</sup>.

**Төрелік соттар.** Қазақстан Республикасының төрелік соттарын құрудың тәртібі, оның қызметін, шешімдерін орындау 28.12.2004 жылғы «Төрелік соттар туралы» заңмен реттеледі. Бұл заң жеке және заңды тұлғалар араларында жасалған азаматтық-құқықтық шарттардан туындайтын дауларға қатысты қолданылады.

Төрелік талқыны жүзеге асырғанда мына принциптер сақталады:

1) тараптар еркінің дербестігі, яғни тараптар алдын ала өзара келісім бойынша туындаған дау бойынша төрелік талқылауды жүзеге асырудың тәртібі мен шарттарына қатысты мәселелерді өздерінше шешуге құқылы;

2) заңдылық, яғни төрелік судьялар мен соттар өз шешімдерінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын және өзге нормативтік актілерін басшылыққа алады;

3) тәуелсіздік, яғни төрелік судьялар мен соттар, өздеріне берілген дауларды шешкенде өздеріне қандай да бір ықпал болмайтын жағдайда шешім қабылдайды;

4) тараптардың бәсекелестігі мен тең құқылығы, яғни тараптар төрелік талқы кезінде көлемі бірдей құқықтарды пайдаланады және көлемі бірдей міндеттер көтереді, өз позициясын және оны төрелік соттан, басқа органдар мен адамдардан тәуелсіз, өз бетімен қорғаудың тәсілдері мен құралдарын таңдайды;

5) әділдік, яғни төрелік судьялар мен соттар, өздеріне берілген дауларды шешкенде және төрелік талқының тараптары белгіленген талаптарды, қоғамның өнеге принциптерін және іскерлік этика ережелерін сақтауға тиіс;

6) жабықтық, яғни төрелік судьялар төрелік талқы кезінде өздеріне мәлім болған деректерді тараптардың немесе олардың құқық мұрагерлерінің рұқсатынсыз жария етуге тиіс емес және азаматтың ақпаратты тиісті органға хабарлауға міндетті екендігі заңда көзделген жағдайдан басқа реттерде төрелік судья өзіне

<sup>1</sup> «Қазақстан Республикасының судьяларының одағы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің жарғысы. (Қазақстан Республикасының 1996 ж. 19 желтоқсандағы съезінде қабылданған).

талқылау барысында мәлім болған деректерге қатысты куәгер ретінде сұралуға жатпайды.

Қазақстан Республикасындағы төрелік соттар тұрақты жұмыс істейтін төрелік сот немесе нақты дауды шешетін төрелік сот түрінде құрылуы мүмкін. Тұрақты жұмыс істейтін төрелік соттарды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құрылған заңды тұлғалар және олардың бірлестіктері (қауымдастықтары, одақтары) құра алады.

Нақты дауды қарайтын төрелік сотты тараптар өздерінің азаматтық-құқықтық шарттарынан туындайтын дауды шешу үшін құрады, ол сот сол дау шешілгенше немесе тараптар дауды құзыретті сотқа беру туралы шешім қабылдағанша жұмыс істейді.

Қазақстан Республикасында төрелік соттарды мемлекеттік органдар жанынан құруға болмайды. Тараптар арасында төрелік келісім жасалса дауды төрелік соттың қарауына беруге болады.

Төрелік сот мемлекеттің, мемлекеттік кәсіпорындардың, кәметке толмаған адамдардың, заңда белгіленген тәртіпте әрекет қабілеті жоқ деп танылған адамдардың, төрелік келісімге қатысушы емес адамдардың мүдделері қозғалатын дауларды, табиғи монополиялар субъектілерінің, тауарлар және қызмет көрсету рыногында басымдығы бар субъектілердің қызмет көрсету, жұмыс орындау, тауар өндіру туралы шарттарынан туындаған, сондай-ақ банкроттық туралы істер бойынша дауларды, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайлардан басқа реттерде қарауға тиіс емес.

Тараптарға тәуелсіз, істің қалай шешілетініне мүдделі емес, тиісті жоғары білімі бар, жиырма бес жасқа толған және төрелік судьяның міндетін атқаруға келісімін берген адам төрелік судья болып сайлануы (тағайындалуы) мүмкін. Дауды жеке өзі шешетін төрелік судьяда жоғары заң білімі және заң мамандығы бойынша кемінде екі жылдық стаж болуға тиіс.

Төрелік судьяға үміткерге қойылатын талаптарды сот құрамын жинақтағанда тараптардың өздері тікелей анықтайды немесе тұрақты жұмыс істейтін төрелік соттардың ережелерімен (регламентімен) анықталады.

Төрелік сот құрамы төрелік судьяларды (төрелік судьяны) сайлау (тағайындау) арқылы қалыптасады. Нақты дауды шешуге арналған төрелік сот тараптардың келісімімен құрылады.

Төрелік сот өзінің шешуіне берілген дауды қарауға оның өкілеттігі бар ма, жоқ па, ол мәселені өзі шешеді, кей жағдайда төрелік келісімнің болмауы немесе күшін жоюы себепті тараптардың біреуі қарсы болуы мүмкін. Арызды қараудың нәтижесі бойынша ұйғарым жасалады. Егер төрелік сот өзінің өкілеттігі туралы мәселені қарау барысында өзінде дауды қарауға өкілеттіктің жоқ екендігі туралы ұйғарым жасаса, онда төрелік сот дауды өз мәнінде қарай алмайды.

Тұрақты жұмыс істейтін төрелік сот, егер тараптар төрелік талқылаудың басқа ережелерін қолдану туралы өзара келіспеген болса, тұрақты жұмыс істейтін төрелік соттың регламентіне сәйкес талқылау жүргізеді.

Нақты дауды шешу үшін құрылған төрелік сот төрелік талқылауды тараптар келіскен ереже бойынша жүзеге асырады.

Талапкер өз талабын талаптық арызда баяндап, оны жазбаша түрде төрелік сотқа береді. Талаптық арыздың көшірмесі жауапкерге беріледі. Талаптық арызда талапкердің немесе оның өкілінің қолы болуға тиіс. Жауапкер талапқа өз қарсылығын баяндап, оны талапкер мен төрелік сотқа бере алады.

Төрелік сот, талаптық арызды қабылдағаннан кейін төрелік талқылау жүргізу туралы ұйғарым жасайды, өз ережесіне (регламентіне) немесе Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу заңнамасына сәйкес тараптарға талап қаралатын жерді хабарлайды, жауапкерден талаптық арызға деген пікірін жазбаша ұсынуды сұрайды.

Әрбір тарап өз талаптары мен қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуге міндетті. Ұсынылған дәлелдемелер жеткіліксіз деп санаса, төрелік сот тараптардан қосымша дәлелдемелер талап етуге құқылы.

Төрелік сот іс бойынша бар дәлелдемелерді тікелей өзі зерттеуге тиіс. Істің мән-жайын зерттегеннен кейін төрелік сот сот — сот құрамына кіретін төрелік судьялардың көпшілік дауысымен шешім қабылдайды.

Шешім төрелік сот отырысында жария етіледі. Төрелік соттың шешіміне тараптар Қазақстан Республикасының азаматтық іс

жүргізу заңдарында белгіленген тәртіпте құзыретті сотқа шағымдана алады.

Төрелік соттың шешімі онда көрсетілген тәртіпте және мерзімде міндетті түрде орындалуға жатады. Егер төрелік соттың шешімі белгіленген мерзімде еркімен орындалмаса, онда мәжбүрлеу шаралары қолданылады. Төрелік соттың шешімін мәжбүрлеп орындату құзыретті сот берген орындау парағының негізінде жүзеге асырылады<sup>1</sup>.

#### **3.4. Ұйымдық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын органдар**

Соттар мен судьялардың атқарушы билік органдарына тәуелділігін біржола жою мақсатында жергілікті соттарды ұйымдық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөнінде дербес уәкілетті орган құрылған. Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 1-қыркүйектегі № 440 Жарлығымен **Сот әкімгерлігі бойынша комитет құрылды.**

Кейін Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 12-қазандағы № 471 Жарлығымен Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты жанындағы Сот әкімгерлігі бойынша комитет туралы Ереже бекітілді. Мемлекет басшысы судьялардың съезінде бұл Комитеттің мәртебесін көтерудің маңыздылығына және оның Жоғарғы Соттан бөлінуі мүмкін екендігіне назар аудартты.

Сот әкімгерлігі бойынша комитет облыстық, аудандық және оларға теңестірілген соттар қызметінің материалдық-техникалық және басқадай қамтамасыз етілуін жүзеге асырушы, сондай-ақ орындау құжаттарының уақтылы орындалуын қамтамасыз етуші және кейбір негіздер бойынша республика меншігіне айналған (өткен) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және әрі қарай пайдалану жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыратын уәкілетті мемлекеттік органға айналды.

Комитетке сот билігінің тәуелсіздік дәрежесін анықтайтын, соттар үшін аса маңызды функциялар берілді, олар:

— жергілікті соттарды құру, қайта ұйымдастыру немесе тарату, соттардың жалпы штат саны жөнінде ұсыныстар даярлау;

<sup>1</sup> «Төрелік соттар туралы» 2004 жылғы 28 желтоқсандағы № 22-III Заң.

— жергілікті соттарды қаржыландыру туралы Үкіметке ұсыныс беру;

— жергілікті соттардың материалдық-техникалық және басқадай қамтамасыз етілуін жүзеге асыру;

— судьялардың және сот аппаратының қызметкерлерінің біліктілігін көтеру жөнінде шара қолдану, судьялардың нормативтік жүктемелерін белгілеу;

— соттардың нормативтік құқықтық актілермен қамтамасыз етілуін жүзеге асыру.

Комитет, сонымен қатар, заңда көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады. Егер Комитет сот актілерінің орындалуына жауапты болса, онда іс жүргізуді бақылау соттарға жүктеледі. Жергілікті соттардың қызметін қамтамасыз етумен және сот актілерінің орындалуымен Комитеттің аумақтық органдары — облыстардың, Астана және Алматы қалалары **соттарының әкімгерлері** айналысады.

Сот шешімдерінің нақты орындалуы соттардың жұмысын бағалаудың бір өлшемі екендігі белгілі. Атқару ісін жүргізу құқық төрелігін жүзеге асырудың соңғы кезеңі.

Атқару ісін жүргізудің құқықтық, ұйымдық және экономикалық негіздері, сондай-ақ **сот атқарушыларының** құқықтық мәртебесі Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30-маусымдағы «Атқару ісін жүргізу және сот атқарушыларының мәртебесі туралы» № 253-І Заңында анықталған.

Атқару ісін жүргізудегі міндетке азаматтық және әкімшілік істер бойынша сот шешімдерінің, ұйғарымдары мен қаулыларының, қылмыстық істер бойынша үкімдер мен қаулылардың мүлікті өндіріп алуға қатысты бөлігінің міндетті түрде және уақтылы орындалуы жатады.

Атқарушы құжаттардың орындалуы аумақтық органдардың сот атқарушылары мен атқарушы құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі өкілетті органның бөлімдеріне жүктеледі. Заңда көзделген жағдайларда атқарушы құжаттардың орындалуы сот приставтарының көмегімен жүзеге асырылады.

Сот атқарушысының заң белгіленген тәртіпте өз жүргізуіне алған атқарушы құжаты мәжбүрлеп орындату шараларын қолдануға **негіздеме** болады.

Сот атқарушысы өзіне заңда белгіленген талаптарға сай келетін атқару құжат келіп түскеннен кейін үш тәуліктен кешіктірмей атқару ісін жүргізуді қозғайды, ол жайында қаулы шығарады. Атқару ісін жүргізуге қатысушы адамдар тараптар және олардың өкімдері деп танылады. Қажет болған жағдайда соттардың немесе басқа органдардың қаулыларының мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз ету үшін сот приставтары тартылады. Ішкі істер органдарының қызметкерлерін немесе бөлімшелерін тарту заңға сәйкес жүзеге асырылады.

Сот атқарушысы мемлекеттік қызмет атқаратын, сот актілерін және басқа органдардың актілерін орындау жөнінде өзіне заң жүктеген міндетті орындаушы лауазымды адам. Сот атқарушысының сот актілерін және басқа органдардың актілерін орындау жөнінде қойған талаптары барлық органдар, ұйымдар, лауазымды адамдар мен азаматтар үшін міндетті болып табылады.

Сот атқарушысын аймақтық органның басшысы мемлекеттік қызметкердің бос орнына жарияланған конкурстың нәтижесі бойынша тағайындайды және ол жұмыстан босатады.

Сот атқарушысы өзіне берілген құқықты қатаң заңға сәйкес пайдалануға және өз қызметінде азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтары мен мүдделерінің бұзылуына жол бермеуге тиіс. Атқарушылық әрекеттер жасау кезіндегі оның құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30-маусымдағы «Атқару ісін жүргізу және сот атқарушыларының мәртебесі туралы» № 253-І Заңының 85-бабында регламенттелген.

Атқарушы іс жүргізудің тағы бір органы — **сот приставы**. Сот приставтарының құқықтық жайы, олардың міндеті мен жұмысын ұйымдастыру Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 7-шілдедегі «Сот приставтары туралы» № 150-І Заңында анықталған.

Сот приставтарының міндетіне мыналар жатады:

— сот отырысы кезінде залда қоғамдық тәртіпті ұстау;

— соттың іс жүргізу әрекеттерін орындауына көмектесу (мәжбүрлеп алып келу);



— сот ғимаратының күзетін қамтамасыз ету, судьяларды және процеске қатысушы басқа адамдарды күзету;

— сот атқарушыларының соттар мен басқа органдардың атқару құжаттарын мәжбүрлеп орындатуына көмектесу.

Сот приставтары Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотынан бастап барлық соттарда бар. Жоғарғы Соттағы сот приставтарын Жоғарғы Сот Төрағасы қызметке тағайындайды және қызметтен босатады. Ал, аумақтық органдар мен аумақтық бөлімдерде оларды тиісті аумақтық органдардың басшылары қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Сот приставтары арнаулы даярлықтан өтеді, содан кейін атылатын табельдік қаруды сақтауға және алып жүруге, арнайы құралдарды пайдалануға құқық алады.

Сот приставтарының құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 7-шілдедегі «Сот приставтары туралы» №150-1 Заңының 7-бабында көрсетілген.

## 4 ТАРАУ

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ

#### *4.1. Конституциялық бақылау институтының қалыптасуы және дамуы*

Мемлекеттің аяғында нық тұруының басты шарты — Конституцияның үстемдігін қамтамасыз ету. Мемлекеттік биліктің барлық органдары, заңды және жеке тұлғалар конституция талаптарын орындауға міндетті, ол үшін барлық елдерде негізгі заңның үстемдігін қамтамасыз етуге бағытталған, конституцияны заңдық қорғау жүйесі деп аталатын тұтас жүйе бар. Қазіргі кезде заңдардың, басқа да нормативтік құқықтық актілердің конституциялылығына бақылау кең даму алды. Оның болуы Конституцияның нормалары мен талаптарының сақталуына үлкен мән беретін кез келген мемлекеттің міндетті атрибутына айналды.

Конституциялық бақылау органдары мүлде жана немесе түбірімен жанарған қоғамдық қатынастарды шешеді, ол құқықтық реттеуде конституциялық талаптарға жауап береді. **Бір жағынан**, конституциялық бақылау ұлттық құқық қорғау жүйесіне озық әлемдік және шетелдік практиканың имплементациясын қамтамасыз етеді, мемлекеттің ішіндегі конституциялық императивтерді мемлекетаралық әмбебап нормалармен байланыстырады. **Екінші жағынан**, адам құқығын, оның заңды мүдделерін қорғау саласындағы конституциялық заңдылықты қамтамасыз ету ұлттық дамудың тарихи, саяси-құқықтық парадигмасы бойынша қалыптасатын мемлекет ішіндегі конституциялық конструкцияға негізделеді<sup>1</sup>.

Қазіргі жағдайда конституциялық бақылаудың үш моделін бөліп алуға болады, олар: **американдық, континенттік және аралас.**

<sup>1</sup> Рогов И. И. Приоритет конституционных ценностей / Юридическая газета. 4 тамыз 2009 ж.

Конституциялық бақылаудың **американдық моделі** жалпы сот төрелігінен бөлекше емес. Барлық соттар жүзеге асыратын конституциялық бақылау англосаксон құқығының Ұлыбританиядан басқа елдерінде — АҚШ-та, Австралияда, Аргентинада, Бразилияда, Малайзияда, Мексикада, Канадада, Үндістанда, Жапонияда кең өріс алды. Бақылаудың мұндай жүйесі Скандинавия елдерінде де — Данияда, Исландияда, Норвегияда, Швецияда бар.

**Ұлыбританияда** құқық үстемдігі принципі қандай да бір заң актісінде ешқашан анықталған жоқ, сондықтан да соттар сот бақылауының функцияларын орындамайды. Парламенттің, үкіметтің және соттың әрекеттері үш негізгі принциптің: билікті бөлу, парламент үстемдігі және құқық қожалығы принциптерінің мүлтіксіз орындалуымен анықталады. Парламент үстемдігі принципі заң қабылдау құқығы тек парламентте екендігін және оның заң шығару құзыретіне ешқандай шек қойылмайтындығын білдіреді. Конституциялық құрылысты, адам құқығы мен бостандығын қорғау жалпы юрисдикция соттарына жүктелген.

АҚШ-та сот оқиғасына негізделген конституциялық бақылау жүйесі жұмыс істейді. Сот қылмыстық және азаматтық істерді қарағанда процестегі кез келген тарап қабылданатын заңның конституциялық емес екендігін мәлімдей алады. Бұл жағдайда заңның конституциялылығы талқылана бастайды. Конституциялық емес деп танылған заңды соттар, әкімшіліктік және басқа мемлекеттік органдар қолданбайды.

Конституциялық бақылауды жүзеге асыру сот қадағалауының шеңберімен бітпейді — АҚШ-тың Негізгі Заңында Конгресс пен Президенттің бақылау функцияларын орындауына негіз болатын нормалар бар.

АҚШ-тың конституциялық сот бақылауы:

— онда әмбебап сипат бар, себебі ол тек заңдарды ғана емес, барлық нормативтік-құқықтық актілерді, биліктің барлық деңгейіне қатысы бар үкіметтік өкімдерді де қамтиды;

— конституциялылықты бақылау ауық-ауық іске асырылады, оны азаматтың заңды мүддесін қозғайтын кез келген істі қарағанда келген сот жүргізе алады;

— заңда каузальдық байланыс бар, яғни конституцияға сілтеме жасалған нақты істі қарағанда ғана мүмкін, конституциялылық проблемасы жүре бара туындайды;

— бақылауда салыстырмалы сипат бар, себебі сот шешімдері дауласушы тараптар үшін міндетті болып табылады және құқық қолдану қызметінің барлық субъектілеріне таралмайды<sup>1</sup>.

Конституциялық сот бақылауының **континенттік (еуропалық) моделі** әдебиетте «еуропалық» деп аталады, ол ұйымдық жағынан сот жүйесінен бөлініп шыққан, тек қана конституциялық мәселелерді қарайтын мамандандырылған органдардың құрылуын керек етеді. Мысалы, континенталдық Еуропа елдерінде конституциялық бақылау арнайы органдардың — конституциялық соттар мен конституциялық кеңестердің көмегімен жүзеге асырылады. Конституциялық бақылауды ұйымдастырудың еуропалық формасына жататын елдерде нормативтік формалардың, құқықтық реттеу көздерінің ауқымды базасы бар. Бұл елдердің конституцияларында конституциялық бақылау органдарының мәртебесін регламенттейтін арнаулы заңдар бар.

Бұл модельде, өз кезегінде, екі негізгі айырмашылық бар: конституциялық мәселелерді конституциялық соттар қарайтын **австриялық континенттік модель** және арнайы квазисот органы — Конституциялық Кеңестің моделіне негізделген **француздық континенттік модель**.

Конституциялық соттар Австрияда, Италияда, Испанияда, ГФР-да, Румынияда, Чехияда, Словакияда, Венгрияда, Болгарияда, Македонияда, ТМД елдерінде (Қазақстаннан басқа) бар. Конституциялық соттар құзыретіне жататын мәселелерді үш топқа бөлуге болады.

**Бірінші топ** құқықтық актілердің конституциялылығы мәселелерін қамтиды. Федеративтік мемлекеттерде федерацияның да, штаттардың да басқа нормативтік актілері де конституциялық қадағалауға алынады.

**Екінші топты** лауазымды адамдар әрекеттерінің конституциялылығы мәселелері құрайды. Соттар конституциялық

<sup>1</sup> Боботов С. В. Конституционная юстиция (салыстырмалы анализ).— М., 1994.— 9 б.

бақылау функцияларымен қоса басқа да міндеттерді орындайды: мемлекеттің жоғарғы органдарының құзыреті туралы дауларды қарайды, федерацияларда — федерация мен оның субъектілері арасындағы құзыреттерді шектеу туралы дауларды қарайды, республика президентін (кейде парламент депутаттарын) сайлаудың және референдум өткізудің дұрыстығын қадағалайды, президентке және үкімет мүшелеріне қарсы айтылған айыптауларды қарайды және т.б.

**Үшінші топқа** жалпы соттардың конституциялық мәселелер бойынша шешімдерін қадағалау кіреді<sup>1</sup>.

Конституциялық соттардың Жоғарғы Соттардан айырмашылығы, олар қылмыстық және азаматтық істерді қарамайды және қаралатын мәселелерге кең тұрғыдан қарау үшін олар аралас өкілдіктер негізінде құрылады.

Американдыққа қарағанда *еуропалық модель*:

— орталықтандырылған (бақылауды арнаулы және жалғыз сот жүзеге асырады);

— абстрактілі (сот заңға қатысты қаулыны басқа барлық талқыларына тәуелсіз шығарады);

— алдын алушылық сипаттарға *priori* әрекет ететін (бақылау әлі бекітілмеген заңдарға да жүреді).

**Ресей Федерациясында** конституциялық бақылау институтының қалыптасуының айрықша тарихы бар. Ресей Федерациясында Конституциялық сот алғаш 1991 жылы құрылды, содан соң, саяси процестерге араласа бастаған соң, Президенттің 1993 жылғы 21-қыркүйектегі Жарлығымен оның қызметі тоқтатылды.

Едуір қайта ұйымдастырылып, құзыреті айқындалған соң, Ресей Федерациясының 1993 жылғы Конституциясына сәйкес Конституциялық Соттың қызметі «Ресей Федерациясының Конституциялық Соты туралы» Федералдық Конституциялық заңмен 1994 жылы қайта жанданды.

Ресей Федерациясының Конституциялық соты өзінің құзырет аясына мемлекеттік биліктің жоғары органдары деңгейінде барлық заңнамалық және басқа нормативтік актілерді бақылауды және оның функционалдық-бақылау параметрлерін қамтиды, конституциялық бақылаудың әлемдік стандарттарына жалпы және толықтай сай келеді.

<sup>1</sup> Баишев Ж. Н. Судебная защита Конституции.— Алматы, 1994.— 9—12 б.

Айта кету керек, Ресей Конституциясы нақты істерге, мысалы жеке және ұжымдық шағым бойынша істерге байланысты заңның конституциялылығын Конституциялық соттың тексеруін қарастырған.

Конституциялық бақылаудың еуропалық моделі өзінің даму барысында кейбір елдерде жаңа кейіп алды. Франция, Алжир, Марокко, Мозамбик, Сенегал, Нигер, Коста-Рика, Эфиопия сияқты елдерде бақылау органының функциясы соттық сипатта емес, арнаулы органдарға жүктелген. Францияның Конституциясына сәйкес Конституциялық Кеңес 1958 жылдан бастап конституциялық бақылау органы болып табылады.

Жалпы және конституциялық соттарға қарағанда **Конституциялық Кеңес** квазисоттық орган болып табылады. Ол заңның немесе әкімшілік актінің конституциялылығы туралы мәселені сот процедурасының ережесі бойынша талқыламайды, тікелей баяндаманы талқылау арқылы қарайды. Францияда Конституциялық Кеңеске жүгіну қатаң уақытпен шектелген. Мысалы, парламентте заңға дауыс беру мен оның промульгациясы арасындағы қысқа уақытта ғана сұрау салуға болады. Францияның Конституциялық Кеңесінің функциясы актілердің конституциялылығын бақылаумен шектелмейді. Ол, сонымен қатар, палаталар регламенттерінің; француз бірлестігі шеңберінде жасалған, бекітуге жататын халықаралық шарттар мен келісімдердің; референдумдар мен президент сайлауларын өткізумен байланысты бақылау мәселелерінің конституциялылығын қарайды.

Сонымен, Конституциялық Кеңеске органикалық заңдармен парламент палаталарының регламенттерінің конституциялылығын алдын ала міндетті түрде бақылау, сондай-ақ жай заңдардың конституциялылығын алдын ала факультативтік бақылау функциясы жүктелген.

**Қазақстанда**, 1990 жылдың 25-қазанындағы «Қазақ КСР-ның мемлекеттік егемендігі туралы» Декларация қабылданғаннан кейін жаңа мемлекет тұрғызу үшін конституциялық бақылау институтын құру қажеттігі туындады. 1991 жылы 16-желтоқсанда қабылданған «Мемлекеттік тәуелсіздік туралы» Конституциялық заң Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотын Конституцияны соттық қорғаудың жоғарғы органы деп таныды (10-

бап), конституциялық бақылау органының ұйымдық-құқықтық формасын анықтады.

Осы көрсетілген ережелерге сәйкес 1992 жылдың 5-маусымындағы «Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» және «Қазақстан Республикасында конституциялық сот ісін жүргізу туралы» Конституциялық заңдар қабылданды. 1992 жылдың 2-шілдесіндегі 12-шақырылған Жоғарғы Кеңес Конституциялық соттың Төрағасын, Төраға Орынбасарын және тоғыз мүшесін сайлады.

Ол кезде Конституциялық Сотқа жүгінушілер көп болды. Бұл сотта жалпы юрисдикция соттарының қарауына жатпайтын мәселелерді қарау құқығы болды. Мысалы, Жоғарғы Кеңестің, Президенттің, Үкіметтің, сондай-ақ министрліктердің және өзге мемлекеттік органдардың нормативтік актілеріне қатысты бақылау жүргізді. Оның құзыретіндегі мәселелердің бірі — заңды күшіне енбеген халықаралық шарттар мен Республиканың басқа да міндеттемелерінің конституциялылығын тексеру болды.

Конституциялық Сот өз ынтасымен конституциялық іс қозғау құқығына ие болды, адамның, азаматтың конституциялық құқығына қатысты кез келген нормативтік актілердің не құқық қолдану практикасының Негізгі Заңға сәйкестігін тексеретін болды. Кейін бұл норма күшін жойды.

Конституциялық заңдылықты және Конституция үстемдігін қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік органдар актілерінің, сондай-ақ конституциялық заңдарды қолдану практикасының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігі туралы дауларға рұқсат етілді, ол Республикадағы конституциялық бақылауға бастау болды.

Бірақ, жаңа Конституция авторлары елді Президент басқарып, мемлекеттегі басты төреші Президент болып тұрған жағдайда конституциялық заңдылықты Конституциялық Кеңес-ақ қамтамасыз ете алады деген тұжырым жасады.

1995 жылдың 30-тамызында қабылданған Конституция конституциялық бақылаудың жаңа органы — Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесін құрды. Бүгіндері Қазақстан ТМД елдері арасында конституциялық бақылауды мемлекеттік билік бөлісудің дәстүрлі жүйесіне кірмейтін, арнайы құрылған мемлекеттік квазисот органы жүзеге асыратын бірден-бір мемлекет.

## **4.2. Конституциялық Кеңесті қалыптастыру тәртібі және оның құрамы**

Конституциялық Кеңес 1996 жылдың ақпан айынан бері жұмыс істейді және Конституцияның республиканың барлық аумағындағы үстемдігін қамтамасыз ететін мемлекеттік орган болып табылады. Конституциялық Кеңес сот билігінің органына жатпайды және жалпы юрисдикция соттары үшін қадағалаушы инстанция болып табылмайды.

Өз өкілеттігін жүзеге асыруда Конституциялық Кеңес өзінше дербес және мемлекеттік органдарға, ұйымдарға, лауазымды адамдарға және азаматтарға тәуелді емес, тек Конституцияға бағынады, саяси және басқадай ағымдарға түспейді.

Оның **құқықтық негізі:** Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының 1995 жылдың 29-желтоқсанындағы «Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» № 2737 Конституциялық заңы (24.11.04 жылғы өзгертулермен); Қазақстан Республикасының 1999 жылдың 23-маусымындағы «Мемлекеттік қызмет туралы» № 453-1 Заңы; Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 28-наурыздағы «Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің төрағасы мен мүшелерінің қызметін қамтамасыз ету туралы» № 2920 Жарлығы.

Конституциялық Кеңес жеті мүшеден тұрады, оның ішінде Төраға бар. Және де республиканың экс-президенті әдетте Конституциялық Кеңестің өмір бойғы мүшесі болып табылады.

Конституциялық Кеңестің Төрағасын республика Президенті қызметке тағайындайды және қызметтен босатады. Конституциялық Кеңестің екі мүшесін республика Президенті, ал екі мүшесін Парламент Сенаты, екі мүшесін Парламент Мәжілісі қызметке тағайындайды, қызметтен босатады. Конституциялық Кеңес мүшелерінің жартысы үш жыл сайын жаңарып тұрады. Конституциялық Кеңестің Төрағасы мен мүшелерінің өкілеттігі алты жылға созылады.

Отыз жасқа толған, республика аумағында тұратын, жоғары заң білімі бар, заң мамандығы бойынша жұмыс стажы бес жылдан кем емес республика азаматы Конституциялық Кеңестің құрамына тағайындала алады.

Конституциялық Кеңестің Төрағасы және мүшесі қызметінен шығып қалса немесе болу мерзімі аяқталса, олар Конституцияда және «Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» Конституциялық заңда белгіленген тәртіпте ауыстырылады. Конституциялық Кеңестің Төрағасы мен мүшелерінің босаған орындарына алты ай ішінде басқалар тағайындалуға тиіс. Егер Конституциялық Кеңестің Төрағасының немесе мүшелерінің өкілеттік мерзімдері Конституциялық Кеңес іс қарап жатқан кезеңде аяқталса, онда өкілеттік қорытынды шешім шығарылғанша сақталады.

Конституциялық Кеңестің Төрағасы мен мүшелері өздері тағайындалғаннан кейін Парламент Палаталарының бірлескен отырысында салтанатты жағдайда ант береді. Республика Президенті оларды антқа жүгіндіреді.

Конституциялық Кеңестің Төрағасы мен мүшелері мемлекеттің лауазымды адамдары болып табылады, олардың мәртебесі Конституцияда, «Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» Конституциялық заңда және де мемлекеттік қызмет туралы нормативтік құқықтық актілерде анықталған.

Конституциялық Кеңестің Төрағасы мен мүшесінің қызметі депутаттық мандатпен, оқытушылық, ғылыми немесе өзге шығармашылық қызметтен басқадай ақы төленетін қызметтер атқарумен, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен, коммерциялық ұйымның басқарушы органының немесе бақылаушы кеңесінің құрамына кірумен сыйыспайды.

Конституциялық Кеңестің Төрағасы мен мүшелері өз міндеттерін орындауда тәуелсіз және тек Конституцияға, «Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» Конституциялық Заңға бағынады. Олар үшін ешқандай басқа актілердің алдын ала міндеттейтін күші жоқ. Олардың қызметіне қандай да бір араласуға, қандай да бір формада қысым жасауға немесе ықпал етуге жол берілмейді, ондай әрекет үшін заңда жауапкершілік көзделген.

Өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына қатысты олардан есеп беруді талап етуге ешкім құқылы емес. Конституциялық Кеңестің қарауындағы мәселе бойынша қорытынды шешім шыққанға дейін Конституциялық Кеңестің Төрағасынан және мүшелерінен отыры-

стантыс уақытта ешкім еш нәрсе сұрауға және олар бұл мәселе бойынша өз пікірлерін айтуға не кеңес беруге құқылы емес. Өкілеттік мерзімдері өткенге дейін Конституциялық Кеңестің мүшелері ауыстырылмайды. «Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» Конституциялық заңда көзделген жағдайлардан басқа реттерде олардың өкілеттігі тоқтамайды.

Конституциялық Кеңес қарап жатқан мәселеге тікелей немесе жанама мүдделілігі оның әділдігіне күдік келтіретін болса Конституциялық Кеңестің Төрағасы немесе мүшесі өзінің бас тартатынын мәлімдеуге міндетті және оны Кеңес қанағаттандыруға тиіс.

Конституциялық Кеңес мүшесі сотта немесе өзге құқық қолдану органдарында қорғауды жүзеге асыруға немесе заңсыз өкілдік танытуға, кімнің болса да өз құқығын іске асыруына және міндеттен босануына жәрдем көрсетуге тиісті емес.

Конституциялық Кеңестің Төрағасы және мүшелері өз өкілеттіктерінің мерзімі өтпейінше, қылмыс орнында немесе ауыр қылмыс жасаған кезде ұсталғаннан басқа жағдайларда қамауға алынуға, мәжбүрлеп әкелуге, сот тәртібінде берілетін әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, Парламенттің келісімінсіз қылмыстық жауапқа тартылуға жатпайды.

Конституциялық Кеңестің Төрағасына немесе мүшесіне қатысты қылмыстық істі алдын ала анықтау мен тергеуді жүзеге асыратын республикалық мемлекеттік органның басшысы ғана қозғай алады. Істі тергеу барысында заңдылықтың сақталуын республиканың Бас прокуроры қадағалайды, ол Конституциялық Кеңестің Төрағасын немесе мүшесін қылмыстық жауапқа тартуға келісімін беру жөнінде Парламентке ұсыныс енгізеді. Конституциялық Кеңестің Төрағасына немесе мүшесіне қатысты қылмыстық іс Жоғарғы Соттың қарауына жатады.

Конституциялық Кеңестің Төрағасы мен мүшелері тәртіптік жауапкершілікке тартылмайды. Егер өкілеттігі Конституциялық заңға сәйкес тоқтатылмаған болса Конституциялық Кеңестің мүшесін Конституциялық Кеңестің отырысына қатысудан ешкім шеттете алмайды.

Конституциялық Кеңес республика Президентінің, Парламент дапутаттарының сайлауын өткізудің, республикалық референ-

дум өткізудің дұрыстығы туралы мәселені шешеді; Парламент қабылдаған заңның Конституцияға сай екендігін Президент қол қойғанша қарайды; Парламенттің және оның Палаталарының қаулыларының Конституцияға сай екендігін, халықаралық шарттарды бекітілгенге дейін қарайды.

Конституциялық Кеңес Конституция нормаларына ресми түсініктеме береді. Конституциялық Кеңес, Конституцияның 72-бабының 2-тармағына сәйкес, егер сот, Конституцияның 78-бабына сәйкес, қолдануға жататын заң немесе өзге нормативтік құқықтық акт адамның және азаматтың Конституцияға бекімін тапқан құқықтары мен бостандығын шектейді деп санаса, соттың актіні конституциялық емес деп тану туралы арызын қарайды.

Конституциялық Кеңес, конституциялық іс жүргізу практикасын жинақтап қорытудың нәтижелері бойынша жыл сайын Парламентке республикадағы заңдылықтың жайы туралы жолдау жібереді. Конституциялық Кеңесте өзге де өкілеттіктер бар. Мысалы, өз құзыреті шегінде ол барлық мемлекеттік органдардан, ұйымдардан құжаттар, материалдар және өзгедей ақпарат сұратып алуға, сондай-ақ сараптық және ғылыми-консультативтік жұмысқа белгіленген тәртіпте мамандар тартуға құқылы; Конституциялық Кеңестің Төрағасы мен мүшелерінің өкілеттіктерін тоқтату туралы өтініш жасайды, «Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» Конституциялық заңда белгіленген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Конституциялық Кеңестің Төрағасында «Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» Конституциялық заңның 19-бабында көзделген өкілеттіктер болады. Конституциялық Кеңес өз қызметін кадрлармен, ақпаратпен және басқадай қамтамасыз ету мәселесін тәуелсіз және дербес өзі шешеді, онда ұйымдық, құқықтық және басқа қосалқы жұмыстарды орындайтын өз аппараты болады.

### **4.3. Конституциялық Кеңестің құзыреті және оны іске асырудың формалары**

Конституциялық кеңестің құзыреті оның материалдық-құқықтық, іс жүргізушілік және ұйымдық өкілеттіктерінің

жиынтығынан тұрады. Конституциялық-құқықтық мәселелер мен даулар құзыреттің заты болып табылады. Бұл конституциялық бақылау органдарының нақты өкілеттіктерінің мазмұнын ғана білдірмейді, мұндай мәселелерді шешудің айрықша принципінің кейбір мемлекеттердің заңдарында бекімін табатындығын көрсетеді. Конституциялық Кеңестің Конституцияда белгіленген құзыретінің ауқымы өз мазмұны жағынан жабық және өкілеттіктердің бірнеше тобынан тұрады.

**Даулы мәселелерді шешу өкілеттігі бірінші топқа жатады.** Дау туған жағдайда Конституциялық Кеңес:

- Республика Президентінің сайлауын;
- Парламент депутаттарының сайлауын;
- Республикалық референдум өткізудің дұрыстығы туралы мәселені шешеді.

**Екінші топқа** Конституциялық Кеңестің:

- Президент қол қойғанша заңдарды; парламент пен оның палаталарының қаулыларын;
- Парламент бекіткенге дейін халықаралық шарттардың Конституцияға сәйкес екендігін қараумен байланысты өкілеттіктер жатады.

**Үшінші топқа** Конституциялық Кеңестің:

- Конституция нормаларына ресми түсініктеме;
- мемлекет басшысын мерзімінен бұрын қызметінен босатып, оның өкілеттігін тоқтатқан жағдайда қорытынды берумен байланысты өкілеттіктер жатады.

**Сайлаулар мен референдум өткізуге конституциялық бақылау.**

Жалпы халықтық дауыс берудің мемлекеттің қоғамдық-саяси өмірінде алатын орны ерекше. Сайлау жүйесінің қаншалықты жетілгендігіне қарап демократиялық дәстүрлердің дамығандығының дәрежесін пайымдауға болады. Дегенмен, шет елдердің тәжірибесі көрсетіп отырғандай, сайлаулар мен референдумдар ешбір елде мінсіз өтпейді, олар ұдайы жетілдіріліп отыруды керек етеді. Бұл саланы бақылау конституциялық бақылау органдарының маңызды міндеттерінің бірі. Конституциялық Кеңестің құзыреті, оның қызметін ауырлатпау үшін, тек Республиканың мемлекеттік билігінің жоғары органдарын сайлауға ғана таралады.

### **Заңдарды алдын ала конституциялық бақылау.**

Заңдарды Конституциялық Кеңестің олар заңды күшіне кіргенше тексеруінде аса маңызды ерекшелік бар, ол Конституцияны қорғаудың ұтымды тәсілі болып табылады.

Алдын ала бақылаудың артықшылығы мынада:

**біріншіден**, ол конституциялық заңдылықтың бұзылуының дер кезінде алдын алуға мүмкіндік береді және көптеген заңға қосымша актілерді бұзу проблемасын жойып, заңнаманың тұрақтылығына көмегін тигізеді, заңнаманың беделін сақтайды, ал бақылау алдын ала жүргізілмесе оларға қол жеткізу мүмкін емес;

**екіншіден**, ол Республика Президентіне, сондай-ақ Премьер-министрге Парламенттің өкілеттіктерді Конституцияда белгіленгеннен басқаша бөлуге талпынысын тоқтатуға мүмкіндік береді. Бұл ретте Конституциялық Кеңес мемлекеттік биліктің әртүрлі тармақтарына қатысты «тежеу» функциясын орындайды.

### **Конституциялық бақылау және халықаралық шарттар.**

Мемлекет пен қоғамдағы конституциялық заңдылықтың айтарлықтай аспектісі мемлекеттің және оның органдарының сыртқы саяси қызметінің Конституцияның нормалары мен принциптеріне сәйкестігі. Халықаралық шарттарды Конституциялық Кеңестің бақылау юрисдикциясына кіргізу оған өзінің негізгі функциясын жүзеге асыруына — Конституцияның тек мемлекет ішіндегі көздерге ғана емес, халықаралық құқыққа да қатысты үстемдігін қамтамасыз етуіне мүмкіндік береді. Соған байланысты ішкі заңнама мен халықаралық құқық нормалары арасындағы өзара қатынастар проблемасы маңыздылыққа ие болады.

Негізгі заңның 8-бабында «Қазақстан Республикасы халықаралық құқықтық принциптері мен нормаларын құрметтейді, мемлекеттер арасында ынтымақтастық пен тату көршілік қарым-қатынас жасау, олардың теңдігі мен бір-бірінің ішкі істеріне араласпау, халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу саясатын жүргізеді» делінген. Халықаралық құқық пен ұлттық құқықтық жүйе арасындағы байланыс осы ұғымда әрі қарай даму алды. Қазақстан Республикасының Конституция-

сы халықаралық құқықтың көпшілік мойындаған нормаларына бағдар алған ұлттық заңнаманың қалыптасуына құқықтық негіз болып отыр.

Конституциялық Кеңес Парламент бекітетін халықаралық шарттардың елдің Негізгі Заңына сәйкестігін қарауға құқылы, ол дегеніміз алдын ала тексеруді деген сөз. «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Заңына сәйкес мынадай халықаралық шарттар бекітуге жатады:

1) орындалуы күшіндегі немесе жаңа қабылданған заңдардың өзгеруін керек ететін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында көзделгеннен өзге ережелер белгілейтін;

2) Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттерден аумағын межелеу туралы, оған Қазақстан Республикасы шекарасының өтуі туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының айрықша экономикалық зонасы мен құрлықтық шельфті межелеу туралы шарттар;

3) Қарусыздану немесе қару-жараққа, халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге халықаралық бақылау мәселесіне қатысты мемлекетаралық қатынастардың негіздері туралы, сондай-ақ ұжымдық қауіпсіздік туралы бейбіт шарттар;

4) егер ондай шарттарда Қазақстан Республикасының өз егемендік құқығын өзінің жүзеге асыруы қарастырылса, онда Қазақстан Республикасының мемлекетаралық одақтарға, халықаралық ұйымдарға және бірлестіктерге қатысуы туралы;

5) мемлекеттік заемдар және Қазақстан Республикасының экономикалық және басқадай көмек көрсетуі туралы шарттар.

Айта кету керек, жасалған кезде оларды тараптардың парламенттерінің бекітуі келісілген болса, Қазақстан Республикасының ондай халықаралық шарттар бекітуге жатады. Конституциялық Кеңес халықаралық шарттардың Республика Конституциясына сәйкестігін өзіне жүгінген жағдайда ғана қарауға құқылы. Бұл конституциялық заңдылықты сақтаудың, Конституцияның үстемдігін қамтамасыз етудің міндетті элементі болып табылады. Мұндай жағдайда алдын ала тергеудің қалай да артықшылығы болады, ол Республика заңдары мен халықаралық құқық нормаларының коллизиясын болдырмайды.

1995 жылғы Конституция Республика бекіткен халықаралық шарттардың оның заңдары алдындағы басымдығы және оларды тікелей қолдану туралы ереже белгіледі (шартта оны қолдану үшін заң шығаруды керек ететін жағдай қарастырылмаса).

Халықаралық шартты бекітуге дейін тексеру бұл шарттың мемлекет үшін міндетті болған бойда ішкі заңнама алдында үстемдік жасауына жол бермейді. Бұл бірқатар проблемалар тудыруы мүмкін, себебі халықаралық шарттың не оның кейбір баптарының денонсациясы ішкі мемлекеттік қана емес, халықаралық-құқықтық та тетіктердің әрекетінің нәтижесі болуға тиіс. Заңдардың, халықаралық шарттардың немесе олардың кейбір баптарының конституциялылығын тану (танымау) туралы шешім мұндай істерді қараудың нәтижесі болып табылады. Конституцияға сәйкес, Республиканың Конституцияға сай емес деп танылған заңдары мен халықаралық шарттары бекітілмейді және де күшіне кірмейді.

#### **Конституция нормаларына ресми түсінік беру.**

Конституциялық Кеңестің айтарлықтай өкілеттіктерінің бірі, оның Конституцияға ресми түсінік беру құқығы, онда Қазақстанның барлық құқықтық жүйесі үшін теория тұрғысынан да, практика тұрғысынан да аса маңыздылық бар. Конституцияның 72-бабы 1-тармағының 4-тармақшасы ондағы нормаларға Конституциялық Кеңестің ресми түсінік беруіне айрықша құқық берген.

Конституциялық нормаға ресми түсінік бергенде Конституциялық Кеңес конституциялық нормалардың мазмұны мен мәніне айқындық енгізеді. Бұл нормаларда абстракциялық пен арнайы терминологияның кездесетіндігінен және оларды қолдану практикасындағы қайшылықтардан туындайды.

Конституция нормаларына ресми түсінік бергенде Конституциялық Кеңес тәуелсіз және тек Конституцияға бағынады. Конституциялық Кеңес шешімдерінің заңдық күші олар түсінік берген нормалардың заңдық күшімен бірдей болады. Конституциялық құқық нормалары Конституциялық Кеңестің тиісті қаулыларының ережелерімен бірге қолданылады, олар Конституцияның 4-бабының 1-тармағында Қазақстан Республикасының күшіндегі құқығының көзі деп танылған.

Конституциялық норманың тоқтауы, күшін жоюы немесе өзгеруі Конституциялық Кеңестің Конституция нормаларына ресми түсінік беру туралы тиісті қаулысының тоқтағанын — күшін жойғанын, немесе өзгергенін білдіреді.

Конституция нормаларына ресми түсінік беру, ол Конституциялық Кеңестің норма мәнісін әртүрлі тәсілдермен және басқаша баяндаумен түсіндіруі. Түсініктеме ауқымын алдын ала айқындау мүмкін емес, себебі Конституциялық Кеңес Конституция нормаларын түсіндіру үшін ғылыми-заң әдістерін таңдағанда Конституцияның өзіне жүгінеді. Конституция нормаларының жалпы ережелермен және принциптермен қисынды ара байланысы, жанасатын тұстары назарға алынады.

Конституциялық Кеңестің нормативтік қаулысы бұл нормаларды тікелей конституциялық реттеуде басты рөл атқарады. Бұл тұста Конституциялық Кеңестің Конституция нормаларынан туындайтын құқықтық позициясы Конституцияның өзіне сәйкес келеді. Конституцияда жазылған нормалардан, жалпы ережелерден және принциптерден тікелей туындамайтын тұжырымдарды Конституциялық Кеңес жасамайды. Конституция нормаларына түсінік бергенде Кеңес конституциялық реттеу тақырыбының шегінен шықпайды.

Құқықтық қызметтің бір түрі ретінде бұл түсінік беру, бәрінен бұрын, мемлекеттің Негізгі заңын және оның конституциялық құқық тәртібін қорғауға бағытталған Ол заң коллизияларын шешуге және олардың алдын алуға арналған. өз кезегінде конституциялық түсінік беру **казуальдық** және **нормативтік** болуы мүмкін.

Бірінші түр Конституцияның 78-бабында белгіленген тәртіпте соттардың сұранысын қарау кезінде қолданылады, ондағы мақсат — нақты істі дұрыс шешу. Конституциялық Кеңес парламент қабылдаған жаңа заңның конституциялылығын алдын ала тексеруді жүзеге асыру барысында да казуальдық түсінік береді.

Конституцияның жекелеген нормаларына түсінік берумен байланысты сұраныс болса түсінік берудің екінші түрі қолданылады. Бұл ретте нормативтік түсінік беруде құқықтың өзінше бөлек нормасы болмайды, түсінік берілетін актінің шынайы мәнісі мен ауқымы анықталады.



Құқықтық нормаларға түсінік беру **кеңейтуші** және **шектеуші**, **аутентикалық**, **доктриналдық**, **соттық** және басқадай да болуы мүмкін.

Конституциялық Кеңестің Конституция нормаларына ресми түсінік беру жөніндегі өкілеттігі өзінше бөлек функция ретінде заңда бекімін тапқан, ол айрықша талқылауды шешім қабылдау арқылы іске асады, республиканың барлық аумағында міндетті заң күшін алады. Өзінің қызметі кезінде Конституциялық Кеңес Конституцияның көптеген баптары бойынша ресми түсінік берді. Мысалы, мемлекеттік органдардың құзыреті, билік тармағының жоғарғы заң шығару, атқару және сот органдарының өкілеттіктері, республикалық бюджет, сондай-ақ мемлекеттік меншік пен әлеуметтік қамтамасыз етудің құқықтық режимі мәселелеріне түсінік берілді.

Конституциялық Кеңес жұмысына жасалған талдау түсінік беруді қажет ететін қазіргі кездегі басты себептер Конституция мәтініндегі ішкі қайшылықтар мен заңдық коллизиялар, оның өте қысқа баяндалуы, бір баптардың екіншіге сәйкес келмеуі, олқылықтар, конституциялық-құқықтық институттардың жеткілікті реттелмеуі, кейбір баптардың түсініксіздігі болып тұр. Бұл себептерге саяси жағдайлар да әсер етуде, ол тұрғыдан да түсінік беру керек. Сонымен, Конституция нормалары түсінік беруді қажет етеді, олардың мазмұны мен мәні анықталуға жатады.

Конституциялық Кеңес түсінік берудің әртүрлі тәсілдерін қолданады, сол арқылы ол белгілі бір норманың және оны өмірдің нақты жағдайында қолданудың мәнісін түсіндіреді. Дауларды шешкенде Конституциялық Кеңес Конституцияның тиісті бабына түсінік береді, ол нақты істер бойынша шешімдерде тікелей көрініс табады. Мұндай берілген түсініктің ауқымы мен мазмұнын, көбіне, мәселенің сипаты, конституциялық іс жүргізуге қатысушылардың құқықтық санасы анықтайды.

**Республика Президентінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату процедурасына қатысу.**

Конституциялық Кеңестің құзыретіне жататын мәселелерді қарап, олар бойынша шешімдер қабылдау Конституция және «Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы»

Конституциялық заңда белгіленген конституциялық іс жүргізу тәртібінде жүзеге асырылады. Конституциялық Кеңес құрамының кемінде үштен екісі қатысса Конституциялық Кеңестің отырысы өкілетті деп танылады. Кеңес отырысын қажеттілігіне қарай Конституциялық Кеңестің Төрағасы, ал ол болмаған кезде Конституциялық Кеңестің Төраға міндетін атқарушы хатшысы Төрағаның тапсыруы бойынша шақырады.

Конституциялық Кеңес айыптау, мемлекет басшысының әрекет қабілеттігі туралы мәселе көтеру, импичмент процедурасының жүзеге асырылуы мүмкін мерзімді қарау тәртібі туралы, Президент денсаулығы туралы мәселені шешетін комиссия құрамын анықтау тәртібі және тек қана процедуралық сипаттағы басқа мәселелер туралы заңда белгіленген конституциялық процедуралардың сақталғандығы жайында қорытынды беруге құқылы.

**Республика соттарының өтініштерін қарау**

Конституциялық Кеңестің негізгі міндеттерінің бірі — адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау. Ол үшін Конституциялық Кеңес соттардың ұсынысы бойынша заңдар мен басқа нормативтік құқықтық актілердің Республика Конституциясына сәйкестігін қарауға тиіс.

Конституцияның 78-бабында: «Егер сот қолданылуға тиісті заң немесе өзге де құқықтық нормативтік акт Конституциямен баянды етілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп тапса, іс жүргізуді тоқтата тұруға және осы актіні конституциялық емес деп тану туралы ұсыныспен Конституциялық Кеңеске жүгінуге міндетті» делінген.

Басқа сөзбен айтқанда, соттарға, біріншіден, адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтары бұзылса және екіншіден, ол нақты істі қараумен байланысты болса, жүгіну құқығы берілген. Бұл ереже адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың тиімділігін арттыруға және адамның құқықтың басқа салаларында бекімін тапқан құқықтары мен бостандықтарына конституциялық кепілдікті қамтамасыз етуге көмегін тигізеді.

Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың мұндай тәртібі сот әділдігі саласына конституциялық прин-

циптердің енгізілуіне және мемлекет пен қоғамда конституциялық заңдылық режимінің нығаюына септігін тигізеді. Соттар өтінішін қараған Конституциялық Кеңес әрі қарай да бақылау жүргізеді. Ол құқық шығармашылық қызметке тікелей араласпаса да, заңдар мен өзге нормативтік құқықтық актілерді соттар мен басқару органдарының қолдануының конституциялылығын тексереді<sup>1</sup>.

#### **4.4. Конституциялық іс жүргізу. Конституциялық іс жүргізуге қатысушылардың құқықтары мен міндеттері**

Конституциялық Кеңестің құзыретіне жататын мәселелерді қарап, олар бойынша шешімдер қабылдау Конституцияда және «Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» Конституциялық Заңда белгіленген конституциялық іс жүргізу тәртібінде жүзеге асырылады. Егер Конституциялық Кеңес құрамының кемінде үштен екісі қатысса Конституциялық Кеңестің отырысы өкілетті деп танылады. Конституциялық Кеңестің отырысын қажеттілігіне қарай Конституциялық Кеңестің Төрағасы, ал ол жоқта — Төрағаның уәкілеттігі бойынша оның міндетін атқарушы Конституциялық Кеңес мүшесі шақырады.

Республика Президенті, Парламент палаталарының Төрағалары, Премьер-министр, жалпы санының бестен бірінен кем емес Парламент депутаттары және республика соттары, Конституцияның 78-бабында белгіленген жағдайларда, Конституциялық Кеңеске жүгіну субъектілері болып табылады. Арыздары бойынша конституциялық іс қозғалған, актілерінің конституциялылығы тексерілетін тұлғалар мен органдар, оның ішінде мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар конституциялық іс жүргізуге қатысушылар деп саналады. Қажет болған жағдайда конституциялық іс жүргізуге қатысушылардың Конституциялық Кеңесте өз өкілдері болады, олардың өкілеттіктері азаматтық іс жүргізу заңнамасында көзделген тәртіпте ресімделеді.

Конституциялық іс жүргізуге қатысушылар өз өкілеттіктері шегінде теңдей іс жүргізушілік құқықтарына ие, ол құқықтарға мыналар жатады:

<sup>1</sup> Лукьяненко М.В., Кариев А.А. Конституционное право РК. — Алматы, 2007.

1) іс материалдарымен танысу, олардан жазып алу немесе олардың көшірмесін алу;

2) дәлелдемелер ұсыну, оларды зерттеуге қатысу және өздерінің жүгінуінің және қарсылық көрсетуінің негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеу;

3) Конституциялық Кеңеске конституциялық іс жүргізу барысында туындайтын барлық мәселелер бойынша өз уәждері мен ойларын айту;

4) өтініш мәлімдеу және ол мәлімделген өтініш бойынша өз пікірін айту;

5) Конституциялық Кеңеске ауызша және жазбаша түсінік беру.

Конституциялық іс жүргізуге қатысушы: конституциялық іс қозғауға негіз болған өтініш бойынша, Конституциялық Кеңестің ақтық шешім қабылданатын отырысы басталғанға дейін өтінішінің негіздемесін өзгертуге, көлемін ұлғайтуға немесе азайтуға, өтінішінен бас тартуға құқылы; конституциялық іс қозғауға себеп болған актіге қатысты ол өтініште мәлімделген талаптарды толықтай немесе ішінара тануға не оған қарсы шығуға құқылы.

Конституциялық Кеңеске өтініш жазба түрде беріледі. Оған қатысы бар субъектілер қол қояды, ал егер Конституциялық Кеңеске сот жүгінсе, өтінішке сол соттың төрағасы қол қояды.

Конституциялық Кеңестің Төрағасы өзінің өкімімен Конституциялық Кеңестің материалдарды Кеңестің отырысына даярлайтын мүшесін анықтайды. Түскен материал аса күрделі, не айрықша маңызды немесе тез қарауды керек етсе материалдарды даярлау Конституциялық Кеңестің бірнеше мүшесіне тапсырылуы мүмкін.

Өзара байланысты өтініштер келіп түссе Конституциялық Кеңес оларды бір конституциялық іске біріктіру туралы шешім қабылдай алады. Өзара байланысты, бірақ біреуі Конституциялық Кеңестің, біреуі өзге мемлекеттік органның қарауына жататын бірнеше өтінішті қабылдау туралы мәселені шешкенде, Конституциялық Кеңес тек өз құзыретіне жататын өтінішті ғана қарайды.

Даярлық жұмысы аяқталған соң Конституциялық Кеңестің Төрағасы өз өкімімен Конституциялық Кеңестің отырысы болатын күнді анықтайды, онда өтініште көрсетілген мәселелер өз мәнісінде қаралады.

Конституциялық Кеңес өтініштерді өз отырысында Конституциялық Кеңес Төрағасының басшылығымен қарайды. Әр мәселенің қаралуы Конституциялық Кеңес мүшесінің — баяндамашының сөзінен басталады, ол мәселенің мәнісін, оны қараудың себептері мен негіздерін, материалдық мазмұнын баяндайды. Конституциялық Кеңестің мүшелері түсініксіз тұстарды айқындау үшін сұрақ қоюға құқылы.

Актілері мен әрекеттерінің конституциялылығы тексеріліп жатқан өтініш субъектілері, сондай-ақ мемлекеттік органның өкілдері және лауазымды адамдар (олардың өкілдері), қажет болған жағдайда өз еркімен не Конституциялық Кеңестің талабымен Конституциялық Кеңестің өз өтінішін қарайтын отырысына қатыса алады. Қажет болған жағдайда конституциялық іс жүргізуге қатысушылардың, сарапшылардың, мамандардың және басқа шақырылған адамдардың түсініктемелері тыңдалады.

Егер мәселе жетерліктей айқындалса, Төраға, ақтық шешімді даярлау үшін Конституциялық Кеңес мүшелерінің отырысын ашық деп жариялайды. Отырысқа бөгде адамның қатысуына жол берілмейді. Отырыс кезінде, дауыс беру барысында және нәтижесінде айтылған ойларды жария етуге тыйым салынған. Кеңесу барысында Конституциялық Кеңес мүшелері қаралып жатқан мәселе бойынша өз позициясын еркін айтуға және Конституциялық Кеңестің басқа мүшелеріне олардың позициялары туралы сұрауға құқылы.

Конституциялық Кеңестің отырысы хаттамаға түсіріледі және егер, керек болса, стенографиямен жазылады. Конституциялық іс жүргізу, Конституциялық Кеңес қабылдайтын шешімдер қазақ не орыс тілінде жүзеге асырылады. Конституциялық іс жүргізуге қатысушы, бірақ конституциялық іс жүргізілетін тілді білмейтін адамдарды Конституциялық Кеңес ана тіліне немесе олар білетін тілге аудармамен қамтамасыз етеді.

Конституциялық іс жүргізуді мына жағдайларда, бірақ ақтық шешім шыққанға дейін, кез келген тұста қысқартуға болады: субъ-

ект мәлімдеген өз өтінішінен бас тартса; конституциялылығы дау тудырып отырған акт өзінің заң күшін жоғалтса; мәлімделген өтініш Конституциялық Кеңестің қарауына жатпаса.

Конституциялық Кеңестің мәлімделген өтініш бойынша конституциялық іс жүргізуді қысқарту туралы шешімі өтініш субъектісін осы негізде Конституциялық Кеңеске қайта жүгіну мүмкіндігінен айырады.

Отырысында қабылданған кез келген акт Конституциялық Кеңестің шешімі болып табылады. Конституциялық Кеңестің шешімдері оның конституциялық өкілеттіктері жүзеге асырылатын қорытынды шешім және өзге өкілеттіктері жүзеге асырылатын басқа шешімдер болып бөлінеді. Конституциялық Кеңестің шешімдері қаулылар, оның ішінде Қазақстан Республикасының күшіндегі құқығының құрамдас бөлігі болып табылатын нормативтік қаулылар, қорытындылар, жолдаулар формасында қабылданады.

Конституциялық Кеңес шешімді мүшелерінің көпшілігінің ашық дауыс беруімен, ал мүшелерінің тым болмаса біреуі талап етсе — жабық дауыспен қабылдайды.

Егер, шешім қабылдар кезде Конституциялық Кеңес мүшелерінің дауыстары тең бөлінсе Конституциялық Кеңес Төрағасының дауысы шешуші болып табылады, ол барлық уақытта дауысты ең соңында береді. Конституциялық Кеңестің Төрағасын оның уәкілеттігі бойынша Кеңестің басқа бір мүшесі алмастырса, онда бұл ереже қолданылмайды. Бұл жағдайда Төрағаның немесе Конституциялық Кеңестің алғашқы дауыс беруге қатыспаған мүшесінің қатысуымен қайтадан дауыс беріледі.

Конституциялық кеңестің отырысы кезінде оның отырысқа қатысқан мүшелерінің ешқайсысы қалыс қалуға немесе дауыс беруге қатыспауға тиіс емес. Конституциялық Кеңес қабылдаған шешімдер оларға Төраға қол қойғанша Конституциялық Кеңестің дауыс беруге қатысқан мүшелерінің қолдарымен алдын ала бекітіледі.

Конституциялық Кеңестің қорытынды шешімімен келіспеген оның мүшесі өз пікірін жазбаша баяндауға құқылы.

Конституциялық Кеңес мына жағдайларда қосымша шешім қабылдайды:

1) Конституциялық Кеңестің шешіміне түсінік беру туралы мәселе қойылса. Бұл жағдайда қосымша шешім конституциялық іс жүргізуге қатысушылардың немесе Конституциялық Кеңестің шешімін орындауға міндетті мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың өтініші бойынша қабылданады;

2) Конституциялық Кеңестің шешімінде орын алған редакциялық сипаттағы дәл еместіктер мен қателерді түзету қажет болса. Бұл жағдайда қосымша шешімді Конституциялық Кеңес өз ынтасымен қабылдайды.

Қосымша шешім Конституциялық Кеңестің шешімінің шын мазмұнына, мәніне және арналымына қайшы келмеуге тиіс.

Егер:

1) Конституцияның шешім қабылдауға негіз болған нормасы өзгерсе;

2) өтінішке негіз болатын жаңа елеулі мән-жайлар ашылса Конституциялық Кеңестің шешімі Қазақстан Республикасы Президентінің ынтасымен немесе Конституциялық Кеңестің өз ынтасымен қайта қаралуы мүмкін.

Адам мен азаматтың құқықтары мен бостандығын қорғау, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін, егемендігін және бүтіндігін қамтамасыз ету мақсатында Конституциялық Кеңес өз шешімін Қазақстан Республикасы Президентінің бастамасы бойынша қайта қарайды.

Шешімді қайта қарағанда Конституциялық Кеңес ол шешімнің күшін жою туралы қаулы қабылдайды. Қорытынды шешім қайта қаралған жағдайда Конституциялық Кеңестің Төрағасы өзінің өкімімен осы мәселе бойынша өтетін отырыстың күшін және тәртібін анықтайды.

Конституциялық кеңестің қорытынды шешімі ол қабылданған күннен бастап күшіне енеді, республиканың барлық аумағында жалпыға бірдей міндетті және ақырғы болып табылады, ол шағым келтіруге жатпайды. Өзге шешімдердің күшіне ену тәртібін Конституциялық Кеңес анықтайды.

Конституциялық Кеңестің қорытынды шешіміне, бүтіндей немесе оның бір бөлігіне, Республика Президентінің қарсылығы болуы мүмкін, ол шешім мәтінін Президент алған күннен бастап бір ай ішінде түсуге тиіс. Президент қарсылығын Конституциялық

Кеңес мүшелерінің жалпы санының үштен екісінің даусымен жеңуге болады. Президент қарсылығын жеңе алмаған жағдайда Конституциялық Кеңестің шешімі қабылданбаған болып саналады, конституциялық іс жүргізу қысқарады.

Конституцияға сәйкес емес деп танылған заңдар мен халықаралық шарттарға қол қойылмайды не олар тиісінше бекітіліп күшіне кірмейді. Заңдарды Конституцияға сәйкес деп тану оларға қол қою мерзімін қайта жаңғыртады. Республиканың халықаралық шарттарын Конституцияға сәйкес деп тану оларды бекіту процесін қалпына келтіреді.

Конституцияға сәйкес емес деп танылған республика Президентінің сайлауы Орталық Сайлау комиссиясының шешімімен тиісті сайлау учаскелерінде (әкімшілік-аумақтық бөліністерде) заңсыз деп танылады. Президент сайлауын Конституцияға сәйкес деп тану сайланған Президентті тіркеуді қарастырады.

Парламенттің Сенат пен Мәжіліс депутаттарының сайлауы, егер Конституцияға сәйкес емес деп танылса, Орталық сайлау комиссиясының шешімімен тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністерде және сайлау округтерінде Заңсыз деп танылады. Конституциялық Кеңес қабылдаған шешімдерінің орындалу тәртібін анықтайды. Конституциялық Кеңестің шешімдерін орындау мақсатында қабылданған шаралар туралы оған тиісті мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар Конституциялық Кеңес белгілеген мерзімде хабарлайды.

Өзге шешімдер, қажет болған жағдайда, Конституциялық Кеңестің регламентінде белгіленген тәртіпте жарияланады және мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға хабарланады. Конституциялық Кеңес өзі қабылдаған шешімдердің орындалу тәртібі мен мерзімін анықтайды.

Егер Конституциялық Кеңестің шешімі мемлекеттік шығынды көбейтуді немесе мемлекеттік кірісті азайтуды қажет етсе, онда Конституциялық Кеңес өзі қабылдаған шешімдердің орындалу мерзімін Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісіп анықтайды. Конституциялық Кеңестің шешімдеріндегі заңдарды жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды уәкілетті органдар мен лауазымды адамдар қалай да қарап, қабылданған шешім жайында Конституциялық Кеңесті міндетті түрде хабардар етуге тиіс.

Конституциялық Кеңестің қорытынды шешімі Конституцияда белгіленген шешім қабылданғаннан кейін екі күн ішінде жүгінген субъектілерге немесе олардың өкілдеріне, сондай-ақ барлық жағдайда Президентке, Парламент Палаталарына, Жоғарғы Сотқа, Бас прокурорға, Әділет министріне жіберіледі. Әрі қазақ және орыс тілдерінде ресми республикалық басылымдарда жарияланады.

## 5-тарау

### Қазақстан Республикасының әділет органдары

#### *5.1. Әділет органдарының негізгі міндеттері мен жүйесі*

Атқарушы биліктің мемлекеттік органдар жүйесіндегі әділет органдарының өкілеттігі кеңейіп, құқық қорғау жағына бейімділік алуда. Әділет министрлігі қызметінің Қазақстанның әрбір азаматының өміріне қатысы бар. Бүгінгі күндері Әділет министрлігі заң шығарушы қызметін ғана емес, адвокатура және нотариат институттарының, халыққа қызмет ету орталығының қызметіне, діни бірлестіктер жұмысын заңмен реттеу мәселесіне және көптеген басқа салаларға жетекшілік етеді. Қазақстан Республикасының Әділет органдары өз өкілеттіктері шегінде мемлекет қызметін құқықпен қамтамасыз етуді жүзеге асырады, мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың жұмысындағы заңдылық режимін ұстап тұрады, азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз етеді.

Құрылғалы бергі 90 жылда отандық әділет саласы қиын да күрделі жолдан өтті. Бұрынғы кеңестік кеңістіктегі әділет органдарының аяққа тұра бастауы 1917 жылғы қазанға кетеді, сол кезде РСФСР Әділет Халық комиссариаты құрылды, оған сот, прокуратура, тергеу және нотариус органдарын басқару жүктелді. Кейін, РСФСР Ішкі істер халық комиссариаты таратылғаннан кейін оған түзету-еңбек мекемелерінің қызметіне басшылық жа-сау да жүктелді (1930—1934 жылдары).

1919 жылғы 10 шілдеде «Қырғыз Социалистік Кеңес Республикасын құру туралы» Декрет қабылданды. 12 халық комиссариатының ішінде Әділет халық комиссариаты да құрылды. 1920 жылғы 13-маусымдағы Қырғыз Ревкомның «Қырғыз Республикасында Кеңес билігін басқару құрылысының негізгі бастаулары туралы» қаулысы жарияланды. Қаулының 5-бабына сәйкес

Әділет орталық бөлімі республиканың барлық аумағында сот ісін басқару және меңгеру жүктелген өлкелік орган деп танылды.

1921 жылғы наурызда Халық комиссариатының Кеңесі Әділет Халық Комиссариаты туралы Ережені бекітті, оның құрылымы 5 бөлімнен: сот (жергілікті әділет органдары мен сот мекемелерінің жұмысын ұйымдастыру), консультациялық-кодификациялық-баспалық, орталық-жазалау (қамау орындарын басқару), қаржы-шаруашылық, тарату (Шіркеуді мемлекеттен бөлу туралы Декретті жүзеге асыру) бөлімдерінен тұрды.

1923 жылдың 23-наурызында ҚазОАК Қырғыз (Қазақ) АССР-ның Әділет халық комиссариаты туралы жаңа Ереже бекітті.

1939 жылдың 25-қазанында Халық комиссарлары Кеңесі Әділет халық комиссариаты туралы жаңа Ереже қабылдады. Комиссариат құрамында сот мекемелері, кадрлар, оқу орындары басқармалары; кодификациялық, мобилизациялық, нотариалдық, ұйымдық, құпия-шифровальдық, жоспарлау-қаржы бөлімдері; адвокатура бөлімі, бақылау-инспекторлық топ, секретариат, архив, заң баспасы жұмыс істеді. Әділет халық комиссариатында алқа құрылды, оның құрамын комиссар ұсынған үміткерлерден Халық комиссарлары Кеңесі бекітті.

1946 жылы Жоғарғы Кеңес Төралқасының Жарлығына және Қазақ КСР-ның Жоғарғы Кеңесінің IX сессиясында қабылданған заңға сәйкес Халық Комиссарлары Кеңесі Қазақ КСР Министрлер Кеңесі болып қайта құрылды. Сол кезден бастап Әділет халық комиссариаты Қазақ КСР-інің **Әділет министрлігі** болып атала бастады<sup>1</sup>.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі Әділет министрлігінің жаңа қызмет бетін ашты. Әділет (лат. Justitia) — сот мекемелерінің жиынтығын немесе олардың әділ төрелікті жүзеге асыру қызметін білдіретін заң термині. Өкінішке орай, Юстиция министрлігін төтесінен қазақ тіліне аударудың нәтижесінде түпкі «юстиция» термині «әділет» болып шыға келді, министрлік те «Әділет министрлігі» болып аталды.

Әділет органдары қызметінің **құқықтық негізін** Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 18-наурыздағы «Әділет органдары туралы» № 304-

<sup>1</sup> <http://www.miniust.kz/ru/art/> тарихи анықтама/

11 заңы және өзге де нормативтік құқықтық актілер, сондай-ақ Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттар құрайды.

Әділет органдарының қызметі мына **принциптерді** сақтайды:

1) заңдылық;

2) қорғануға құқықты қамтамасыз ету, барлық адамдардың заң алдында теңдігі, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу және сақтау;

3) жариялылық, құқық қорғау және басқа мемлекеттік органдармен, өзге де ұйымдармен және лауазымды адамдармен өзара әрекеттестік;

4) саяси партиялардың және өзге қоғамдық бірлестіктердің қызметіне тәуелді болмау;

5) гуманизм, демократия, қылмыстық жазалардың орындалуын жеке даралау, қылмыстық жазаны түзету ықпалымен біріктіру;

6) әділет органдары жүйесінің біртұтастығы.

Әділет органдарының **міндеттері**:

— адам мен азаматтың құқықтары мен бостандығының үстемдігін, Қазақстан Республикасының егемендігін қамтамасыз етуге, дамудың жалпы мемлекеттік стратегиясын даярлауға және іске асыруға қатысу арқылы қоғам мен мемлекеттің тиянақты және алға дамуына, заңдарды жобалау, талдау, жетілдіру, жүйеге келтіру жұмыстарын жүргізуге, нормативтік құқықтық актілердің жобаларына заңдық сараптама жасауға бағытталған ұлттық заңдарды қалыптастыруға қатысу;

— ұлттық мүдделерді қорғау, республика беделін әлемдік қоғамдастықта халықаралық шарттар жасау арқылы нығайту мақсатында Қазақстанның халықаралық аренадағы қызметін құқықтық қамтамасыз ету;

— заңды тұлғаларды, жылжымайтын мүлікке құқықты және олармен мәмілелерді, жылжитын мүліктің кейбір түрлерінің кепілдіктерін, орталық мемлекеттік органдардың, жергілікті өкілдік және атқарушы органдардың нормативтік құқықтық актілерін, азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуге алу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне мемлекеттік есеп және бақылау жүргізу;

— құқықтық көмек ұйымдастыру және заңдық қызмет көрсету, құқықтық насихат жүргізу;

- сот-сараптық қызметті ұйымдастыру және жүзеге асыру;
- қылмыстық жазаларды орындау, қылмыстық жаза орындайтын органдар мен мекемелерде құқық тәртібі мен заңдылықты қамтамасыз ету;
- сотталғандардың түзелуін ұйымдастыру;
- сезіктілердің, айыпталушылардың және сотталғандардың, сондай-ақ қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелеріндегі азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз ету;
- интеллектуалдық меншік құқығын қорғау саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;
- әділет органдарының құзыретіне жататын қылмыстар туралы істер бойынша алдын ала анықтау жүргізу және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша заңға сәйкес іс жүргізу;
- құжаттауды жүзеге асыру және Қазақстан Республикасының азаматтарына жеке куәлік пен төлқұжат беру;
- азаматтарға Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіпте есеп жүргізу және оларды тіркеу;
- өздеріне Қазақстан Республикасының заңдары жүктеген басқа да міндеттерді жүзеге асыру.

Әділет органдарының біртұтас жүйесін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі, министрліктің комитеттері; әділеттің аумақтық органдары; қылмыстық-атқару жүйесінің органдары; қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелері (ұйымдары) және өзге бағынышты ұйымдар құрайды.

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымына кіретін орталық атқарушы орган болып табылады, оны Премьер-Министрдің ұсынысы бойынша Республика Президенті құрады, қайта ұйымдастырады және таратады.

Әділет министрлігін Премьер-Министрдің ұсынысы бойынша Республика Президенті қызметке тағайындайтын және қызметінен босататын министр басқарады.

Қазақстан Республикасының Әділет министрі әділет органдарына басшылық жасайды және бұл органдарға жүктелген міндеттердің орындалуына жеке жауап береді.

Министрліктің аса маңызды міндеттерінің бірі — заң жобалау жұмыстарын құқықтық қамтамасыз ету және үйлестіру. Тек 2009 жылдың өзінде ғана Әділет министрлігінің құқықтық қамтамасыз етудегі үйлестірушілік рөлінің нәтижесінде Үкімет Парламентке 38 заң жобасын енгізді. Ақпараттық қызмет көрсетудің екі миллионға жуық фактісі тіркелген.

Заң шығарушылық институты мемлекеттік мекеме мәртебесіне ие болды, ол жұмысқа білікті мамандарды тартуға, заң шығарушылық бастаманың ғылыми негізінің сапасын жақсартуға мүмкіндік берді.

Нотариалдық және адвокаттық қызметке лицензия беруді өзгерту, Сот сараптамасы орталығын Сот-сараптама қызметі Комитеті етіп қайта ұйымдастыру жоспарлануда. Мемлекеттік нотариустар санын ұлғайту және тіркеу қызметін жақсарту жөнінде жұмыс жүргізілуде<sup>1</sup>.

Облыстық, қалалық, аудандық әділет бөлімшелері **әділеттің аумақтық органдары** болып табылады. Бұл органдарда әділет органдарына жүктелген функциялардың орындалуын қамтамасыз ететін тиісті құрылымдық бөлімшелер құрылады.

Әділет министрлігіне жүктелген міндеттерді орындау және функцияларды қамтамасыз ету үшін министрлік жанынан мекемелер, оқу орындары және басқа да ұйымдар ашылады.

«Әділет органдары туралы» Заңға сәйкес құқықтық мәртебеге ие мемлекеттік қызметкерлер, қылмыстық-атқару жүйесі органдарының (мекемелерінің) қызметкерлері, сондай-ақ еңбек қатынасы Еңбек туралы заңмен реттелетін басқа азаматтар әділет органдарының кадрларын құрайды.

## **5.2. Әділет органдарының негізгі функциялары. Әділет органдары мен олардың лауазымды адамдарының құқықтары мен міндеттері**

Заң жобалау жұмысын жүргізгенде, заңдарды жетілдірген Әділет органдарының жүзеге асыратын функциялары:

- 1) заң жобалау жұмысы, нормативтік құқықтық актілердің жобаларын жасау;

<sup>1</sup> Казахстанская правда. 2010. 19 қаңтар.

2) нормативтік құқықтық актілердің жобаларына заңдық сараптама жасау;

3) заң жобалау, сараптама, ғылыми-зерттеу жұмыстары және консультация үшін мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, оның ішінде шет елдерден, бюджеттік және басқадай қаражатты пайдаланып мамандар мен сарапшылар шақыру;

4) Үкіметтің нормативтік құқықтық актілеріне Үкіметтің және Премьер-Министрдің тапсырмасымен немесе өз ынтасымен ресми түсінік беру;

5) Құқықтық ақпараттандыру, заңдарды жүйелеу, нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкіні жүргізу, Қазақстанда құқықтық ақпараттың бірыңғай компьютерлік жүйесін жүргізу;

6) Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың заң шығару саласындағы ғылыми-зерттеу жұмысын үйлестіру.

Заң жобалау жұмысы мәселесімен Заңдар департаменті айналысады, ол Әділет министрлігінің құрылымдық бөлімшесі болып табылады. Негізгі міндеттерге сәйкес Департамент құқықтық сараптама жүргізеді; Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің, Премьер-Министрінің тапсырмасымен және өз ынтасымен нормативтік құқықтық актілердің жобаларын жасайды және жасауға қатысады; қолданыстағы заңдарға талдама жасайды, оларды жетілдіру жөнінде ұсыныс енгізеді; заң жобалау жұмысын жүзеге асыру және консультация үшін мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, оның ішінде шет елдерден мамандар, сарапшылар шақырады; заңдарды жетілдіруге қатысты құқықтық реформаны іске асыруға қатысады; Қазақстан Республикасының, ТМД елдерінің заңдарына есеп жүргізеді; Әділет министрінің 2000 жылғы 25-ақпандағы № 18 бұйрығымен бекітілген Заңдар департаменті туралы Ережеде көзделген басқа да функцияларды орындайды.

Республиканың қолданыстағы заңнамалары азаматтардың әлеуметтік-экономикалық хал-ахуалының жақсаруына жағдай тудырды, елдің барлық салада дамып өркендеуіне негіз болды. Бірақ, қоғамдық қатынастардың кейінгі жылдары қарқынды дамуы бүгінгі талаптарына сай келетін заңдарды керек етуде. Осы мақсатта «Әділет министрлігі жанындағы заңдар институты» ЖШС-ның ұйымдық-құқықтық формасы мемлекет мекемеге

өзгереді, ол құқықтық мемлекет тұрғызу, заң шығару теориясы және заңдарды жүйелеу саласында іргелі ғылыми зерттеулер жүргізеді.

**Халықаралық шарттарды құқықтық қамтамасыз ету, шетелдік құқықтық көмекті үйлестіру саласында әділет органдары:**

1) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шет мемлекеттермен құқықтық көмек және құқықтық ынтымақтастық туралы халықаралық шарттар жасасуды және олардың орындалуын ұйымдастыруға;

2) Қазақстан Республикасының кепілдігімен жасалған заем шарттарына заңдық сараптама жүргізуге;

3) халықаралық шарттарға сәйкес шет мемлекеттердің соттық тапсырмалары мен өтініштерін орындауға;

4) Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттердің заңдарын үйлестіру және айрықшалау, сондай-ақ Қазақстан таныған халықаралық нормаларды Қазақстан Республикасының заңдарында имплементациялау мәселелері бойынша талдау жүргізу;

5) интеллектуалдық меншік құқығын өзара бірлесіп қорғау туралы халықаралық шарттар даярлап, оларды жасауға, оларға қол қою рәсіміне қатысуға;

6) халықаралық шарттар жобасына заңдық сараптама жүргізуге уәкілетті.

**Сот-сараптама қызметі, алдын ала анықтау және әкімшілік іс жүргізу саласында әділет органдары:**

1) сот сарапшылары кадрларын іріктеп орналастырады;

2) сот-сараптық қызметін ұйымдастырады, Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасында белгіленген тәртіпте сот сарапшыларына лицензиялар береді;

3) мемлекеттік сот-сараптық ұйымдарды материалдық-техникалық қамтамасыз етумен айналысады;

4) сот сарабы саласындағы ғылыми-зерттеу жұмысын үйлестіреді;

5) әділет органдарының құзыретіне жататын қылмыстар туралы істер бойынша анықтама жүргізеді;

6) мемлекеттік органдар мен ұйымдардың құқық бұзушылық пен қылмыстардың алдын алу саласындағы ғылыми-зерттеу жұмысын үйлестіреді;



7) заңға сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізеді.

Сот сараптама қызметі Әділет министрлігінің **Соттық сараптама орталығына** жүктелген. Сот сараптамасын Орталықтың жоғары білімді, сот сараптамасы саласында арнайы ғылыми білім алған, сот сарапшы ретінде Мемлекеттік реестрге кірген қызметкерлері жүргізеді. Сот сараптамасы Орталықта алдын ала анықтау, тергеу органдарының, прокуратураның, соттың, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органдардың қаулысы (ұйғарымы) негізінде жүргізіледі.

Орталықта мынадай сараптық зерттеулер жүргізіледі: құжаттарға сот сараптамасы; бейнефонографиялық сот сараптамасы; фототехникалық сот сараптамасы; трасологиялық сот сараптамасы; баллистикалық сот сараптамасы; жол-көлік оқиғалары мен көлік құралдарына сот сараптамасы; экономикалық сот сараптамасы; тауртану сот сараптамасы; құрылыстық сот сараптамасы; сот-технологиялық сараптама; өрт-техникалық сот сараптамасы; жарылыс-техникалық сот сараптамасы; есірткі заттарға, жүйкеге әсер ететін заттарға және прекурсорларға сот сараптамасы; биологиялық сот сараптамасы; адамның психикасы мен психофизиологиялық процестерінің күйіне сот сараптамасы және Әділет министрінің 2002 жылғы 24-қазандағы № 158 бұйрығымен бекітілген Сот сараптамалары мен мамандандырылған зерттеулерді жүргізу жөнінде Нұсқаулықта көзделген басқа да зерттеулер.

Әділет органдары ҚК-нің 358-бабының 1-бөлігінде (бас бостандығынан айыру орнынан, тұтқындаудан немесе қамаудан қашу); ҚК-нің 359-бабында (бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеуден жалтару); ҚК-нің 360-бабында (қылмыстық-атқару мекемесі әкімшілігінің талаптарына қасақана бағынбау) көзделген қылмыстар туралы істер бойынша алдын ала анықтау жүргізуге құқылы. Өзіне қатысты сотқа дейінгі анықтау түрінде іс жүргізіліп жатқан, қылмыс жасады деп күдік тудырушы адамды анықтау органы ұстауға құқылы. Анықтау қылмыстық іс қозғау туралы қаулы шыққан күннен бастап қылмыстық іс сотқа жіберуі үшін прокурорға берілгенге дейін он күндік мерзімде жүргізіледі. Бұл мерзімді анықтау органының бастығы отыз тәулікке дейін ұзарта алады.

Әкімшілік іс жүргізу саласында ӘҚБК-нің 551-бабына сәйкес әділет органдары ӘҚБК-нің 128-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жаза қолдануға интеллектуалдық меншік құқығы саласындағы уәкілетті органның басшысы мен оның орынбасарлары, облыстық, Алматы және Астана қалалары әділет органдарының басшысы және оның орынбасарлары құқылы.

Әділет органдарына жүктелген маңызды міндеттердің бірі — орталық мемлекеттік органдардың, жергілікті өкілдік және атқарушы органдардың нормативтік құқықтық актілерін **мемлекеттік тіркеу**, сондай-ақ Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне мемлекеттік есеп және бақылау жүргізу. Қазақстан Республикасының «Нормативтік құқықтық актілері туралы» Заңының 38-бабына сәйкес орталық мемлекеттік органдар мен ведомстволардың, Орталық сайлау комиссиясының, және де мәслихаттардың, әкіматтардың және әкімдердің азаматтардың құқықтарына, бостандығына және міндеттеріне қатысты маңыздылығы бар актілері, сондай-ақ мемлекеттік құпия бар актілер, күшінде болу мерзіміне қарамастан мемлекеттік тіркеуге алынады. Оған Конституциялық Кеңес пен Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары жатпайды.

Егер нормативтік құқықтық акт азаматтардың заңда белгіленген құқықтары мен бостандығына нұқсан келтірсе; жоғары деңгейдегі нормативтік құқықтық актілерге қайшы келсе; оны шығарған органның құзыретінің шегінен шықса; келісу керек бола тұрып мүдделі органмен келісілмесе; осы Ережеде көрсетілген тәртіп бұзылып қабылданбаса, онда мұндай актіні мемлекеттік тіркеуден бас тартылады.

Мемлекеттік органдардың тіркелген нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі жалпы мағлұмат ретінде жарияланады.

Әділет органдары, сонымен қатар:

— Алматы қаласының аймақтық қаржы орталығына қатысушылардан басқа заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуге, филиалдар мен өкілдіктерді есепке алады, және де заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік регистрін және филиалдар мен өкілдіктердің реестрін жүргізеді;

— азаматтық хал актісін мемлекеттік тіркеуге алады, Қазақстан азаматтарын құжаттандырады, жеке куәліктер мен төлқұжаттар даярлап, оларды азаматтарға береді, азаматтарға есеп жүргізеді және тіркейді;

— жылжымайтын мүлікке құқықты және нымен мәмілені мемлекеттік тіркеуге алады, құқықтық кадастр жүргізеді, жылжитын мүлік кепілін тіркейді, жылжитын мүлік кепілінің реестрін жүргізеді.

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің ресми мәтіндерін әрі қарай жариялау саласындағы заңдардың сақталуын бақылауды әділет органдары мұндай жариялауды жүзеге асыратын адамдардың қызметін тексеру арқылы жасайды. Нормативтік құқықтық актілердің ресми мәтіндерін әрі қарай жариялау саласындағы заңдар бұзылған жағдайда әділет органдары ол жайында әкімшілік іс қозғайды.

Өз функциясын іске асыру үшін әділет органдары заңның бұзылуын жою туралы ұсыныс енгізуге құқылы. Ондай ұсынысты мемлекеттік орган немесе жоғары тұрған органның лауазымды адамы қарап, бір ай мерзімде әділет органдарына қабылданған шара туралы хабарлайды.

**Құқықтық көмек ұйымдастыру және заңдық қызмет көрсету** саласында әділет органдары:

1) мемлекеттік нотариат кадрларын іріктейді, аттестациялайды және орналастырады, Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңында белгіленген тәртіпте адвокаттар мен нотариустарға лицензия береді, қайтарып алады, оны тоқтатады немесе қысқартады.

2) мемлекеттік нотариалдық кеңселердің қызметіне басшылық жасайды, жеке нотариаттардың дамуына көмектеседі, жасалатын нотариалдық әрекеттердің заңдылығын әрі мемлекеттік және жеке нотариустардың іс жүргізу ережелерін сақтауын бақылайды;

3) нотариалдық және адвокаттық қызметке лицензия береді, мүлікті бағалау жөніндегі қызметке лицензия береді;

4) азаматтық хал актілерін жазу органдарының қызметін қамтамасыз етеді, Қазақстан Республикасының азаматтарын құжаттайды, оларға жеке куәліктер мен төлқұжаттар береді;

5) орталық атқарушы органдарының заң қызметтерінің қызметін үйлестіреді, методологиялық басшылық жасайды, облыстардың, Алматы және Астана қалалары әкімдерінің аппаратындағы заң қызметімен өзара байланыс жасайды;

6) жеке және заңды тұлғаларға нотариалдық кеңселер, азаматтық хал актілерін жазу органдары, адвокатура көрсететін заңдық қызметтің сапасын бақылайды;

7) азаматтық хал актілерін жазу органдарының кадрларын іріктейді, аттестациялайды, орналастырады, бұл органдарға ұйымдық, методологиялық басшылық жасайды, олардың қызметінде бірыңғай құқық қолдану практикасын қамтамасыз етеді;

8) әділет органдарынан, басқадай мемлекеттік органдардан, сондай-ақ нотариустардан шыққан ресми құжаттарға апостиль қояды.

Әділет органдарының бұл бағыттағы негізгі басымдығы — азаматтарға сапалы әрі уақтылы қызмет көрсету үшін қажетті жағдай тудыру. Қазіргі кезде заңды тұлғаларды типтік жарғы бойынша тіркеуге арыз беру және мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің дубликатын Интернет арқылы алу мүмкіндігі қарастырылуда. Министрлік адвокатура және нотариат институттарын мемлекеттік реттеуді жетілдіру жөнінде кешенді ұсыныстар даярлайды. Адвокаттық және нотариалдық қызметті лицензиялау процедурасын халықаралық стандарттарға сай қайта қарау жоспарлануда.

**Құқықтық насихат** саласында әділет органдары:

1) құқықтық насихат ұйымдастыруды ведомствоаралық жүйеге келтіреді, заңдарды түсіндіруге қатысады;

2) эталондық нормативтік актілер мен өзге нормативтік құқықтық актілерді, ақпараттық және анықтамалық-әдістемелік материалдарды, оның ішінде құқықтық ақпараттық автоматтандырылған жүйесін пайдалана отырып, шарттық негізде береді;

3) заң әдебиетіне, құқықтық насихат проблемалары бойынша әдебиетке тапсырыс беруші рөлін атқарады.

Құқықтық насихатты іске асыруда басты рөл әділет органдарына жүктелген. Ал, азаматтардың құқықтық мәдениетін көтеруге

нормативтік құқықтық актілердің электрондық базасына қол жеткізудің қиындығы кедергі болып отыр, себебі мұндай қызмет көрсету ақылы. Соған байланысты Әділет министрлігі халыққа қызмет көрсететін 40 орталықта, 35 сотта, 35 жоғары оқу орындарында және 79 ғылыми кітапханаларда электрондық базаны тегін пайдаланатын «нүктелер» орнатты.

Қалаған әрбір адам заңдардың, Президент жарлықтарының, Үкімет қаулыларының және басқа нормативтік-құқықтық актілердің мәтіндерінің электрондық нұсқасын тегін ала алады. Оған қоса министрлік сайтында заңдар базасының интернет-болжамы жұмыс істейді<sup>1</sup>.

**Интеллектуалдық меншік құқығын қамтамасыз ету** саласында әділет органдары:

1) интеллектуалдық меншікті қорғау саласындағы заңдардың қолдану практикасын жинақтап қорытады, және де осы саладағы заңдарды жетілдіру жөнінде ұсыныстар даярлайды;

2) интеллектуалдық меншік объектілерін құқықтық қорғау және пайдалану саласында ғылыми-зерттеу және басқадай жұмыстарды ұйымдастырады, оларды өткізеді;

3) интеллектуалдық меншік объектілерін қорғау және пайдалану мәселелері бойынша шет елдермен қарым-қатынас жасайды;

4) шығармаларды пайдаланушылардың авторлық құқық пен аралас құқық нормаларын сақтауымен әрі авторлық және аралас құқық саласындағы халықаралық шарттарды пайдаланумен байланысты қатынастарды мемлекеттік реттеуге алады;

5) мүліктік құқықты ұжымдық негізде басқарушы ұйымдардың қызметін бақылайды;

6) авторлық құқықты ресми реестрлерде тіркейді;

7) мүліктік құқықты ұжымдық негізде басқарушы ұйымдар мен пайдаланушылар арасындағы лицензиялық шарттарды аралас құқық шығармалары мен объектілерін пайдаланудың тиісті тәсілдеріне тіркейді, мемлекеттік тіркеу куәліктерін береді;

8) шығармаларды пайдалануға құқықтық импорты мен экспортын ұйымдастыруға көмектеседі;

<sup>1</sup> Тусупбеков Р. Т. На защите конституционных прав. Казахстанская правда, 2009. 20 қазан.

9) өнеркәсіптік меншік объектілеріне, селекциялық жетістіктерге, интегралдық микросхема топологиясына қорғау құжаттарын беру туралы өтінімдерді тіркейді;

10) қорғау құжаттарын беру, өнеркәсіптік меншік объектілеріне, селекциялық жетістіктерге, интегралдық микросхема топологиясына мемлекеттік реестрлер жүргізу туралы өтінімдерге сараптама ұйымдастырады, қорғау құжаттарын береді, олардың күшін сақтауға шара қолданады;

11) патент ісі саласында сараптама жүргізетін мемлекеттік органдардың қызметін бақылайды;

12) өнеркәсіптік меншік объектілерін, селекциялық жетістіктерді, интегралдық микросхемалар топологиясын пайдалануға лицензиялық шарттарды, ашық лицензияларды және қорғау құжаттарын беруге көну шарттарын тіркейді.

Бұл саладағы мемлекеттік саясаттың іске асырылуын қамтамасыз ететін негізгі функциялар:

— шығармаға, аралас құқық объектілеріне, өнеркәсіптік меншік объектілеріне (ашқан жаңалық, пайдалы модельдер, өнеркәсіптік үлгілер, тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері, тауардың шыққан жерінің аталуы), селекциялық жетістіктерге құқықты қорғау;

— өз құзыреті шегінде интеллектуалдық меншік объектілерін қорғау және пайдалану мәселелері бойынша халықаралық қарым-қатынасты жүзеге асыру;

— интеллектуалдық меншік объектілерін құқықтық қорғау және пайдалану саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру;

— өнеркәсіптік меншік объектілеріне, селекциялық жетістіктерге және интегралдық микросхема топологиясына қорғау құқықтарын беру туралы өтінімдерді қабылдау және тіркеу;

— ғылым, әдебиет және өнер шығармаларын пайдаланғанда, оның ішінде шет елдерде пайдаланғанда қазақстандық және шетелдік авторлардың, аралас құқық иелерінің, олардың құқық мұрагерлерінің интеллектуалдық меншік құқығының сақталуын қамтамасыз ету;

— ғылым, әдебиет және өнер шығармаларының түпнұсқалары мен көшірмелерін сақтау; авторлық құқықты ресми реестрлерде тіркеу;

— аралас құқық шығармалары мен объектілерін пайдалануға лицензиялық шартты тіркеу, мемлекеттік тіркеу куәлігін беру;

— Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28-қазандағы Әділет министрлігінің Интеллектуалдық меншік құқықтары жөніндегі Комитеті туралы Ережеде көзделген басқа да функцияларды жүзеге асыру.

Әділет органдары, жоғарыда аталғандармен қоса, заңда көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Әділет органдары және олардың лауазымды адамдары өз құзыреті шегінде:

1) орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың міндетті түрде орындауына жататын нормативтік құқықтық актілер шағаруға;

2) өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ведомствоаралық үйлестіру мен бақылауды жүзеге асыруға;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан қажетті ақпарат пен материалдарды сұратып алуға;

4) Орталық мемлекеттік органдарда, сондай-ақ мәслихаттар мен әкіматтарда мемлекеттік тіркеуге жататын нормативтік құқықтық актілерді тексеруге;

5) Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексінің 56-бабында белгіленген тәртіпте азаматтардың құқықтарын, бостандығын және заңмен қорғалатын мүдделерін, сондай-ақ қоғамдық және мемлекеттік мүдделерді қорғау мақсатында талап қойып сотқа жүгінуге;

6) өзіне берілген мүлікті басқаруға;

7) лицензиялауға және лицензиаттардың лицензия талаптарын сақтауын бақылауға;

8) бағынышты ұйымдар құру, оларды қайта ұйымдастыру және тарату жөнінде ұсыныс жасауға;

9) баспагерлік қызметпен айналысуға;

10) заңда белгіленген жағдайларда және тәртіпте хаттама жасауға және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға, өз құзыреті шегінде әкімшілік жаза қолдануға;

11) Қазақстан Республикасының заң актілері берген өзге де өкілдіктерді жүзеге асыруға құқылы.

### **5.3. Әділет органдарының құрылымы және оның қылмыстық-атқару қызметі саласындағы функциялары**

Қазақстан Республикасы әділет органдарының **қылмыстық-атқару жүйесіне** соттар тағайындаған қылмыстық жазалардың орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі атқарушылық және өкімдік функцияларды жүзеге асыратын органдар мен мекемелердің, және де солардың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін ұйымдардың жүйесі жатады.

Үкім заңды күшіне енген бойда, мемлекет, қылмыстық жазаны орындайтын тиісті мекемелер мен органдар арқылы, сотталғанға белгілі бір жазаға тән құқық шектеулер жиынтығын, және түзету ықпалы бар шаралар қолдануға құқық алады. Бұл құқық шектеулер көлемі сотталғанның жынысына, азаматтығына, жасына, жаза түріне, бұрын сотталған-сотталмағанына байланысты. Айта кету керек, сотталғандардың құқығы мен бостандығы сот үкімі бойынша және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шамада ғана шектеледі. Мемлекет сотталғандардың және олар қандай да бір заңды қатынастармен байланысты туыстарының, жақындарының және басқа жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтауға және қорғауға кепілдік беруге тиіс.

Сотталған шет ел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының шет ел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың құқықтық жағдайы туралы халықаралық шарттарында белгіленген құқықтарды пайдаланады және міндеттерді көтереді, Республика заңдарында көзделген шектеулерге ұшырайды.

Мемлекеттің қылмыскерлікпен күрес жүргізуші барлық құқық қорғау органдарының қызметі өзара байланысты. Бұл өзара байланыстылық ортақ міндетке — елдегі қылмыскерлікпен күреске негізделген. Атқару мекемелері және жаза орындаушы өзге органдар, алдыға қойылған міндетті ойдағыдай орындау үшін ішкі істер органдарымен, тергеу, прокуратура органдарымен және сотпен тығыз қарым-қатынаста болуға тиіс.

Сот тағайындаған жазаның ойдағыдай орындалуы үшін мемлекет арнайы мекемелер мен органдар құрды.

Қазақстанның тәуелсіздігі кезіндегі маңызды өзгеріс — **пенитенциарлық жүйенің** түгелдей Ішкі істер министрлігінің қарамағынан Әділет министрлігіне берілуі.

2009 жылдың 1 қаңтарына сотталғандар мен қамауға алынып тергеудегілер саны 63848 адам болды. Қылмыстық-атқару жүйесі Комитетінің құрылымына 15 аумақтық басқарма, 73 түзеу мекемесі, 20 тергеу изоляторы<sup>1</sup>, 218 қылмыстық-атқару инспекциясы, 3 республикалық мемлекеттік кәсіпорын, бас бостандығынан айыру орындарынан босанған адамдар үшін 2 республикалық бейімдеу орталығы, ҚАЗЖ Комитетінің Академиясы және Павлодар заң колледжі кіреді.

Бас бостандығынан айырылған барлық адамдардың өздеріне адамгершілік қатынасты талап етуіне құқығы, сондықтан да Қазақстан Республикасы пенитенциарлық жүйені халықаралық нормалар мен стандарттарға жақындату шараларын қарастыруда.

Соңғы он жылдықта қылмыстық-атқару жүйесін жетілдіру тұрғысынан Қазақстанда бірқатар бағдарламалар іске асырылды. Мысалы, сотталғандар құқығы едәуір кеңейді, олардың әлеуметтік және құқықтық қорғалуы біршама дұрысталды, жаза өтеудің прогрессивтік жүйесі заңда бекімін тапты, түзеу мекемелері мен тергеу изоляторларының материалдық-техникалық базасы нығаюда, түрмеде отырғандардың тығыздығы сиреді.

Пенитенциарлық жүйені Әділет министрлігінің қарамағына бергелі бері хат алмасуға, сағат тағуға және бос уақытта спорт формасымен жүруге қойылған негізсіз шектеулер мен тыйымдар алынып тасталды. Камералардың терезелері кеңейтілді, күндізгі жарық түсіп, таза ауа кіру үшін терезелердегі темір перделер алынып тасталды, ағаш еден салынды. Қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде отырған адамдарға олардың құқықтары мен міндеттері туралы ылғи айтылады. Сол мақсатта оларға жаднама және де заңнама талаптары мен жалпы адамзат құндылықтары жайында түсінік беретін көрнекі ақпарат беріледі.

<sup>1</sup> [www.prisonstudies.org](http://www.prisonstudies.org)

Казахстанская правда, 2010. 19 қаңтар.

Сезіктілерге, айыпталушылар мен сотталғандарға өздері сенетін дінге сәйкес салтты сақтау үшін жағдай жасалады, тиісінше жабдықталған арнайы жай беріледі. Оларға діни әдебиетті пайдалануға, діни салтты сақтау үшін қажетті жеке бұйымдарды қолдануға рұқсат берілген. Рухани көмек көрсетуі үшін дін қызметкерлерін шақыруға рұқсат етілген.

Қазіргі кезде қылмыстық-атқару жүйенің барлық түзеу мекемелерінде мешіттер мен шіркеулердің 34 ғимараты, әртүрлі конфессиялардың құлшылық қылатын 145 бөлмесі бар. Қылмыстық-атқару жүйесінің қызметінде түзеу мекемелері мен тергеу изоляторларында отырған адамдардың құқығының сақталуын қамтамасыз етудің құқықтық аспектісін реттеу мақсатында азаматтық қоғамның пенитенциарлық жүйе қызметіне қатысуын кеңейту жұмысы жүргізілуде.

Мысалы, 2004 жылғы 29 желтоқсанда Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының әділет органдары жөніндегі кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңына қол қойылды, онда қылмыстық жазаны орындау мекемелері мен органдарында отырған адамдардың құқықтарының, бостандығының және заңды мүдделерінің сақталуының қамтамасыз етілуіне қоғамдық бақылауды ұйымдастыру көзделген.

Қоғамдық бақылауды жүзеге асыру мақсатында республиканың 15 облысында қоғамдық бақылау комиссиялары құрылды. Олар өз қызметін адам құқығын сақтау мәселесіне қатысты әртүрлі іс-шаралар, семинарлар өткізу арқылы және қылмыстық-атқару жүйесінің бөлімшелерімен тығыз байланыста жүзеге асырады. Мұндай қоғамдық бақылау қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелеріне ауық-ауық барып тұруды және тиісті ұсыныстар енгізуді керек етеді<sup>1</sup>.

Қазақстан Республикасының 2010—2020 жылдарға арналған, Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24-тамыздағы № 858 Жарлығымен бекітілген, құқықтық саясат Тұжырымдамасына сәйкес қылмыстық-атқару саласында кешенді шаралар қабылдау көзделген.

Атап айтқанда:

<sup>1</sup> <http://www.humanrights.kz/other/105.php>.

— азаматтарды қылмыстық әділет аясына тартуды азайту, қылмыстық қудалау шараларын үнемдеу мақсатында, қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес қылмыстық-құқықтық шараларды кең қолдануға жағдай тудыру. Бұл ретте қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларының түрлері нақты адамға қатысты, оның жеке басының ерекшеліктеріне қарай таңдалуға тиіс. Сонымен қатар, соттар бас бостандығынан айыруға балама жаза қолданғанда оның тиімді болатындығын ескеруге тиіс, ол үшін мұндай шараларды орындауға жауапты мамандандырылған органдарды дамыту.

— жаза орындауда жеке дара ықпал ету, қолданылған шараның тәрбиелік әсерін арттыру, оның мазмұнын, формасын және әдістерін әрі қарай дамыту мәселесіне баса көңіл бөлу;

— қылмыстық жазаларды орындау (өтеу) процесін психологиялық-педагогикалық тұрғыдан қамтамасыз ету, қылмыстық-атқару жүйесінің персоналының мәртебесін көтеру және әлеуметтік-құқықтық қорғалуын қамтамасыз ету шараларын күшейту;

— біртіндеп камерада ұстау тәртібін енгізуді қарастыру, бұл жағдайда сотталғандың күндізгі уақытта мекеме шегінде жүріп-тұрып, басқалармен араласып, түнде өзінше бөлек жайға оқшауланады;

— бас бостандығынан айыру орындарынан шыққан адамдарды, қоғамның толық құқылы мүшесі ретінде оған қайта бейімдеу жөніндегі мемлекеттік саясаттың жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге бағытталған жүйелік шаралар ұйымдастыру.

Бас бостандығынан айырылғандарды қоғамдық-пайдалы жұмыстарға және/немесе оқуға, қайта бейімдеудің әлеуметтік бағдарламаларына тарту арқылы олардың жұмыс бастылық мәселесін шешуге талпыну керек. Жалпы, қылмыстық жазаларды орындау жүйесін көпшілік таныған халықаралық стандарттарға жақындату қажет.

#### **Қылмыстық-атқару жүйесінің құрылымын:**

- 1) уәкілетті орган (орталық атқару органының ведомствосы);
- 2) қылмыстық-атқару жүйесінің аумақтық органдары;
- 3) қылмыстық жаза орындайтын мекемелер мен органдар: қылмыстық-атқару инспекциялары; түзеу мекемелері;
- 4) тергеу изоляторлары;

5) ғылыми-зерттеу, емдеу-профилактика ұйымдары және білім беру ұйымдары;

6) қылмыстық-атқару жүйесі саласындағы өндірістік қызметті жүзеге асыруға және сотталғандарды еңбекке тартуға тиісті мекемелер, олардың құрылымдық бөлімшелері;

7) мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық формасында құрылған, бас бостандығынан айыру орындарынан босағандарға алты айдың ішінде олардың жұмысқа орналасып, тұрмыс жағдайын реттеуіне, құқықтық және психологиялық көмек алуына көмектесу міндеті жүктелген бейімдеу орталықтары — қылмыстық-атқару жүйесінің ұйымдары құрайды.

#### **Қылмыстық атқару жүйесінің персоналын:**

1) қылмыстық-атқару жүйесінің белгіленген тәртіпте арнайы атақ берілген қызметкерлері;

2) қылмыстық-атқару жүйесінде қызмет атқарушы мемлекеттік қызметкерлер;

3) қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелері мен органдарында еңбек қатынасы бойынша жұмыс істейтін адамдар құрайды.

Қылмыстық-атқару жүйесіне қызметке Қазақстан Республикасының 18 жасқа толған, жеке басының қасиеттері оң сипатталатын, денсаулығы мықты, білім деңгейі өзіне жүктелген міндеттерді орындауға жетерліктей азамат қабылданады.

Қылмыстық-атқару жүйесінің білім беру ұйымына оқуға орта білімі бар, қылмыстық-атқару жүйесінде қызмет етуге жарамды адамдар алынады. Күндізгі бөлімде оқыған уақыт әскери қызмет өтеген уақытқа есептеледі. Қылмыстық-атқару жүйесінің оқу орындарына оқуға алынған адамдармен контракт жасалады, онда оқу бітірген соң бұл жүйеде әрі қарай қызмет атқарудың шарты мен мерзімі көрсетіледі.

Қылмыстық-атқару жүйесінің қатардағы және кіші басшы құрамына жасы отыз екіден аспаған, ал орта және аға басшы құрамға — қырықтан аспаған адамдар алынады. Кейбір жеке жағдайларда бұл шектеуді Әділет министрі өзгерте алады.

Қатардағы және басшы қызметке тағайындалған немесе қылмыстық-атқару жүйесінің кадрларының қатарына алынған әскери міндеттілер белгіленген тәртіпте әскери есептен шығарылады және қылмыстық-атқару жүйесінің арнайы есебіне қойылады.

**Қылмыстық-атқару қызметі саласында әділет органдары:**

1) соттың сотталғандарға қатысты үкімдерін, қаулыларын және ұйғарымдарын орындайды, жазаны қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде өтеудің заңда белгіленген тәртібі мен жағдайларының сақталуын қамтамасыз етеді;

2) сезіктілер мен айыпталушыларды қамауда ұстайды;

3) қамалғандардың қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде соттардың үкімдеріне, қаулылары мен ұйғарымдарына сәйкес жалғасуын ұйымдастырады;

4) сотталғандарға түзету ықпалының, оның ішінде психологиялық-педагогикалық әдістердің пайдалануын қамтамасыз етеді;

5) сотталғандардың еңбекпен айналысуын қамтамасыз етеді;

6) қылмыстық-атқару жүйесінің органдары мен мекемелерін қорғайды, олардағы оперативтік жағдайды бақылайды, персоналдың, сезіктілердің, айыпталушылардың және сотталғандардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді, конвоймен алып жүреді;

7) сотталғандарды босатуға дайындау жұмыстарымен айналысады, рақымшылық және кешірім актілерін орындайды, бас бостандығынан айыру орындарынан босағандарды жұмысқа орналастыру, олардың тұрмыс жағдайын реттеу мақсатында қылмыстық-атқару жүйесінің органдары мен мекемелерінің құқық қорғау органдарымен, мемлекеттік басқару органдарымен және қоғамдық бірлестіктермен байланысын күшейтеді;

8) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жедел-ізвестіру қызметін және алдын ала анықтауды ұйымдастырады және жүзеге асырады;

9) сотталғандардың жалпы және кәсіби білім алуын ұйымдастырады;

10) қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде отырған адамдардың санитарлық-эпидемиологиялық жағдайының дұрыс болуын және денсаулығының жақсы болуын қамтамасыз етеді;

11) қылмыстық жазасын өтеген адамның әлеуметтік бейімделуін және ақталуын ұйымдастырады және жүзеге асырады;

12) қылмыстық-атқару жүйесін дамыту, нығайту және жетілдіру бағдарламаларын даярлайды және іске асырады;

13) қоғамдық және діни бірлестіктерді қылмыстық-атқару жүйесінің қызметіне тартады;

14) персоналдың кәсіби дайындылығын, құқықтық және әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етеді;

15) мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қылмыстық-атқару қызметі саласындағы ғылыми зерттеулерін үйлестіреді.

#### **5.4. Қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері**

Қылмыстық-атқару жүйесі органдарының (мекемелерінің) қызметкерлері:

1) сотталғанның жеке басының дара-психологиялық ерекшеліктеріне зерттеу жүргізуге, түзеу ықпалдарын, оның ішінде психологиялық-педагогикалық әдістерді пайдалануға;

2) сотталғандарды түзеу мекемелерінің кәсіпорындарындағы және басқа ұйымдардағы еңбекке, сондай-ақ ақы төленбейтін жұмыстарға Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тартуға;

3) мекеме аумағында, оның төңірегіндегі режимдік талап қойылған аумақта тұрған адамдарды, олардың мүлкін және автокөліктерін қарап шығуға, азаматтардың жеке басын куәлендіретін құжаттарды тексеруге, және де тізбесі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген, тыйым салынған заттарды және құжаттарды алуға;

4) көлік қозғалысын уақытша шектеуге және оған тыйым салуға, азаматтарды мекеме аумағына және оған жақын аумаққа жібермеуге немесе айрықша жағдайлар режимі енгізілгенде олардың сонда қалуын немесе кетуін міндеттеуге;

5) қылмыстық-атқару инспекциясында есепте тұрған адамдарды қадағалау және бақылау мақсатында олар тұратын үй-жайға, оларға тиесілі жер учаскелеріне, олардың жұмыс немесе оқу орындары бойынша меншіктің кез келген формасындағы өндірістік және басқа жайларға кедергісіз кіруге;

6) қылмыстық-атқару инспекциясында есепте тұрған адамды алып келуге;

7) қылмыстық-атқару жүйесінің қызметін жария ету және бас бостандығынан айыру орындарынан, қамаудан немесе тұтқыннан

қашқан адамдарға іздеу салу үшін бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалануға;

8) қылмыстық-атқару қызметімен байланысты мәселелерді шешу үшін сотқа, прокуратураға және өзге органдар мен ұйымдарға жүгінуге **құқылы**.

Қылмыстық атқару жүйесі органдарының (мекемелерінің) қызметкерлері өз құзыреті шегінде:

1) қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде отырған адамдардың және оның аумағында, оған жақын жатқан аумақта жүрген адамдардың жүріс-тұрысын бақылауға және қадағалауға;

2) қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде отырған адамдардан олардың Қазақстан Республикасының заңдары және сот үкімі өздеріне жүктеген міндеттерді орындауын талап етуге;

3) қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде отырған адамдарды тіркеуге алуға, дактилоскопия жасауға, суретке түсіруге, бейне көрінісін және дыбысын жазып алуға;

4) сотталғандарды тәрбиелік іс-шараларға міндетті түрде қатыстыруға;

5) ішімдіктер, уытты, жүйкеге әсер ететін және есірткі заттар пайдалану фактісін айқындау мақсатында қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде отырған адамдарды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес куәлендіруге;

6) әкімшілік немесе қылмыстық заңдарда көзделген әрекеттерді жасаған адамдарды қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелеріне жақын жерлерде ұстауға, тінтіп қарауға және ішкі істер органдарына жеткізуге;

7) жедел-іздістіру қызметін жүзеге асыруға;

8) қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде орын алған төтенше жағдайларға қызметтік тергеу жүргізуге, олардың себептерін анықтауға және талдауға, ондай жағдайлардың болмауына шара қолдануға;

9) қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілген тәртіпте алдын ала анықтау жүргізуге **міндетті**.

Қылмыстық-атқару жүйесі органдарының (мекемелерінің) қызметкерлерін қызметке қабылдау, олардың қызмет атқару және қызметтен босану тәртібі «Әділет органдары тура-

лы» Заңмен, Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару жүйесі органдарының (мекемелерінің) қатардағы және басшы құрамының адамдарының қызмет атқаруы туралы Ережемен реттеледі. Қылмыстық-атқару жүйесіне қызметке Қазақстан Республикасының он сегіз жасқа толған, өзінің моральдық, іскерлік, кәсіби қасиеті және денсаулық ахуалы жағынан өзіне жүктелген міндеттерді орындай алатын азаматтары қабылданады.

Қылмыстық-атқару жүйесіне қызметке түсу үшін азаматтар міндетті түрде арнайы тексеруден өтеді.

Қылмыстық-атқару жүйесінің оқу орындарында оқуға ниет білдіргендерде орта білім және жақсы денсаулық болуы тиіс. Күндізгі бөлімдердегі оқу уақыты әскери қызмет өтеу уақытына саналады. Қылмыстық-атқару жүйесінің оқу орындарының күндізгі бөлімін бітіргендер бұл жүйеде кемінде бес жыл жұмыс істеуге міндетті. Егер қызметкер қылмыстық-атқару жүйесінде әрі қарай қызмет атқарудан бас тартса немесе жасалған контрактіні мерзімінен бұрын үзсе, онда ол оқуға жұмсалған шығындарды — шәкіртақыны, тағамға, киім-кешекке кеткен шығындарды қайтаруға тиісті. Ол сома мөлшері контракт мерзімі аяқталғанға дейін өтелмеген әрбір толық айға парапар болады.

Қылмыстық-атқару жүйесінің қатардағы және кіші басқарушы құрамына отыз екі жастан аспаған, ал орта және аға басқарушы құрамға қырық жастан аспаған адамдар қабылданады. Жеке жағдайларда бұл жас шектеуін Әділет министрі өзгерте алады.

Мекеме персоналының төтенше немесе әскери жағдай режимін енгізген, сезікті, айыпталушы немесе сотталған қашып кеткен, аманат басып алған, жаппай тәртіпсіздік болған, топтасып бағынбаған не ондай жағдайдың болу қаупін жою үшін қажетті кезеңдегі жұмысын қылмыстық-атқару жүйесінде қызмет атқарудың айрықша жағдайы деп түсінеміз.

Қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерінің қызмет атқарудың айрықша жағдайы режиміндегі жұмысы үш айдан аспауға тиіс және оларға демалыс күндері беріледі. Қызметкерлерді айрықша жағдай режимінде қызмет атқаруға тартудың тәртібі мен ең көп мерзімі Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде анықталған.



Қылмыстық-атқару жүйесі органдарының (мекемелерінің) қызметкерлері билік өкілдері болып табылады және мемлекеттің қорғауында болады.

Қылмыстық-атқару жүйесі органдарының (мекемелерінің) қызметкерлерінің заңды талаптарын лауазымды адамдар мен азаматтар орындауға міндетті. Мұндай талаптарды орындамау және ол қызметкерлердің қызметтік борышты орындауына байланысты олардың өміріне, денсаулығына, ар-намысына нұқсан келтіру, қорлау, қарсылық көрсету, қауіп төндіру заңда белгіленген жауаптылыққа алып келеді.

Қылмыстық-атқару жүйесі органдарының (мекемелерінің) қызметкерлеріне қызмет атқарудың айрықша жағдайлары тарайды, ол дегеніміз — персоналдың төтенше немесе әскери жағдай режимін енгізгенде, айыпталушы, сотталған қашып кеткенде, аманат басып алғанда, жаппай тәртіпсіздік болғанда, топтасып бағынбағанда не ондай жағдайдың болу қаупін тойтару үшін қажетті кезеңде жұмыс істеуі.

Қылмыстық-атқару жүйесі органдарының (мекемелерінің) қызметкерлерінің арнаулы құралдарды, атылатын қаруды және оқ-дәрілерді өзімен алып жүруіне және сақтауына құқығы бар.

Қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлері өздеріне жүктелген міндеттерді орындамағаны немесе дұрыс орындамағаны, сыбайлас жемқорлық қылмыстар жасағаны, лауазымдық өкілеттігін асырғаны, еңбек тәртібін бұзғаны үшін, сондай-ақ қылмыстық-атқару жүйесіндегі қызметпен байланысты шектеулерді сақтамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауапкершілікті көтереді.

## 6 ТАРАУ

### Қазақстан Республикасының прокуратура органдары

#### *6.1. Прокуратураның дамуының негізгі тарихи кезеңдері*

Қазақстан Республикасының Конституциясына және «Прокуратура туралы» Заңға сәйкес прокурорлық қадағалау мемлекеттік қызметтің өзінше дербес және айрықша саласы болып саналады.

Прокурорлық қадағалаудың мемлекеттік қызметі түріндегі дербестігін оның мазмұны анықтайды, оның мәнісі заңдардың, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтарының, басқа да нормативтік құқықтық актілердің Республика аумағында **дәл және бірыңғай қолданылуына жоғарғы қадағалауды** жүзеге асыруға және кез келген заң бұзушылықты айқындап, оны жою үшін шара қолдануға келіп тіреледі. Бұл қызметті прокуратурадан басқа ешқандай мемлекеттік және басқа орган жүзеге асыра алмайды, себебі прокуратурада оларға қарағанда айрықша функция бар.

Прокурорлық қадағалаудың ерекшелігі сонда, прокуратура биліктің ешқандай тармағына жатпайды, ол біртұтас **орталықтандырылған** және басқа органдарға, мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарына **тәуелді емес**, тек Президент алдында есеп береді, төмен тұрған прокурорлар жоғары тұрғандарға және Бас прокурорға бағынады.

Прокуратура мемлекеттік қорғау жүйесінің маңызды буыны, ол өзінің конституциялық қорғау функциясын пайдалана отырып, ең алдымен, Республика Президентінің өкілеттігін қамтамасыз етеді және заң тұрғысынан биліктің барлық тармағына ықпал етуге, олардың қызметін қадағалауға құқылы. Бұл жерде прокуратура биліктің өкілдік, атқарушы және сот органдарын алмастырмайды, өз өкілеттіктерін тиімді пайдалана отырып оларды толықтырады.

Прокурордың басты міндеті — заңның бұзылғандығын айқындау, оны жоюға қол жеткізу, кінәсіздерді қорғау, заң бұзушылардың жауапкершілігі туралы мәселе көтеру.

Прокуратураны ұйымдастыру және оның жұмыс істеу тәртібі, прокурорлардың өкілеттігі Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21-желтоқсандағы «Прокуратура туралы» № 2709 Заңында, заң актілерінде, Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда, сондай-ақ Бас прокурордың бұйрықтарында анықталған.

Ежелден бері келе жатқан сот ісін жүргізуге қарағанда прокуратура Еуропада XIII-XIV ғасырларда пайда болды. 1302 жылы Франция королі прокуратураны монарх мүддесін қорғайтын орган ретінде құрды<sup>1</sup>.

Франциск I-нің 1539 жылғы эдикті (императорлар мен корольдердің аса маңызды жарлығы) корольдік іздестіру жүйесін әрі қарай дамытты, оған сәйкес, король лейтенанттары деп аталатын судьялар мен олардың көмекшілері процестерді тікелей өздері жүргізетін болды. Тергеу жүргізетін судья мен қорытынды жасайтын прокурордың өзара әрекеттестігі міндетті еді. 1586 жылы Францияда прокуратураны ұйымдастыру және оның қызметі туралы заң шықты, онда прокурордың мемлекеттік органдар жүйесіндегі орны анықталды. Прокурорлық қадағалаудың өкілеттік аясына заң: прокурордың әкімшілік-саяси сипаттағы қызметін; тергеу жүргізуді қадағалауды; сот-құқықтық қызметті кіргізді.

Францияның қылмыстық процесі үшін 1670 жылғы Орданнанстың маңызы зор болды, ол азаматтық және қылмыстық талаптарды сотта тергеуді бөлектеді, ал жария айыптайтын король прокурорлары жасаған қылмысы үшін қатаң жазаға алып келетін айып тағуға құқылы болды<sup>2</sup>.

Кейін Франция прокуратурасы әрқилы өзгерістерге ұшырады. Бірақ оның негізгі міндеті өзгеріссіз қалды, ол — мемлекеттегі жоғары билік иесінің мызғымастығын қамтамасыз ету еді. Прокуратураның бұл функциясы қазна ұрлау, пара алу кең

<sup>1</sup> Алексеев А. И., Ястребов В. Б. Профессия — прокурор. — М., 1998. — 8 б.

<sup>2</sup> Бессарабов В. Г. Прокуратура России в системе государственного контроля. — М., 1999. — 149 б.

таралған кезде аса қажет болды, оны шет елдер, оның ішінде Ресей тез қабылдады<sup>1</sup>.

Ресейде прокуратураның құрылуы Петр I-нің кезеңінде болды, мемлекеттік басқаруды реформалау барысында ол заңдардың орындалуын қадағалайтын және қазна ұрлайтын, пара алатын шенеуніктермен күресетін арнайы аппарат керек деген тұжырымға келді. Сол мақсатта Петр I өзінің 1722 жылғы 12-қаңтардағы Жарлығымен заңдардың орындалуын қадағалайтын бірыңғай, жалпы мемлекеттік және қатаң орталықтандырылған жүйе ретінде прокуратура құрды, ол заңдылық пен құқық тәртібінің тұтастығын сақтайтын. Әртүрлі шенеуніктердің қызметін айрықша бақылайтын, жоғарғы билік пен мемлекет мүддесінің сақталуын қадағалайтын органға айналды. Бұл шетелдік үлгіні көшіріп алу емес еді.

Егер Францияда прокурор өз қызметін толықтай король мүддесін қорғауға арнап, соның атынан соттағы процеске қатысатын болса, Ресейде прокурор жалпы мемлекеттік маңызы бар қадағалау-бақылау функцияларын атқарды<sup>2</sup>.

«Прокурор» және «прокуратура» сөздері латыннан аударғанда «қамқор боламын», «басқарамын» деген ұғым береді екен.

Сот реформасына дейін, 1862 жылы Ресей империясының Мемлекеттік Кеңесі «Прокуратура туралы негізгі Ережені» қабылдады, онда прокурорлық қадағалаудың мемлекеттік маңыздылығы, оның мазмұны, прокурорлардың міндеттері мен өкілеттіктері анықталды. Прокуратураның міндеті: «Ресей империясында заңдардың дәл және біркелкі орындалуын қадағалау» деп нақты көрсетілді. Прокурорларды қызметке тағайындаудың және қызметтен босатудың белгіленген тәртібі оларды жергілікті жерге тәуелділіктен құтқарды.

Құқықтық жүйе құрылымындағы елеулі өзгерістер 1864 жылы сот реформасының негізгі актілері бекітілгеннен кейін болды<sup>3</sup>. Прокуратураның жалпы қадағалаулық өкілеттігін жою өз әрекеттеріне прокурорлардың араласуын ұнатпаған кейбір

<sup>1</sup> Басков В. И. История прокуратуры Российской империи. Вестн. Моск. ун-та. Сер. 11. Право, 1997. № 2. 3—4 б.

<sup>2</sup> Сухарев А. Я. Историческая судьба российской прокуратуры. — М., 2000. — 24 б.

<sup>3</sup> Российское законодательство X—XX веков. Судебная реформа. — М.: Юридическая литература, 1991. — Т. 8. — 568 б.

билікті құрылымдардың мүддесін көздеді, оны кейін көптеген ғалымдар да мойындады. Ақыры үкімет бұл қадағалаудың кейбір элементтерін қайта жандандыруға мәжбүр болды.

XIX ғасырдың 20-40 жылдары Ресейді әкімшілік басқару саласына едәуір түзетулер енгізілді, ол кезде Қазақстанның солтүстік-шығыс және батыс аймақтары Ресейге қарайтын. Орта және Кіші жүзде хан билігі ресми түрде жойылды, әкімшілік-отаршылдық басқару жүйесі құрылды. Қазақстанды Ресейге қосып алудағы бұл елеулі қадам 1822 жылғы «Сібір қырғыздары туралы Жарғыда», 1824 жылғы «Ережеде» және 1844 жылғы «Орынбор қазақтарын басқару туралы Ережеде» заң жүзінде көрініс тапты.

XIX ғасырдың бірінші жартысында бес әкімшілік-аумақтық округтерден «сібір қырғыздарының (қазақтарының) облысы құрылды, кейін одан әскери губернатор басқаратын Семей облысы бөлініп шықты.

Облыстық басқарма үш тармақтан: атқарушы, шаруашылық және сот бөлімдерінен тұрды. Өз құзыреті жағынан «сібір қырғыздарын» облыстық басқарма өзінің атқаратын функцияларының жиынтығы бойынша губерндік басқару мен қазына палатасына сәйкес келетін. Сот ісін жүргізу саласында ол өзінің юрисдикциясы жөнінде губерния сотына сәйкес болды. Барлық сот істерін сот бөлімі губернатордың немесе вице-губернатордың төрағалық етуімен қарады. Облыстық басқарманың құрамына страпчий кірді, ол прокуратура органдары өкілінің функциясын орындады<sup>1</sup>.

Сонымен, XIX ғасырдың ортасында қазақ даласындағы страпчий прокуратура өкімі ретінде атқарушы билік органы болып саналды, ол қылмыстық сот ісін жүргізгенде қылмыстық қудалау функциясын атқарды, Сенатпен және губернаторлармен бірге мемлекет мүддесін қорғады, барлық қызмет орындарындағы лауазымды адамдардың, азаматтардың заңдылықты сақтауына жалпы қадағалау жүргізді<sup>2</sup>.

<sup>1</sup> «Сібір қырғыздары туралы жарғы». 1822 жыл // ҚР ОМА, 345 қор, оп. 1, дело № 807, л.л. 46, 47, 48.

<sup>2</sup> Бахтыбаев И. Ж. Концептуальные основы деятельности прокуратуры Республики Казахстан по обеспечению законности.— Алматы: «Жеті Жарғы», 2008.— 80 б.

Қазан революциясынан кейін кеңес өкіметі Халық Комиссарлар Кеңесінің 1917 жылғы 24-қарашадағы «Сот туралы» Декретімен бұрынғы, революцияға дейінгі сот органдарын, адвокатураны, сот тергеушілері және прокурорлық қадағалау институтын таратты. Түркістан өлкесінің Халық Комиссарлары Кеңесінің 1917 жылғы 12-желтоқсандағы Декреті Қазақстан аумағындағы округтік соттарды, сот палаталарын және барлық әскери соттарды таратты. Қылмыстық істер бойынша алдын ала тергеу жергілікті судьяларға жүктелді, олар жеке дара шешім қабылдады.

1917—1922 жылдары революциялық социалистік заңдылықтың сақталуын әртүрлі билік органдары қадағалады. Атап айтқанда, жоғарғы билік және басқару органдары, жергілікті Кеңестер, олардың атқару комитеттері.

Қазақстанда әртүрлі мемлекеттік органдарда, әсіресе соттарда заңдылықтың сақталуын қадағалау ісінде 1920 жылы 26-тамызында құрылған Әділет халық комиссариаты маңызды рөл атқарды.

Қазақ Орталық Атқару Комитетінің 1921 жылғы 8-сәуірдегі «Қазақ КСР-інің халық соты туралы» Декретімен айыптау және қорғау функцияларын ұйымдастыру да Әділет халық комиссариатына жүктелді<sup>1</sup>. Прокуратура құрылғанға дейін заңдылықтың сақталуын қадағалаудың негізгі функциялары Әділет комиссариатына және оның жергілікті органдарына жүктелген еді.

Кеңес өкіметі бес жыл өткеннен кейін ғана заңдылықты қамтамасыз ететін қадағалау органының керек екенін түсінді. Прокуратура 1922 жылы қайта қалпына келтіріліп, оның барлық қадағалау функциялары заңмен бекітілді. Алғашында мемлекеттік прокуратура Әділет комиссариатының құрамында болды.

Қазақстан аумағындағы мемлекеттік прокуратура органдары **1922 жылы 13-маусымдағы 2-шақырылған Қазақ Орталық Атқару Комитетінің 3-сессиясында құрылды**, ол «Прокурорлық қадағалау туралы» Ережені бекітті. Бірақ, мемлекеттік прокуратура «заңдардың сақталуын қадағалауды қамтамасыз ету мақсатында және қылмыскерлікпен күресу мәселесін дұрыс қою үшін» Әділет комиссариатының құрамында құрылды<sup>2</sup>.

<sup>1</sup> «Қазақ КСР-інің халық соты туралы» ҚазОАК-нің 1921 ж. 8 сәуірдегі Декреті // www.zakon.kz.

<sup>2</sup> Собрание узаконений и распоряжений рабочего и крестьянского правительства Казахской ССР № 10 от 15.07.1922 ж.

Жыл асқан сайын прокуратура құзыры кеңейді, прокуратураны жалпы мемлекеттік масштабтағы өзінше дербес орган етіп қайта құру қажеттігі туындады. Қазақстан одақтық республика мәртебесін алғаннан кейін прокуратураның жаңа даму кезеңі басталды.

1936 жылы 11-қарашада Қазақ КСР-нің алғашқы прокуроры С.Есқараев Қазақстанда Әділет комиссариаты мен прокуратураны дербес құрылымдар етіп бөлектеу туралы бұйрыққа қол қойды.

1955 жылы СОКП Орталық Комитетінің бастамасымен заң актісі — КСРО-дағы прокурорлық қадағалау туралы Ереже қабылданды. Ондағы прокурорлық қадағалау нормалары В.И.Лениннің кеңес прокуратурасын ұйымдастыру және оның қызметі туралы идеяларына негізделді. Прокуратура туралы заңдар 70-жылдары қарқынды даму алды. 1977 жылғы Конституция қабылданғаннан кейін 1979 жылы КСРО Прокуратурасы туралы заң қабылданды, ол КСРО тарап, бұрынғы одақтас республикалар прокуратура туралы өз заңдарын қабылдағанға дейін күшінде болды.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі жарияланған уақыттан бері прокуратура органдарының тарихында жаңа бет ашылды, оның жүйесі қайта құрылып, оған Әскери прокуратура кірді. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің 1991 жылғы 6-желтоқсанындағы «Қазақ КСР-ның прокуратура органдарының бірыңғай жүйесін құру және олардың дербестігі мен тәуелсіздігін қамтамасыз ету туралы» Қаулысымен прокуратура органдарының бірыңғай жүйесі құрылды, ол Республиканың Бас прокурорына бағындырылды.

Бірінші кезеңде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің *1992 жылғы 17-қаңтарындағы* қаулысымен «Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы» Заң күшіне енгізілді, оған сәйкес Жоғарғы Кеңеске есеп беретін прокуратура Заңдардың орындалуын қадағалайтын жоғарғы орган деп жарияланды.

Бұл заң *1995 жылдың 21-желтоқсанына* дейін, яғни Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының Прокуратурасы туралы» Заң күші бар Жарлығы күшіне енгенше қолданыста болды. Бұл нормативтік құқықтық актіні қабылдауға 1995 жылғы 30-тамыздағы республикалық референдумда

қабылданған Конституция себеп болды, ол прокуратура органдары қызметінің құқықтық ауқымын біршама өзгертті. Кейін күшіндегі бұл нормативтік құқықтық актінің аталуы заң күші бар Жарлықтан Заңға өзгерді. Сонымен, қазіргі прокуратураның үш ғасырға жуық тарихы бар, ол ұзақ эволюциялық даму жолынан өтті.

## **6.2. Прокуратура органдарын ұйымдастыру принциптері және олардың қызметінің құқықтық кепілдері**

Прокуратура органдарын ұйымдастыру және олардың қызметі бірлік, орталықтандыру, тәуелсіздік, заңдылық және жариялылық **принциптеріне** сәйкес жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасының прокуратурасы органдар мен мекемелердің төменгі тұрған прокурорларға және республиканың Бас прокурорына бағынатын бірыңғай орталықтандырылған жүйесін құрайды. Қазақстан Республикасының прокуратурасы өз қызметін басқа мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға, саяси партияларға және басқа қоғамдық ұйымдарға тәуелсіз жүзеге асырады. Заңда белгіленген өз өкілеттіктерін жүзеге асырғанда олардың қызметіне араласуға тыйым салынған. Заңда белгіленген тәртіпте және негізде шығарылған прокурорлық қадағалау актілері барлық органдар, ұйымдар, лауазымды адамдар мен азаматтар үшін міндетті болып табылады.

Қазақстанның тәуелсіздік жылдары жалпы тиімді жұмыс істейтін прокуратура органдары қалыптасты, ол елдің құқық қорғау жүйесінің жетекші буынына айналды, демократиялық және құқықтық мемлекеттің талабын қанағаттандырды.

Прокуратура заңдылықты қадағалайтын бірден-бір орган, құқық қорғау жүйесінің маңызды буындарының бірі, себебі ол өз қызметімен өмірдің барлық саласын қамтитын елдегі жалғыз ведомство. Тек 2009 жылы ғана прокурорлық араласудың арқасында 190 мың жұмыскерге 8,8 млрд-тан аса теңге жалақы төленді. Арыз жазып немесе сенім телефоны арқылы көмек сұраған кәсіпкерлердің құқығын қорғау үшін арнайы мобильдік топтар ұйымдастырылды. Нәтижесінде, қадағалау органдарының

қызметкерлері бизнесмендерге қатысты жүзге жуық құқық бұзушылықтың жолын кесті. Құрылыс саласындағы жағдайды тұрақтандыруға, үлескерлер құқығын қалпына келтіруге бөлінген бюджет қаражатының мақсатты пайдалануын бақылауда прокуратураға аса жауапты міндет жүктелді. Үлескерлерді құқықтық қорғау жөнінде топтар ұйымдастырылды. 9 мыңнан аса азамат жәбірленгендер деп танылды, оларға 50 млрд-тан аса теңге зиян келген. Үй тұрғызушылардың мүліктерін анықтап, оларға тыйым салу үшін прокурорлар нақты шаралар қабылдады. 50 қылмыстық іс қозғалды, сотқа жіберілген істер бойынша 38 адам сотталды<sup>1</sup>.

Сонымен қатар, әлемдегі іргелі өзгерістер мен жаһандандыру процесі, сондай-ақ ел ішіндегі даму қозғалысы ұлттық құқықтың, оның ішінде құқық қорғау органдары қызметінің халықаралық стандарттарға сәйкес болуын талап етеді.

Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2010-2020 жылдарға арналған Тұжырымдамасында прокуратура органдары қызметінің іс жүргізу негіздерін әрі қарай жетілдіру қажеттігі көрсетілген. Осы жұмыстың шеңберінде прокурордың сотқа дейінгі іс жүргізудегі рөлі мен жауапкершілігін арттыру, оның қоғамға қауіпті қылмыстар туралы істерді тергеуге қатысуы көзделген.

Қазіргі кезде прокуратура органдары өздерінде тергеу бөлімшелерінің, тым болмаса қайратты құрылымдардың қызметкерлері жасаған қылмыстарды тергейтін бөлімшелердің құрылатынына үміттенеді.

Оны 2009 жылғы 17-шілдедегі «Қазақстан Республикасының жедел-ізвестіру мәселелеріне қатысты кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңды растап отыр, онда «бұдан былай қылмыстық істер бойынша алдын ала тергеуді Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, ішкі істер органдарының және қаржы билігінің тергеушілері ғана емес, ҚР ҚІЖК-де көзделген жағдайларда прокурорлар да жүргізеді» делінген (ҚІЖК-нің 191-бабының 3-бөлігі).

Сонымен қатар, жаңа Тұжырымдамада прокуратура органдарының құқық қорғау қызметіне қатысты үйлестіру

<sup>1</sup> Казахстанская правда, 2010. 26 қаңтар.

функциясының тиімділігін әрі қарай көтерудің маңыздылығына назар аударылған.

Прокуратура органдары қызметінің құқықтық кепілдіктері «Прокуратура туралы» Заңның 6-бабында бекімін тапқан, онда прокурордың өз өкілеттігін жүзеге асыруына кедергі жасау мақсатында немесе оның заңсыз шешім қабылдауы үшін оған қандай формада болмасын ықпал ету, сондай-ақ прокурорлардың қаулыларын, ұйғарымдарын, талаптарын орындамау заңда белгіленген жауапкершілікке алып келеді делінген.

Прокуратураның талабы бойынша тиісті органдар мен өкілетті адамдар: коммерциялық, банк және басқа заңмен қорғалатын құпиялар бар мәліметтерді жария етуге қатысты Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген талаптарды сақтап, қажетті материалдар мен мәліметтерді тегін беруге; тексеруге қатысып қорытынды беруі үшін мамандар бөлуге; прокурорлардың қадағалау қызметін және олардың денсаулығын қамтамасыз ету үшін басқа қажетті шаралар қолдануға міндетті.

Прокурордың өз құзыреті шегінде берген тапсырмасы алдын ала анықтау және тергеу органдары үшін міндетті. Талап етілген ақпарат прокуратура органдарына заңда белгіленген формада және тәртіпте, сондай-ақ прокурор белгілеген мерзімде беріледі.

Прокурорлар өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдардың, меншік формасына қарамай кез келген ұйымның ғимарат-жайларына тосқауылсыз кіруге, құжаттар мен материалдарды тексеруге және алу мәселесіне байланысты олардың басшылары мен лауазымды адамдарының кешікпей қабылдауында болуға, тікелей соттың жүргізуіндегі материалдардан басқа сот істерімен танысуға және оларды соттан сұратып алуға құқылы.

Лауазымды адамдар мен азаматтар жауап беру үшін прокурордың талабы бойынша ол көрсеткен уақытта келуге міндетті. Прокурордың заңды талаптарын орындамау немесе прокурорталап еткенде дәлелді себептерсіз келмеу Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауапкершілікке алып келеді. Прокурор, қаулыны немесе ұйғарымды орындамаған жағдайда өз құзыреті шегінде оларды мәжбүрлеп орындатуға құқылы.

Прокурор өзінің жүргізуіндегі істер немесе материалдар жайында қандай да бір түсінік беруге, сондай-ақ заңда көзделген жағдайлардан басқа реттерде оларды танысуы үшін басқа біреуге беруге міндетті емес. Ол істер немесе материалдар аяқталғанға дейін прокурордың рұқсатынсыз оларды жария етуге ешкімнің құқығы жоқ.

Прокурордың заң бұзушылықты жою, құқық бұзушылықтың жолын кесу, заңдылықты қалпына келтіру, Заңның бұзылу салдарынан болған зардаптарды қалпына келтіру жөніндегі өкілеттіктерін іске асыруының формасына **прокурорлық шара қолдану актілері** жатады. Олар: **наразылық, қаулы, міндеттеу, мәлімдеу, санкция, нұсқау, ұсыныс, заңға түсінік беру**. Прокурорлық қадағалаудың қай актісін қолдану заң бұзушылықтың сипатына, оның себептеріне, қаншалықты таралғандығына, зиянды салдарларына, құқық бұзғанның қаншалықты кінәлі екендігіне байланысты.

Прокурордың қаулысын және міндеттеуін еркімен орындамаған жағдайда ол өз талабын мәжбүрлеп орындату туралы қаулы шығаруға құқылы. Ол қаулыны прокурор уәкілетті мемлекеттік органға орындауға жібереді. Прокурордың тиісті қаулысын алғаннан кейін уәкілетті мемлекеттік органдар оны орындауға жедел шара қолданады. Лауазымды адамдар, азаматтар жауап беру үшін прокуратура органдарына келуден бас тартса, онда прокурор ондай адамдарды прокуратура органдарына алып келу туралы қаулы шығарады, оны ішкі істер органдары жиырма төрт сағатта орындауға міндетті.

Азаматтардың Конституция қорғайтын құқықтары мен бостандықтарына қатысы бар кейбір тергеу әрекеттерінің күрделілігін ескеріп, заң шығарушы прокурорлық қадағалауды жүзеге асырудың тәртібін қарастырады.

Мысалы, прокурор:

— қылмыстық-іс жүргізу заңдарында көзделген жағдайларда тінту жүргізуге;

— айыпталушыны қызметтен шеттетуге, сараптама жүргізу үшін сезіктіні немесе айыпталушыны медициналық мекемеге орналастыруға;

— хат алмасудың, телефонмен сөйлесудің, телеграфпен хабарласудың және поштамен жіберудің Конституциямен және

заңмен қорғалатын құпиясына, сондай-ақ тұрғын-жайға қол сұғылмайтын құқыққа қатысы бар жедел-ізвестіру іс-шаралары мен тергеу әрекеттерін жүргізуге;

— әкімшілік тәртіпте елден шығарып жіберу үшін шетелдікті ұстауға;

— бейне-, аудиотехниканы немесе өзге арнайы техникалық құралдарды пайдаланып әңгімелерді жасырын тыңдауға және жазып алуға, сондай-ақ телефондар және басқа да сөйлесу аппараттары арқылы айтылған сөздерді тыңдауға және жазып алуға;

— мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдарының (Ұлттық Банк пен қаржы рыногын және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лауазымды адамдарынан басқалардың) банк құпиясы бар құжаттарды алуына;

— жеке және заңды тұлғалардың банктегі ақшалары мен мүлкіне тыйым салуға, және жеке және заңды тұлғалардың банктегі есеп шоттарындағы жұмсау операцияларын (корреспонденттіктерден басқа) тоқтатуға;

— Қазақстан Республикасының аумағында қылмыс жасап тергеуден қашып жүрген адамдарға қатысты халықаралық іздеу жариялауға;

— заңда тікелей көзделген басқа жағдайларда жазбаша **санкция** (рұқсат) береді.

Қылмыс жасады деп сезік тудырған адамды немесе айыпталушыны қамауға алу үшін санкцияны қазіргі кезде сот береді. Бұл әрекетті жасауға берілген санкцияны немесе оны беруден бас тартуды прокурор лауазымды адамның қаулысына резолюция түрінде не басқадай жазбаша формада, санкция сұрауға негіз болған материалдарды зерделегеннен кейін жиырма төрт сағаттың ішінде ресімдейді.

Прокурор, сонымен қатар, адамның және азаматтың бостандық құқығын шектеуге алып келетін жедел-ізвестіру және басқадай мәселелер жөніндегі ведомстволық нормативтік құқықтық актілердің қолданылуына келісім береді.

### **6.3. Прокуратура органдарының жүйесі және құрылымы**

Бас прокуратура, облыстардың прокуратуралары, республикалық дәрежедегі қалалар мен республика астанасының прокуратуралары, ауданаралық, аудандық, қалалық және оларға теңестірілген әскери және басқа мамандандырылған прокуратуралар Қазақстан Республикасының прокуратура органдарының **бірыңғай жүйесін** құрайды.

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасын Бас прокурор басқарады, оны қызметке республика Президенті Парламент сенатының келісімімен бес жылға тағайындайды.

Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есеп жөніндегі Комитетін құру прокуратура органдарының жүйесіндегі елеулі жаңалық.

Бұрын қылмыскерлік туралы, әкімшілік құқық бұзушылық туралы мәліметтер жинақталып қорытылған түрінде және соттардың істерді қараған көлемінде тек ПМ-нің Ақпарат орталығында, Мемлекеттік тергеу комитетінің Криминалдық ақпарат орталығында, Әділет министрлігінде болатын. Жұмыс тиімділігінің көрсеткіштерін де осы органдар анықтайтын, нәтижесінде есеп жүргізу-тіркеу тәртібінің жаппай бұзылуы орын алды, криминалдық жағдайды дұрыс бағалау қиындады.

Соған байланысты Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 22-сәуірдегі «Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарының жүйесін әрі қарай реформалау жөніндегі шаралар туралы» Жарлығымен Ішкі істер министрлігі мен бұрынғы Мемлекеттік тергеу комитетінің статистикалық қызметтерінің негізінде Құқықтық статистика және ақпарат орталығы құрылды. Кейін, Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 28-наурыздағы № 1050 Жарлығымен бұл Орталықтың негізінде **Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есеп жөніндегі Комитеті** құрылды.

Комитет Бас прокуратураның құзыреті шегінде құқықтық статистиканы қалыптастыру және арнайы есеп жүргізу, сондай-ақ бұл салада қадағалау жүргізу жөніндегі мемлекеттік органның

функциялары мен өкілеттіктерін жүзеге асыратын ведомство болып табылады. Комитеттің ақпараттық қоры қылмыс жасаған адамдардың аты-жөні бойынша және дактилоскопиялық есебін, сыбайлас жемқорлық субъектілерінің, қасақана әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамдардың іздестіру есебін бірыңғай ақпараттық кешенге біріктірген арнайы есептерді қамтиды. Сонымен қатар, Комитет қылмыскерлердің жеке басын, танылмаған мәйіттерді, хабар-ошарсыз кеткен адамдарды идентификациялау жөніндегі жұмыстарды жүргізеді, бұл құқық қорғау органдарының жедел-іздестіру және тергеу жұмыстарын жеңілдетеді.

**Әскери прокуратура** Одақ кезінде прокуратура органдарының бірыңғай және орталықтандырылған жүйесіне кірді, Қарулы Күштердің негізгі құқық қорғау органы болды. Әскери прокуратура, Қазақстанның әскери әділет органдары жүйесіндегі негізгі құқық қорғау органы болғандықтан, 1992 жылдан бастап Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі, басқа әскерлер мен әскери құрамалардағы заңдылыққа жоғары қадағалау жасайды, мемлекет атынан әрекет етеді.

Қазіргі кезде әскери прокуратура органдарының жүйесін Бас әскери прокуратура, округтердің, гарнизондардың және әскерлердің әскери прокуратуралары құрайды.

Бас әскери прокуратураны Бас әскери прокурор басқарады, оны Бас прокурордың ұсынуымен Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды.

**Көлік прокуратурасы** облыстық прокуратураның құқығында 1980 жылы сол кездегі темір жолдар санына қарай (Алматы, Тын, Батыс Қазақстан) құрылып, кейін тиісінше Оңтүстік Шығыс, Орталық және Батыс аймақтық көлік прокуратуралары болып аталды, ол су, әуе және құбыр көлігінде қадағалау жүргізеді.

Көліктегі қадағалаудың негізгі міндеттеріне мыналар жатады:

— мемлекеттің мүдделері мен ұлттық қауіпсіздікті қорғау, оның ішінде ланкестік, есірткі заттарын алып өту, заңсыз көші-қон фактілерін болдырмау және т.б.;

— темір жол, су, әуе, құбыр көлігіндегі және көлік инфрақұрылымының объектілеріндегі қауіпсіздік;

— табиғи ортаның көліктің барлық түрінің, оның ішінде қауіпті жүктерді тасу кезіндегі қызметінен экологиялық қорғалғандығы;

— тасымалданатын стратегиялық маңызды жүктердің (астық, мұнай, әскери құрал-жабдықтар және т.б.) сақталуы;

— жолаушылардың және көліктегі басқа адамдардың құқықтарын қорғау.

Мамандандырылған прокуратураларға мыналар жатады:

— **табиғат қорғау** (Атырау, Ақмола, Алматы, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Маңғыстау, Орал);

— **түзеу мекемелеріндегі заңдылықты қадағалау жөніндегі прокуратуралар** (Алматы, Ақмола, Шығыс Қазақстан, Қарағанды);

— айрықша маңызды объектілерде және айрықша режимдік объектілерде қадағалау жүргізетін прокуратуралар (Қызылорда облысының Байқоңыр қаласы, Шығыс Қазақстан облысының Курчатов қаласы, Қарағанды облысының Приозерск қаласы, Оңтүстік Қазақстан облысының Таукент қаласы). Бұл прокуратураларда аудандық прокуратураның мәртебесі бар, олар өз құзыреті шегінде әрекет етеді.

Мамандандырылған прокуратуралар аумақтық прокуратураларды алмастырмайды, олардың қызметін толықтырады, бірлесіп прокурорлық қадағалаудың негізгі бағыттары бойынша заңдылықты қамтамасыз етеді.

Өздеріне жүктелген міндеттерді ойдағыдай орындаудың басты шарттарының бірі — **кадрлармен** жұмысты жақсарту, оларда тапсырылған іске деген жауапкершілікті арттыру. Өз қызметін қай салада жүзеге асырса да прокурор әрқилы адамдармен жолығысады, жауапты шешім қабылдайды. Сондықтан да, прокуратура қызметкерлері сөзінде тұратын, адал, қарапайым, сатылмайтын, әділетсіздікке төзбейтін адам болуға тиіс.

Қызметтік міндеттерін атқару кезінде ғана емес, оларға барлық уақытта да жоғары талап қойылады. Облыс, аудан, қала прокурорларының, оларға теңестірілген прокурорлардың қызметіне 25 жасқа толған, прокуратура органдарында кемінде үш жыл жұмыс стажы бар адамдар қабылданады.

Прокуратура органдарының қызметкерлеріне атқаратын қызметіне, біліктілігіне және арнайы қызмет стажына қарай сыныптық шендер немесе әскери атақтар беріледі.

#### **6.4. Прокурорлық қадағалаудың негізгі бағыттары**

Конституция мен заңдар үстемдігін қамтамасыз ету және адам мен азаматтың құқықтары мен бостандығын қорғау мақсатында, Конституцияның, заңдардың, Президент жарлықтарының және басқа нормативтік құқықтық актілердің дәл және біркелкі қолданылуына жоғары бақылауды жүзеге асыра отырып, прокуратура мемлекет атынан: Конституцияның, заң актілерінің және республика Президентінің актілерінің бұзылғандығын айқындайды және оны жоюға шара қолданады; жедел-іздістіру қызметінің, анықтау мен тергеудің, әкімшілік және атқарушылық іс жүргізудің заңдылығына қадағалау жасайды; сотта мемлекет мүддесін қорғайды; Конституцияға және республика заңдарына қайшы келетін заңдарға және басқа құқықтық актілерге наразылық келтіреді; заңда белгіленген тәртіпте және шектерде қылмыстық қудалауды жүзеге асырады; статистикалық көрсеткіштердің тұтастығын, дұрыстығын және жеткіліктігін қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастырады, арнайы есеп жүргізеді, заңдардың құқықтық статистика және арнайы есеп саласында қолданылуын қадағалайды.

#### **Мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және қоғамдық бірлестіктердің қызметіндегі заңдылықты қадағалау**

Мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және қоғамдық бірлестіктердің қызметіндегі заңдылықты қадағалау прокуратура органдары жұмысындағы Конституцияның, заңдардың және өзге нормативтік құқықтық актілердің үстемдігін, олардың ведомстволық және жергілікті жағдайларға тәуелсіз дәл және біркелкі қолданылуын қамтамасыз ететін негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

Бұл бағыттағы қадағалауға, бірінші кезекте, аталған органдардың қабылдайтын және қолданыстағы құқықтық актілері жатады.

Өздерінің конституциялық құқықтары мен бостандықтарын іске асыру барысында адам кейде әртүрлі деңгейдегі мемлекеттік



басқару органдарымен қақтығысады, олар тарапынан зорлық-зомбылық көреді. Егер атқарушы билік органы немесе оның лауазымды адамы өз міндеттерін орындамаса және адамның құқықтары мен бостандығын бұзса, онда құқығы бұзылған адамның заңсыз шешімдер мен әрекеттерге шағым келтіруге құқығы бар. Көбіне, белгіленген мемлекеттік баж салығы мен сот процедурасының ұзақтығынан ондай адамдар прокуратура органдарына жүгінеді.

Қадағалаудың басқа түрлеріне қарағанда бұл сала күрделі де көп қырлы, ол қадағаланатын объектілердің көптігіне және әртүрлілігіне байланысты. Прокурорлық қадағалау объектілеріне өкілдік және атқарушы органдар, министрліктер мен ведомстволар, комитеттер, өзге де мемлекеттік және шаруашылық басқару және бақылау органдары, меншіктің барлық формасындағы кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар кіреді.

Прокурорлық қадағалау объектілерінің қатарына, сонымен қатар, қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстардың, әртүрлі қоғамдық қорлардың, діни бірлестіктердің және де азаматтардың қызметі жатады.

### **Жедел-іздістіру қызметін жүзеге асыратын органдардың қызметіндегі заңдылықты қадағалау**

Жедел-іздістіру қызметі құқық қорғау қызметінің арнайы уәкілеттігі бар мемлекеттік органның құпия құқықтық құралдарды пайдаланып жүзеге асыратын дербес түрі болып табылады. Құқық қорғау органдарының жедел-іздістіру қызметінің заңдылығын прокурорлық қадағалау 1994 жылдың 15-қыркүйегіндегі «Жедел-іздістіру қызметі туралы» Заң қабылданғаннан кейін ғана Қазақстанда алғаш заң жүзінде реттелді. Бұрындары құқық қорғау органдары, негізінен, ведомстволық бұйрықтар мен нұсқаулықтарды басшылыққа алатын. Оның үстіне, 1960-1970 жылдары КСРО Бас прокуроры басшылыққа алынатын бірқатар бұйрықтар шығарды, оларда бағынышты прокурорлардың тиісті органдардың жедел-іздістіру қызметіне араласуына тыйым салынды<sup>1</sup>.

<sup>1</sup> Басков В. И., Коробейников Б. В. Курс прокурорского надзора: ЖОО-ның студенттеріне арналған оқулық.— И.: Зерцало, 2001.— 171, 512 б.

Қадағалаудың бұл түрінің өзінше дербес болуының басты себебі— қылмыстық қудалау органдары қылмыскерлікпен күресті жүзеге асырғанда азаматтардың Конституцияда және басқа заңдарда кепілдік берілген құқықтары мен заңды мүдделерін едәуір шектейтін жедел-іздістіру іс-шараларын жүргізеді. Мемлекеттің адам құқығы мен бостандығын қорғау жөніндегі құқық қорғау функциясын күшейту мақсатында 2002 жылғы 9-тамыздағы «Қазақстан Республикасының прокурорлық қадағалау мәселелері жөніндегі кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» № 346 Заңмен<sup>1</sup> Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» Заңына едәуір өзгерістер енгізілді. Олар, әсіресе, прокурордың жедел-іздістіру қызметін қадағалаудағы өкілеттіктеріне қатысты еді, нәтижесінде мемлекеттік қызметтің бұл саласындағы прокуратураның рөлі артты.

Сонымен қатар, жүргізілетін жедел-іздістіру іс-шараларының заңдылығын тиісті деңгейде қадағалауды қамтамасыз ету үшін прокуратура органдарына қажетті өкілеттіктер берумен қатар Бас прокурордың 2002 жылдың 29-желтоқсандағы № 74 бұйрығымен Прокуратура органдарының мамандары туралы Ереже бекітілді, ол мамандарға мынадай міндеттер жүктелді:

— ЖІҚ-ны жүзеге асырушы органдардың заңсыз жүргізген жедел-іздістіру іс-шараларын айқындау және тыю;

— қызметтік құпиясы бар мәліметтерді алу және техникалық байланыс каналдарынан, компьютер жүйелерінен және электрондық базалардан ақпарат алу үшін заңсыз орнатылған арнайы техникалық құралдар мен құрылғылардан прокуратура органдарын қорғауды қамтамасыз ету;

— ақпаратты зерттеуде, бағалауда және пайдалануда консультация беру, көмек көрсету.

Жедел-іздістіру қызметін жүзеге асырғанда кәсіби этиканы сақтау қажет, себебі оперативтік қызметкер көбіне жасырын әрекет етеді, адамның жеке өміріне басып кіреді, әртүрлі көптеген ақпарат жинайды. Сондықтан да жедел-іздістіру қызметінің кейбір құқықтық санасы төмен және кәсіби этикасы жоқ кейбір субъектілерінің өз мақсатына жетуі үшін заңда көзделмеген құралдар мен әдістерді пайдалану, тіптен қорқытып арандатуы, заңға құлықты азаматтардың құқықтары мен бостандығына

<sup>1</sup> Казахстанская правда. № 177—178, 2002. 16 тамыз.

қысым жасауы мүмкін. Бұл қызметті жүзеге асыруда прокурорға жеткілікті өкілдік берілген, бірақ ол жедел-іздістіру іс-шараларын жүргізуші органдардың оперативтік қызметіне араласуға, оларды өзі тікелей жүргізуге немесе оларға қатысуға тиіс емес.

#### **Анықтау және алдынала тергеу органдарының қызметіндегі заңдылықты қадағалау**

Қылмыскерлікпен — келеңсіз әлеуметтік-құқықтық құбылыспен күресте батыл шара қолдануы үшін құқық қорғау органдарына адамның құқығы мен бостандығын белгілі бір шамада шектейтін өктем өкілеттік берілген. Бұл ретте олар азаматтық қоғам мен адамды қылмыстық озбырлықтан қорғауды қамтамасыз етіп, оған қатысы бар адамдарды айқындап қана қоймайды, сонымен қатар қылмыстық сот ісін жүргізудің белгіленген тәртібінің бұзылуына жол бермейді.

Анықтау мен алдын ала тергеу қылмыстарды айқындайтын және тергейтін уәкілетті органдардың сотқа дейінгі қызметінің екі іс жүргізу формалары. Олар бірі-бірінен оларды жүзеге асыратын органдар бойынша, және де сол органдар орындайтын іс жүргізу қызметінің көлемі мен мерзімдері бойынша бөлектенеді.

Қылмыстарды тергеу қылмыстық процестің күрделі кезеңі болып табылады. Сотқа дейін іс жүргізудің бұл кезеңінде тергеу органдары дәлелдемелер ауқымын анықтайды, қылмысты құқықтық бағалау, қылмыс жасаған адамдарды қылмыстық жауапқа тарту мәселесін шешеді. Алдын ала тергеуде анықталған шеңберде кейін сот талқысы өтеді. Сондықтан да прокурор өзінің қадағалау өкілеттігін жүзеге асырғанда қылмыстарды айқындаудың және тергеудің заңдылық бұзылмай жүргізілгендігін қатаң бақылайды.

Тергеу органдарының қызметі қылмыстық-іс жүргізу заңдарында нақты регламенттелген, онда қылмыстық істерді қозғаудың, қылмыстарды уақтылы ашудың, оларды заңда белгіленген мерзімдерде сапалы тергеудің және азаматтарды қылмыстық жауапқа тартудың дәлелділігін қамтамасыз етуге прокурорлық қадағалау жәрдемдесуге тиіс делінген. Қылмыстарды тергеуді прокурорлық қадағалау сотқа дейінгі іс жүргізудің барлық кезеңінде ұдайы болады.

Қылмыстық істерді тергеуіне байланысты прокурор анықтау және алдын ала тергеу органдарына жазбаша нұсқау береді, ол бұл органдар үшін міндетті болып табылады.

Анықтаудың заңдылығын да, алдын ала тергеудің заңдылығын да прокурорлық қадағалау, олардың өзара айырмашылықтарына қарамастан бір құқықтық режимде жүзеге асырылады. Тергеу аппаратының немесе анықтау органының ведомстволық тегіне қарамастан оның формалары өзгермейді.

Жеке бостандыққа конституциялық құқықты қорғаудың маңызды шарасы — **тергеу және айыпталушыларды қамауда ұстау мерзімдерінің** заңдылығын қадағалау. Қамауда ұстау мерзімдері және оларды ұзарту тәртібін ҚІЖК-нің 153-бабы реттейді.

#### **Прокурордың азаматтық және қылмыстық істердің сотта қаралуына қатысуы**

Азаматтық және қылмыстық істерді қарау кезінде заңдылықты қамтамасыз етудегі прокуратураның міндеті мен соттың міндеті бірдей, ол — сот талқысының әділ болуы және заңдардың дұрыс қолданылуы. Ескеретін бір жағдай — соттардың қызметіне прокурорлар қадағалау жасамайды, себебі соттар әділ қазылық жүргізгенде тәуелсіз болады және тек заңға бағынады. Сонымен қатар, іс бойынша заңсыз сот актісі анықталған жағдайда прокурор ондай актіге іс жүргізу заңдарының нормаларына сәйкес наразылық келтіруге тек құқылы ғана емес, ол оның міндеті.

Қазақстан Республикасының қазіргі қолданыстағы Қылмыстық-іс жүргізу кодексінің қабылдағаннан бері айыпталушыны сотқа беру сотқа дейінгі іс жүргізу кезеңіне ауыстырылды, ол прокурорға жүктелді. Соған байланысты прокурор жүргізілген тергеудің толықтығын, әділдігін және негізділігін тексеріп қана қоймайды, айыпталушыны сотқа беру туралы қаулы шығарып, онда өз пікірін баяндайды.

*Азаматтық істерді* сотта қарағанда прокурор өзінің алдына қойылған негізгі міндеттерді орындайды: істі өз мәнінде шешеді; тараптар арасындағы даулы құқықтық қатынастарды реттейді; сот қызметінің тәрбиелік ықпалын қамтамасыз етеді; азаматтардың бұзылған құқықтары мен заң қорғайтын

мүдделерін, ұйымдардың құқықтары мен мүдделерін, қоғамдық және мемлекеттік мүдделерді қалпына келтіреді. Тараптардың бәсекелестік және теңдік принциптерін сақтай отырып, прокурор өзінің бастамасымен қозғалған істердің соттағы талқысына қатысады, талапқа негіз болатын дәлелдер ұсынуға, екінші жақ ұсынған дәлелдемелердің зерттеуіне белсенді қатысуға міндетті.

*Қылмыстық істерді* сотта қарағанда прокурор, атқарып жүрген қызметіне қарамастан, заңда белгіленген мемлекеттік айыптаушы мәртебесін алады, сотта елеулі тұлғаға айналады. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-іс жүргізу кодексіне сәйкес, жеке айыптау істерінен басқаларда, прокурордың мемлекеттік айыптаушы ретінде бас сот талқысына міндетті түрде қатысуы туралы заң нормасы 2000 жылдың қаңтарынан күшіне енді.

Сотта мемлекеттік айыптауды қолдау прокурорлық қызметтің маңызды тұстарының бірі. Прокурор айыптауды жеткілікті дәлелдемелер болғанда ғана қолдайды, және сотталушыны айыптайтын да, оның пайдасына жарайтын да дәлелдемелерді соттың жан-жақты зерттеуіне көмектеседі, яғни прокурор сотта тек мемлекеттік айыптау өкілі ғана емес, құқық қорғау функциясын орындаушы лауазымды адам да болуға тиіс.

Апелляциялық жүргізу дегеніміз, сот қызметін жоғары тұрған сот тарапынан бақылаудың маңызды формаларының бірі, ол сот актілерінің заңдылығын жедел тексеріп, олар жіберген қателіктерді түзетуге мүмкіндік береді. Апелляциялық жүргізу кезеңіндегі прокурорлардың міндеті, бәрінен бұрын, азаматтық және қылмыстық іс материалдарын уақытында және толық тексеру, соттардың іс материалдарына сәйкес келмейтін және заңға қайшы үкімдері мен қаулыларына наразылық келтіру.

2009 жылдың 10-желтоқсанындағы «Сот жүйесін жетілдіру мәселелері жөнінде Қылмыстық іс жүргізу және Азаматтық іс жүргізу кодекстеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңмен сот актілеріне шағым келтірудің жаңа құрылымы бекітілді. Қазіргі кезде кассациялық инстанция да бар. Онда мамандандырылған ауданаралық соттардың, мамандандырылған ауданаралық әскери соттардың істерді алқабилердің қатысуымен қараған қылмыстық істер бойынша үкімдері олар күшіне енгенге дейін және облыстық, оған теңестірілген соттардың істі

апелляциялық тәртіпте қарап шығарған қаулылары (ҚІЖК-нің 423-бабының 4-бөлігінде көрсетілген қаулылардан басқалары) қайта қаралады.

Заңды күшіне енген үкімдерді, қаулыларды және шешімдерді қайта қарау қадағалау ретінде іс жүргізу деп аталады, ол азаматтық және қылмыстық процестің сот қазылығын жүзеге асыруға кепілдік беретін бір кезеңі.

Қадағалау ретінде іс жүргізуге өзінің құқықтық тегі және іс жүргізудегі маңыздылығы жағынан жаңа ашылған мән-жайлар бойынша істі қайта жаңғыртуға жақын тұр. Азаматтық істер бойынша жаңа мән-жайларды анықтап және АІЖК-нің 404-407 баптарын басшылыққа алып прокурор мән-жай ашылған күннен бастап үш ай ішінде шешім шығарған сотқа арыз береді. Ол, бұл жерде, айыптау үкімін жаңа ашылған мән-жайларға байланысты сотталғанның пайдасына қайта қараудың ешқандай мерзімдермен шектелмейтіндігін ескеруге тиіс, ал ақтау үкімін, істі қысқарту туралы қаулыны қайта қарауға, сондай-ақ жазаның жеңілдігі, немесе сотталғанға ауырырақ қылмыс туралы заңды қолдану қажеттігі себепті айыптау үкімін қайта қарауға жаңа мән-жайлар ашылған күннен бастап бір жыл ішінде және қылмыстық жауапқа тартудың ескіру мерзімі өтпей тұрғанда жол беріледі (ҚІЖК-нің 473-бабы).

Заңдылықты сақтау және құқық қорғау қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында прокуратура мен сот өзара қарым-қатынастықта болады, өзара бақылау жасайды.

Прокурорлық актілерде көрініс тапқан құқықтық позицияда міндеттейтін және алдын ала белгіленген күш жоқ, тек жоғары тұрған сот алдында соттардың заңсыз қаулыларын бұзу немесе өзгерту туралы мәселе қойылады. Сот пен прокуратура арасындағы мұндай қатынас өзара әрекеттестіктің бір формасы болып табылады, ол заңдылықты қамтамасыз ету және азаматтардың құқықтарын қорғау үшін қажет.

#### **Әкімшілік іс жүргізудің заңдылығын қадағалау**

Әкімшілік құқық бұзушылыққа шара қолданудың маңызды тетігі әкімшілік жауапкершілік, ол қоғамдық қатынастарды әкімшілік-құқықтық реттеу саласында заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге елеулі ықпалын тигізеді.

Жыл сайын әкімшілік процеске құқықтары бұзылған мыңдаған азаматтар, заңды тұлғалар қатысады. Прокурорлық қадағалаудың бұл бағыты кең ауқымды, себебі күшіндегі заңға сәйкес қырыққа жуық уәкілетті мемлекеттік органдар мен соттарға, олардың лауазымды адамдарына әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғауға және әкімшілік жаза қолдануға құқық берілген.

Мемлекеттік органдардың әкімшілік қызметі әкімшілік іс жүргізу заңнамасымен регламенттелген, онда әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғаудың тәртібі мен шарты; хаттама жасауға талаптар; бұл істерді қозғауға және қарауға уәкілетті адамдар; құқық бұзушылық туралы материалдарды қарау мерзімдері және т.б. анықталған.

Қадағалауды жүзеге асырғанда прокуратура органдары азаматтар мен лауазымды адамдарды жауапқа тартудың заңдылығын тексеруге, оларға әкімшілік жаза заңсыз қолданылған жағдайда оған шара қабылдауға міндетті.

Тексерулердің нәтижелері бойынша прокурор: әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша қаулыға наразылық келтіріп, оны сотқа, өзге уәкілетті органға немесе лауазымды адамға жібереді; уәкілетті лауазымды адамдар мен органдарға (соттан басқа) қосымша тексеру жүргізу туралы жазбаша нұсқау береді; уәкілетті органдардың өздерінің бақылауындағы немесе қарамағындағы ұйымдарда тексеру жүргізуін талап етеді; заңда белгіленген жағдайларда әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қысқартады; әкімшілік құқық бұзушылық туралы қаулының орындалуын тоқтатады; әкімшілік жолмен ұстауға заңсыз ұшыраған адамдарды босату туралы қаулы шығарады; өкілетті мемлекеттік органның лауазымды адамдарының өзінің міндетін атқарумен байланысты қолданған кез келген тыйымдық немесе шектеулік сипаттағы шараларын, егер жеке, заңды тұлғалардың, мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылатын болса, алып тастау жөнінде қаулы шығарады немесе талап қояды; әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау жөнінде қаулы шығарады.

Азаматтарды **әкімшілік жолмен ұстаудың және қамауға алудың** заңдылығын қадағалаудың да маңыздылығы бар.

Полиция органдарында адамды әкімшілік жолмен ұстаудың

заңдылығын прокурор тәуліктің кез келген уақытында тексере алады. Прокурордың әкімшілік жолмен қамауға алу жөніндегі сот қаулысына келтірген наразылығы, оны келтірген кезден бастап бір тәулік ішінде қаралуға жатады.

#### **Атқарушылық жүргізудің заңдылығын қадағалау**

Атқарушылық жүргізудің заңдылығын қадағалау екі түрге бөлінеді: біріншісі, сот тағайындаған жазаны немесе басқадай мәжбүрлеу сипатындағы шараларды орындағанда; бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазаны орындағанда адамның бас бостандығынан айыру орындарында болуының заңдылығын қадағалау, екіншісі, азаматтық және басқа істер бойынша сот шешімдерін орындаудың заңдылығын қадағалау.

Қылмыстық жазаларды орындау тәртібі заң актілерінің жиынтығымен регламенттелген, олардың ең негізгісі — қылмыстық-атқару кодексі.

Бас бостандығынан айыру түріндегі жаза Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі Комитетінің ішкі әскерлердің бөлімшелері күзететін түзеу мекемелерінде орындалады. Олардың қатарына колониялардың барлық түрлері, кәмелетке толмағандарға арналған тәрбие колониялары және абақтылар жатады. Жазаның бұл түрі, сонымен қатар, мекемелерде шаруашылық жұмыстарын істеу үшін қалдырылған адамдарға қатысты тергеу изоляторларында орындалуы да мүмкін.

Қылмыстық жазамен қатар Қылмыстық-атқару мекемелерінде сот тағайындайтын мәжбүрлеу сипатындағы әртүрлі шаралар орындалады, оларға маскүнемдіктен, нашақорлықтан, соз ауруларынан мәжбүрлеп емдеу жатады.

Қылмыстық жазаны орындау саласында прокуратура заң бұзушылықты айқындау және тыюға, бұзылған заңдылықты қалпына келтіру үшін шара қолдануға жеткілікті функциялары, өкілеттіктері және құқықтық құралы бар бірден-бір орган. Атқарушылық іс жүргізгенде заңдылықтың сақталуын қадағалауды жүзеге асыратын прокурор: азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғау туралы істер бойынша, сондай-ақ прокурордың талаптары мен арыздары бойынша атқарушылық

іс жүргізуді тексеруге; сот тағайындаған жазалар немесе басқадай мәжбүрлеу шаралары орындалатын бас бостандығынан айыру орындары мен өзге мекемелерді тексеру мақсатында кез келген уақытта кіріп шығуға; ұсталғандардан, қамауға алынғандардан, сотталғандардан және мәжбүрлеу сипатындағы шара қолданылған адамдардан жауап алуға; бұл адамдарды ұстауға, қамауға және олардың жаза өтеуіне негіз болған құжаттарды сұратып алуға құқылы.

Өзі қадағалау жүргізетін мекемелердегі адамдармен кез келген уақытта жолығуға және оларға қатысты барлық құжаттармен танысуға прокурордың құқы бар, және ол соттың заңға қайшы актілеріне наразылық келтіруге міндетті.

Прокуратура «Прокуратура туралы» Заңда және қылмыстық іс жүргізу заңдарында белгіленген шектерде **қылмыстық қудалауды** жүзеге асыра алады. Жасалған қылмыс үшін прокуратураның қылмыстық қудалау жүргізуі қадағалау органының дербес функциясы болып табылады, ол «Прокуратура туралы» Заңның өзінше тарауында қарастырылған.

Қылмыстық қудалауды жүзеге асыру кезінде прокурор оқиға орнын қарауға қатыса алады, ол сараптама тағайындауға және қылмыстық іс қозғау туралы мәселені шешу үшін қажетті басқа да деректерді жүзеге асыруға құқылы. Қозғалған қылмыстық істі ол анықтау және алдын ала тергеу жүргізуі үшін тиісті органға береді.

Тергеудің толық еместігі және әділ еместігі туралы фактілер анықталса, іс күрделі және маңызды болса, кейбір жағдайларда Бас прокурор тергеу тобын құрады. Қазіргі кезде қылмыстық істер бойынша алдын ала тергеуді прокурорлар да жүргізе алады (ҚІЖК-нің 191-бабының 3-бөлігі).

Құқықтық саясаттың 2010—2020 жылдарға арналған Тұжырымдамасында прокурордың сотқа дейінгі іс жүргізудегі рөлі мен жауапкершілігін арттыру керектігі көрсетілген.

## 7 ТАРАУ

### Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін органдары

#### 7.1. Ұлттық қауіпсіздіктің жалпы сипаттамасы

Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының тәуелсізеге мен мемлекет ретінде дамуының басты шарты. 1998 жылдың 26-маусымдағы «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» № 233-І Заң **ұлттық қауіпсіздікті** елдің ұлттық мүдделерінің нақты және потенциалдық қауіптен қорғалғандық күйі деп анықтайды. Өкінішке орай, қауіпсіздік органдарының жүйесін анықтауда ортақ тұжырым жасалмаған және оның элементтерінің біржола тізімі жоқ.

Қазақстан Республикасының **Ұлттық мүдделері** дегеніміз, Қазақстанның саяси, экономикалық, әлеуметтік және басқа мұқтаждықтарының жиынтығы, адам мен азаматтың конституциялық құқықтарын, қоғам құндылықтарын, негізге алынатын мемлекеттік институттарды қорғауға мемлекеттің қабілеттілігі сол мұқтаждықтардың іске асуына байланысты.

Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделеріне мыналар жатады:

- 1) адам мен азаматтың құқықтары мен бостандығын қамтамасыз ету;
- 2) елде қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылықты сақтау;
- 3) Қазақстанның барлық халқының игілігі үшін экономикалық даму;
- 4) қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу және Қазақстан халқының бірлігін нығайту;
- 5) қазақстандық қоғамның материалдық және рухани құндылықтарын сақтау және еселеп көбейту;
- 6) Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысының, оның ішінде мемлекет тәуелсіздігінің, унитарлық құрылыстың және басқарудың президенттік формасының, елдің бүтіндігінің, мемлекеттік шекарасына қол сұқпаудың және аумағының бөлінбейтіндігінің мызғымайтындығы;

7) Мемлекеттік институттардың тиянақты жұмыс істеуі, олардың қызметін нығайту және тиімділігін арттыру;

8) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа әскерлері мен әскери құрамаларының жасақтануын және әскери даярлығын қамтамасыз ету;

9) заңдарды сөзсіз орындау және құқық тәртібін сақтау;

10) серіктестік негізінде халықаралық қарым-қатынасты дамыту.

Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігінің басты шарты — оның **аумағының бүтіндігі**.

ҚР Конституциялық Кеңесінің 2003 жылдың 23-сәуіріндегі «Қазақстан Республикасы Конституциясының 2-бабының 2-тармағын және 6-бабының 3-тармағын ресми түсіндіру туралы» № 4 қаулысына сәйкес республиканың унитарлығын және аумағының бүтіндігін өзгертуге Конституцияға енгізілген өзгертулер мен толықтырулар себеп болмауға тиіс.

Мемлекет аумағы дегеніміз шектеулі кеңістік, онда мемлекет биліктің егемен ұйымы ретінде өмір сүреді. Ол бұл аумақтағы тұтас және тәуелсіз жоғарғы билік. Республика кеңістігі қамтитын жер, оның қойнауы, сулар, өсімдік және жануар әлемі, басқа да табиғи ресурстар Қазақстанның көпшілік-құқықтық меншігінде болады.

Конституцияның 2-бабының 2-тармағына сәйкес мемлекет өз аумағының тұтастығын, қол сұғылмауын және бөлінбеуін қамтамасыз етеді, ол дегеніміз аумақтың бөлінбеуіне, табиғи ресурстарды мемлекеттің келісімінсіз пайдалануға және Қазақстан аймақтарының мәртебесін өз бетімен өзгертуге жол берілмейтіндігін, ұлттық мүддеге және егемендік теңдікке нұқсан келтіріп, аумақты бөліп беруге болмайтындығын білдіреді.

Жер телімдері шет мемлекеттерге өздерінің Қазақстандағы дипломатиялық өкілдіктерін орналастыру үшін жалға беріледі.

Мемлекет өз аумағының бүтіндігін, қол сұғылмайтындығын және бөлініп берілмейтіндігін қамтамасыз ету үшін экономикалық, саяси, әскери, құқықтық және ұйымдық сипаттағы кешенді шараларды жүзеге асыруы тиіс, олар:

— экономикалық өзара әрекеттестікте мемлекеттің иммунитетін нығайту;

— өз аумағының бір бөлігін шет мемлекетке Қазақстанның біржақты беруінің заң жүзінде мүмкін еместігі;

— республика аумағын басып алуға, қосып алуға не бөліп алуға жол бермеу;

— Қазақстан Республикасының бүтіндігін бұзуды мақсат тұтқан немесе сол мақсатта әрекет етуші қоғамдық бірлестіктердің құрылуына және әрекет етуіне тыйым салу;

— жергілікті мемлекеттік органдар мемлекет құрамынан шығу және біржақты тәртіпте өздерінің құқықтық мәртебесін өзгерту туралы мәселе көтеруге құқықтың болмауы;

— мемлекет органдарына республиканың егемендігі мен аумақтық бүтіндігін қорғауға байланысты қажетті де жеткілікті шаралар қабылдау міндетін жүктеу.

**Ұлттық қауіпсіздікке қатерді** заң шығарушы ұлттық мүдделерді іске асыруға кедергі келтіретін немесе оларға қауіп төндіретін белгілі бір жағдайлардан, процестерден және факторлардан көреді. Ол қауіп-қатерлер мыналар:

1) заңдылық пен құқық тәртібінің босаңсуы, ұйымдасқан қылмыстың етек алуы, мемлекеттік органдардың криминалдық құрылымдармен бірігіп кетуі, лауазымды адамдардың капиталдың заңсыз айналымын, сыбайлас жемқорлықты қанатының астына алуы, қару-жарақ пен есірткі заттардың заңсыз айналымы;

2) конституциялық құрылысты күшпен өзгертуге бағытталған қызмет, оның ішінде республиканың унитарлық құрылысына, бүтіндігіне, қол сұғылмайтындығына, аумағының бөлінбейтіндігіне қастандық әрекеттері;

3) елдің қорғану қабілетінің төмендеуі, мемлекеттік шекараның қол сұғылмайтындығына қауіп төндіру, Қазақстан Республикасына қатысты күш қолдану, агрессия жасау;

4) шет мемлекеттердің арнайы қызметтері мен ұйымдарының, және дежекелеген адамдардың Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге бағытталған барлау, ланкестік, диверсиялық және басқадай қызметтер;

5) мемлекеттік органдардың қызметіне іріткі салу, олардың қалыпты жұмыс ырғағын бұзу, елде басқарушылық қабілетті төмендету;

6) кез келген формадағы саяси экстремизм, оның ішінде әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздастықты қоздыру;

7) әлеуметтік-саяси жағдайды шиеленістіру; оның ұлтаралық және дінаралық қақтығыстарда, жаппай тәртіпсіздікте, рұқсат етілмеген жиналыстарда, митингілерде, шерулер мен демонстрацияларда, заңсыз көтерілістерде көрініс табуы;

8) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделмеген әскери құрамалар құру;

9) экологиялық жағдайдың күрт нашарлауы, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар мен табиғи апаттар, эпидемия мен эпизоотия;

10) мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігіне зиян келтіру, мысалы, стратегиялық ресурстарды ел мүддесін ойламай пайдалану, инвестициялық белсенділіктің артуына, оның ішінде Қазақстан Республикасына шетелдік инвестициялардың келуіне кедергі жасау, капиталды шет елдерге бақылаусыз шығару;

11) демографиялық ахуалдың нашарлауы, туудың азаюы, өлімнің көбеюі, көші-қон процесінің бақылаудан шығып қалуы;

12) елде білім берудің және интеллектуалдық потенциалдық сапасының нашарлауы;

13) елдің ұлттық қауіпсіздігін қорғау жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің жоқтығы немесе жетілмегендігі.

Заңдарда мынадай негізгі Ұғымдар пайдаланылады:

**Сыртқы қауіпсіздік** — ұлттық мүдденің шет мемлекеттердің, ұйымдардың және азаматтардың тарапынан болатын қауіптен қорғалғандық күйі;

**Әскери қауіпсіздік** — Қазақстан Республикасының нақты және потенциалдық қауіптен және елдің тәуелсіздігі мен аумақтық бүтіндігіне әскери сипаттағы қастандықтан қорғалғандық күйі.

**Ақпараттық қауіпсіздік** — мемлекеттік ақпараттық ресурстардың, сондай-ақ ақпараттық аядағы адам құқығы мен қоғам мүдделерінің қорғалғандық күйі.

**Қоғамдық қауіпсіздік** — Қазақстан азаматтарының өмірінің, денсаулығының және аман-саулығының, сондай-ақ қазақстандық қоғамның құндылықтарының оларға зиян келтіре алатын қауіп-қатерден саяси-құқықтық, рухани-өнегелік, әлеуметтік қорғалғандығы.

**Экологиялық қауіпсіздік** — адамның, қоғамның және мемлекеттің өмірлік маңызы бар мүдделері мен құқықтарының қоршаған ортаға антропогендік және басқадай ықпалдан туындайтын қауіптен қорғалғандық күйі;

**Экономикалық қауіпсіздік** — Қазақстанның ұлттық экономикасының оның тұрақты дамуы мен экономикалық тәуелсіздігіне қауіп төндіретін сыртқы және ішкі жағдайлардан, процестерден және факторлардан қорғалғандық күйі.

Адам, оның құқығы мен бостандығы; қоғам, оның материалдық және рухани құндылықтары; мемлекет, оның конституциялық құрылысы, тәуелсіздігі және аумақтық бүтіндігі ұлттық қауіпсіздіктің **объектілері** болып табылады. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында бірыңғай мемлекеттік саясат жүргізу, экономикалық, саяси, ұйымдық және басқадай сипаттағы шаралар жүйесін іске асыру арқылы қауіпсіздікке қол жеткізуге болады.

Ұлттық қауіпсіздікке қол жеткізудің **негізгі принциптері**:

1) ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қызметті жүзеге асырғанда заңдылықты сақтау;

2) ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін күштердің өзара тез ақпарат беріп, әрекеттерін үйлестіруі;

3) ұлттық қауіпсіздіктің барлық түрлерінің бірлігі, өзара байланыстылығы және теңдестігі;

4) саяси, экономикалық және ақпараттық шаралардың басымдығы;

5) адамның, қоғамның және мемлекеттің өзара жауаптылығы;

6) ұлттық қауіпсіздікті қорғау жөніндегі барлық әрекеттердің іске асырылуын бақылау<sup>1</sup>.

Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесінің **негізгі функциялары**:

1) ұлттық қауіпсіздікке қатерді болжау және айқындау;

2) ұлттық қауіпсіздікке қатердің алдын алу және оны бейтараптандыру жөнінде оперативтік және ұзақ мерзімді шаралар кешенін дайындау және жүзеге асыру;

3) ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін күштер құру және олардың дайын тұруын сақтау;

<sup>1</sup> Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі туралы» 1998 ж. 26 маусымдағы Заңы. № 233-І.

4) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес жалпылай және аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысу.

Ұлттық қауіпсіздікті **қамтамасыз ету күштеріне** жататындар: Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа әскерлері мен әскери құрамалары, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер, сыртқы барлау, әскери және қаржы полициясы органдары, Президенттің Күзет қызметі, салық және кеден қызметі, төтенше жағдайлардың зардабын жою қызметі.

Олардың әрқайсысының өз міндеті, өз құзыреті бар. Олар заңда белгіленген шекте өзара әрекеттеседі, өз құзырына жататын мәселелер бойынша бір-біріне ақпарат береді.

Бұл органдарға жалпы басшылық ету Республика Президентіне жүктелген, ол мемлекеттік биліктің ұлттық мүдделерді қамтамасыз ету саласындағы барлық тармақтарының үйлесімді әрекеттерін қамтамасыз етеді.

**Қазақстан Республикасының Президенті** ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері жөнінде актілер шығарады; Қауіпсіздік Кеңесін құрады, оның міндеті мен өкілеттігін анықтайды, Ұлттық қауіпсіздік Тұжырымдамасын бекітеді; ұлттық қауіпсіздікке нақты және потенциалдық қауіпті анықтайды және Қауіпсіздік Кеңесінің пікірін ескере отырып барлық азаматтардың, мемлекеттің және қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қажетті шаралар қабылдайды; өзіне берілген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

**Қауіпсіздік Кеңесін** Мемлекет басшысы басқарады, ол оның міндеті мен өкілеттігін анықтайды, Ұлттық қауіпсіздік Тұжырымдамасын бекітеді. Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесі ҚР Президентінің 1999 жылғы 20-наурыздағы №88 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесі туралы Ереже негізінде жұмыс істейді.

Қауіпсіздік Кеңесі консультативтік-кеңесу органы болып табылады, оны Қазақстан Республикасының Президенті қорғаныс қабілеті мен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, мемлекеттік егемендікті, тәуелсіздікті және аумақ бүтіндігін сақтау, әлеуметтік-саяси тұрақтылықты ұстап тұру, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөніндегі өкілеттіктерді

мемлекет басшысының іске асыруына көмектесуі үшін құрады.

Қауіпсіздік Кеңесінің мүшесі болып лауазымдары бойынша: Парламент Сенатының Төрағасы, Парламент Мәжілісінің Төрағасы, Премьер-Министр, Президент Әкімшілігінің басшысы, Президент көмекшісі — Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшысы, Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің Төрағасы, Сыртқы істер министрі, Қорғаныс министрі кіреді.

Қауіпсіздік Кеңесі қабылдаған шешімдерін Республиканың мемлекеттік органдары міндетті түрде орындауға тиіс. Қажет болған жағдайда Қауіпсіздік Кеңесінің шешімі Президенттің немесе Үкіметтің актілері арқылы іске асырылуы мүмкін.

Бұл тұрғыдан алғанда Республика Парламентінде мынадай өкілеттіктер бар: ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша заңдар қабылдайды, оларға өзгертулер мен толықтырулар енгізеді; соғыс және бейбітшілік мәселелерін шешеді; Президенттің ұсынысы бойынша Қарулы Күштерді бейбітшілік пен қауіпсіздікті ұстап тұру жөніндегі халықаралық келісімдерді орындау үшін пайдалану туралы шешім қабылдайды; ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша парламенттік тыңдау өткізеді; бұл мәселеге қатысты басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

**Қазақстан Республикасының Үкіметі** ұлттық қауіпсіздік саласындағы заң жобаларын Парламент Мәжілісінің қарауына ұсынады және ол заңдардың орындалуын қамтамасыз етеді; Ұлттық қауіпсіздік Тұжырымдамасын жасауды ұйымдастырады; орталық және жергілікті атқару органдарының ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметіне басшылық жасайды; жарғылық капиталға берілген және (немесе) ұлттық холдингтердің және (немесе) ұлттық компаниялардың не олардың аффилирленген тұлғаларының, сондай-ақ мемлекет қатысқан өзге заңды тұлғалардың меншігіндегі стратегиялық объектілердің, және де мемлекетпен аффилирленбеген заңды тұлғалардың және жеке тұлғалардың меншігіндегі стратегиялық объектілердің тізбесін жасайды.

Республика Үкіметі, сонымен қатар, Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделеріне қауіп төндіруі мүмкін жеке және заңды тұлғалардың стратегиялық объектілерімен мәміле



жасауға, Үкімет жанындағы стратегиялық объектілер бойынша комиссияның ұсынысы негізінде, рұқсат беру туралы немесе рұқсат беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды; ұлттық қауіпсіздік мәселелеріне қатысты өзге де өкілеттіктерін Конституцияға, заңдарға және Президент актілеріне сәйкес жүзеге асырады.

Облыстардың (республикалық дәрежедегі қалалардың, астананың), меншік түріне қарамастан барлық ұйымдардың **жергілікті өкілдік және атқару органдары** өз құзыреті шегінде тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністерде ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысты шаралар қабылдайды, жұмыстар жүргізеді; Үкімет белгілеген мобилизациялық қуаттар мен мобилизациялық резервтердің (ресурстардың) сақталуын қамтамасыз етеді.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандығын қорғау, Республиканың конституциялық құрылысын қорғау мақсатында заң, қажетті кездерде төтенше жағдай енгізудің шартын, негізін және тәртібін қарастырған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8-ақпанындағы «Төтенше жағдай туралы» № 387-ІІ Заңына сәйкес **төтенше жағдай** Қазақстан Республикасының демократиялық институттары, тәуелсіздігі мен аумақ бүтіндігі, саяси тұрақтылығы, оның азаматтарының қауіпсіздігі елеулі және тікелей қауіпке ұшыраған, мемлекеттің конституциялық органдарының қалыпты жұмысы бұзылған кезде енгізіледі. Қазақстан Республикасының барлық аумағында немесе кейбір жерлерінде төтенше жағдайды Президент өзінің тиісті жарлығымен енгізеді. Оған дейін ол Премьер-Министрмен және Парламент палаталарының Төрағаларымен ресми консультация өткізеді және төтенше жағдай жайында Республика Парламентін тез арада хабардар етеді.

Қалыптасқан жағдайды басқа шаралар қолданып реттеу мүмкін болмаған кезде ғана төтенше жағдай енгізіледі. Төтенше жағдай енгізуге негіз болған мән-жайларды жоюға қатысты тез арада шешім қабылдап, іс-шаралар жүргізуі үшін Президент төтенше жағдай режимін басқаратын арнайы мемлекеттік органдар құрайды, олар: Президент жанындағы Төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комиссия және жергілікті жердегі комендатура.

Республика өзінің ұлттық қауіпсіздігін қолында бар барлық құралдармен және әдістермен, оның ішінде экономикалық, саяси, әскери, құқықтық, арнайы (барлау, контрбарлау) құрал-әдістерді біржақты немесе халықаралық шарттарға сәйкес қолданып қамтамасыз етеді. Ұлттық қауіпсіздік ұлттық мүдденің қорғалғандық деңгейіне қол жеткізу арқылы қамтамасыз етіледі.

Бұл жұмыстағы басты бағдар Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігінің стратегиясында көрсетілген. Бұл және басқа да құжаттардың талаптарын іске асырғанда елдің экономикалық мүдделерін қорғау жөніндегі шаралардың тиімді жүйесін ұйымдастыруға баса назар аударылады. Мысалы, мемлекеттік органдар экономикалық қауіпсіздікке төнген жасырын және нақты қауіптер жайында ақпарат алады, экономикалық, ғылыми-техникалық, несие-қаржы, көлік-коммуникация байланыстарын халықаралық деңгейде дамыту мәселесінде көмек көрсетіледі.

Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету дегеніміз, ұлттық мүдделердің қорғалуын қажетті деңгейге жеткізу және оны ұстап тұру болып табылады, ол үшін:

1) мемлекеттің осы саладағы қызметінің негізгі бағыттарын анықтау;

2) ұлттық қауіпсіздікке қатерді айқындау және болжау;

3) ұлттық қауіпсіздікке қатердің алдын алуға және оны бейтараптандыруға, оның ішінде бұл қатерлерді тудыратын себептер мен жағдайларды жоюға қатысты оперативті және ұзақ мерзімді шараларды жүзеге асыру;

4) ұлттық мүдделерге тікелей қауіп төнген, оларға қол сұғылған жағдайларда, оның ішінде мемлекет ішіндегі, шекара өткен және ғаламдық экстремалдық және төтенше жағдайларда ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін күштер мен құралдарды жұмылдыру;

5) ұлттық мүдделерді қорғау жөнінде тез шешім қабылдау және әрекет ету, ұлттық қауіпсіздікке қол сұғатын заңсыз қызметтің жолын кесу, құқық шектейтін басқа да шараларды жүзеге асыру;

6) ұлттық мүдделерге қол сұғумен байланысты зардаптарды азайту және жою, қалпына келтіру шараларын жүзеге асыру керек.

## Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі

**Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі** Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін күштерге жататын және күзетуіндегі адамдар мен объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын заңда белгіленген құзыреті шегінде жүзеге асыратын арнайы мемлекеттік орган болып табылады.

Күзететін адамдар, олар — Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметінің Конституцияға, конституциялық заңдарға, 1995 жылдың 3-қазанындағы «Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі туралы» № 2483 Заңға сәйкес күзетуіне жататын адамдар.

Олар:

- 1) Қазақстан Республикасының Президенті;
- 2) Парламент Сенатының Төрағасы;
- 3) Парламент Мәжілісінің Төрағасы;
- 4) Республиканың Премьер-Министрі;
- 5) Республика Президентінің зайыбы (жұбайы) және Президенттің өзімен бірге тұратын отбасы мүшелері;
- 6) Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті;
- 7) Бірінші Президенттің өзімен бірге тұратын немесе оның жанына ерген отбасы мүшелері;
- 8) Қазақстан Республикасының экс-президенті;
- 9) Қазақстан Республикасының тізбесін Президент бекіткен лауазымды адамдары;
- 10) Қазақстан Республикасының аумағында жүрген шет мемлекеттердің, шетелдік парламенттер мен үкіметтердің басшылары, олардың қауіпсіздігі Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес қамтамасыз етіледі;
- 11) Қазақстан Республикасының аумағында жүрген халықаралық ұйымдардың басшылары және шет мемлекеттердің өзге адамдары, олардың қауіпсіздігі Президенттің немесе оның тапсыруымен — Президент Әкімшілігі Басшысының өкімі негізінде қамтамасыз етіледі.

Күзетілетін объектілер — күзетілетін адамдардың болуына арналған ғимараттар, құрылыстар, олардың айналасындағы

аумақтар мен акватория. Күзет қызметі күзететін объектілер тізбесін Президент бекітеді.

Президенттің Күзет қызметінің **міндеттері:**

- күзететін адамдардың жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- күзететін адамдардың өміріне, денсаулығына, құқығына, бостандығына, қадір-қасиетіне және меншігіне қарсы бағытталған қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтарды айқындау, олардың алдын алу және жолын кесу;
- күзететін адамдардың меншігін күзету, олар жүрген жердегі объектілерде және басқа жерлерде қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- өз өкілеттігі шегінде ланкестікпен күресу;
- күзететін адамдар мен объектілерге төнетін қауіпті болжау және айқындау, олардың алдын алу және оларды бейтараптандыру жөнінде тез шара қолдану.

**«Сырбар» сыртқы барлау қызметі**

Қазақстан Республикасының 2007—2012 жылдарға арналған Ұлттық қауіпсіздік стратегиясының негізгі ережелерін іске асыру, ұлттық қауіпсіздікті нығайту және арнайы қызмет құрылымдарын ретке келтіру мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 17-ақпандағы «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін нығайту және барлау қызметін әрі қарай жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» № 739 Жарлығымен **«Сырбар» сыртқы барлау қызметі** құрылды. Бұл қызмет мемлекеттік органға жатады, Президент алдында есеп береді, сыртқы барлау саласындағы уәкілетті органның функциясын жүзеге асырады (бұл ҰҚК-нің бұрынғы «Барлау» қызметі).

«Сырбар» қызметінің негізгі міндеті — Қазақстан Республикасының Президентін, заң шығарушы және атқарушы биліктің жоғарғы органдарын саяси, экономикалық, әскери, ғылыми-техникалық, гуманитарлық салаларда шешімдер қабылдауға қажетті, сондай-ақ ұлттық мүдделерге қандай да бір зиян келтіруі және мемлекеттің қауіпсіздігіне ықпал етуі мүмкін әлемдегі жасырын процестер туралы нақты ақпаратпен қамтамасыз ету. Бұл Қызмет сыртқы қауіпті айқындауға, оның болуы мүмкін зардаптарының алдын алуға баса назар аударады.

Халықаралық ланкестікпен, трансұлттық ұйымдасқан қылмыскерліктен, діни экстремизмнен, наркотрафиктен, жасырын көші-қаннан, сондай-ақ жаппай қырып-жоятын қарудың компоненттерінің және қос мақсатты технологиялардың заңсыз тасымалынан келетін сыртқы қауіптер туралы ертерек ақпарат алу қазіргі кезде сыртқы барлау Қызметі үшін аса маңызды болып тұр.

Қазақстанның халықаралық міндеттемелеріне сәйкес Комитеттің барлау қызметінің алдында ондай қауіптерді ерте бастан айқындап, оларды болдырмау міндеті тұр. Ғаламдастыру дәуірінде Экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету проблемасы да бой көтерді. Соған байланысты қазақстандық барлау қызметін ұлттық мүдделерге қаржы, энергетика, азық-түлік, индустриялық-инновациялық, коммуникациялық, ақпараттық және экологиялық салалардағы аса ықтимал қауіптерді уақытында айқындау міндеті жүктелді.

«Сырбар» қызметіне, сонымен қатар, қолайлы конъюнктуралық-коммерциялық жағдайлар тудыру арқылы Қазақстанның микрошаруашылық байланыстар жүйесіне кіру процесін нығайтуға, өнеркәсібі дамыған елдермен қарым-қатынасының ауқымын кеңейтуге, ұлттық экономикаға шетелдік инвестициялар тартуға, сыртқы экономикалық қызметтен валюталық түсімді көбейтуге айрықша құралдармен көмек көрсету міндеті де жүктелген.

Шетелдік капиталдың ел экономикасын дамытуға көптеп тартылуы жағдайында «Сырбар» Қызметінің алдында инвестициялық жобаларға қатысудан сырттан біржақты пайда көруге талпынысты айқындау, қандай да бір экономикалық операциялардың шынайы мақсаты мен қозғаушы күштерін айқындау, Қазақстанды дамыған елдердің таза шикізат қорына, сапасыз тауарларды өткізетін және өзі арзан, бірақ едәуір білікті жұмысшы күшін алатын рынокқа айналдыру қауіпінің алдын алу жөнінде міндет тұр.

Қазақстан барлауының бұл саладағы тағы бір маңызды міндеті озық технологияның дамуын ақпаратпен қамтамасыз ету, ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерінің экономикалық дамумен кері байланысын құруға жағдай тудыру. Қазақстан Республикасының шет елдердегі дипломатиялық мекемелері мен

азаматтарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, яғни шетелдік арнайы қызметтердің, ланкестік және экстремистік ұйымдардың шет елдердегі қазақстандық мекемелер мен азаматтардың қызметіне қауіп төндіретін әрекеттерін айқындау, олардың алдын алу және жолын кесу де «Сырбар» Қызметінің функциясына кіреді. Ақпараттық жұмыстың сапасына барған сайын баса көңіл аударылуда. Оперативтік жағдайдың дамуын үзбей ақпараттық талдау, ұлттық қауіпсіздікке сыртқы және ішкі қатерді болжау және сол негізде сыртқы ортаның өзгеруіне парапар ақпараттық басымдылықтарды анықтау жүйесін құруға қатысты шаралар қабылданды.

## **7.2. Ұлттық қауіпсіздік органдары. Міндеттері мен функциялары**

Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және оған ғана есеп беретін арнайы мемлекеттік органдар, олар Қазақстан Республикасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады және өздеріне берілген өкілеттіктер шегінде адамдардың және қоғамның қауіпсіздігін, елдің конституциялық құрылысын, мемлекеттік егемендігін, аумақтық бүтіндігін, экономикалық, ғылыми-техникалық және қорғаныс әлеуетін қорғауды қамтамасыз етеді.

1992 жылы Президент жарлығымен Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті Ұлттық қауіпсіздік комитеті болып қайта құрылды. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің тарихы Мемлекеттік қауіпсіздік комитетін ҰҚК етіп қайта құрғаннан басталады. МҚК-нің бұрынғы жүйесіне ұйымдық іс-шаралар мен құрылымдық өзгерістер жүргізілді. Мысалы, МҚК-нің Бірінші басқармасы ҰҚК-нің Барлау басқармасы болып қайта құрылды. Оның құрамына бұрын КСРО-ның МҚК-де істеген қазақстандық барлаушылар да кірді. Қазақстанның сыртқы барлауы Басқарма мәртебесінде 1996 жылға дейін болды, онан соң ҰҚК-нің Бас барлау басқармасы болып, кейін Барлау департаменті болып қайта құрылды.

Ұлттық қауіпсіздік комитетін ұйымдастыру туралы Жарлыққа Республика Президенті 1992 жылдың 13-маусымында қол қойды.

ҰҚК қызметіндегі басым бағыттар жайында айтатын болсақ, олар: ланкестікке, ақпараттық ресурстарға қол сұғушылыққа (шпиондық, мемлекетті сату, электрон тораптарындағы қылмыстар) қарсы тұру, жаппай қырып-жоятын қарудың таралуына жол бермеу. Барлау қызметі және мемлекет шекарасын түгелдей қорғау да ҰҚК жұмысының басты бағыттарының бірі екені сөзсіз. Ланкестікпен, экстремизммен, ұйымдасқан қылмыскерлікпен күрес те, есірткінің заңсыз айналымына және контрабандаға қарсы тұру да бұл органның негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

Ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметі 1995 жылдың 21-желтоқсанында «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы» № 2710 заңмен регламенттеледі.

Ұлттық қауіпсіздік органдарының **міндеттері:**

— адамның, қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты белгілеуге және іске асыруға қатысу;

— Қазақстан Республикасының мүддесі үшін барлау ақпаратын табу;

— шет мемлекеттердің арнайы қызметтері мен ұйымдарының, сондай-ақ жекелеген адамдардың Қазақстанның қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге бағытталған барлау және басқадай қызметтерін айқындау, олардың алдын алу және жолын кесу;

— Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күшпен өзгертуге, бүтіндігін бұзуға және қауіпсіздігін шайқалтуға бағытталған ланкестік және өзге әрекеттерді айқындау, олардың алдын алу және жолын кесу;

— заңда ұлттық қауіпсіздік органдарының жүргізуіне жатқызылған қылмыстарды айқындау, олардың алдын алу, жолын кесу және оларды тергеу;

— Қазақстан Республикасының Президентін, мемлекеттік органдарын, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін, басқа әскерлері мен әскери құрамаларын бейбітшілік және соғыс кездері үкіметтік байланыспен қамтамасыз ету;

— Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарында, ұйымдарында, Қарулы Күштерінде, басқа әскерлері мен әскери құрамаларында шифрлейтін жұмыс ұйымдастыру;

— Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын күзетуді және қорғауды қамтамасыз ету.

Ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметіндегі **негізгі принциптер** — заңдылық, жеке дара басшылық, барлық адамдардың заң алдында теңдігі, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандығын құрметтеу және сақтау, саяси партиялар мен өзге қоғамдық бірлестіктердің қызметіне тәуелсіздік.

Ұлттық қауіпсіздік органдары қызметінің құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдары; «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы» заң; Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары мен өзге міндеттемелері; Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі мен Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары; ҚР Президенті бекіткен Ұлттық қауіпсіздік Комитеті туралы Ереже құрайды.

Ұлттық қауіпсіздік органдарының **бірыңғай жүйесін** Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті, оның ведомстволары, жергілікті және басқа органдары, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің әскерлері, арнайы бөлімшелері, оқу орындары, ғылыми-зерттеу мекемелері және басқа бағынышты ұйымдары құрайды.

Ұлттық қауіпсіздік комитетін Республика Президенті құрады, таратады және қайта ұйымдастырады, ол Республиканың орталық атқару органдар жүйесіне кірмейді. Ұлттық қауіпсіздік комитетін Төраға басқарады, оны Парламент Сенатының келісуімен Президент тағайындайды, Президент қызметтен босатады.

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің **Төрағасы:**

— Комитет жұмысын ұйымдастырады, ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметіне басшылық етеді, оларға жүктелген міндеттің орындалуына жеке жауап береді, Төраға орынбасарларына міндеттер таратып береді;

— Қазақстан Республикасының Президентіне Комитеттің құрылымдық бөлімшелері мен ведомстволарын құру, қайта құру және тарату жөнінде ұсыныс енгізеді, Комитеттің аумақтық органдарын, әскери контрбарлау органдарын, әскерлерін, арнайы мақсаттағы бөлімшелерін, өзге органдарын және ведомствоға қарайтын ұйымдарды құрады, қайта ұйымдастырады және таратады;

— ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметіне ведомстволық бақылауды қамтамасыз етеді;

— Ұлттық қауіпсіздік комитеті туралы Ережеде жүктелген басқа да функцияларды орындайды.

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің облыстар, республикалық дәрежедегі қалалары және Республика астанасы бойынша **аумақтық органдары** және оларға бағынышты қалалық және аудандық басқармалары (бөлімдері, бөлімшелері) тиісті аумақтардағы қауіпсіздік органдарына жүктелген міндеттерді орындауға тиіс.

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ведомстволары ұлттық қауіпсіздік органдарына жекелеген бағыттар бойынша міндеттерді орындау үшін құрылған.

**Әскери контрбарлау органдары** ұлттық қауіпсіздік органдарына жүктелген міндеттерді Қарулы Күштерде, басқа әскерлер мен әскери құрамаларда жүзеге асыру үшін құрылған.

**Ұлттық қауіпсіздік комитетінің әскерлері** ұлттық қауіпсіздік органдарына бейбітшілік және әскери кездері жүктелген міндеттерді орындайды.

Ланкестік актілердің және басқадай адамға, қоғамға және мемлекетке жасалатын аса қауіпті қылмыстардың жолын кесу үшін арнайы мақсаттағы бөлімшелер құрылады.

2000 жылдың 1-желтоқсанында ТМД мемлекеттері басшыларының Кеңесінде (Минск қаласы) ТМД мемлекеттерінің Ланкестікке қарсы орталығы туралы Ереже қабылданды.

Орталық ТМД-нің тұрақты мамандандырылған салалық органы болып табылады, оның мақсаты ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің халықаралық ланкестікпен және экстремизмнің басқа да көріністерімен күрес саласындағы өкілетті органдарының өзара әрекетін үйлестіру. Орталық қызметінің принципалдық мәселелері туралы шешімді ТМД мемлекеттері басшыларының Кеңесі қабылдайды.

Өз жұмысында Орталық ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің Ішкі істер министрлерінің Кеңесімен, Қорғаныс министрлерінің Кеңесімен, Бас прокурорлардың үйлестіру Кеңесімен, Шекара әскерлері қолбасшыларының Кеңесімен, олардың жұмысшы органдарымен, сондай-ақ ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің

аумағындағы ұйымдасқан қылмыскерлікпен және қылмыстың басқа да қауіпті түрлерімен күресті үйлестіру жөніндегі Бюромен өзара әрекеттестікте болады.

Орталықты Басшы басқарады, ол ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің қауіпсіздік органдары мен арнайы қызметтері басшылары Кеңесінің Төрағасының ұсынысымен ТМД мемлекеттері басшыларының Шешімімен тағайындалады (босайды).

Орталық Басшысында ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің Ішкі істер министрлері кеңесінен (бірінші орынбасар), Қорғаныс министрлері кеңесінен және Шекара әскерлері Қолбасшылары кеңесінен үш орынбасар болады, Орталық Басшысы, оның бірінші орынбасары және орынбасарлары бір мемлекеттің өкілі болуға тиіс емес.

ТМД-ға қатысушы мемлекеттер өздерінің өкілетті өкілдерін Орталыққа Ланкестікке қарсы орталық туралы Ережеге және өздерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес жібереді.

Ол өкілдердің негізгі міндеттері мен функциялары:

— халықаралық ланкестікпен және экстремизмнің басқа да көріністерімен күресте өзін жіберген мемлекеттің өкілетті органдары мен Орталықтың өзара әрекеттестігін қамтамасыз ету. Өз мемлекетінің халықаралық ланкестікпен және экстремизммен күрестегі сыртқы және ішкі саясаты жайында Орталықтың басшыларын хабардар ету;

— ланкестік қылмыс жасап қылмыстық қудалаудан бой тасалап жүрген адамдарға халықаралық іздеу салуға көмектесу;

— халықаралық ланкестікпен және экстремизмнің өзге де көріністерімен күреске қатысты мемлекетаралық бағдарламалар әзірлеуге және оларды іске асыруға қатысу.

ТМД-ға қатысушы мемлекеттер Орталықпен ресми байланыс жасайтын өкілетті өз органдарын анықтайды. Осы мақсатта Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылдың 24-желтоқсанындағы № 435 өкімімен Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Ланкестікке қарсы орталығы құрылды, ол мүдделі мемлекеттік органдардың ланкестік және экстремистік құбылыстарды айқындау, олардың алдын алу және жолын кесу саласындағы қызметін үйлестіреді.

Орталыққа Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының қауіпсіздік жүйесін күшейту және ланкестік қауіптердің бетін қайтаруға дайын тұру, оның ішінде ланкестікпен, экстремизммен және сепаратизммен күресудің Мемлекеттік бағдарламасында көзделген шаралардың іске асырылуын бақылау өкілеттігі берілген.

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің тағы бір ведомствосы — **Шекара қызметі**, ол Қазақстан Республикасының шекара саясатын мемлекеттік шекарада жүзеге асырады. Мемлекеттің негізгі белгісі — оның шекарасы айқын белгіленген аумағының болуы. Оның қауіпсіздігі мен бүтіндігін қамтамасыз етуде Шекара қызметіне айрықша міндет жүктелген.

Алғашында КСРО-ның Шекара әскерлерінің мемлекеттік шекараның кеңес-қытай және кеңес-ауған учаскелерін күзететін Шығыс шекара округының базасында ұлттық шекара әскерлері құрылды.

Қазақстан Республикасы ҰҚК-нің Шекара әскерлері Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 18-тамызындағы № 862 Жарлығымен құрылды.

1995 жылы, ҚР Президентінің № 2283 Жарлығына сәйкес Шекара әскерлері Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын күзету жөніндегі Мемлекеттік Комитет болып қайта құрылды. Бұл кезге дейін республиканың Шекара әскерлері, негізінен, өзіне жүктелген міндетті өзі атқара алатындай құрылым болып аяғына тұрды.

Сонымен қатар, әскерлерді қару-жарақпен, техникамен және арнайы құралдармен қамтамасыз ету, мамандарды ТМД-ға қатысушы мемлекеттермен әскери ынтымақтастық шеңберін даярлау мәселесі шешілді.

Республиканың мемлекеттік институттарының қалыптасуының және дамуының кезекті кезеңінде, басқару органдарының жұмысын оңтайландыру және тиімділігін арттыру процесінде ҚР Президентінің 1997 жылғы 4-наурыздағы Жарлығымен Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекараны күзету жөніндегі Мемлекеттік Комитеті таратылды, ол Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрамындағы Мемлекеттік шекараны күзету Күштері болып қайта құрылды.

Қазіргі кезде Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі мемлекеттік шекараны күзетуге және қорғауға, Қазақстан Республикасының егемендігі мен аумақтық бүтіндігіне құрылықта, теңізде, көлдерде, өзендерде және басқа жерлерде, және де экономикалық мүдделерге мемлекеттік шекарада қол сұғудың алдын алуға және жолын кесуге арналған арнайы қызмет.

Шекара қызметі мынадай функциялар атқарады:

— Қазақстан Республикасының шекара қызметін мемлекеттік шекарада іске асырады;

— адамның, қоғамның, мемлекеттің қауіпсіздігін мемлекеттік шекарада қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік бағдарламалардың орындалуына қатысады;

— шекара қызметінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекараны күзету және қорғау саласындағы халықаралық шарттарын орындауын ұйымдастырады;

— халықаралық ұйымдардың мемлекеттік шекараны күзетуге және қорғауға қатысты жұмыстарына, мемлекеттік шекараны халықаралық-құқықтық ресімдеу жөніндегі шараларды жүзеге асыруға, шет мемлекеттердің шекара ведомстволарымен өзара байланыс орнату жөніндегі халықаралық келіссөздерге өз өкілеттігі шегінде қатысады;

— Шекара қызметінің мемлекеттік шекараны күзету және қорғау, мемлекеттік шекара арқылы адамдарды, көлік құралдарын және жүктерді өткізу қызметінің барлық түрлерін жүзеге асырады, жергілікті жерде мемлекеттік шекараны заңсыз өзгертудің алдын алу және жолын кесу, мемлекеттік шекара режимін сақтау, және де шекара режимін және шекара арқылы өткізу пункттеріндегі режимді сақтау жөнінде шаралар белгілеуді және іске асыруды ұйымдастырады;

— ҚР заңдарына сәйкес басқа да функцияларды жүзеге асырады.

Шекара қызметін ҰҚК Төрағасының орынбасары — Шекара қызметінің директоры басқарады, оны ҰҚК Төрағасының ұсынуы бойынша ҚР Президенті қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Кез келген мемлекетте кездесетін функция, ол — барлау. Отандық сыртқы барлаудың аяққа тұруы, жалпы, ұлттық

қауіпсіздік органдарының құрылуымен тығыз байланысты. Ол, өзінің айрықша сипатына және атқаратын міндетіне қарай әрқашанда жасырын ұйым болып келді, солай болып қалады да.

Одақ тарағанға дейін Қазақ КСР-інің Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің құрамында шағын Бірінші басқарма болды, ол атқаратын міндетті КСРО-ның Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті белгілеп отырды.

### **7.3. Ұлттық қауіпсіздік органдарының құқықтары мен міндеттері**

**Ұлттық қауіпсіздік органдарының міндеті:**

1) ел қауіпсіздігіне төнген қатер жөнінде ҚР Президентін, ҚР Парламентін және ҚР Үкіметін хабардар ету;

2) Қазақстан Республикасының мүддесі үшін барлау жұмысын жүзеге асыру;

3) шет мемлекеттердің арнайы қызметтері мен ұйымдарының, сондай-ақ жеке адамдардың Қазақстан Республикасының қауіпсіздігіне қауіп келтіретін барлау және басқадай қызметінің алдын алу, жолын кесу үшін барлау жұмыстарын жүзеге асыру;

4) Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күшпен өзгертуге, бүтіндігін бұзуға және қауіпсіздігін шайқалтуға бағытталған ланкестікті және басқа әрекеттерді айқындау, олардың алдын алу және жолын кесу;

5) заңда ұлттық қауіпсіздік органдарының жүргізуіне жатқызылған қылмыстарды айқындау, олардың алдын алу, жолын кесу және оларды тергеу;

6) басқа мемлекеттердің заңсыз әскери құрамаларының, саяси партиялары мен кәсіби одақтарының, діни негіздегі партиялардың Қазақстан Республикасының аумағындағы қызметін, сондай-ақ саяси партиялар мен кәсіби одақтарды шет елдердің заңды тұлғалары мен азаматтарының, шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың қаржыландыруын мемлекеттік органдардың алдын алуына және жолын кесуіне көмектесу;

7) мемлекеттік органдарда, әскери құрамаларда, бөлімдер мен ұйымдарда мемлекеттік құпия болып табылатын мәліметтерді қарсы барлау арқылы қорғау шараларын белгілеу және жүзеге

асыру, құпиялардың сақталуын бақылау; Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпия болып табылатын ақпаратты пайдалануға рұқсат алған азаматтарын арнайы тексеру;

8) қорғаныс кешенінің, атом энергетикасының, көлік пен байланыс объектілерінің, аймақтардың тіршілігін ұстап тұрған объектілердің, тізбесін ҚР Үкіметі белгілеген басқа да стратегиялық объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде шаралар белгілеуге және оларды жүзеге асыруға қатысу;

9) Қазақстан Республикасының шет елдердегі дипломатиялық өкілдіктері мен өзге мемлекеттік ұйымдарының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты іс-шаралар жүргізу;

10) басқа өкілетті органдармен бірлесіп Қазақстан Республикасының аумағындағы шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың өкілдіктерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау;

11) Қазақстан Республикасы Президентінің нұсқауымен, басқа да мемлекеттік органдармен бірлесіп, Қазақстан Республикасының аумағында болған кезінде шет елдердің мемлекет және үкімет басшыларының, халықаралық ұйымдар басшыларының, ел аумағында өткізілетін маңызды қоғамдық-саяси іс-шаралардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысу;

12) Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын күзетуді және қорғауды қамтамасыз ету және т.б.

Ұлттық қауіпсіздік органдарының өздеріне жүктелген міндеттерді орындаудағы **құқығы:**

— жалпы және арнайы жедел-ізвестіру іс-шараларын, сараптық-криминалистік зерттеулер жүргізеді, заңда ұлттық қауіпсіздік органдарының тергеу жүргізуіне жатқызылған қылмыстарды айқындайды, олардың алдын алу және жолын кесу үшін Қазақстан Республикасының азаматтарын өз еріктерімен штаттан тыс оперативтік қызметкерлер ретінде жұмысқа тартады;

— мақсаттары мен әрекеттері Қазақстан Республикасының қауіпсіздігін шайқалтуға, тұтастығын бұзуға, конституциялық құрылысын күшпен өзгертуге бағытталған шетелдік арнайы қызметтер мен ұйымдарға, қылмыстық топтарға кіруді жүзеге асырады;

— құзыретті мемлекеттік органдармен бірлесіп, өздерінің әрекеттерімен қоғамға, мемлекетке қауіп төндіретін немесе зиян келтіретін шет ел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарды Қазақстан Республикасынан аластату немесе оларды келтірмеу туралы мәселені шешеді;

— заңда ұлттық қауіпсіздік органдарының жүргізуіне жатқызылған қылмыстарды айқындағанда, олардың алдын алып, жолын кескенде және оларды тергегенде қылмыстық-іс жүргізу заңдарында көзделген шекте басқа органдар міндетті түрде орындауға тиісті тапсырмалар береді;

— іс жүргізіліп жатқан материалдар бойынша азаматтарды ұлттық қауіпсіздік органдарына шақырады, олардан түсінік, анықтама және құжаттар алады және олардың көшірмелерін түсіріп алады; шақырғанда келуден жалтарған адамдарды алып келеді;

— қылмыс жасады деп күдіктенуге негіз болса, азаматтардың құжаттарын, жеке куәліктерін заңға сәйкес тексереді. Қылмыс жасады деп күдік тудырған адамдарды ұстайды, жеке көлігін қарап шығады, заттары мен құжаттарын, және де түсініктеме алады;

— айрықша режимдегі және басқа объектілердің арнайы күзеттегі аумағына өтуге талпыныс жасаумен немесе өтіп кетуімен, шекаралық зонада заңсыз жүрумен байланысты құқық бұзушылық жасаған адамдарды әкімшілік жолмен ұстайды, құжаттарын, жеке куәліктерін тексереді, түсінік алады, жеке басын қарап шығады, заттары мен құжаттарын алады;

— қылмысты тойтару, қылмыс жасаған немесе күдік тудырған адамдарды қудалау және ұстау, ұсталған адамдарды тиісті жерге жеткізу үшін, сондай-ақ оқиға орнына жету және жедел медициналық көмекке мұқтаж адамдарды емдеу мекемелеріне жеткізу үшін ұйымдардың, әскери құрамалар мен бөлімдердің байланыс құралдарын, көлік құралдарын пайдаланады; иелерінің талабы бойынша ұлттық қауіпсіздік органдары заңда белгіленген тәртіпте оларға келген нақты зиянды өтейді;

— қылмыстың жолын кесу, оны жасады деп күдік тудырған адамның ізіне түсу мақсатында, егер кешігу азаматтардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін, ел қауіпсіздігіне зиян келтіретін болса, ұйымдардың, әскери құрамалар мен бөлімдердің

аумағына және үй-жайларына, азаматтардың үй-жайларына және оларға тиесілі жер телімдеріне кедергісіз кіреді;

— бұлтартпау шарасы ретінде қамауда ұстау белгіленген адамдарды және қылмыс жасады деген күдікпен қауіпсіздік органдары ұстаған адамдарды заңда белгіленген тәртіпте ұстап отырғанда тергеу изоляторын иемденеді;

— мемлекеттік құпиялардың, коммерциялық, банктік және заң қорғайтын өзге құпиялардың сақталуын қамтамасыз ету, мемлекеттік органдағы, әскери құрамалар мен ұйымдардағы байланыстың арнайы түрлері мен шифрлеу жұмысының қауіпсіздігі мәселелері бойынша бақылау жүргізеді, методологиялық және практикалық көмек көрсетеді;

— мемлекеттік органдарға, әскери құрамаларға, бөлімдерге және ұйымдарға қауіпсіздікке қатер төндіретін қылмыстардың жасалуына жағдай тудыратын себептерді жою туралы ұсыныс енгізеді;

— белгіленген тәртіпті немесе мемлекеттік құпияларды қорғау туралы заңдарды бұзып, Қазақстан Республикасының аумағында хабар тарататын радиоэлектрондық құралдарды пайдаланудың алдын кеседі;

— мемлекеттік органдардан, әскери құрамалардан, бөлімдерден және ұйымдардан ұлттық қауіпсіздік органдарына жүктелген міндеттерді орындау үшін қажетті ақпаратты, құпия болып табылатын мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып, тегін алады және т.б.

Ұлттық қауіпсіздік органдарының **кадрларын** әскери қызметшілер, жұмысшылар мен қызметкерлер құрайды. Өзінің іскерлік және моральдық қасиеті, жасы, білімі және денсаулығы жағынан өзіне жүктелген міндетті орындай алатын, ұлттық қауіпсіздік органдарында қызмет атқаруға өзі тілек білдірген Қазақстан Республикасының азаматы ұлттық қауіпсіздік органдарының әскери қызметкері бола алады.

Мемлекет қауіпсіздігіне қатысты мәселелерге байланысты ұлттық қауіпсіздік органдарының әскери қызметшілері кейін нағыз әскери қызметке қалдырылып мемлекеттік органдарға, сондай-ақ ұйымдарға, олардың басшыларының келісімімен, ауыстырылуы мүмкін.



Ұлттық қауіпсіздік органдарының әскери қызметшілерінің заңды талаптарын азаматтар мен лауазымды адамдар орындауға міндетті. Бұл әскери қызметшілер партияларда, кәсіби одақтарда болмайды, қайсыбір саяси партияны қолдамайды.

Ұлттық қауіпсіздік органдарының әскери қызметшілеріне табельдік қаруды, арнайы құралдарды сақтауға және өзімен бірге алып жүруге рұқсат етілген. Арнайы құралдар мен амалдарды әйелдерге, мүгедектігі көрініп тұрған адамдар мен жас балаларға қарсы, олар төңіректегілердің өмірі мен денсаулығына қауіпті шабуыл жасаған, топтасып шабуыл жасаған не қарулы қарсылық көрсеткен жағдайлардан басқа кездері, қолдануға, ал қаруды әйелдер мен кәмелетке толмағандарға қарсы, олар қарулы шабуыл жасаған, қарулы қарсылық көрсеткен, аманат, көлік құралдарын, оның ішінде әуе кемесін басып алған не топтасып шабуыл жасаған жағдайлардан басқа кездері, қолдануға тыйым салынған<sup>1</sup>.

<sup>1</sup> ҚР-ның «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы» 1995 ж. 21 желтоқсандағы № 2710.

## 8 ТАРАУ

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ

#### ***8.1. Ішкі істер органдарының негізгі міндеттері, принциптері және құрылымы***

Тәртіпті және адам, қоғам, мемлекет қауіпсіздігін қорғауда ішкі істер органдары құқық қорғау органдарының арасында басты рөл атқарады, олар қылмысты айқындаумен, оның алдын алумен және жолын кесумен байланысты ұлан-ғайыр жұмыс атқарады.

Ішкі істер органдары атқарушы биліктің Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес анықтауды, алдын ала тергеуді және жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыратын арнайы мемлекеттік органдары болып табылады, олар, сонымен қатар, қоғамдық тәртіпті қорғау, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, адам мен азаматтың құқығы мен бостандығын, қоғам мен мемлекеттің мүдделеріне қастандық әрекеттердің алдын алу және жолын кесу функцияларын да атқарады.

Құқық тәртібін қорғау және қылмыскерлікпен күрес қандай мемлекеттің болмасын өз билігін нығайтудағы басты міндеті.

Қазан революциясы жеңгеннен кейінгі алғашқы кезеңде 1917 жылғы 22-қарашадағы №1 Сот туралы декретпен бұрынғы сот органдары, адвокатура, сот тергеушілері мен прокурорлық қадағалау институттары таратылды. Билікті өз қолына алғаннан кейін жұмысшылар мен шаруалар, жергілікті жағдайларға және революциялық тәжірибеге жүгініп әртүрлі әскери құрамалар құрды, олар Кеңестердің толықтай билігін қамтамасыз етті, қоғамдық тәртіпті қорғады. Ол құрамалардың негізін Қызыл гвардия отрядтары құрады.

Бірақ өмір революциялық заңдылық пен елдегі тәртіпті ұстап тұратын тұрақты, штаттық органдар құру қажеттігін көрсетті.

Контрреволюциямен, тонаушылықпен, саботажбен және басқа қауіпті қылмыстармен күресу мақсатында губерндік және қалалық Кеңестер сайлайтын революциялық трибуналдар құрылды.

Пролетарлық милиция ұйымдастыруды заңдастырған алғашқы акті Ішкі істер Халық Комиссариатының **28 қазан (11 қараша) 1917 жылғы** Кеңес үкіметінің уәкілдігімен шыққан қаулысы болды. Онда Жұмысшы және солдат депутаттары Кеңесінің жұмысшы милиция отрядтарын құруы көзделді, олар Қызыл гвардияның қарулы отрядтарына сүйенетін болды.

1920 жылдың 26-тамызында Бүкілресейлік Орталық Аткару Комитеті мен РСФСР Халық Комиссарлары Кеңесі «Автономиялық Қырғыз (Қазақ) Социалистік Кеңес Республикасы туралы» декрет шығарды, ол қазақ халқының кеңестік мемлекеттігінің бастауы болды. 1919 жылғы қыркүйекте Қырғыз өлкесі Ревкомының Ішкі істер бөлімі құрылды. 1919 жылғы қазанда бұл Бөлімнің құрамында Қырғыз өлкесінің Жұмысшы-шаруа милициясының Басқармасы құрылды, ол 1920 жылдың 8-тамызына дейін тұрды, одан кейін ол Қырғыз (Қазақ) АССР-ның Милиция бас басқармасы болып қайта құрылды.

1920 жылғы қазанда Милиция бас басқармасының жанынан Қылмыстық іздестіру бас басқармасы құрылды. Барлық ірі қалаларда қылмыстық-іздестіру бөлімшелері ұйымдастырылды. Кеңес милициясы шиеленіскен тап күресі жағдайында қалыптасты.

Милицияның құрылымын, қызметінің формалары мен әдістерін әрі қарай жетілдіру КСРО ОАК-нің 1934 жылғы 10-маусымдағы Қаулысының негізінде КСРО<sup>1</sup> Ішкі істер Халық комиссариатын құрумен байланысты, оның қарамағына ұлттық қауіпсіздік органдары мен милиция кірді.

1941 жылғы ақпанда КСРО Ішкі істер Халық комиссариаты екіге: Ішкі істер халық комиссариаты және Ұлттық қауіпсіздік халық комиссариаты болып бөлінді. Мұндай құрылымдық өзгерістер одақтық және автономдық республикалардың да, өлкелер мен облыстардың да ішкі істер органдары болды.

Соғыстан кейінгі жылдары милицияға бұрынғы майдангерлер, жұмысшылар, қызметкерлер келді, олар еңбек ұжымдарының, жастардың алдыңғы қатарлы өкілдері еді. 1959 жылдың 2-наурызында СОКП Орталық Комитеті мен

<sup>1</sup> СЗ СССР.— 1934.— № 36.— 283 б.

КСРО Министрлер Кеңесі «Елдегі қоғамдық тәртіпті қорғауға еңбекшілердің қатысуы туралы»<sup>1</sup> қаулы қабылдады, онда жұмысшыларды, қызметкерлерді, жалпы жұртшылықты құқық бұзушылықтан сақтандыру және социалистік тұрмыс ережелерін нығайту жөніндегі жұмыстарға тартудың жаңа формалары регламенттелді. Көрсетілген кезеңде жолдастық соттардың, басқа да ерікті ұйымдардың құқықтары мен міндеттері кеңейді. Кеңес милициясының тарихы түгелдей мемлекет тарихының бір бөлігі.

Қазіргі кезде ішкі істер органдары қызметінің құқықтық негізін Республика Конституциясы, 1995 жылғы 21-желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» № 2707 Заң, басқа да нормативтік құқықтық актілер, сондай-ақ Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттар құрайды.

Ішкі істер органдарының қызметі заңдылық, жеке дара басшылық, ішкі істер органдары жүйесінің бірлігі, жариялылық, құқық қорғайтын және басқа мемлекеттік органдармен, лауазымды адамдармен, ұйымдармен және азаматтармен өзара әрекеттестік **принциптеріне** тұрғызылған.

Ішкі істер органдарының **міндеттері:**

— қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, оның ішінде төтенше жағдайларда және соғыс кездерінде де;

— қылмыстардың және әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын алу, жолын кесу және айқындау, қылмыстарды ашу және тергеу, қылмыскерлерді іздестіру;

— заңда белгіленген құзыреті шегінде алдын ала тергеуді, анықтауды және әкімшілік іс жүргізуді жүзеге асыру;

— әкімшілік жазаларды орындау;

— құқық тәртібін қамтамасыз ету және әкімшілік жолмен қамалған адамдарды ұстау режимін сақтау;

— кәмелетке толмағандардың қадағалаусыздығын және құқық бұзушылығын айқындау және оның алдын алу;

— қажетті жағдайларда өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік өртке қарсы органдарға көмек көрсету;

— жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік қадағалау және бақылау жүргізу;

<sup>1</sup> СП СССР.— 1959.— № 4.— 25 б.

— есірткі заттардың, жүйкеге әсер ететін заттардың, прекурсорлардың айналымына мемлекеттік бақылау жүргізу;

— азаматтық және қызметтік қаруларға, олардың оқ-дәрілеріне мемлекеттік бақылау жүргізу;

— күзет қызметін жүзеге асыратын, сондай-ақ күзет сигнализациясын орнататын, жөнге келтіретін және оған техникалық қызмет көрсететін субъектілердің қызметіне мемлекеттік бақылау жүргізу;

— мемлекеттік және басқа да объектілерді, жеке тұлғаларды күзету, қамалғандарды және сотталғандарды конвоймен алып жүру, ланкестік актілерінің жолын кесуге, аманаттарды босатуға қатысу;

— виза жұмысын жүзеге асыру, шет ел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасының аумағында болу ережесін сақтауын қадағалау;

— соғыс кезі Қазақстан Республикасының аумақтық қорғаныс жүйесінде жекелеген міндеттер орындайды;

— өзге мемлекеттік органдармен бірлесіп карантиндік, санитарлық және табиғат қорғау іс-шараларына, оның ішінде төтенше жағдайларда өтетін іс-шараларға қатысады, браконьерлермен күресте табиғат қорғау органдарына көмектеседі;

— Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лицензиялық және рұқсат ету қызметін жүзеге асырады;

— айрықша маңызды және айрықша режимдік объектілерде, қазақстан аумақтарында режимдік және күзет іс-шараларын жүзеге асырады;

— ішкі істер органдарына қарасты мәселелер бойынша халықаралық қарым-қатынас орнатады;

— есірткі заттардың, жүйкеге әсер ететін заттардың, прекурсорлардың айналымы саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырады, олардың заңсыз айналымына, оларды қолдануға қарсы әрекеттер жасайды<sup>1</sup>.

**Ішкі істер министрлігі** Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарының жүйесін басқаруда, және де, заңда көзделген шектерде қылмыскерлікпен күрес, қоғамдық тәртіпті қорғау және

<sup>1</sup> «Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы» 1995 ж. 21 желтоқсандағы № 2707 Заңы.

қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган болып табылады.

Министрлікте облыстарда, Астана және Алматы қалаларында, аудандарда, қалаларда, қалалардағы аудандарда және көлікте аумақтық органдар және ведомстволар: Ішкі әскерлер комитеті, Наркобизнеспен күрес және есірткі айналымын бақылау жөніндегі комитет, Тергеу комитеті, Криминалдық полиция комитеті, Әкімшілік полиция комитеті және Жол полициясы комитеті бар.

Министрлікті Ішкі істер министрі басқарады, оны Премьер-Министрдің ұсынуымен ҚР Президенті қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес министрлік:

— қоғамдық тәртіпті, қоғамдық қауіпсіздікті қорғау және қылмыскерлікпен күрес саласындағы мемлекеттік саясаттың жүргізілуін қамтамасыз етеді;

— өз құзырына қатысты нормативтік құқықтық актілерді және нормативтік құжаттарды әзірлейді және бекітеді;

— ішкі істер органдары жүйесін құқықтық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

— қылмыскерлікпен күрес, қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында және ішкі істер органдарының жүргізуіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша халықаралық қарым-қатынастар ұйымдастырады және жүзеге асырады;

— қоғамдық тәртіпті қорғау және қылмыскерлікпен күресу мәселесін ұйымдастыруды жетілдіруге бағытталған шаралар белгілейді;

— қоғамдық тәртіпті, қоғамдық қауіпсіздікті қорғау және қылмыскерлікпен күресу саласында мемлекеттік бағдарламалар белгілейді, оларды іске асырады;

— қылмыскерлікпен күрес, қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы ведомстволық ғылымды дамытудың басты бағыттарын анықтайды;

— ішкі істер органдарының жүйесіндегі мемлекеттік кадр саясатын анықтайды;

— жедел-іздігі және криминалдық қызметті, қылмыстық істер бойынша тиісті анықтау және алдын ала тергеу жүргізуді ұйымдастырады;

— мемлекеттік органдар мен басқа ұйымдардың нарко-маниядан және есірткінің заңсыз айналымынан сақтандыру және оларға қарсы әрекет ету мәселелері жөніндегі қызметінің ведомстволық үйлесілуін қамтамасыз етеді;

— ішкі істер органдары мен ішкі әскерлердің арнайы мақсаттағы бөлімшелеріне басшылық жасайды;

— Қазақстан Республикасының аумақтық қорғаныс жүзеге асыру жөнінде Қарулы Күштермен, басқа әскерлермен және әскери құрамалармен бірлесіп әрекеттер ұйымдастырады;

— Арнайы және әскери тасымалдар ұйымдастырады;

— ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 22-маусымдағы № 607 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі туралы Ережеде көзделген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

Ішкі істер органдары қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша басқа құқық қорғау органдарымен, оның ішінде анықтауды және тергеуді жүзеге асыратын арнайы мемлекеттік органдармен, сондай-ақ халықпен және бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара әрекеттеседі.

**Ішкі әскерлер комитеті** Ішкі істер министрлігінің бейбітшілік және соғыс кездері ішкі әскерлерді әскери басқару органы болып табылады. Комитеттің негізгі міндеттері адамның, қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандығын қылмыстық және басқа заңға қайшы озбырлықтан қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру.

**Есірткі бизнесімен күрес және есірткі айналымын бақылау жөніндегі комитет** Ішкі істер министрлігінің құзыреті шегінде арнайы атқару және бақылау-қадағалау функцияларын, есірткі заттардың, жүйкеге әсер ететін заттардың, прекурсорлардың айналымын мемлекеттік реттеу және олардың заңсыз айналымына, оларды қолдануға қарсы әрекет ету саласын үйлестіруді жүзеге асырады.

Тергеу комитеті қылмыстық сот ісін жүргізу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру үшін құрылған. Комитеттің негізгі міндеттері қылмыстардың алдын алу, оларды айқындау және ашу, сондай-ақ ішкі істер органдары үшін заңда белгіленген өкілеттік шегінде алдын ала анықтау мен тергеуді жүзеге асыру.

Комитет заңда белгіленген тәртіпте:

— қылмыстардың алдын алу, оларды айқындау және ашу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырылуын және өз құзыреті шегінде алдын ала тергеудің және анықтаудың жүзеге асырылуын ұйымдастырады;

— ішкі істер органдарының құзыретіне жатқызылған қылмыстар бойынша алдын ала тергеу мен анықтауды, әскери қылмыстар мен әскери қызметшілер жасаған қылмыстар бойынша жедел-іздігі қызметін жүзеге асырады;

— ішкі істер органдары жүргізетін аймақаралық және мемлекетаралық қылмыстарды тергеуді ұйымдастырады, қажеттілігіне қарай аймақаралық тергеу топтарын құрады;

— ұйымдасқан қылмыстық топ жасаған ауыр және аса ауыр қылмыстар, облысаралық және мемлекетаралық қылмыстар бойынша тергеу жүргізеді;

— Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес шет мемлекеттердің құзыретті органдарының қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету жөніндегі сұраныстарын орындауды ұйымдастырады;

— өз құзыреті шегінде азаматтардың ұсыныстарын, арыздары мен шағымдарын, лауазымды адамдардың жүгінісін қарайды, олар бойынша заңға сәйкес шешім қабылдайды;

— Ішкі істер министрлігінің оқу орындарымен және басқа мекемелерімен бірлесіп алдын ала тергеу мен анықтаманы жетілдіру проблемаларын зерттеуді жүзеге асырады;

— алдын ала тергеу және анықтау бөлімшелерінің, әскери-тергеу органдарының оперативтік қызметінің тергеу практикасын талдайды, олардың сапасын көтеру жөнінде шаралар белгілейді, ғылым мен техниканың жетістіктерін, оң тәжірибені практикаға енгізеді;

— әскери-тергеу органдарының қызметіне бақылау жүргізеді;

— қылмыстық процеске қатысушылардың және өзге адамдардың өмірінің, денсаулығының, ар-намысының, қадір-қасиетінің және мүлкінің қорғалуын бақылайды.

**Өзіне жүктелген міндеттер мен функцияларды жүзеге асыру үшін комитет:**

1) өз құзыретінің мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер қабылдауға;

2) алдын ала тергеу мен анықтаудың қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, жетілдіру және іске асыру жөнінде ұсыныстар енгізуге;

3) мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, лауазымды адамдардан және азаматтардан қажетті ақпарат сұратып алуға;

4) өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша кеңесулер, семинарлар және конференциялар, тіптен халықаралық деңгейде ұйымдастыруға және өткізуге;

5) өз құзыреті шегінде жедел-ізвестіру, сараптамалық, криминалистік қызметті, прокурорлық қадағалауды жүзеге асырушы органдармен, сондай-ақ басқа министрліктермен, ведомстволармен, ұйымдармен және шет мемлекеттердің құқық қорғау органдарымен өзара әрекеттесуге құқылы.

**Криминалдық полиция комитеті** қылмыстарды айқындайды, тергейді, олардың алдын алады және жолын кеседі; тергеуден анықтаудан және соттан бой тасалаған, қылмыстық жазаны өтеуден жалтарған, хабар-ошарсыз кеткен адамға іздеу ұйымдастырады.

Комитет заңда белгіленген тәртіпте:

— қылмыскерлікпен күрес саласында жедел-ізвестіру қызметін ұйымдастырады, жедел-ізвестіру іс-шараларын белгілейді және оларды жүргізеді;

— қылмыс жасаған, анықтау, тергеу органдарынан немесе соттан бой тасалап жүрген, қылмыстық жазаны өтеуден, әскери қызметке шақырудан жалтарып жүрген, хабар-ошарсыз кеткен және басқа адамдарға іздеу ұйымдастырады, оны жүзеге асырады және танылмаған мәйіттерді теңдестіреді;

— өз құзыреті шегінде қылмыстарды айқындау, ашу, олардың алдын алу, жолын кесу жұмыстарын ұйымдастырады және жүзеге асырады;

— қылмыскерлікпен күрес саласындағы бағдарламаларды жүзеге асырады;

— Комитеттің құзыретіне жататын мәселелер бойынша халықаралық қатынастар ұйымдастырады және оларды жүзеге асырады;

— қылмыстық процеске қатысушылардың және басқа адамдардың өмірін, денсаулығын, ар-намысын, қадір-қасиетін, мүлкін қорғауды қамтамасыз етеді;

— мамандандырылған есептер құрады;

— қылмыстарды ашу және қылмыскерлерді, олардың байланыстарын анықтау үшін ақпараттық-сараптамалық жүйе құрады және оны пайдаланады;

— жедел-ізвестіру іс-шаралары мен арнайы операциялардың жүргізілуін бақылауды ұйымдастырады;

— ішкі істер органдарында есепте тұрған адамдардың жүріс-тұрысына оперативтік бақылауды ұйымдастырады.

Өз құзыреті шегінде комитет:

1) өз құзыретінің мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер қабылдауға;

2) криминалдық полицияның қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілерді даярлау, жетілдіру және іске асыру мәселелері бойынша ұсыныстар енгізуге;

3) мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, лауазымды адамдардан және азаматтардан қажетті ақпаратты сұратып алуға **құқылы.**

**Әкімшілік полиция комитеті** қоғамдық тәртіпті қорғау, мемлекеттік объектілердің қауіпсіздігі, көші-қон заңдарының сақталуы, арнайы мекемелерде отырған адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясаттың іске асырылуын Ішкі істер министрлігінің құзыреті шегінде жүзеге асыратын ведомство.

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес комитет:

— қоғамдық тәртіпті, қоғамдық қауіпсіздікті қорғау, қылмыскерлікпен күрес, айрықша күзетілетін және режимдік объектілердің қауіпсіздігі, көші-қон заңдарының сақталуы, Қазақстан Республикасының азаматтығымен байланысты мәселелерді қарау, күзет қызметін жүзеге асыру, арнайы меке-

мелерде отырған адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтауды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясаттың іске асырылуын қамтамасыз етеді;

— қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қорғауға, құқық бұзушылық пен қылмыстардан сақтандыруға бағытталған шаралар белгілейді;

— экологиялық құқық бұзушылықтарды айқындауға, олардың алдын алуға және жолын кесуге бағытталған іс-шаралардың жүзеге асырылуын ұйымдастырады;

— заңдарға сәйкес заңсыз көші-қонға қарсы шаралар белгілейді;

— заңсыз көші-қон бойынша арнайы бөлімшелердің қызметін ұйымдастырады;

— Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау және одан шығару жөніндегі материалдарды қарайды;

— Қазақстан Республикасы азаматтарының тұрғылықты тұру үшін шет елге кетуін және шет ел азаматтарына виза беруді өз өкілеттігі шегінде ресімдейді;

— қылмыс жасады деп күдік тудырып немесе айыпталып ұсталған немесе қамалғандарды, тұрақты мекені жоқ, құжаты жоқ адамдарды ішкі істер органдарының арнайы мекемелерінде ұстауды, күдіктілерді және айыпталушыларды конвоймен алып жүруді, қылмыстық (әкімшілік) процесс жүргізуші органдардың оларға қатысты қаулыларының, ұйғарымдары мен үкімдерінің орындалуын, сондай-ақ кәмелетке толмағандарды уақытша оқшаулау, бейімдеу және ақтау орталығында ұстауды ұйымдастырады;

— режимдік, айрықша күзетілетін объектілердің және мемлекет күзетіндегі объектілердің күзетін ұйымдастырады;

— Қазақстан Республикасында тұрғылықты тұратын адамдардың, сондай-ақ шет елдерде тұрғылықты тұрып жатқан Қазақстан азаматтарының азаматтық тиістілігінің өзгергендігі туралы, Қазақстан халқын тіркеу және құжаттау жайында ақпарат алмасып тұру үшін Әділет министрлігінің Тіркеу қызметінің комитетімен өзара әрекеттеседі;

— қоғамдық тәртіпті, қоғамдық қауіпсіздікті және ішкі істер органдарындағы қылмыскерлікпен күрес саласында мемлекеттік

құпияларды қорғау және құпиялық режимінің сақталуын бақылау жөнінде шаралар қабылдайды;

— ішкі істер органдарында есепте тұрған адамдардың жүріс-тұрысына бақылау ұйымдастырады;

— Ережеде көзделген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

Өзіне жүктелген міндеттерді орындауы үшін комитет:

1) өз құзыретінің мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер қабылдауға;

2) әкімшілік полициясының қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, жетілдіру және іске асыру жөнінде ұсыныстар енгізуге;

3) мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, лауазымды адамдар мен азаматтардан ақпарат сұратып алуға **құқылы**.

**Жол полициясы комитеті**, бұл — Ішкі істер министрлігінің жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында арнайы атқару және бақылау функцияларын жүзеге асыратын ведомствосы.

Комитеттің негізгі міндеттері: жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясаттың іске асуын қамтамасыз ету; оған мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру; бұл саладағы жұмыстарды үйлестіру.

Комитет:

— жол қозғалысы қауіпсіздігіне байланысты шаралар өткізудің және оған халықты үйретудің тәртібін белгілейді;

— бұл саладағы ғылыми зерттеулер мен ғылыми-техникалық шараларды ұйымдастыруға қатысады;

— жеңіл, жүк автомобильдері мен автобустарды, олардың базасында дайындалған арнайы автомобильдерді, мотоциклдерді, мотороллерді, және де олармен бірге қозғалатын тіркемелерді, оның ішінде шет елдерде тіркелген, бірақ Қазақстан аумағына екі айдан асатын мерзімге алып келгендерін мемлекеттік тіркеудің және есепке алудың тәртібін белгілейді;

— автокөлік құралдары мен олардың тіркемелеріне мемлекеттік техникалық тексеру жүргізудің тәртібін белгілейді;

— жол-көлік оқиғаларының алдын алу және жолын кесу шараларына байланысты ұсыныстар енгізеді;

— көлік құралдарына ілесіп жүруді ұйымдастырады;

— жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты лицензия беру қызметін жүзеге асырады;

— мемлекеттік тіркеудің нөмір белгілерінің, көлік құралдары мен тіркемелерді тіркеу туралы куәліктердің, жүргізушілер куәліктерінің және көлік құралдары мен жүргізушілерді жол қозғалысына жіберу үшін қажетті басқа өнімдердің үлгілерін әзірлейді;

— жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағдарламаларын іске асырады;

— жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мемлекеттік қадағалау және бақылау ұйымдастырады;

— Ережеде көзделген басқа да функцияларды атқарады.

Өзіне жүктелген міндеттерді жүзеге асыру үшін комитет:

- 1) өз құзыретінің мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер шығаруға;
- 2) жол полициясы қызметінің мәселелеріне байланысты құқықтық нормативтік актілерді әзірлеу, жетілдіру және іске асыру туралы ұсыныстар енгізуге;
- 3) мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, лауазымды адамдар мен азаматтардан қажетті ақпарат сұратып алуға **құқылы**.

Ішкі әскерлер комитетінің және Есірткі бизнесімен күрес және есірткі айналымын бақылау жөніндегі комитеттің функциялары мен құқықтары ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 22-маусымдағы № 607 қаулысымен бекітілген Ережемен регламенттелген.

Тергеу комитеті туралы, Криминалдық полиция комитеті туралы, Әкімшілік полиция комитеті туралы, Жол полициясы комитеті туралы Ережелер ҚР Үкіметінің 2006 жылғы 21-сәуіріндегі № 313 қаулысымен бекітілген<sup>1</sup>.

## **8.2. Ішкі істер органдарының құқықтары мен міндеттері**

Ішкі істер органдарының көптеген міндеттерінің ішінен негізгі міндеттері мен құқықтарын бөліп алуға болады. Атап айтқанда, оларға мына **міндеттер** жатады:

<sup>1</sup> О некоторых вопросах Министерства внутренних дел Республики Казахстан. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 ж. 21 сәуірдегі № 313 Қаулысы.

— адам мен азаматтың құқықтары мен бостандығын заңсыз озбырлықтан қорғау;

— қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, оның мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың көмегіне сүйеніп және ұйымдар мен азаматтарды өз еркімен қатыстырып та;

— қылмыстардың алдын алу, жолын кесу, оларды айқындау және ашу;

— әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын алу, жолын кесу және оларды айқындау;

— Қазақстан Республикасының «Жедел-ізвестіру қызметі туралы» Заңына сәйкес қылмыстардың алдын алуға, оларды айқындауға және ашуға, ішкі істер органдары жүйесінде қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, сондай-ақ ішкі істер органдарының уақытша ұстау изоляторларында тиісті режимді сақтауға бағытталған іс-шаралар жүргізу. Ішкі істер органдарының жедел-ізвестіру іс-шараларын жүзеге асыруға құқылы бөлімшелері мен қызметкерлерінің тізбесін Ішкі істер министрі бекітеді;

— алдын ала тергеу, анықтау жүргізеді;

— әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді жүргізеді;

— қылмыстық процеске қатысушылардың және өзге адамдардың өмірін, денсаулығын, ар-намысын, қадір-қасиетін және мүлкін қорғауға қатысты шаралар қабылдайды;

— қылмыс жасаған, анықтаудан, тергеуден және соттан бой тасалаған, қылмыстық немесе әкімшілік жазаны өтеуден жалтарған, хабар-ошарсыз кеткен адамдарға іздеу жариялайды;

— заңда белгіленген тәртіпте жедел-ізвестіру және тосқауыл қою, қылмыс жасаған адамдарды ұстау операцияларын жүргізеді және мұндай операцияларды өзге құқық қорғау органдары немесе арнайы мемлекеттік органдар жүргізгенде көмектеседі;

— ізвестіру салғанда, тергеу және басқа әрекеттер жүргізгенде соттың ұйғарымын, судьяның қаулысын, прокурордың, тергеушінің және анықтаушының жазбаша тапсырмасын орындайды;

— әкімшілік жазаларды орындайды, әкімшілік қамауға алынған адамдардың еңбекпен айналысуын қамтамасыз етеді;

— прокурордың азаматтарды, лауазымды адамдарды мәжбүрлеп алып келу туралы қаулысын орындайды және прокурордың басқа да тапсырмалары мен талаптарын орындайды;

— апаттардың, өрттердің, табиғи апаттардың және басқа төтенше жағдайлардың зардабын жойғанда қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз етеді;

— заңсыз озбырлықтан, оқиғалардан және ауыр жағдайлардан зардап шеккен және өздерінің өмірі мен денсаулығына қауіпті дәрменсіз не басқадай күйдегі азаматтарға көмек көрсетеді;

— жол қозғалысы ережесінің және жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты өзге нормативтік актілердің сақталуын бақылайды; мемлекеттік тіркеудің және есепке алудың тәртібін анықтайды; жеңіл және жүк автомобильдері мен автобустарға, олардың негізінде жасалған автомобильдерге, мотоциклдер мен моторольдерге, олармен бірге қозғалатын тіркемелерге есеп жүргізіп, мемлекеттік тіркеу жасау, оларға мемлекеттік техникалық тексеру жүргізу, оларды пайдаланатын, олардың ішінде сенімхатпен пайдаланатын адамдарды есепке алып тіркеу, бұл адамдардан емтихан қабылдап, олардың автомобиль, мотоцикл, трамвай айдауына құқық беретін куәліктер беру, жол қозғалысын басқару;

— мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарына меншіктің барлық формаларындағы объектілерде өрт қауіпсіздігінің жайын бақылауда көмек көрсету;

— қару-жарақ пен оқ-дәрілерді (әскерилерден басқа) иемденуге, сақтауға, тасымалдауға, өзімен алып жүруге, алып кіруге, алып шығуға және пайдалануға мемлекеттік бақылау жасау, қарулар мен оқ-дәрілерді, жарылғыш және күшті әсер ететін улы заттарды, есірткі заттарын, жүйкеге әсер ететін заттарды, прекурсорларды, радиоактивтік материалдар мен заттарды сақтаудың, тасымалдаудың және пайдаланудың белгіленген тәртібінің бұзылмауын бақылау; заңда көзделген жағдайларда қаруды есепке алу немесе алып қою; тиісті ереженің сақталуын бақылау мақсатында азаматтардағы қарудың, оқ-дәрінің күйін және олардың сақталатын орындарын тексеріп көру; сақтау және пайдалану тәртібі бұзылған және заңда көзделген басқа да жағдайларда ұйымдардан, азаматтардан қаруды және оқ-дәріні алып қою жөнінде мәселе көтеру;

— ішкі істер органдарының құзыретіне байланысты заңдарға сәйкес лицензиялар мен рұқсаттар беру;

— мемлекеттік маңыздылығы бар объектілерді және түзеу мекемелерін күзету; ұйымдарды күзету жағдайын бақылау;

— қай жердегі болмасын жаппай тәртіпсіздікті тыюға қатысу, әскери қарауыл астынан қашып кеткен сотталғандарға іздеу салу;

— ұсталған, қамалған және сотталған адамдарды күзету және конвоймен алып жүру;

— маскүнемдікпен, нашақорлықпен, уытқұмарлықпен, соз ауруымен және ВИЧ-пен ауыратын адамдарды шақырғанда өз еркімен келмеген жағдайда, денсаулық сақтау мекемелеріне мәжбүрлеп алып келу;

— тиісті мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың қарамағына өткізгенге дейін иесіз мүліктер мен қоймалардың сақталуын қамтамасыз ету жөнінде тез шара қабылдау; табылған және ішкі істер органдарына өткізілген құжаттардың, заттардың, құндылықтардың және басқа мүліктің сақталуын қамтамасыз ету, олардың иелеріне қайтарылуына не белгіленген тәртіпте іске асуына шара қолдану;

— бас бостандығынан айыру орындарынан және жабық типтегі арнайы оқу орындарынан босанып шыққан; заң бойынша қылмыстық жауапкершілік жүктеуге болатын жасқа жетпей қылмыс жасаған; ішімдік, есірткі және уытты заттар қолданатын; әкімшілік жаза қолдану қарастырылған басқа да құқық бұзушылық жасаған кәмелетке толмағандар арасында қылмыскерліктің алдын алу мақсатына ықпал ету шараларын қолдану, оларға есеп жүргізу;

— шет елдерден жұмысшы күшін тарту, елде шетелдіктердің болуына виза беру ережесін сақтауда заңды тұлғалардың қызметін бақылау, Республика заңдарына сәйкес азаматтардың шет елдерге шығуын шектеу және шетелдіктерді тұрғылықты тұруға қалдыру туралы шешім қабылдау;

— тіптен, өздерінің жүргізуіне жатпайтын болса да кез келген жасалған немесе дайындалып жатқан құқыққа қайшы озбырлықтар туралы арыздар мен хабарларды қарау, оларды тіркеу, олардың алдын алу, ашу, жасаған адамдарды ұстау, қоғамға қауіпті зардапты болдырмау жөнінде уақытылы шара қолдану; қылмыс жасады деп күдік тудырған және өзіне қатысты



әкімшілік жолмен қамауда ұстау жазасы тағайындалған адамдарды ұстау үшін өздерінде уақытша изолятордың болуы;

— құқық тәртібін қорғау жөніндегі міндеттердің шешілуін қамтамасыз ететін мамандандырылған есеп, ақпараттық жүйе, оның әкімшілік қадағалауға алынған адамдарды, қайталануы жауапкершілікті ауырлататын әкімшілік құқық бұзушылық жасағандарды есепке алатын жүйесін құру, оны пайдалану; есепте тұрған адамдардың жүріс-тұрысын бақылау;

— егер тез арада оқшаулау керек болса, он сегіз жасқа толмаған және қылмыс жасаған, сондай-ақ арнайы оқу-тәрбие мекемелеріне жіберілетін кәмелетке толмағандарды ұстау және оларды заңда белгіленген тәртіпте уақытша оқшаулау, бейімдеу және ақтау орталықтарына орналастыру;

— үш жас пен он сегіз жас аралығындағы қараусыз қалған балалар мен жасөспірімдерді, сондай-ақ ата-ананың немесе оларды алмастыратын адамдардың қамқорынсыз қалғандарды уақытша оқшаулау, бейімдеу және ақтау орталықтарына жеткізу және сонда ұстау, кейін қамқоршы органдардың қарамағына өткізу;

— қоғамдық орындарда мас болып жүрген, адамдық қадір-қасиет пен қоғамдық өнегені қорлаушы, төңірегіндегілерге не өзіне зиян келтіруі мүмкін адамдарды және пәтер-жайда қоғамдық тәртіп бұзғандарды солармен бірге тұратындардың арызы бойынша арнайы медицина мекемесіне не ішкі істер органдарының кезекші бөліміне жеткізу;

— есірткі заттардың, жүйкеге әсер ететін заттардың, прекурсорлардың айналымы саласындағы қызмет түрлеріне заңға сәйкес лицензия беру және оларды бақылау;

— нашақорлықпен және есірткі бизнесімен күрес жөніндегі аймақтық комиссияның қызметін үйлестіру және оған қатысты бағдарламаның орындалуын бақылау;

— есірткі заттардың, жүйкеге әсер ететін заттардың және прекурсорлардың айналымы мен олардың заңсыз айналымы және қолданылуына қарсы тұру саласында халықаралық ынтымақтастық орнату.

Қызметкерлері азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзған жағдайда ішкі істер органдары бұл құқықтарды қалпына келтіруге, келген зиянның орнын толтыруға, кінәлілерді жауапқа тартуға міндетті.

Ішкі істер органдарының алдында тұрған міндеттердің ауқымдылығы және маңыздылығы оларға соған парапар өкілеттік беруді керек етеді. Мысалы, **ішкі істер органдары** ондай уәкілеттік берілген лауазымды адамдары арқылы:

— азаматтардан қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздіктің сақталуын, құқыққа қайшы әрекеттерді және ішкі істер органдарының өз өкілеттігін жүзеге асыруына кедергі болатын әрекеттерді тоқтатуын талап етуге, ол талаптарды орындамаған жағдайда тиісті мәжбүрлеу шараларын қолдануға;

— қылмыс және әкімшілік құқық бұзушылық жасады деп күдік туғызған азаматтардың жеке басты куәлендіретін құжаттарын, және де орындалуын бақылау ішкі істер органдарына жүктелген ереженің сақталуын тексеру үшін қажетті басқа да құжаттарды тексеруге;

— тіптен, өзінің жүргізуіне жатпайтын болса да, жасалған немесе дайындалып жатқан қылмыстар туралы арыздар мен хабарларды қарауға, оларды тіркеуге, олардың жолын кесу, ашу, қылмыс жасағандарды ұстау және қоғамға қауіпті зардаптарды болдырмау мақсатында тез шара қолдануға;

— қылмыстарды айқындау, жолын кесу, ашу және тергеу кездерінде басқа органдарға, ұйымдарға және лауазымды адамдарға орындалуы міндетті тапсырмалар беруге;

— азаматтарды іс жүргізіліп жатқан материалдар мен қылмыстық істер бойынша ішкі істер органдарына шақыруға, олардан түсінік, құжаттар, олардың көшірмелерін алуға, жауап алуға, шақыруға дәлелді себептерсіз келмеген адамдарды мәжбүрлеп алдыруға;

— заңда белгіленген тәртіпте әкімшілік іс жүргізуге, хаттама толтыруға, әкімшілік жаза беруге, құқық бұзушыларға жеткізуге, әкімшілік жолмен ұстауға, үсті-басын қарап шығуға, заттарын, құжаттарын алуға;

— құқық бұзушылық жасаған әскери қызметшілерді ұстауға, оларды әскери коменданттарға, әскери бөлім командирлеріне немесе әскери комиссарларға апарып тапсыруға;

— егер тез оқшаулау қажет болса, он сегіз жасқа толмаған және қылмыс жасаған, және де арнайы оқу-тәрбие мекемелеріне жіберілген кәмелетке толмағандарды ұстап, заңда белгіленген

тәртіпте уақытша оқшаулау, бейімдеу және ақтау орталығына орналастыруға, 3 жастан 16 жас аралығындағы қараусыз қалған және ата-ана немесе оларды алмастыратын адамдардың қамқорынсыз қалған балалар мен жеткіншектерді уақытша оқшаулау, бейімдеу және ақтау орталықтарына орналастырып, кейін қамқоршы органдардың қарамағына беруге;

— кім екендігін анықтап, кейін тиісті органдарға немесе мекемелерге (көші-қон, медицина, әлеуметтік, т.б.) беру үшін тұрақты мекені, құжаты жоқ адамдарды прокурордың санкциясымен отыз тәулікке дейін бөлу-қабылдау орындарында ұстауға;

— қоғамдық орындарда мас болып жүрген, адамдық қадір-қасиеті мен қоғамдық өнегені аяққа басқан, төңірегіндегілерге немесе өзіне зиян келтіруі мүмкін адамдарды, пәтер-жайда қоғамдық тәртіпті бұзғандарды — олармен бірге тұратындардың шағымы бойынша арнайы медициналық мекемеге немесе ішкі істер органдарының кезекші бөліміне жеткізіп, онда айыққанша ұстауға;

— қамалған, қылмыс жасады деген күдікпен ұсталған, қылмыс жасағаны үшін айыпталған, әкімшілік қамауға алынған адамдарды және де әкімшілік құқық бұзушылық жасаған немесе жасады деп күдік тудырған, бірақ кім екендігін анықтау мүмкін емес адамдарды тіркеуге, суретке түсіруге, даусын жазып алуға, бейне көрінісін және саусақ іздерін түсіріп алуға;

— құқық тәртібін қорғау жөніндегі міндеттердің шешілуін қамтамасыз ететін мамандандырылған есеп, ақпараттық жүйе, оның әкімшілік қадағалауға алынған адамдарды, қайталануы жауапкершілікті ауырлататын әкімшілік құқық бұзушылық жасағандарды есепке алатын жүйесін құруға, оны пайдалануға; есепте тұрған адамдардың жүріс-тұрысын бақылауға;

— ішімдікті, есірткіні немесе жүйкеге әсер ететін заттарды адамның қолданғанын заңда белгіленген тәртіпте анықтау жүргізуге не оларды медициналық мекемелерге сол мақсатта алып баруға;

— қай жерде тұрғанына және кімге тиесілі екеніне қарамастан, халықаралық және қалааралық байланыстың шығынын өтеп, байланыс құралдарын қызметтік мақсатта дереу пайдалануға;

— басқадай мүмкіндік болмаса, уақиға, табиғи апат орындарына жету, жедел дәрігер көмегі керек адамдарды емдеу мекемелеріне жеткізу үшін, және басқа да қауырт жағдайларда, иесіне келген зиянның орнын толтырып, кез келген көлік құралын пайдалануға;

— бас бостандығынан айыру орындарынан босанған адамдарды бақылауда заңда көзделген шараларды қолдануға; ішкі істер органдарының уақытша ұстау изоляторларында және олардың төңірегіндегі аумақтарда режимдік талаптардың сақталуын бақылауға; ішкі істер министрі белгілеген тәртіпте ішкі істер органдарының уақытша ұстау изоляторында айрықша жағдайлар режимін енгізуге;

— қылмыс, әкімшілік құқық бұзушылық жасады деп күдік тудырған, азаматтардың өміріне қауіп төндірген адамдардың ізіне түскенде азаматтардың үй-жайларына, олардың жер телімдеріне, шет мемлекеттердің және дипломатиялық иммунитеті бар халықаралық ұйымдардың актілеріне тиесілі емес кез келген үй-жайға, аумаққа кедергісіз кіруге және оларды қарап шығуға, егер онда қылмыс жасалса немесе жасалып жатса, қайғылы жағдай орын алса, азаматтардың және қоғамның қауіпсіздігін сақтау қажет болса;

— азаматтардың кейбір жерлерге немесе аумақтарға баруын шектеуге немесе оған уақытша тыйым салуға, қоғамдық тәртіпті және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында, және де жедел-ізвестіру шаралары мен тергеу әрекеттерін жүргізген кезде белгілі бір жерлерден кетуін талап етуге;

— жергілікті атқару немесе өзге уәкілетті мемлекеттік органның өкілінің ұйғарымы бойынша, егер демонстрация, шеру, пикет, жиналыс өткізудің тәртібі туралы заң талаптарын оны ұйымдастырушылар сақтамаса, оларды тоқтату жөнінде қажетті шаралар қабылдауға;

— мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қызметін жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында бақылау үшін орындалуы міндетті ұйғарым беруге, автомобиль жолдарын, көшелерді, жол құрылыстарын, темір жол өткелдерін, қалалық электр көлігінің желілерін, сондай-ақ жаңа автотөлік техникасының үлгілерін пайдалануға қабылдау

жөніндегі комиссияның жұмысына қатысуға; жол қозғалысының қауіпсіздігіне, жолдар мен көшелердің құрылысы мен қайта жөнделуіне, сондай-ақ көлік құралдарының конструкциялары мен жүргізушілер даярлаудың оқу бағдарламаларына қатысты ережелердің, нормативтер мен стандарттардың жобаларын келісуге; техникалық күйі жол қозғалысының қауіпсіздігіне қатер төндіретін көлік құралдарын пайдалануға тыйым салуға;

— заңда белгіленген тәртіпте және жағдайларда көлік құралдарын тоқтатуға, жүргізушінің көлікті пайдалануға және басқаруға құқық беретін құжаттарын, жүкке және оны тасымалдауға құқық беретін құжаттарды тексеруге; мас күйдегі, көлік құралын басқаруға немесе пайдалануға құқық беретін құжаттары жоқ және заңда көзделген басқа да жағдайларда, адамдарды көлік құралын басқарудан аластатуға; заңда көзделген негіздер бойынша көлік құралдарын ұстап тоқтатуға және уақытша сақтау үшін арнайы алаңдарға апарып қоюға, ол көлік құралдарының жүру тетіктеріне блокировка жасауға; көліктер мен жаяулардың көшелер мен жолдарда жүруіне және көшелердегі жұмыстарды жүргізуге уақытша шектеу жасауға және тыйым салуға;

— ҚР Үкіметі анықтаған тізбедегі түрлі-түсті көбейту-көшіру техникасын, жарылғыш, күшті әсер ететін улы заттарды иемденуге, сақтауға, тасымалдауға, алып кіруге, алып шығуға; азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын, азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылған бұйымдарды сақтауға, тасымалдауға, алып кіруге және алып шығуға; есірткі заттардың, жүйкеге әсер ететін заттардың және прекурсорлардың айналымы саласындағы объектілер мен үй-жайларды пайдалануға; ату тирлері мен стендтерін ашуға заңды тұлғаларға, ал азаматтық қару мен олардың патрондарын иемденуге, сақтауға, өзімен алып жүруге, алып кіруге, алып шығуға жеке тұлғаларға рұқсат қағазын беруге;

— әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігін және жолаушылар поездарының, теңіз және өзен кемелерінің қозғалысын қамтамасыз ету мақсатында бұл көліктердің жолаушыларын және олардың қол-жүктерін, боғажын тексеруге; өзімен бірге алып жүруге тыйым салынған заттар мен бұйымдарды тәркілеп алуға;

— мемлекеттік органдардан, меншік түріне қарамастан кез келген ұйымнан ақпарат пен материалдарды кедергісіз әрі тегін және құпия болып табылатын мәліметтерді жария етуге қойылған талаптарды сақтай отырып алуға;

— халықтың құқығын қорғау мақсатында өзінше құрған ұйымдарының жұмысына көмек көрсетуіне;

— қоғамдық тәртіпті қорғауда, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және құқық бұзушылықпен күресте көзге түскен азаматтарды мадақтауға;

— шарт негізінде жеке тұлғаларды, меншіккерлердің мүліктерін қорғауға **құқылы**.

### ***8.3. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің мәртебесі***

Ішкі істер органдарының қызметкерлері мемлекеттік билік өкілдері болып табылады, олар мемлекеттің қорғауында. Ішкі істер органдарының қызметінде немесе кадрларында тұрған, белгіленген тәртіпте арнайы атақ берілген адамдар, сондай-ақ Ішкі істер министрлігінің әскери-тергеу органдары мен әскери полициясының әскери қызметшілері ішкі істер органдарының қызметкерлері болып саналады.

Он сегіз жасқа толған, өзінің моральдық, іскерлік және кәсіби қасиеттері, денсаулығы, білім деңгейі жағынан өзіне жүктелген міндетті атқара алатын Қазақстан Республикасының азаматы ішкі істер органдарындағы қызметке тұра алады. Ішкі істер органдары қызметкерінің лауазымы депутаттық мандатпен, ақы төленетін басқа қызметпен (оқытушылық, ғылыми және шығармашылық қызметтерден басқа), кәсіпкерлікпен, коммерциялық ұйымдардың басқарушы органының немесе бақылау кеңесінің құрамына кірумен сыйыспайды. Олар партияда, кәсіби одақта тұруға, қандай да бір саяси партияны қолдауға тиіс емес. Оларға көтеріліс ұйымдастырып, оған қатысуға тыйым салынған.

Ішкі істер органдарының қызметкері республиканың барлық аумағында, атқаратын қызметіне, қай ведомствоға бағынатындығын, уақытқа қарамастан, өзіне азаматтар немесе лауазымды адамдар құқықтың бұзылғандығы туралы арызданса

немесе хабарласа, не ондайда өзі тікелей айқындаса, өзіне берілген өкілеттікті толықтай пайдаланып құқық бұзушылықтың жолын кесуге, құқық бұзғанды ұстауға, мұқтаждарға көмек көрсетуге, уақиға орнын қорғауға және де жақын жердегі ішкі істер органдарын хабардар етуге шара қолданады.

**Полицияның учаскелік инспекторы, ішкі істер органдарының желілік пунктінің бастығы, патрульдік участоктың бастығы, полицияның кәмелетке толмағандардың істері бойынша учаскелік инспекторы** өзіне қарайтын әкімшілік аумақта, өз құзыретінің ауқымында және шегінде ішкі істер органдарының барлық функцияларын орындайды, оның ішінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды, әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын алуға, оның жасалуына алып келетін себептер мен жағдайларды айқындап, оларды жоюға бағытталған, қалай да іске асуы тиіс ұсыныстар әзірлейді.

**Жол полициясы департаментінің бастығы** лауазымы бойынша Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік автомобиль инспекторы болып саналады.

Ішкі істер органдары қызметкерлерінің заңды талаптарын барлық азаматтар мен лауазымды адамдар міндетті түрде орындауға тиіс. Ішкі істер органдарының қызметкерлері қара күш және арнайы құралдар, оның ішінде соғыстық күрес амалдарын, қолкісен, резина-таяқ, көзден жас парлататын заттар, көңіл бұрдыратын дыбыс-жарық құрылғыларын, үй-жайды ашатын, көлікті мәжбүрлеп тоқтататын құрылғыларды, су шашқышты, мәшке жануарларды, бронемашинаны және заңда көзделген жағдайда арнайы көлік құралдарын қолдануға құқылы.

Арнайы құралдар мен амалдарды әйелдерге, жас балаларға қарсы және де мүгедек екендігі анық көрініп тұрған адамдарға қарсы, егер олар төңірегіндегілердің өмірі мен денсаулығына қатер төндірген, топтасып шабуыл жасаған және қарулы қарсылық көрсеткен жағдайлардан басқа кездері, қолдануға тыйым салынған.

Ішкі істер органдарының қызметкерлері өздеріне жүктелген міндеттерді орындау кезінде өздерінің тікелей бастықтарына ғана бағынады. Заңда ондай өкілеттік берілмеген адам олардың қызметіне араласуға тиіс емес. Оларға заңда жүктелмеген

міндеттерді ешкім күштеп орындата алмайды. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің жұмысына заңсыз араласу заңда белгіленген жауапкершілікке алып келеді<sup>1</sup>.

---

<sup>1</sup> «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» 1995 ж. 21 желтоқсандағы № 2707 Заңы.

## 9 ТАРАУ

### Қылмыстарды айқындау және тергеу органдары

#### 9.1. Тергеу органдары институтының қалыптасуының және дамуының негізгі кезеңдері

Алдын ала тергеу дегеніміз оған уәкілетті органдардың қылмысты ашу, оны жасаған адамдарды қылмыстық жауапкершілікке тарту, материалдық зиянның орнын толтыру мақсатында дәлелдемелерді жинақтау, тексеру және бағалау жөніндегі қызметі.

Алдын ала тергеу органдарының қызметі, сонымен қатар, қылмыстан келген зиянның сипаты мен мөлшерін айқындауға, азаматтық талапты немесе болуы мүмкін мүлік тәркілеуін қамтамасыз етуге, қылмыстың жасалуына алып келген себептер мен жағдайларды айқындауға, оларды жою үшін шара қабылдауға бағытталған.

Қылмыстарды айқындау және олардың жолын кесу — **жедел-ізвестіру шараларын, анықтау, алдын ала тергеу, басқа да қызметтер** жүргізу барысында жүзеге асырылады. Патшалық Ресейде сот реформасына дейін тергеу жүргізетін адамдар мен органдар ауқымы кең болды.

1864 жылғы сот реформасынан кейін төрт заң шықты: «Сот тағайындауларын құру», «Қылмыстық сот ісін жүргізу жарғысы», «Азаматтық сот ісін жүргізу жарғысы» және «Бітім соттары тағайындаған жазалар туралы Жарғы». Алдын ала тергеуге сот қызметінің сипатын беру сот реформасын жүргізудегі негізгі ережелердің бірі болды. Тергеушілер сот ведомствосының құрамына кіргізілді, прокурорлардың емес, округтік соттардың қарамағына берілді. Қылмыстық істер бойынша алдын ала тергеу жүргізу жергілікті судьялардың өздеріне жүктелді. Революциялық трибуналдардың соттауына жататын істер бойынша алдын ала тергеу жүргізу үшін айрықша тергеу комиссиялары құрылды.

Жалпы соттар қарайтын істер бойынша алғашқы анықтау полицияға қалдырылды, олар прокурорлардың қадағалауында

болды. Анықтаудың іс жүргізу құжаттарында дәлелдемелік қуат болмады, олар заңға сәйкес полиция шендері тергеушіні алмастырған жағдайлардан басқа кездері қосалқы материалдар ғана болып қалды.

Кеңестік және одан кейінгі кезеңдерде тергеу органдарының институты өз дамуында негізгі үш кезеңнен өтті.

**Бірінші кезең** — Қазақстанда ұзақ уақыт, 1923 жылдан 1960 жылға дейін РСФСР ҚІЖК-і қолданылған кезең, алғаш Қазақстанның қылмыстық-іс жүргізу заңдары күшіне кірді. Бірінші кезеңде қылмыстық-іс жүргізу заңнамасы мен ол реттейтін тергеу практикасы КСРО мен РСФСР-дің тиісті қылмыстық-іс жүргізу заңдарының тікелей ықпалымен дамыды.

**Екінші кезең** — ол 1960-1991 жылдарды, яғни тәуелсіздік алғанға дейінгі кезді қамтиды. ҚІЖК мазмұны жағынан сол қалпы қалғанмен, заң шығарушы оның тергеу қызметін регламенттейтін кейбір институттары мен нормаларын өзгертуге мүмкіндік алды. Бұл жылдары Қазақстанның Қылмыстық іс-жүргізу кодексіне 60-тан аса өзгертулер мен толықтырулар енгізілді.

**Үшінші кезең** — 1991 жылдан бергі уақытты қамтиды. Бұл кезеңде тергеу органдарының институты Қазақстанның егемендігі жағдайында дамыды. 1991 жылғы 13-желтоқсандағы заңмен ҚР ҚІЖК-і күшіне енді<sup>1</sup>.

Қазақ революциясы жеңгеннен кейінгі бірінші кезеңде 1917 жылғы 22-қарашадағы № 1 Сот туралы Декретпен қылмыстық істер бойынша алдын ала тергеу жүргізу жергілікті судьялардың жеке өздеріне жүктелді.

Революциялық трибунал соттайтын істер бойынша алдын ала тергеу жүргізу үшін Кеңестердің жанынан айрықша тергеу комиссиялары құрылды. Алдын ала тергеу органдарының қызметін регламенттеу мақсатында 1917 жылғы 16-желтоқсандағы Әділет Халық Комиссариаты «Тұтқындауды, алуды және басқа тергеу әрекеттерін тергеу және сот мекемелерінің ордерлері бойынша ғана жүргізу туралы» қаулы қабылдады. Кейін Тергеу комиссиясының көптеген функциясы 1917 жылы 20-желтоқсанда құрылған Бүкілресейлік Төтенше Комиссияға (БТК) өтті.

<sup>1</sup> Когамов М. Ч. Предварительное расследование уголовных дел в Республике Казахстан.— Алматы, 1998.— 13 б.

Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитеті (БОАК) өзінің 1918 жылғы 7-наурыздағы №2 Сот туралы декретімен алдын ала тергеуді сайланбалы тергеушінің жүргізуі туралы ереже қабылдады, ол бойынша округтік соттың тапсыруымен оның бір мүшесі алқалық тергеумен қатар өзі жеке дара тергеу жүргізді.

Қазақстан аумағында 1917 жылдың 28-желтоқсанында алғаш рет Ақмола революциялық трибуналы және оған берілген істі алдын ала тергеуі үшін тергеу комиссиясы құрылды. Қылмыстық істер бойынша алдын ала тергеу жүргізу жергілікті судьяларға жүктелді, олар бұл міндетті жеке дара атқарды. 1919 жылы қазанда Түркістан өлкелік революциялық-тергеу комиссиясы құрылды, ол алғашында өлкенің Әскери-Ресволюциялық Комитетінің ішкі басқармасының, ал 1920 жылғы қазаннан Қырғыз КСР-ы ПХК-нің құрамына кірді.

БОАК-нің 1920 жылғы 21-қазанындағы Декретімен Қырревком жанындағы Революциялық тергеу Комиссиясы мен округтер, уездер жанындағы тергеу комиссиялары таратылды, тергеушілердің жеке шешу институты біржола орнықты. Халық тергеушілері халық судьяларының, аса маңызды істер бойынша тергеушілер — әділет бөлімдері мен Әділет Халық комиссариатының қарамағына өтті.

Міндеттерді және принциптерді анықтағанда Қазақстанның алдын ала тергеу аппараты РСФСР Әділет Халық Комиссариаты 1920 жылы қазанда шығарған «Алдын ала тергеу жүргізетін халық тергеушілерінің Нұсқаулығын» басшылыққа алды. Кейін тергеу органдарының қызметі 1923 жылғы Қылмыстық-іс жүргізу кодексімен және 1923 жылғы РСФСР-дегі сот құрылысы туралы Ережемен реттелді. ҚазОАК мен Қазақ КСР-ы ХКК-нің қаулысымен сот қарамағындағы тергеушілер 1928 жылы прокуратура органдарының қарамағына берілді. Сол кезден бастап алдын ала тергеу кезеңіндегі барлық мәселелерді тек прокурор шешетін болды.

Ішкі істер органдарының құрамында тергеу бөлімшелері алғаш 1939 жылы құрыла бастады, қылмыстық іздестіру бөлімдерінің және СМҰК (БХСС) құрамына тергеу топтары кіргізілді. 1947 жылы соғыс кезіндегі тергеу топтары өзінше тергеу бөлімдері және бөлімшелері болып қайта ұйымдастырылды, оларда тергеуші, аға

тергеуші және аса маңызды істер бойынша тергеуші лауазымдары болды.

1959 жылдың 22-маусымында қабылданып 1960 жылдың 1-қантарында күшіне енген Қылмыстық-іс жүргізу Кодексі алдын ала тергеу жүргізу құқығын прокуратура органдары мемлекеттік қауіпсіздік органдарына берді. Ішкі істер органдарында өзінше бөлек тергеу аппаратын құру КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының **1963 жылдың 6-сәуірінде** «Алдын ала тергеу жүргізу құқығын қоғамдық тәртіпті қорғау органдарына беру туралы» Жарлығынан бастау алды.

1970 жылдан бастап тергеушілер қалалық ішкі істер бөлімдерінің штатына да кірді, сонымен ПМ-нің тергеу аппараты біржола қалыптасты. 1978 жылы наурызда ПМ тергеушілеріне кәмілетке толмағандардың қылмыстары туралы барлық істерді тергеу құқығы берілді.

80-жылдардың аяғында ғалымдар мен практиктер арасында алдын ала тергеудің тағдыры жайында пікірталас болды. Ішкі істер органдарының қалалық және аудандық кейбір басшылары қылмыстарды ашуға байланысты көрсеткіштерді көтеру керектігін тілге тиек етіп, тергеу бөлімшелерінің лауазымды адамдарына, тікелей тергеушілерге қысым жасады, олардың адамдарды заңсыз ұстап, қылмыстық жауапқа тартуын талап етті. КСРО Прокуратурасы да ішкі істер органдарының құрамындағы тергеу аппаратын басқару жүйесін тиімсіз деп тапты.

СОКП-нің XIX Бүкілодақтық конференциясы (28.06.-01.07.1988 ж.) «Құқықтық реформа туралы» резолюция қабылдады, оның 7-тармағында: «Ішкі істер органдарының қылмыскерлікпен күресудегі мүмкіндіктерін дұрыс пайдалану мақсатында қылмыстық істердің негізгі массасын тергеу ПМ-нің тергеу аппаратына беріліп, ол республикалық және жергілікті ішкі істер органдарына бағынышты емес, өзінше дербес құрылым болып бөлінсін, тергеушілердің жауапкершілігі көтерілсін, олардың қызметінің заңдылығына құқықтық кепілдік нығайтылсын, алдын ала тергеуге прокурорлық қадағалау күшейтілсін» делінген.

СОКП ОК-нің Саяси бюросы КСРО Ішкі істер министрлігіне, КСРО Прокуратурасына, КСРО Әділет министрлігіне, КСРО Жоғарғы Сотына, басқа мүдделі ведомстволарды қатыстырып,

ішкі істер органдарындағы да, прокуратурадағы да тергеу аппаратын басқару жүйесін қайта құру туралы ұсыныс енгізуді тапсырды.

Ол үшін 1987—1988 жылдары КСРО ПМ-і елдің бірқатар аймақтарында, оның ішінде Қазақстанда тергеу бөлімшелерін өзінше құрылым ету жөнінде эксперимент жасады. Сонымен, тергеушілер қалалық ішкі істер бөлімдерінің штатынан шығарылды, ауданаралық тергеу бөлімдері, бөлімшелері мен топтары құрылды. Тергеу аппаратының жергілікті және ішкі істер органдарының көпфункционалы жүйесінен шығуы, оның екіжақты бағыныштылығын (жергілікті бастыққа және жоғары тұрған бастыққа) жою, қылмыстардың тергелуін басқарудағы демократиялық принциптерді күшейту — тергеу аппараттарын басқарудың әдістері мен тәсілдерін едәуір қайта құруды және барлық басқару субъектілерінің ұйымдық белсенділігін арттыруды талап етті.

Өкінішке орай, одақ көлеміндегі эксперимент ұйымдық жағынан да, материалдық, психологиялық тұрғыдан да қолдау таппады. ПМ-нің тергеу аппаратының дербес жұмыс істеу мүмкіндігі туралы мәселе шешімін таппады. Барлық мәселелерде тергеуші іс жүзінде ішкі істер органдарының қалалық, аудандық басшыларына толықтай тәуелді болып қалды (мысалы, жұмыс кабинетін оргтехникамен қамтамасыз ету, тергеудегі адамды жеткізу, демалыс беру, кезекті атақ беру және т.б. мәселелерде). Сонымен, тергеу аппаратына дербестік беру туралы идеяны эксперимент жаратпай тастады. Барлық деңгейдегі ішкі істер органдары, тергеушілердің өздерінен басқа барлық қызметкерлер өзінше дербес тергеу комитетін құруға қарсы болды. Тергеушілерде жауапкершілік болғанымен, дербестік болмады.

КСР-ның тарауына байланысты 1991 жылы эксперимент тоқтады, тергеу органдары бұрынғы күйінде қалды.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін тергеу органдары институтының дамуында үшінші кезең басталды. 1995 жылы алдын ала тергеуге елеулі реформа жүргізілді.

ҚР Президентінің 1995 жылдың 6-қазанында «Қазақстан Республикасының анықтау мен тергеуді жүзеге асыратын арнайы мемлекеттік органдары туралы» және «Қазақстан

Республикасының Мемлекеттік тергеу комитетін құру туралы» заң күші бар Жарлықтарымен жаңа, ведомстводан тыс құқық қорғау органы (МТК) құрылды, ол өзіне прокуратура мен ішкі істер органдарының алдын ала тергеу функцияларын алды.

Бірақ МТК тергейтін істердің аса көптігі, күрделі емес және қоғамға қауіптілігі шамалы істерді тергеуге күштің бөлінуі және ішкі істер органдарымен өзара әрекеттестіктің болмауы, тіптен кейбір жағдайлардағы бақталастық бұл жаңа органның қызметінің тиімділігіне теріс әсер етті.

Соған байланысты, құқық қорғау органдарының жүйесін әрі қарай жетілдіру және қылмыскерлікпен және сыбайлас жемқорлықпен күрестің тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Президенті 1997 жылдың 22-сәуірінде «Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарының жүйесін әрі қарай реформалау жөніндегі шаралар туралы» Жарлық шығарды, онда құқық қорғау органдарын, МТК-ны, оның жергілікті органдарын ұйымдастыру және олардың өкілеттіктері жөнінде едәуір өзгерістер енгізілді.

Бұл Жарлыққа сәйкес, ПМ меншікке, адамға қарсы қылмыстардың және басқа да көп таралған қылмыстардың алдын ала тергеуін жүргізу құқығына ие болды. Ал, МТК органдарына экономикалық, лауазымдық, әскери қылмыстармен, сондай-ақ ұйымдасқан қылмыскерлік, сыбайлас жемқорлық сияқты аса қауіпті қылмыстармен күресу жүктелді. Сол мақсатта МТК-ның жергілікті және басқа кейбір органдары (аудандық, қалалық бөлімдер) ПМ-нің қарамағына берілді. Бірақ, МТК органдарын прокурордың келісімімен басқа құқық қорғау органдары жүргізуге тиісті қылмыстық істерді өздеріне алу құқығы берілді.

Сонымен, бұл реформаның нәтижесінде елде жедел-іздістіру және анықтама қызметтері бар үш тергеу аппараты (МТК, ПМ және ҰҚК) және де жаңа анықтау органдары (салық полициясы, әскери полиция, кеден органдары) жұмыс істеді.

Бірақ, кейін, ҚР Президентінің 1997 жылдың 5-қарашасындағы «Ұлттық қауіпсіздікті нығайту, ұйымдасқан қылмыскерлікпен және сыбайлас жемқорлықпен күресті әрі қарай күшейту жөніндегі шаралар туралы» Жарлығымен Мемлекеттік тергеу комитеті таратылды. Оның жауапты мемлекеттік қызмет

атқаратын адамдармен, әскери қызметшілермен, құқық қорғау органдары қызметкерлерімен, судьялармен байланысты ұйымдасқан қылмыскерлікпен, және де қылмыстық ұйымдар жүзеге асыратын контрабандамен және есірткі бизнесімен күресу жөніндегі өкілеттігі Ұлттық қауіпсіздік комитетіне өтті. Ал, жалпы қылмыстық ұйымдасқан және экономикалық қылмыскерлікті тергеу — ішкі істер органдарына қайтарылды.

Қазіргі кезде ПМ-нің тергеу аппараты құқық қорғау органдарының жүйесіндегі ең ірісі. ҚР Үкіметінің 2006 жылғы сәуірдегі қаулысымен ПМ-де Тергеу комитеті құрылды, оның құрамына тергеу және әскери-тергеу департаменттері және арнайы полицияның тергеушілер мен анықтаушылары кірді.

Тергеу органдарының атқаратын жұмысының ауқымын мына статмәліметтен көруге болады. 2009 жылы қылмыстық қудалау органдарының тергеу бөлімшелерінде 129 550 қылмыстық іс болды. Олардың ішінде 34458 іс сотқа берілуі үшін прокурорға жіберілді, 7170 іс қысқарды, 45528 іс тоқтатылды. Тергеу бөлімшелері аяқтаған қылмыстық істердің өзіндік салмағы: ішкі істер органдарында — 83%, қаржы полициясында — 15,6%, ұлттық қауіпсіздік комитетінде — 1,29% болды.

1998 жылдың 1 қаңтарынан бастап елде жаңа ҚІЖК-і қолданыла бастады, онда алдын ала тергеу жүргізу құқығы ПМ органдарын, және де ҰҚК мен қаржы полициясына берілген.

Соңғы жылдары қылмыстық-іс жүргізу кодексіне қылмыстық процесті оңайлату және оның тиімділігін көтеру мақсатында елеулі түзетулер енгізілді. Мысалы, мемлекет Басшысы 2009 жылдың 3-желтоқсанындағы «Сотқа дейінгі іс жүргізуді жеңілдету мәселелері бойынша ҚР ҚІЖК-ге өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойды, қылмыс туралы арыз немесе хабар тіркелген кезден бастап анықтау немесе алдын ала тергеу формасында іс жүргізуге кірісу көзделген. Осы заң негізінде ҚІЖК «Жеңілдетілген сотқа дейінгі іс жүргізу» деп аталатын (190-1-190-3 баптар) 23-1 тараумен толықтырылды, оған шағын және орта дәрежедегі қылмыстар туралы істерде жол беріледі. Көрсетілген іс жүргізу тәртібінде бүгіндері ауырлығы шағын қылмыстардың 270 құрамын, орташа ауырлықтағы қылмыстардың 214 құрамын тексеруге болады, бұл ҚР ҚК-де көзделген қылмыстардың

барлық құрамының 70,8%-ын құрайды. Анықтау органдарына, анықтаушыларға, сондай-ақ тиісті прокурордың қадағалауымен тергеушіге де сотқа дейін жеңілдетілген іс жүргізу құқы берілген<sup>1</sup>.

Сотқа дейінгі іс жүргізудің жеңілдетілген тәртібі айқын істерде, яғни қылмыстың болғандығы рас, айыпты өз кінәсін мойындайтын және келген зиянның сипаты мен мөлшеріне дау жасамайтын істерде қолданылады.

Бұл санаттағы істерді қараудың тездетілген режимі құқық қорғау органдарының жұмысын жетілдіруге мүмкіндік береді, бірқатар ресурстарды босатып алып, оларды ауыр және қауіпті қылмыстарды тергеуге жұмылдыруға болар еді.

## **9.2. Алдын ала тергеу органдары**

Тергеудің негізгі формасы алдын ала тергеу, ол қылмыстық істердің көбісінде жүргізіледі. Қылмыстық қудалау **жеке тәртіпте** және **анықтау** формасында болатын қылмыстық істерден басқа барлық қылмыстық істер бойынша алдын ала тергеу міндетті түрде жүргізіледі. Алдын ала тергеу кәмілетке толмағандар және өзінің физикалық немесе психикалық кемістігіне байланысты өз құқығын қорғай алмайтын адамдар жасаған қылмыстарда да жүргізіледі. Қылмыстық іс бойынша жүргізілетін тергеудің алдын ала деп аталатын себебі — бас сот талқысындағы сот тергеуінен кейін ғана сот адамды айыпты деп тауып, оған жаза тағайындай алады.

ҚР ҚІЖК-нің 64-бабына сәйкес **тергеуші** өз құзыреті шегінде қылмыстық іс бойынша алдын ала тергеуді жүзеге асыруға уәкілеттік берілген лауазымды адам.

Тергеуші қылмыстық іс қозғауға, ол бойынша алдын ала тергеу жүргізуге және ҚІЖК-де көзделген барлық тергеу қызметін орындауға құқылы.

Тергеуші істің жағдайын жан-жақты, толық және объективті зерттеуге барлық шараларды қолданады, оның қылмыс жасағандығын көрсететін жеткілікті дәлелдер жиналған адамдарды айыпты деп тану, оларға айып тағу, бұлтартпау шара-

<sup>1</sup> Когамов М. Ч. Резервы эффективности. Юридическая газета, 2010. 15 қаңтар.



сын таңдау, айыптау қорытындысын жасау арқылы қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.

Үкімнің азаматтық талапқа, басқа да мүліктік өндірулерге немесе мүліктің тәркіленуі мүмкін екендігіне қатысты бөлігінің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында, тергеуші күдіктінің, айыпталушының немесе заң бойынша олардың әрекеті үшін материалдық жауапкершілік көтеретін адамдардың мүлкін анықтауға шара қолданады.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша алдын ала тергеу жүргізгенде тергеуші қылмыстық жолмен табылған мүлікті және қылмыстық жолмен табылып, басқа адамның меншігіне өткен мүлікті анықтауға да шара қолдануға тиіс.

Алдын ала тергеу жүргізу міндетті істерде, тергеуші анықтау органдарының шұғыл тергеу әрекеттерін орындауын күтпестен, ол істерді кез келген уақытта өзіне алып жүргізе алады.

Анықтау органдарының ол істерге қатысты жедел-іздігі материалдарымен танысады, оларды алып іске қосып тіркейді, анықтау органдарына іздігі және тергеу әрекеттеріне байланысты тапсырмалар мен нұсқаулар береді. Қылмыстық істер бойынша алдын ала тергеуді Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, ішкі істер органдарының және қаржы полициясының тергеушілері жүргізеді. Қай ведомствоға бағынышты екендігіне қарамастан, барлық тергеушілерге бірдей өкілеттік берілген, олар бірыңғай іс жүргізу нормаларының негізінде әрекет етеді.

**Тергеу бөлімінің бастығы** — алдын ала тергеуді жүзеге асыратын органның тергеу бөлімшесінің бастығы және оның өз құзыреті шегінде әрекет жасайтын орынбасарлары. Тергеу бөлімінің бастығы тергеу жүргізуді тергеушіге тапсырады, қылмыстық іс бойынша іс жүргізудің уақытылы орындалуын, тергеу жүргізу және қамауда ұстау мерзімдерінің сақталуын, прокурор нұсқауының және де басқа тапсырмалардың орындалуын бақылайды және іс бойынша өзі де нұсқау береді; іс жүргізуді бірнеше тергеушіге тапсырады; заңда көзделген жағдайда тергеушіні іс жүргізуден шеттетеді, өз өкілеттігі шегінде қылмыстық істі жүргізуді өзіне бағынышты органның бір бөлімшесінен алып, басқа бөлімшеге тапсырады, аяқалған қылмыстық істерді прокурорға жібереді.

Тергеу бөлімінің бастығы қылмыстық іс қозғауға, қылмыстық істі жүргізуді өзіне алуға және тергеушінің өкілеттіктерін пайдаланып істі өзі жүргізуге құқылы. Тергеу бөлімі бастығының нұсқаулары тергеушінің дербестігін, оның құқықтарын шектей алмайды.

Алдын ала тергеу жүргізуді керек ететін қылмыстың белгісі болса, анықтау органы қылмыстық іс қозғап, қылмыстың бар-жоғын айқындау үшін *күдіктіні қарауға, тінтуге, кім екенін анықтауға, ұстауға және одан жауап алуға, жәбірленушілер мен куәлерді сұрауға құқылы.*

Қылмысты анықтағаны және қылмыстық іс қозғағаны туралы анықтау органы тез арада прокурорға хабарлайды.

Шұғыл тергеу әрекеттерін орындағаннан кейін, бірақ қылмыстық іс қозғалған күннен бастап бес тәуліктен кешіктірмей анықтау органы істі тергеушіге өткізеді, ол жайында жиырма төрт сағат ішінде прокурорды хабардар етеді. Істі тергеушіге өткізгеннен кейін анықтау органы тергеу әрекеттері мен шұғыл іздігі шараларын тергеушінің тапсыруымен ғана жүзеге асырады. Қылмыс жасаған адам табылмаған қылмыстық істі тергеушіге өткізген жағдайда анықтау органы ол адамды табуға шара қолданады, оның нәтижесін тергеушіге хабарлап тұрады.

Қылмыстық істердің **тергелу реті** ҚІЖК-нің 192-бабында белгіленген. Тергеуші істің тергелу ретінің өзіне тиісті еместігін анықтап шұғыл тергеу әрекеттерін жүргізеді, сонан кейін істі, тергелу ретіне қарай берілуі үшін, прокурорға жібереді.

Алдын ала тергеу қылмыс жасалған ауданда (облыста) жүргізіледі. Тез және толық болуы үшін алдын ала тергеу қылмыс болған немесе күдікті, айыпталушы немесе куәлердің көпшілігі жүрген жерде жүргізілуі мүмкін. Тергеу әрекеттерін басқа ауданда (облыста) жүргізу қажет болған жағдайда тергеуші оны тікелей өзі жүргізуге не сол ауданның (облыстың) тергеушісіне немесе анықтау органына табыстауға құқылы. Тергеуші іздігі әрекеттерін немесе жедел-іздігі шараларын жүргізуді алдын ала тергеу орнындағы немесе оларды жүргізу орнындағы анықтау органына тапсыра алады. Тергеушінің тапсырмасы он тәулік ішінде орындалуға тиіс.

Алдын ала тергеу қылмыстық іс қозғау туралы қаулы шыққаннан кейін ғана жүргізіле бастайды. Егер оқиға болған жерді қарамайынша қылмыстық іс қозғау туралы шешім шығару мүмкін болмаса, онда алдын ала тергеу қылмыстық іс қозғалғанға дейін жүргізіле бастайды.

Тергеуші өзі қозғаған немесе өзіне берілген істі тергеуге шұғыл кірісуге тиіс. Істі жүргізуді өзіне алғандығы туралы тергеуші қаулы шығарады. Егер тергеуші қылмыстық іс қозғап, оны жүргізуді өзіне алса, онда қылмыстық іс қозғаны және оны жүргізуді өзіне алғандығы туралы бір қаулы шығарады.

Қылмыстық іс күрделі немесе өте ауқымды болса, онда алдын ала тергеу жүргізу тергеушілер тобына (тергеу тобына) тапсырылуы мүмкін, ол жайында қылмыстық іс қозғау туралы қаулыда көрсетіледі немесе өзінше бөлек қаулы шығарылады. Ондай шешімді тергеу бөлімінің бастығы қабылдайды. Қаулыда тергеу жүргізу тапсырылған тергеушілер және ол топқа басшылық ететін тергеуші көрсетіледі.

Тергеудің бағыты және тергеу әрекеттерін жүргізу туралы барлық шешімді, егер прокурордың санкциясы немесе соттың шешімі қажет болмаса, тергеуші өзі қабылдайды, оның заңдылығына және уақтылы орындалуына өзі толықтай жауап береді. Тергеуші қызметіне заңсыз араласқандық үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылған. Тергеуші прокурордың тергелудегі іске қатысты нұсқауымен келіспесе, ол жоғары тұрған прокурорға шағым келтіруге құқылы.

Алдын ала тергеу кезінде тергеуші іс жүргізуге қатысты қандай да бір шешім қабылдайтын болса, ол жайында қаулы шығарады, онда ол қаулыны шығарған жер мен уақыт, тергеушінің аты-жөні мен лауазымы, қабылдаған шешімнің мәні мен негізі, ҚІЖК-нің қаулы шығаруға негіз болған бабы көрсетіледі.

Тергеуші ҚІЖК-де көзделген барлық тергеу әрекеттерін жүргізуге құқылы. Егер жауаптарында елеулі қайшылық болса, онда ол қайшылықтың себебін айқындау үшін тергеуші бұрын сұралған адамдарды қайтадан жүзбе-жүз кездестіре алады. Тергеушінің шешімі бойынша және айыпталушының, жәбірленушінің, куәнің немесе күдіктінің өтініші бойынша жауап алған кезде дыбыс және бейне жазу қолданылуы мүмкін.

Тергеуші қызметінің басты мақсаты — шындықты анықтап, шынымен қылмыс жасаған адамға айып тағу. Қылмыс жасады деп айыптауға негіз болатындай жеткілікті дәлелдемелер болса, тергеуші адамды айыпталушы ретінде тану туралы қаулы шығарады.

Алдын ала тергеу аяқталғаннан кейін, айыптау қорытындысы не қылмыстық істі медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасын қолдануы сотқа жіберу туралы қаулы, не қылмыстық істі қысқарту туралы қаулы шығарылады.

Қылмыстық істер бойынша алдын ала тергеу қылмыстық іс қозғалған күннен бастап екі ай мерзімде аяқталуға тиіс. Алдын ала тергеу мерзімі қылмыстық істі қозғау туралы қаулы шыққан күннен бастап айыптау қорытындысы не істі медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасын қолдануы үшін сотқа жіберу туралы қаулы не қылмыстық істі қысқарту туралы қаулы шыққан күнге дейінгі уақытты қамтиды.

Қылмыстық-іс жүргізу кодекsinде көзделген негіздер бойынша алдын ала тергеу тоқтатылған уақыт алдын ала тергеудің мерзіміне кірмейді.

Істің күрделі болуына байланысты алдын ала тергеудің мерзімі тергеушінің дәлелді қаулысымен ұзартылуы мүмкін. Фактілер жеткіліксіз және тергеу объективті емес, ал іс күрделі әрі маңызды болса, Бас Прокурор алдын ала тергеу жүргізетін бірнеше органдардың тергеушілерінен тергеу тобын құруы мүмкін, ол топты басқаратын прокурорды тағайындайды, бұл шешімін ол қаулымен ресімдейді<sup>1</sup>.

Өкінішке орай, көп уақыттан бері «Қазақстан Республикасының алдын ала тергеу органдары және тергеушілердің мәртебесі туралы» Заң жобасы өзінің шешімін таппай келеді, онда барлық тергеушілер үшін бірдей мәртебе белгілеу, олардың аумақтық органдар басшыларына тәуелділігін азайту, оларды тағайындаудың, мадақтаудың, қызметтен босатудың бірыңғай тәртібін енгізу көзделген еді.

<sup>1</sup> ҚР ҚІЖК-нің 198 бап 3 б., ҚР ҚІЖК-нің 177—289 баптары.

### 9.3. Анықтау органдары және олардың міндеттері

Алдын ала тергеу формаларының бірі — **анықтау**. Анықтау органдары қылмыстық қудалау органдарына жатады, олар қарапайым тергеу әрекеттерін жүргізумен қатар жедел-іздігі қызметін де жүзеге асырады, қылмыстарды және оларды жасаған адамдарды табуға шара қолданады.

Алдын ала тергеу жүргізу міндетті емес қылмыстық істер бойынша сотқа дейін іс жүргізгенде анықтаушы алдын ала тергеу үшін ҚІЖК-де көзделген баптарды басшылыққа алады.

Алдын ала тергеу міндетті түрде жүргізілетін қылмыстық істерде анықтаушы, кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда, анықтау органы бастығының тапсыруымен қылмыстық іс қозғауға, және де шұғыл тергеу әрекеттерін және жедел-іздігі шараларын жүргізуде уәкілетті және ол жайында прокурор мен алдын ала тергеу органын жиырма төрт сағаттың ішінде хабардар етуге міндетті.

Анықтаушы соттың, прокурордың, алдын ала тергеу органының және анықтау органының кейбір тергеу әрекеттерін жүргізу туралы, қылмыстық процеске қатысушы адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге шаралар қолдану туралы тапсырмаларын орындауға міндетті. Анықтау органы бастығының нұсқауы анықтаушы үшін міндетті болып табылады. Анықтау органы бастығының қылмыстық істер бойынша нұсқауына прокурорға шағымдануға болады. Қылмысты және айыптаудың көлемін саралауға, айыпталушыны сотқа беруі үшін істі прокурорға жіберуге немесе қылмыстық істі қысқартуға қатысты емес нұсқауларға шағым келтіру олардың орындалуын тоқтатпайды.

Қылмыстың сипатына қарай анықтау органдарына: қылмыстың белгілерін және оны жасаған адамдарды анықтау, қылмыстың алдын алу және жолын кесу мақсатында өздеріне заңда берілген құзыретке сәйкес қажетті қылмыстық-іс жүргізу және жедел-іздігі шараларын қабылдау; алдын ала тергеу жүргізу міндетті істер бойынша қылмыстық-іс жүргізу және жедел-іздігі әрекеттерін орындау; алдын ала тергеу жүргізу міндетті емес істер бойынша анықтау жүргізу жүктелген.

**Анықтау органдарына жататындар:**

- 1) ішкі істер органдары;
- 2) ұлттық қауіпсіздік органдары;
- 3) қылмыстық жазаларды орындау және қамауда ұстау тәртібіне байланысты істер бойынша — әділет органдары;
- 4) қаржы полициясы органдары;
- 5) контрабанда және кеден төлемдерін төлеуден жалтару туралы істер бойынша — кеден органдары;
- 6) Қарулы Күштерде, басқа әскерлер мен әскери құрамаларда шақырумен немесе контракт бойынша қызмет өтеп жатқан әскери қызметшілер; әскери жиындарда жүрген кезінде запастағы азаматтар; өздерінің қызметтік міндетін орындау кезінде немесе онда жүргенде әскери бөлімдердің, мекемелердің, құрамалардың азаматтық персоналдары жасаған барлық қылмыстар туралы істер бойынша — әскери полиция органдары;
- 7) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы заңның бұзылғандығы жөніндегі істер бойынша, және де Қазақстан Республикасының құрлықтық шельфінде жасалған қылмыстар туралы істер бойынша — шекара бөлімдерінің командирлері;
- 8) Қарулы Күштерде, басқа әскерлер мен әскери құрамаларға шақырумен немесе контракт бойынша қызмет өтеп жатқан өздеріне бағынышты әскери қызметшілер, әскери жиындарда жүрген кезінде запастағы азаматтар жасаған барлық қылмыстар туралы істер бойынша; өздерінің қызметтік борышын орындау кезінде немесе онда жүргенде әскери бөлімдердің, мекемелердің, құрамалардың азаматтық персоналдары жасаған қылмыстар туралы істер бойынша, әскери мекемелер мен гарнизондардың бастықтары;
- 9) болған елінде өздерінің қызметкерлері жасаған қылмыстар туралы істер бойынша — Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдігінің, консулдық мекемесі мен өкілетті өкілдігінің басшылары;
- 10) өртпен байланысты барлық қылмыстар туралы істер бойынша — мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары.

Анықтау органының барлық қылмыстар бойынша сотқа дейін іс жүргізу және шұғыл тергеу әрекеттерін орындау жөніндегі құқықтары мен міндеттері көлік қатынасының жоқ кезінде

шалғайда жүзіп жүрген теңіз кемелерінің капитандарына, геологиялық барлау партияларының, ҚІЖК-де аталған басқа да мемлекеттік ұйымдар мен олардың бөлімшелерінің басшыларына жүктеледі.

Қылмыстық-іс жүргізу Заңы **анықтаудың екі формасын** бөліп алады: алдын ала тергеу міндетті түрде жүргізілетін істер бойынша анықтау және алдын ала тергеу жүргізу міндетті емес істер бойынша анықтау.

**Бірінші жағдайда** қылмыстардың іздерін және оны жасаған адамды анықтап табу үшін шұғыл тергеу әрекеттері жүргізіледі. Мысалы, анықтау органы қылмыс орнын қарап шығуға, күдіктіні ұстап одан жауап алуға, оны тінтуге, жәбірленуші мен куәлерден жауап алуға құқылы. Шұғыл тергеу әрекеттері орындалысымен, бірақ қылмыстық іс қозғалған күннен бастап бес тәулік ішінде анықтау органы істі тергеушіге өткізуге міндетті, ол туралы прокурорды жиырма төрт сағат ішінде жазбаша хабардар етеді. Істі тергеушіге өткізгеннен кейін анықтау органы ол іс бойынша тергеу әрекеттері мен жедел-іздік шараларын тек тергеушінің тапсыруымен жүргізеді.

**Анықтаудың екінші формасында** анықтау органы қылмыстық іс бойынша тергеуді толық көлемде жүргізеді. Бұл жасалған қылмыстың әрбір жағдайына жедел шара қолданып, қылмысты білікті тергеуге мүмкіндік береді. Алдын ала тергеу міндетті емес істерде анықтау органының өкілеттігі едәуір кең, себебі анықтаудың материалдары істі сотта қарауға негіз болып табылады.

**Анықтаушы** — өз құзыреті шегінде қылмыстық іс бойынша сотқа дейін іс жүргізуге уәкілетті лауазымды адам. Анықтаушы заң бойынша анықтау органы бастығының бекітуі, прокурордың санкциясы немесе соттың шешімі көзделген жағдайлардан басқа реттерде қылмыстық-іс жүргізу кодексінде анықталған формаларда сотқа дейін іс жүргізуді бастау туралы, тергеу әрекеттерін жүргізу туралы өзі шешім қабылдай алады.

**Анықтау органының бастығы** қылмыстың белгілері мен оны жасаған адамдарды табу, қылмыстың алдын алу және жолын кесу мақсатында қылмыстық-іс жүргізу және жедел-іздік шараларын қабылдауды ұйымдастырады. Ол негізгі іс жүргізу

әрекеттеріне кірісу туралы қаулыны, қылмыс жасады деп күдік тудырушы адамды ұстау туралы хаттаманы және айыптау хаттамасын бекітеді.

Анықтау органы бастығының қылмыстық іс бойынша нұсқаулары анықтаушының дербестігін, оның құқықтарын шектеуге тиіс емес. Нұсқау жазбаша беріледі, ол қалайда орындалуға жатады, бірақ нұсқауға прокурорға шағымдануға болады.

Алдын ала тергеу жүргізу міндетті емес істер бойынша анықтаудың тәртібі мен мерзімі ҚІЖК-нің 285-бабында белгіленген. Анықтау қылмыстық іс қозғау туралы қаулы шыққан кезден бастап іс сотқа берілуі үшін прокурорға жіберілгенге дейін он күндік мерзімде жүргізіледі. Бұл мерзімді анықтау органының бастығы отыз тәулікке дейін ұзарта алады.

Мән-жайды анықтау үшін тергеу әрекеттері жүргізіледі, күдік тудырған адамда соттылықтың бар-жоғы туралы анықтама, жұмыс немесе оқу орнынан мінездеме, және де іс үшін маңыздылығы бар басқа да материалдар сұратылып алынады, жәбірленушіден, куәден жауап алынады.

Жәбірленушіден (куәден) жауап ауызша алынуы мүмкін. Жауап алудың нәтижесі бойынша анықтама жазылады, онда жауап алынған адамның аты-жөні, тұратын немесе жұмыс істейтін орны, оның қаншалықты хабардар екендігі көрсетіледі.

Бұл адамдардан жауап алу — олар тұрғылықты орнын ауыстырып немесе денсаулығына байланысты сот талқысына келе алмауы мүмкін деген ойдан туындайды. Өзіне қатысты қылмыстық іс қозғалған адамнан күдікті ретінде жауап алынады.

Анықтау аяқталғаннан кейін анықтаушы айыптау хаттамасын жасайды. Хаттамаға анықтау барысында алынған барлық материалдар кіреді және онда сотқа шақырылатын адамдардың тізімі болады. Өзіне қатысты белгіленген тәртіпте айыптау хаттамасы жасалған адам айыпталушы деп танылады. Айыптау хаттамасын және оған бір келген материалдарды зерделеп, анықтама органының бастығы хаттаманы бекітеді, материалды соқа өткізуі үшін прокурорға жібереді немесе хаттаманы бекітуден бас тартады.

Айыптау хаттамасы бекітілгеннен кейін істің барлық материалдары танысуы үшін айыпталушы мен оның қорғаушысына,

ал өтініш болса — жәбірленуші мен оның өкіліне беріледі. Бұл адамдардың іс материалдарымен танысқандығы туралы, олар мәлімдеген өтініштер мен оларды қараудың нәтижелері туралы айыптау хаттамасына жазу түсіріледі.

Анықтау органының бастығы бекіткен айыптау хаттамасы іс материалдарымен бірге сотқа өткізуі үшін прокурорға жіберіледі. Айыптау хаттамасының көшірмесін анықтау органы айыпталушыға тапсырады. Егер іс азаматтардың, лауазымды адамдардың немесе ұйымдардың арызы немесе хабары бойынша қозғалған болса, онда анықтаудың аяқталғаны және істің прокурорға жіберілгендігі туралы оларға хабар беріледі<sup>1</sup>.

#### **9.4. Жедел-ізвестіру қызметі органдары**

Жедел-ізвестіру қызметі барлық елдерде жүзеге асырылады, ол тергеу әрекеттерінің дәстүрлі жиынтығы қылмысты ашу үшін жеткіліксіз болған кезде керек.

Бұл қызмет ұзақ жылдар бойы ешқандай заңмен реттелмей, тек аса құпия ведомстволық циркуляр негізінде жүргізіліп келді. Дәлелдеуде оның нәтижелерін пайдаланудың ешқандай ресми ережесі де болмады.

1994 жылдың 15-қыркүйегіндегі «Жедел-ізвестіру қызметі туралы» Заң қабылданғаннан кейін ғана жедел-ізвестіру қызметі біздің елде заңдық регламентация алды.

**Жедел-ізвестіру қызметі** — жедел-ізвестіру, ұйымдық және басқарушылық жария және жария емес іс-шаралардың ғылыми негізделген жүйесі, оны арнайы уәкілеттік берілген мемлекеттік орган, өз құзыреті шегінде, азаматтардың өмірін, денсаулығын, құқығын, бостандығы мен заңды мүдделерін, меншікті, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қылмыстық қол сұғушылықтан, сондай-ақ шет мемлекеттердің және халықаралық ұйымдардың арнайы қызметтерінің қастандық әрекеттерінен қорғау мақсатында жүргізеді.

Жедел-ізвестіру қызметінің негізгі міндеті қылмысты дер кезінде тауып, оның толық және тез ашылуын қамтамасыз ету, анықтау органдарынан, тергеуден және соттан бой тасалап жүрген,

<sup>1</sup> ҚР ҚІЖК-нің 285—289 баптары.

қылмыстық жазадан жалтарушы адамдарды, хабар-ошарсыз кеткен азаматтарды іздестіру. Сонымен қатар, шет мемлекеттердің арнайы қызметтерінің қастандық әрекеттерінің жолын кесу, мемлекеттік шекараның күзетін қамтамасыз ету, мемлекеттік және заңмен қорғалатын өзге құпияларды құрайтын мәліметтердің сақталуын қамтамасыз ету және бас бостандығынан айыру орындарында қылмыстық-атқару заңы белгіленген режимді ұстап тұру да бұл қызметтің негізгі міндеттеріне жатады.

Жедел-ізвестіру қызметі заңдылық, адамның құқықтары мен бостандығын сақтау, қадір-қасиетін құрметтеу, азаматтардың барлығының Заң алдында бірдейлігі принципінә сәйкес, жасырындық, жария және жария емес әдістердің үйлесімі, кәсіби этика негізінде жүзеге асырылады.

Жедел-ізвестіру іс-шараларын, сондай-ақ алынған ақпаратты заңда көзделмеген мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін жүзеге асыруға жол берілмейді. Жедел-ізвестіру іс-шаралары барысында алынған, адамның жеке өміріне, ар-намысына және қадір-қасиетіне қатысы бар мәліметтер, егер оларда заңда тыйым салынған әрекеттердің жасалғандығы туралы ақпарат болмаса, сақталуға жатпайды, олар жойылады.

Қылмысты дайындауға немесе жасауға кінәлі екендігі заңда белгіленген тәртіпте дәлелденген адам жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асырған органнан өзін терсеруге негіз болған мәліметтерді, мемлекеттік және заңмен қорғалатын өзге құпияны жария болмайтын шекте сұратып алуға құқылы.

Қазақстан Республикасының аумағында:

- ішкі істер органдары;
- ұлттық қауіпсіздік органдары;
- Қорғаныс министрлігінің әскери барлау органдары;
- қаржы полициясы органдары;
- ҚР Президентінің Күзет қызметі.
- Әділет министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі органдары;

— кеден органдары **жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асырады.**

Бұл қызметті жүзеге асыру кезінде оған уәкілетті органдар:

- өз құзыреті шегінде жария және жария емес жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізуге;

— жедел-іздістіру қызметін жүзеге асырушы органдарға жасырын көмек көрсетуге келісімін берген адамдармен тегін немесе ақылы қарым-қатынас орнатуға;

— жедел-іздістіру қызметінің жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін оперативтік есептер мен ақпараттық жүйелер құрып, оларды пайдалануға;

— қажетті ғылыми-техникалық немесе өзге де арнайы танымы бар лауазымды адамдар мен мамандардың көмегін пайдалануға;

— басқа министрліктердің, ведомстволардың, меншік формаларына қарамастан кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің жедел-іздістіру қызметінің қажетіне жарайтын ақпаратын тегін алып пайдалануға;

— Қазақстан Республикасының аумағында жедел-іздістіру қызметін жүзеге асыруға құқы бар басқа органдармен келісіп, кейбір іс-шараларды жүргізу үшін сол органдардың күші мен құралын тартуға;

— тәуліктің кез келген уақытында кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың (меншік формасына қарамастан) аумағына және үй-жайларына кедергісіз кіруге, заңда көзделген басқа да әрекеттер жүргізуге **құқылы**.

Жедел-іздістіру қызметін орындау кезінде оған уәкілетті органдар:

а) жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандығы мен мүдделерін қорғау үшін құзыретіне сәйкес қажетті шаралар қабылдауға;

б) жедел-іздістіру іс-шараларын жүзеге асыру, оның нәтижелерін қылмыстық процесте пайдалану үшін бекіту арқылы қылмыстарды айқындауды, ашуды, олардың алдын алуды, жолын кесуді қамтамасыз етуге;

в) Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік және басқару органдарын қоғам мен мемлекетке қауіп төндіретін, өздеріне мәлім фактілер мен деректер жайында тез хабардар етуге;

г) құқықтық көмек туралы шарттар (келісімдер) негізінде тиісті халықаралық құқық қорғау ұйымдары мен шет мемлекеттердің құқық қорғау органдарының сұратуларын орындауға;

д) жедел-іздістіру іс-шараларын жүргізгенде, және де сол іс-шаралардың нәтижесін көрсететін материалдарды қылмыстық

процесте пайдалану үшін бергендежасырындықты қамтамасыз ету және ақпарат көздерінің жария болуына жол бермеу жөнінде қажетті шаралар қабылдауға **міндетті**.

Жедел-іздістіру іс-шараларын жүргізуге мыналар **негіз** болады:

— қылмыстық істің қозғалғандығы;

— органға келіп түскен ақпарат;

— тергеушінің жазбаша тапсырмасы және прокурордың нұсқауы, сондай-ақ сол органдардың жүргізуіндегі қылмыстық істер бойынша сот ұйғарымы;

— Бас Прокурордың және оның орынбасарларының, облыс прокурорларының және оған теңестірілген прокурорлардың қаулысы;

— халықаралық құқық қорғау ұйымдары мен шет елдердің құқық қорғау органдарының құқықтық көмек туралы шарттарға (келісімдерге) сәйкес сұратулары;

— қоғамның, мемлекеттің мүддесі үшін әрі оның экономикалық және қорғаныс әлеуетін нығайту үшін барлау ақпаратын алу керектігі;

— өз құзыреті шегінде өз ынтасымен не өзге мемлекеттік органның ынтасымен жедел-іздістіру қызметін жүзеге асыратын органдар адамның жеке басын сипаттайтын;

— ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік, әскери барлау, қаржы полициясы, қылмыстық-атқару жүйесі органдарына, кеден органдарына, Президенттің Күзет қызметіне жұмысқа және қызметке қабылдау туралы;

— жедел-іздістіру қызметін жүзеге асырушы органдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша;

— мемлекеттік құпия болып табылатын мәліметтерге немесе апаттық не экологиялық қауіптілігі жоғары объектілер мен құрылыстарды пайдаланумен байланысты жұмыстарға жіберу туралы;

— жедел-іздістіру қызметіне қатысуға жіберу немесе оны жүзеге асыру нәтижесінде алынған материалдарға жіберу туралы;

— жеке детективтік және күзет қызметімен айналысуға рұқсат беру туралы шешім қабылдау үшін қажетті мәліметтер жинауға құқылы.

**Жалпы жедел-іздістіру іс-шараларына** мыналар жатады:

- 1) адамнан жауап алу;
  - 2) азаматтармен жария және жария емес қатынастар орнату, оларды жедел-іздістіру қызметінде пайдалану;
  - 3) қылмыстық қызметке ұқсас іс-әрекеттер моделін енгізу;
  - 4) қолдану;
  - 5) жасырын кәсіпорындар мен ұйымдар құру;
  - 6) бақыланатын жеткізу;
  - 7) техникалық құралдарды қолдану;
  - 8) сұрастырып білу;
  - 9) үлгілер алу;
  - 10) оперативтік сатып алу;
  - 11) ізшіл иттерді қолдану;
  - 12) адамдарды іздістіру және белгілері бойынша тану;
  - 13) ақпаратты заңсыз алатын құрылғыларды іздістіру;
  - 14) құқыққа қайшы іс-әрекеттердің іздерін табу, жасырын түсіру және алу, оларды алдын ала зерттеу;
  - 15) қылмысты дайындаушы, жасаушы немесе жасаған адамдардың ізіне түсу, оларды ұстау;
  - 16) куәнің қатысуымен ұстаған адамның үсті-басын қарау, оның қылмыстық әрекетке қатысы бар заттары мен құжаттарын тексеру және алу, үй-жайын, жұмыс орнын және көлігін тексеріп қарау.
- Ланкестікке қарсы операциялар кезінде адамның үсті-басын, заттарын және көлігін тексеріп қарауға куә қатыстырылмайды.
- 17) қарулы қылмыскерлерді ұстауға қатысты операциялар жүргізу;
  - 18) байқау.

**Арнайы жедел-іздістіру іс-шараларына** мыналар жатады:

- 1) пошта-телеграф жөнелтімдерін бақылау;
- 2) байланыс желілерінде тез іздістіру;
- 3) бейне,- аудиотехникалар мен өзге арнайы техникалық құралдарды пайдаланып, сөйлескен сөздерді жасырын тыңдау және жазып алу, телефон арқылы және басқадай сөйлескен сөздерді жасырын тыңдау және жазып алу және телефон арқылы сөйлескен сөздер жайында деректер алу;
- 4) техникалық байланыс арналарынан, компьютер жүйелерінен және өзге техникалық құралдардан ақпарат алу;

5) оперативтік ену.

Жеке өмірге қол сұқпаушылықты, хат алмасу, телефонмен сөйлесу, телеграфпен хабарлау және пошта жөнелтімдері құпиясын, сондай-ақ тұрғын-жайға тиіспеу құқығын қозғайтын арнайы жедел-іздістіру іс-шаралары тек қана ауыр және аса ауыр қылмыстарды, сондай-ақ қылмыстық топ дайындайтын және жасайтын қылмыстарды айқындау, ашу және олардың алдын алу мақсатында және прокурордың санкциясымен ғана жүзеге асырылады. 2009 жылдан бастап уәкілетті органдарға ауырлығы орташа қылмыстарды жасаған адамдарға қатысты да жедел-іздістіру қызметін жүзеге асыруға құқық берілді. Жедел-іздістіру қызметін жүзеге асырушы органдардың қаулысы бойынша мұндай іс-шараларды жүргізуге санкцияны Республиканың Бас прокуроры, оның орынбасарлары, республиканың әскери прокуроры, облыс прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар береді.

Қылмыскерлікпен күресте, адам мен қоғамның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауда жедел-іздістіру қызметінің нәтижелерін қылмыстық істе дәлел ретінде пайдаланудың маңызы зор. Ал бұл нәтижелерді пайдалануға болатын-болмайтындығын оларды алған кезде, жедел-іздістіру іс-шаралары жүргізілген кезде Конституцияның және «Жедел-іздістіру қызметі туралы» Заңның негізгі нормаларының бұзылған-бұзылмағандығы анықтайды.

Жедел-іздістіру іс-шараларын жүргізу нәтижесінде алынған материалдар қылмыстық-іс жүргізу заңдарында көзделген формаға келмейінше не оларды қылмыстық процеске енгізу мүмкін болмаса, ешқандай құқықтық салдарға алып келмейді, олар жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандығы мен заңды мүдделерін шектеуге негіз бола алмайды.

Дәлелдемелерді жинау, бекіту, зерттеу және бағалау тәртібі ҚІЖК-нің 125-128-баптарында регламенттелген. Дәлелдемелер сотқа дейінгі іс жүргізу процесінде және сот талқысы кезінде ҚІЖК-де көзделген тергеу және сот әрекеттерін жүргізу жолымен жинақталады. Дәлелдемелерді жинақтау оларды табу, бекіту және алуды қамтиды.

Нақты мәліметтер олар іс жүргізу әрекеттерінің хаттамаларына түсірілгеннен кейін ғана дәлелдемелер ретінде пайдаланылуы мүмкін. Анықтау және алдын ала тергеу кезінде хаттама жүргізу,

тиісінше анықтаушыға және тергеушіге, ал сотта — сот отырысына төрағалық етушіге және хатшыға жүктеледі.

Тергеу әрекетінің хаттамасымен танысқан адамдар мәтіннің әр бетінің соңғы жолының астына және хаттаманың ең соңына қолын қояды. Сот отырысы хаттамасының бір бөлігімен танысқанда қол әр беттің аяқ жағына және сол бөліктің соңына қойылады. Ескертулермен және қарсылықтармен келіспеген жағдайда анықтаушы, тергеуші немесе сот ол жайында қаулы шығарады. Процесске қатысушылардың қайсыбірі немесе басқа адамдар заңда көзделген жағдайда хаттамаға қол қоюдан бас тартса, анықтаушы немесе тергеуші ол жайды хаттамаға түсіреді, оны өз қолымен растайды.

Дәлелдемелерді бекіту үшін, хаттама жасаумен қатар, дыбыс, бейне жазу, кино түсіру, фото түсіру, таңба, бедер даярлау, жоспарлар, схемалар, ақпаратты қалдырудың басқа тәсілдері қолданылады.

Ғылыми-техникалық құралдарды қолдануға жол беріледі, егер олар:

- 1) заңда тікелей көзделсе немесе оның нормаларына қайшы келмесе;
- 2) ғылыми жарамды болса;
- 3) қылмыстық істі жүргізудің тиімділігін қамтамасыз етсе;
- 4) қауіпсіз болса.

Жедел-іздістіру қызметінің нәтижелерін қылмыстық істер бойынша дәлелдеме ретінде пайдалану ҚІЖК-нің 130-бабында бекімін тапқан. Жедел-іздістіру қызметін жүзеге асырушы органның қызметкері жедел-іздістіру іс-шараларын жүргізу кезінде тікелей қабылдап алған мәліметтерді бұл қызметкерден куә ретінде жауап алғаннан кейін ғана пайдалануы мүмкін.

Жедел-іздістіру іс-шараларын жүргізу нәтижесінде қылмыс жасаған кінәсі заңда белгіленген тәртіпте дәлелденбеген, сондай-ақ өзіне қатысты қылмыстық іс қозғалмаған адамдарға қатысты алынған материалдар қылмыстық іс қысқарған кезден бастап оперативтік есепте бір жыл сақталады, сонан соң жойылады. Өзіне қатысты қылмыстық іс қозғалмаған адамдардың телефон арқылы және басқадай жолмен сөйлескен сөздерін тыңдаудың нәтижесінде алынған фонограммалар мен басқа да материалдар

іс қысқарғаннан кейін алты ай ішінде жойылады, ол жайында хаттама жасалынады.

Жедел-іздістіру қызметін жүзеге асырушы органдардың басшылары Заңдылықтың сақталуына, қызметтің ұйымдастырылуына, тактикасына, әдістері мен құралдарына, және де жасырындықты қамтамасыз ету жөніндегі шараларға және бұл қызметтің құпиялылығына бақылау жасайды.

Жедел-іздістіру қызметін жүзеге асыру кезінде заңдылықтың сақталуын Бас прокурор және оған бағынышты прокурорлар қадағалайды.

Жедел-іздістіру қызметіне қадағалау жасағанда прокурор:

1) оперативтік есеп істерін, жедел-іздістіру қызметінің барысы жөніндегі материалдарды, құжаттарды және басқа да мәліметтерді, құпия көмекшілер мен штаттағы жария емес қызметкерлердің жеке басына қатыстылардан басқаларын, алады;

2) арнайы жедел-іздістіру іс-шараларының, оның ішінде байланыс желісінде жүзеге асырылуының заңдылығына тексеру жүргізеді;

3) жедел-іздістіру қызметін жүзеге асыру барысында заңның, адам құқығының бұзылғандығы айқындалса, өз қаулысымен жедел-іздістіру іс-шараларын тоқтатады;

4) жедел-іздістіру қызметін жүзеге асырушы органдардың лауазымды адамдарының әрекеттері мен шешімдеріне келтірілген шағымдарды, арыздарды қарайды;

5) Конституцияға, заңдарға және Республика Президентінің актілеріне қайшы келетін, жедел-іздістіру қызметін жүзеге асырушы органдар шығарған, жедел-іздістіру іс-шараларының ұйымдастырылуын және тактикасын регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерге наразылық келтіреді;

6) жедел-іздістіру іс-шараларын жүргізу кезінде құқыққа қайшы әрекеттерге жол берген қызметкерлерге қатысты қылмыстық іс қозғау, тәртіптік іс жүргізу туралы қаулы шығарады;

7) бұл іс-шара кезінде айқындалған құқық бұзушылық фактілері бойынша басқа да прокурорлық қадағалау актілерін шығарады;

8) өзінің дәлелді қаулысымен заңсыз ұсталған адамдарды босатады не ұстау туралы заңсыз қаулыны бұзады;



9) қажет болған жағдайда жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыратын органдардың басшыларынан заң бұзушылықты жою мақсатында өздеріне бағынышты органдарға тексеру жүргізуді талап етеді;

10) Қазақстан Республикасының заңында белгіленген жағдайларда жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізуге санкция береді.

Өз құзыреті шегінде Бас прокурор Қазақстан Республикасының жедел-ізвестіру қызметі туралы заңдарының нормаларын қолдануға қатысты нормативтік құқықтық актілер қабылдайды, олар қалайда орындалуға жатады.

Жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асырушы органдар тарапынан болған заң бұзушылықты айқындау мақсатында прокурор арнайы техникалық құралдарды пайдалана отырып, прокуратура органдарының мамандарын және басқа да мамандарды тартуға құқылы.

## 10 ТАРАУ

### Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдары

#### **10.1. Қаржы полициясы органдарының негізгі мақсаты, жүйесі және қызметін ұйымдастыруы**

Қазақстан Республикасының қаржы органдары полициясы заңда белгіленген өз өкілеттіктері шегінде жедел-ізвестіру қызметін, алдын ала тергеу және анықтама, әкімшілік іс жүргізу арқылы адам мен азаматтың құқығына, қоғам мен мемлекеттің мүдделеріне қарсы экономикалық және қаржы қызметі, сыбайлас жемқорлықпен күрес саласында жасалған қылмыстарды, басқа да қастандық әрекеттерді айқындауға, ашуға олардың алдын алуға, жолын кесуге және оларды тергеуге бағытталған құқық қорғау қызметін жүзеге асырушы арнайы мемлекеттік органдар. Қаржы полициясы органдары ҚР Президентінің 2001 жылғы 22-қантарындағы «Қазақстан Республикасында құқық қорғау қызметін жетілдіру бойынша шаралар туралы» № 536 Жарлығына сәйкес құрылды.

Қазақстан Республикасында нарықтық қатынастардың қалыптасуы қоғам өмірін мүлде өзгертті, соған байланысты салық заңдарын бұзушылармен күресетін арнайы құқық қорғау органын құру қажеттігі туындады. Көлеңкелі және криминалдық кәсіпкерліктің кең етек алуы, олардың салықты және бюджетке түсетін басқа да төлемдерді төлеуден жалтаруы ел қауіпсіздігін қамтамасыз ететін күштердің бірі ретінде салық милициясын (полициясын) құруға мәжбүр етті. Салық қызметі органдарының қаржы санкцияларын қолдану арқылы салық заңдарын бұзушылармен күресу әдісі ойдағыдай нәтиже бермеді. Сондықтан салық қылмыстары үшін қылмыстық жауапкершілік енгізу керек болды, бұл жағдай салық милициясының (полициясының) құрылуын тездетті.

Қаржы полициясы құрылғанға дейін салық қылмыстарымен күрес жөніндегі орган болды, ол алғаш Қазақстан Республика-

сы Министрлер Кабинетінің 1994 жылдың 6-маусымындағы № 596 қаулысымен, ҚР Президентінің 1994 жылғы 11-ақпандағы «Қылмыскерлікпен күресті күшейту туралы» № 1152 Қаулысына сәйкес құрылды. Қаржы министрлігінің салық қызметінің құрамында Салық милициясының басқармасы құрылды. Салық органдары, қазіргі қаржы полициясы тура сол кезден бастап жұмыс істеп келеді.

ҚР Президентінің 1995 жылғы 24-сәуірдегі «Салықтар және бюджетке түсетін басқа міндетті төлемдер туралы» заң күші бар Жарлығымен салық полициясы органдарының құқықтық мәртебесі мен құрылымы анықталды. Бұл Жарлыққа сәйкес салық полициясы органдары жедел-ізвестіру қызметін және анықтауды жүргізумен қатар салық төлемеумен байланысты қылмыстар туралы істер бойынша алдын ала тергеу жүргізу құқына ие болды.

1995 жылдың 25-желтоқсанындағы салық полициясы органдарының қызметінің қылмыстық-іс жүргізу негізі алғаш рет регламенттелді.

Мысалы, ҚР Президентінің «Қазақ КСР-ы мен Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» заң күші бар Жарлығымен салық полициясы органдары қылмыстық процесте анықтау органдарына жатқызылды. Сол Жарлықпен Қазақстан Республикасының 1994 жылдың 15-қыркүйектегі «Жедел-ізвестіру қызметі туралы» Заңына да өзгертулер мен толықтырулар енгізілді, оған сәйкес бұл қызметті салық салысында жүзеге асыру құқығы тек салық полициясына берілді.

ҚР Үкіметінің 1994 жылдың 16-сәуіріндегі қаулысымен «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің салық қызметінің салық полициясы органдарында қызмет атқару туралы Ереже» бекітілді, онда салық полициясы органдарының құқықтық мәртебесі және бөлімшелерін ұйымдастыру жүйесі, оның қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері анықталды.

ҚР Президентінің 1996 жылдың 14-тамызындағы № 3113 Жарлығымен салық қызметі Қаржы министрлігінің құрамынан алынып, өзінше Мемлекеттік салық комитеті болып құрылды, салық полициясы оның құрамына берілді.

1996 жылғы 25-қазанындағы ҚР Президентінің 14.09.1996 жылғы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік салық комитеті

туралы» Жарлығының қабылдануына байланысты ҚР Үкіметінің қаулысымен «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитетінің салық полициясы органдары туралы уақытша ереже» бекітілді. Бұл Ережеде салық полициясы алғаш рет Қазақстан Республикасының салық қызметінің құрамындағы Бас басқарма құқығы берілген арнайы құқық қорғау органы ретінде қаралды.

ҚР Президентінің 1997 жылғы 4-наурызындағы «Мемлекеттік органдарды реформалау бойынша кезекті шаралар туралы» № 3377 Жарлығына және Үкіметтің 1997 жылғы 22-сәуіріндегі «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері» атты № 674 қаулысына сәйкес салық қызметі Салық полициясы департаменті түрінде қайтадан Қаржы министрлігінің құрамына кірді, ал салық полициясына алғаш рет алдын ала тергеу функциясы берілді.

1997 жылдың 8-желтоқсанындағы «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңымен ҚР Президентінің 1995 жылғы 24-сәуіріндегі Жарлығының 167-бабы (Салық қызметінің мәртебесі және құрылымы) жаңа редакцияда берілді. Заңға сәйкес салық қызметі дербес екі құрылымдық бөлімшелерге: Салық комитетіне және Салық полициясының департаментіне бөлінді, олар Қаржы министрлігінің құрамына кірді. Бұл құрылымда салық полициясы қылмыстар мен құқық бұзушылықты айқындайтын, өз өкілеттігі шегінде қылмыстық қудалауды жүзеге асыратын арнайы құқық қорғау органының мәртебесін алды.

ҚР Президентінің 1998 жылғы 6-мамырындағы «Экономикалық қылмыскерлікпен күрестің тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы» № 3935 Жарлығымен Қаржы министрлігінің Салық полициясы департаменті мен Ішкі істер министрлігінің Экономикалық полиция департаментінің базасында Салық полициясы Комитеті құрылды. Сонымен, экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмыстармен күресу функциялары бір органға біріктірілді.

1998 жылдың 12-қазанындағы ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдар жүйесін әрі қарай реформалау туралы» Жарлығына сәйкес Салық полициясы комитеті

жаңа құрылған Мемлекеттік кіріс министрлігінің құрамына кірді.

Салық полициясы органдары мен кеден қызметі үшін мамандар даярлау мақсатында 1999 жылдың 18-тамызындағы ҚР Үкіметінің қаулысымен Салық полициясының академиясы құрылды, ол мемлекеттік мекеме мәртебесін алды.

ҚР Президентінің 2001 жылғы 22-қаңтардағы «Қазақстан Республикасында құқық қорғау қызметін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» №536 Жарлығымен Қаржы полициясы агенттігі құрылды, ол Үкімет құрамына кірмейтін орталық атқарушы орган деп саналды, оған Мемлекеттік кіріс министрлігінің таратылған Салық полициясы комитеті мен Салық полициясы академиясының мүлкі мен істерін басқару функциясы берілді. 2002 жылдың 4-маусымындағы «**Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдары туралы**» № 336-11 Заңның қабылдануы ведомство қызметінің жаңа кезеңі болды. Онда қаржы полициясы органдары заңда белгіленген өкілеттік шегінде жедел-ізвестіру қызметін, алдын ала тергеу және анықтау жүргізу арқылы экономикалық және қаржы қызметі саласында адам мен азаматтың құқығына, қоғам мен мемлекеттің мүддесіне қарсы жасалған қылмыстарды, қылмыстық әрекеттерді айқындауға, ашуға, тергеуге, олардың алдын алуға, жолын кесуге бағытталған құқық қорғау қызметін жүзеге асырушы арнайы мемлекеттік орган делінген.

Қаржы полициясы органдарының мәртебесін нығайтудың келесі қадамы Президенттің 2003 жылғы 10-ақпандағы №1020 Жарлығымен олардың ресми белгілері — жалауы мен рәмізін бекіту болды.

Мемлекет басшысы 2003 жылғы 23-желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін әрі қарай жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа қол қойды, ол бойынша Қаржы полициясы агенттігінің базасында Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмыскерлікпен күрес жөніндегі агенттігі (қаржы полициясы) құрылды, оған Ішкі істер министрлігінің экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмыстарды айқындау және тергеу жөніндегі функциялары мен өкілеттіктері берілді.

2004 жылдың 29-қаңтарында Үкіметтің қаулысымен Қазақстан Республикасының экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмыскерлікпен күрес жөніндегі агенттігі (қаржы полициясы) туралы Ереже бекітілді.

2004 жылдың 20-наурызында Үкімет қаулысымен Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдарында қызмет атқару туралы Ереже бекітілді. Онда қаржы полициясының қызметкерлерін құқықтық және әлеуметтік қорғау шаралары нақтыланған.

ҚР Президентінің 2005 жылдың 25-ақпанындағы №1521 Жарлығымен Қазақстан Республикасының экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмыскерлікпен күрес жөніндегі агенттігі (қаржы полициясы) Президентке тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік орган болды.

Сонымен, қаржы полициясы институтының пайда болуында объективті, тарихи қалыптасқан, қоғамдық қатынастардың дамуын тездеткен алғышарт бар еді. Қаржы полициясы өз өкілеттігі шегінде елдің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, азаматтардың ғана емес, барлық қоғамның заңды құқықтары мен мүдделерін сыбайлас жемқорлықтан қорғауды жүзеге асыруға тиісті күшке айналды.

Коституция, 2002 жылдың 4-маусымындағы «Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдары туралы» Заң, өзге де нормативтік құқықтық актілер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық заңдары қаржы полициясы органдарының қызметіне **құқықтық негіз** болады.

Елдің тәуелсіз егемен мемлекет ретінде дамуының басты шарттарының бірі — оның экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

**Экономикалық қауіпсіздік** дегеніміз ұлттық экономиканың, оның дамуына қауіп төндіретін сыртқы және ішкі процестер мен факторлардан, жағдайлардан қорғалғандық күйі.

Нарықтық қатынастарды енгізунәтижесінде, басқа посткеңестік елдердегі сияқты Қазақстанда да экономикалық, оның ішінде сыбайлас жемқорлық кең етек алды.

Сыбайлас жемқорлық ғаламдық қауіпсіздік пен тұрақсыздыққа, ашық рыноктар мен еркін саудаға, экономикалық даму мен

құқық тәртібін қамтамасыз етуге қауіп төндіреді, шетелдік инвестициялардың жолын бөгейді. Сыбайлас жемқорлық ұйымдасқан қылмыскерлік пен ланкестіктің етек алуына жағдай тудырады, қоғамның үкіметке сенімін азаптады.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанда мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі ретінде саналады. Оны жүзеге асыру мақсатында 1998 жылдың 2-маусымында «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» №267 Заң қабылданды.

Орталық мемлекеттік органдардың функциялары біртіндеп аймақтарға, жеке секторларға беріле бастады, монополия өрісі тарылды, мемлекеттік қызмет көрсету саласында бәсекелестіктің дамуына жағдай туды. Халыққа қызмет етуде «бір терезе» принципі енгізілді.

Мемлекеттік қызметкерлерді конкурстық іріктеу процедурасының ашықтығы мен объективтігі қамтамасыз етілді, қызметкерді жұмысқа қабылдағанда және өсіргенде оның біліктілігі мен іскерлік қасиетіне баса назар аударылатын болды.

1999 жылдың 29-желтоқсанында ҚР Президентінің «Саяси мемлекеттік қызметкерлер лауазымдарының Реестрін және саяси мемлекеттік қызметкерлерге тәртіптік жаза қолдану тәртібінің Ережесін бекіту туралы» Жарлығы шықты.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі шараларды әрі қарай жетілдіру және мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының жауапкершілігін көтеру мақсатында 14.04.2005 жылы ҚР Президентінің «Сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту, мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың қызметінде тәртіпті нығайту жөніндегі шаралар туралы» Жарлығы қабылданды.

Бұл Жарлықты іске асыру мақсатында сыбайлас жемқорлықпен күрестің 2006—2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы әзірленді, ол ҚР Президентінің 2005 жылғы 23-желтоқсанындағы №1686 Жарлығымен бекітілді. Бұл жылдары қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге ревизия жасалып, олардың ішінде сыбайластық қылмыстарға жол беретіндерінің бар-жоғы айқындалды.

Сыбайлас жемқорлықпен күресуде халықаралық қатынастар орнады. Бұл мәселе бойынша шет елдердің құқық қорғау органда-

рымен және арнайы қызметтерімен, халықаралық үкіметтік емес ұйымдармен қоян-қолтық байланыстар нығайды.

Өткен жылы сарапшылар Қазақстанның сыбайлас жемқорлықпен күресу саласындағы әрекеттерін оң бағалады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру жөніндегі «Трансперенс Интернэшнл» дүниежүзілік қоғамдық ұйымы 2009 жылдың **Сыбайлас жемқорлықты түйсіну индексі**н жариялады. Бұл индекс бойынша Қазақстанның көрсеткіші өткен жылғы 145-тен 120-ға көтерілген. Қазақстан 2,7 индекспен 188 елдің арасында 120-орында тұр.

Қазіргі кезде Сыбайлас жемқорлықпен күрестің 2006-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде Еуропа кеңесінің Секретариатына біздің елді континенттік конвенцияларға — «Сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық жауапкершілік туралы» және «Сыбайлас жемқорлық үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілік туралы» конвенцияларға қосу туралы өтініш жіберілді. Мемлекеттік органдарда Еуропа Кеңесінің қылмыстық қызметтен алынған табыстарды айқындау, жылыстату (отмыть), алу және тәркілеу туралы Конвенциясын бекіту жөніндегі заң жобасы келісілуде.

Бұл құжаттарға қосылу Қазақстанның беделді халықаралық ұйым — Сыбайлас жемқорлықпен күресуші мемлекеттер тобына (ГРЕКО) мүше болуына жол ашты<sup>1</sup>.

Сыбайлас жемқорлыққа БҰҰ-ның анықтамалық құжатында «жеке бастың пайдасы үшін мемлекеттік билікті теріс пайдалану» деп сипаттама берілген.

1998 жылдың 2-маусымындағы «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» Заң сыбайлас жемқорлыққа мемлекеттік функциялар атқарушы адамдардың, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдардың өз өкілеттіктерін және олармен байланысты мүмкіндіктерін пайдаланып, өзі тікелей немесе басқа біреу арқылы мүліктік игілік және артықшылық алуы не бұларды алу үшін өз өкілеттіктерін өзгеше пайдалануы, сондай-ақ бұл адамдарды жеке және заңды тұлғалардың мүліктік игіліктер беріп сатып алуы деп анықтама береді.

Сыбайлас жемқорлық әркілы формада көрініс табады: туыстық байланыстарды пайдалану, протекционизм, лоббизм,

<sup>1</sup> По дороге в ГРЕКО. Казахстанская правда, 2009. 31 желтоқсан.

парақорлық, бопсалаушылық, лауазымдық өкілеттіктерді пайдалану, қоғамдық ресурстар мен қорларды заңсыз бөлу және қайта бөлу, бюджет есебінен коммерциялық құрылымдарды инвестициялау, жеңілдікпен кредиттер беру, спонсор есебінен балаларды шет елдерде оқыту және басқадай.

Бұл мемлекеттік секторда істейтіндерге қатаң кәсіби талап қоюға мүмкіндік беретін шаралар кешенін енгізуді, олардың жалақы мөлшері мен қызметте өсуі біліктілік пен іскерлік қасиетке тікелей байланысты болуын көздейді. Мемлекеттік органдардағы сыбайлас жемқорлықтың туындау себептеріне мониторинг сирек жүргізіледі. Сыбайлас жемқорлықпен күрес саясаты жан-жақты және дәйекті шаралардың іске асырылуын керек етеді.

Қолданыстағы Заң сыбайлас жемқорлықпен күресуді барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға жүктеп отыр. Дегенмен, Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы заңның 6-бабының 2-тармағына сәйкес негізгі жауапкершілік прокуратура органдарына, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер, салық, кеден органдарына, шекара қызметіне, қаржы және әскери полицияға жүктелген.

Ал, бұл қылмысқа қарсы тұратын мамандардырылған орган Қазақстан республикасының экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмыскерлігімен күрес жөніндегі агенттігі (қаржы полициясы) болып отыр.

## **10.2. Қаржы полициясы органдарының жүйесі және олардың қызметін ұйымдастыру**

Қаржы полициясы органдарының қызметі заңдылық, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандығын, қадір-қасиетін құрметтеу және сақтау, қаржы полициясы органдарының біртұтастығы, қызметтің жария және жария емес формаларының үйлесуі және жеке дара басқарушылық, құқық қорғау және басқа мемлекеттік органдармен, лауазымды адамдармен, ұйымдармен және азаматтармен өзара әрекеттестік **принциптерінде** жүзеге асырылады.

Қаржы полициясы органдарының **міндеттері:**

1) мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін, кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің, қоғамның және мемлекеттің заңды

құқықтары мен мүдделерін өз өкілеттіктері шегінде қамтамасыз ету;

2) экономикалық, қаржы және сыбайлас жемқорлық қылмыстар мен құқық бұзушылықтарды айқындау, ашу, тергеу, олардың алдын алу және жолын кесу;

3) сыбайлас жемқорлықпен және экономика саласындағы қылмыскерлікпен күресуге арналған мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

4) қаржы полициясы органдарына тиісі бар мәселелер бойынша халықаралық қарым-қатынастар орнату.

Қаржы полициясы төменгі тұрған бөлімшелері жоғары тұрғандарға бағынатын **біртұтас орталықтандырылған жүйе**. Оны қаржы полициясының органдары құрайды, олар: қаржы полициясының орталық мемлекеттік органы (уәкілетті орган); орталық және мамандандырылған органдары; оқу орындары және өзге бағынышты мекемелер.

Қаржы полициясының аумақтық органдарына облыстық (республикалық дәрежедегі қалалардың, астананың), сондай-ақ аймақаралық, аудандық, қалалық бөлімшелер жатады.

Қаржы полициясының мамандандырылған органдары, олар — қаржы полициясының көліктегі тиісті бөлімшелері. Қаржы полициясының аумақтық және мамандандырылған органдары тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністер шегінде уәкілетті органның функциясын жүзеге асырады.

Уәкілетті орган экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатнда басшылықты жүзеге асырады, және де заңда көзделген шектерде салааралық үйлестірулерді, басқа да арнайы атқарушы және шешуші функцияларды орындайды.

Уәкілетті орган:

1) қаржы полициясы органдары мен оларға бағынышты мекемелердің әрекеттеріне басшылықты, ол әрекеттердің үйлесімділігін қамтамасыз етеді;

2) қаржы полициясы органдарының жедел-іздігі, әкімшілік, тергеу, анықтау қызметіндегі практиканы талдайды;

3) экономикалық, қаржы және сыбайлас жемқорлық қылмыстар мен құқық бұзушылықтарға қарсы күресудің формалары мен әдістерін жетілдіреді, жедел-іздігі қызметінің практикасы

мен стратегиясын белгілейді, қаржы полициясы органдарының қызметін жандандыру жөнінде шаралар қабылдап, оларды іске асырады;

4) бағынышты бөлімшелердің жұмысын бақылайды;

5) Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында басқа мемлекеттік органдармен бірлесіп әрекет етеді;

6) қаржы полициясының мамандарын даярлауды және кадрларының біліктілігін көтеруді ұйымдастырады;

7) қаржы полициясы органдарының қызметіндегі негізгі бағыттарды анықтайды, оларды іске асырудың құқықтық, ұйымдық және экономикалық тетіктерін қарастырады;

8) экономикалық, қаржы және сыбайлас жемқорлық қылмыстармен және басқа да құқық бұзушылықтармен күресу мәселесі бойынша шет мемлекеттердің тиісті органдарымен өзара әрекеттеседі, өз өкілеттігі шегінде халықаралық ұйымдардың қызметіне қатысады;

9) заңда белгіленген өкілеттік шегінде нормативтік-құқықтық актілер қабылдайды.

Уәкілетті органның, оның бөлімшелерінің, сондай-ақ бағынышты мекемелердің қызметіне қатысты негізгі мәселелерді қарау үшін уәкілетті органның басшылығы жанынан алқа құрылады, ол консультативтік-кеңесуші орган болып табылады.

**Қазақстан Республикасының экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмыскерлікпен күрес жөніндегі агенттігі (қаржы полициясы)** орталық мемлекеттік орган болып табылады, ол ҚР Президентінің 2005 жылғы 21-сәуіріндегі №1557 Жарлығымен бекітілген Ереже негізінде әрекет етеді.

Агенттік ҚР Заңдарында белгіленген тәртіпте:

1) **мемлекеттік саясаттың қалыптасуын** қамтамасыз ететін стратегиялық функцияларды жүзеге асырады:

— қаржы полициясы органдарының қызметіндегі басым бағыттарды, оларды іске асырудың құқықтық, ұйымдық және экономикалық тетіктерін анықтайды;

— өз өкілеттігі шегінде нормативтік құқықтық актілер қабылдайды;

— экономикалық, қаржы және сыбайлас жемқорлық қылмыстармен және құқық бұзушылықтармен күрестің формалары мен

әдістерін жетілдіреді, жедел-ізвестіру қызметінің стратегиясы мен тактикасын анықтайды;

2) мемлекеттік саясатты іске асыруға бағытталған функцияларды жүзеге асырады:

— қызметтерінің негізгі бағыттары бойынша қаржы полициясы органдарына, оқу орындары мен басқа бағынышты мекемелерге басшылық жасайды, олардың әрекеттерін үйлестіреді, оларға практикалық, әдістемелік көмек көрсетеді;

— өзіне қатысты мәселелер бойынша жалпы республикалық, аумақтық жедел-ізвестіру және сақтандыру іс-шараларын жүргізеді, қолда бар күш пен құралды пайдалану жөнінде оңтайлы шешімдер әзірлейді, қаржы полициясының аумақтық органдары мен оқу орындарына практикалық және әдістемелік көмек көрсетеді, жұмыстағы оң тәжірибені жинақтап қорытады, таратады;

— қаржы полициясы органдарының қызметін жандандыру шараларын іске асырады;

— жедел-ізвестіру қызметін, анықтауды және алдын ала тергеуді жүзеге асырады, оларды талдайды, елдегі оперативтік жағдайға болжам жасайды, қаржы полициясы органдарының араласуын керек ететін мәселелер бойынша тез шара қабылдайды;

— экономикалық және сыбайлас жемқорлықпен күрестің жайы туралы ҚР Президентіне ұдайы ақпарат беріп отырады;

— қаржы полициясы органдарына қатысы бар қылмыстық істер және әкімшілік құқық бұзушылық істері бойынша адамдарға, мемлекеттің талап-арызынан бой тасалап жүрген жауапкерлерге іздеу салады;

— қаржы полициясы органдарының қызметіндегі өзекті бағыттар бойынша ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуді ұйымдастырады;

— экономикалық және сыбайлас жемқорлықпен күресу мәселесі бойынша шет мемлекеттердің тиісті органдарымен өзара әрекеттеседі және өз өкілеттігі шегінде халықаралық ұйымдардың қызметіне қатысады;

— қаржы полициясы органдарының құрылымын жетілдіру жөнінде ұсыныстар, қаржы полициясы органдарының, оның оқу орындарының және басқа бағынышты мекемелерінің өзара,

сондай-ақ өзге мемлекеттік органдармен әрекеттестігін жақсарту шараларын әзірлейді;

— Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде басқа мемлекеттік органдармен өзара әрекеттеседі.

Агенттік өз құзыреті шегінде:

1) ҚР Президентіне қаржы полициясы органдарын, оның оқу орындарын және оған бағынышты мекемелерді құру, қайта ұйымдастыру және тарату, сондай-ақ оларды ұйымдық-штат, кадр және материалдық-техникалық жағынан нығайту мәселесі бойынша ұсыныс енгізуге;

2) мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері және қаржы полициясы органдарының қызметіне қатысты басқа мәселелер бойынша нормативтік құқықтық актілер әзірлеу жұмысына қатысуға;

3) жедел-іздістіру қызметін, анықтау мен алдын ала тергеуді жүзеге асыруға;

4) өзінің жүргізуіндегі материалдар мен қылмыстық істер бойынша құжаттар, материалдар, статмәліметтер және басқа деректер алуға, ұйымдардың басшылары мен лауазымды адамдарынан, жеке тұлғалардан оларды беруін, көшірмесін түсіруін, түсінік беруін талап етуге;

5) жүргізуіндегі қылмыстық істер бойынша шақырғанда келмеген адамдарды мәжбүрлеп алдыруға;

6) қылмыстық-іс жүргізу заңдарына және әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңдарға сәйкес құжаттарды, тауарларды, заттарды және өзге мүліктерді алуға;

7) заңда көзделген тәртіпте тиісті уақытша ұстау изоляторларын, тергеу изоляторларын пайдалануға;

8) қылмыскерлікпен күресу бағдарламасын жасауға және оның жүзеге асырылуына қатысуға;

9) хаттамалар жасап әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға, әкімшілік тәртіпте ұстауға, сондай-ақ басқа да шара қолдануға;

10) заңда көзделген жағдайларда уәкілетті органдардан ревизия, салық тексеруін, аудит жүргізуді талап етуге;

11) қаржы полициясы органдарына жүктелген міндеттердің орындалуын қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелер құруға және

оларды пайдалануға, алдын ала тергеу, анықтау, әкімшілік іс жүргізу барысында зерттеу ұйымдастыруға;

12) заңда белгіленген тәртіпте ғылыми-зерттеу, оқу, баспагерлік қызметті жүзеге асыруға;

13) қылмыстардың, басқадай құқық бұзушылықтарды жасауға итермелейтін жағдайлар мен себептерді жою туралы жеке және заңды тұлғаларға орындалуы міндетті ұсыныстар мен ұйғарымдар береді;

14) қаржы полициясының аумақтық органдарының, оқу орындарының және бағынышты мекемелерінің жұмысын бақылауға **құқылы**.

Агенттікті **Төраға** басқарады, оны Президент қызметке тағайындайды, қызметтен босатады. Төрағада төрт орынбасар бар. Бірінші орынбасарға оның ұсынысымен ҚР Президенті қызметке тағайындап, босатады.

Агенттікте: ұйымдық-бақылау департаменті — инспекция; ақпараттық-талдау департаменті; экономикалық және қаржы қылмыстарын ашу жөніндегі департамент; арнайы департамент; сыбайлас жемқорлықтар туралы істерді ашу және олардың алдын алу жөніндегі департамент; тергеу департаменті; құқықтық қамтамасыз ету және халықаралық қарым-қатынас департаменті; ішкі қауіпсіздік басқармасы және кадрлар басқармасы бар.

Уәкілетті органның, оның бөлімшелерінің, сондай-ақ бағынышты мекемелердің қызметіне қатысты негізгі мәселелерді қарау үшін басшы жанынан алқа ұйымдастырылады, ол консультативтік-кеңесуші орган болып табылады.

Жалпы, қаржы полициясы органдары өздерінің алдына қойылған міндеттерге сәйкес:

1) жасалған немесе дайындалып жатқан қылмыстар туралы арыздар мен хабарларды қабылдауға, тіркеуге және қарауға, оларды болдырмау, жасаған адамдарды ұстау, қоғамға қауіпті зардаптарға жол бермеу жөнінде шұғыл шара қабылдауға;

2) қылмыстық-іс жүргізу заңдарында көзделген тәртіпте анықтау және алдын ала тергеу жүргізуге;

3) әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алуға, жолын кесуге, оларды айқындауға;

4) жедел-іздістіру шараларын жүзеге асыру, олардың нәтижелерін қылмыстық процесте пайдалану үшін бекіту арқылы қылмыстардың айқындалуын, ашылуын, алдын алуды және жолын кесуді қамтамасыз етуге, өздеріндегі қылмыстық істер бойынша жедел-іздістіру іс-шараларын жүргізу жөніндегі тергеушінің жазбаша тапсырмасын, соттың нұсқауын, сондай-ақ соттың қаулысын орындауға;

5) қаржы полициясы органдарының жүргізуіне жатқызылған қылмыстық істер мен әкімшілік құқық бұзушылық істері бойынша адамдарды;

— сот қаулысы бойынша мемлекет мүддесі үшін берілген талапты орындауға міндетті, бірақ жүрген жері белгісіз жауапкерлерді іздестіруге;

6) экономикалық құқық бұзушылықтан келген мүліктік зиянның орнын толтыру үшін шара қолдануға;

7) экономикалық, қаржы және сыбайлас жемқорлық қылмыстар мен құқық бұзушылықтарды айқындауға, олардың алдын алуға және жолын кесуге;

8) қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау жөнінде заңда көзделген шараларды қабылдауға;

9) мемлекеттік және заңмен қорғалатын өзге де құпияларды, сондай-ақ қызмет барысында алынған басқа да ақпаратты сақтауға **міндетті**.

Айта кету керек, ҚІЖК-нің 191-бабының 3-бөлігіне сәйкес қаржы полициясы органдарының тергеушісі қылмыстық істер бойынша алдын ала тергеу жүргізуге құқылы, яғни оған қылмыстық-іс жүргізу заңдарында көзделген барлық құқықтар мен міндеттер тарайды.

Қаржы полициясы органдары:

1) жалпы және арнайы жедел іздестіру іс-шараларын жүзеге асыруға;

2) өздерінің жүргізуіндегі материалдар мен қылмыстық істерге қатысты құжаттарды, материалдарды, статмәліметтер мен өзге деректерді алуға, оларды ұйымдардың басшылары мен лауазымды адамдарынан талап етуге, олардың көшірмесін түсіруге;

3) өздерінің жүргізуіндегі істер бойынша шақырғанға келмеген адамдарды мәжбүрлеп алдыртуға;

4) құжаттарды, тауарларды, заттарды немесе өзге мүлікті заң талаптарына сәйкес алуға;

5) заңда көзделген тәртіпте уақытша ұстау изоляторларын пайдалану;

6) ұсталған, қамалған адамдарды конвоймен алдыруға;

7) қаржы полициясы органдарының құзырындағы мәселелер бойынша шет мемлекеттердің тиісті органдарымен, халықаралық ұйымдармен қарым-қатынас жасауға;

8) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарап, хаттама жасауға, әкімшілік тәртіпте ұстауға, заңда көзделген басқа да шараларды қолдануға;

9) заңда көзделген жағдайларда уәкілетті органдардан және олардың лауазымды адамдарынан ревизия, тексеру, аудит және бағалау жүргізуде талап етуге;

10) өздеріне жүктелген міндеттердің шешімін қамтамасыз ететін ақпараттық жүйе құрап, оны пайдалануға, алдын ала тергеу, анықтау барысында зерттеулер ұйымдастыруға;

11) заңда белгіленген тәртіпте ғылыми-зерттеу, оқу, баспагерлік қызметті жүзеге асыруға;

12) қылмыстың жасалуына итермелейтін жағдайлар мен себептерді жою туралы жеке және заңды тұлғаларға орындалуы міндетті ұйғарымдар мен ұсыныстар беруге **құқылы**.

### **10.3. Қаржы полициясы органдары қызметкерлерінің құқтық жағдайы**

Қаржы полициясының органдарына қызметке моральдық, іскерлік және кәсіби қасиеті, білім деңгейі және денсаулық жағдайы бойынша қаржы полициясы органдарында қызмет атқаруға жарамды, он сегіз жасқа толған, бірақ қырық жастан аспаған, ал кіші және қатардағы құрамға отыз екі жастан аспаған Қазақстан Республикасының азаматтары алынады. Кейбір жағдайларда бұл жас шектеуін уәкілетті орган басшысы өзгерте алады.

Қаржы полициясын органдарының оқу орындарында оқуға, белгіленген тәртіпте әскери есептен шығаралып және қаржы полициясы органдарының арнайы есебіне тұрып, он алты жасқа



толған, орта білімі бар, қаржы полициясы органдарында қызмет атқаруға денсаулығы жарамды адамдар алынады.

Қаржы полициясы органдарының оқу орындарына қабылдау тәртібін Қазақстан Республикасының оқу орындарына қабылдаудың Типтік ережелеріне сәйкес уәкілетті органның басшысы анықтайды. Қаржы полициясы органдарының оқу орындарының күндізгі бөлімшелерінде оқыған уақыт мерзімді әскер қызмет атқарған уақытқа жатады.

Қаржы полициясы органдарындағы қызметке тұруы үшін адам міндетті арнайы тексеруден және де Ішкі істер министрлігі жүйесіндегі әскери-дәрігерлік комиссияда медициналық тексеруден өтуі тиіс.

Бұрын сотты болған және қылмыстық жауапкершіліктен ақтамайтын негіздер бойынша босанған, сондай-ақ мемлекеттік органдардан теріс қылығы үшін шығарылған адамдар қаржы полициясы органдарына қызметке алынбайды.

**Қаржы полициясы органдарының** қызметкері дегеніміз — қаржы полициясының органдарында қызметте немесе кадрларында тұратын, белгіленген тәртіпте арнайы атақ берілген Қазақстан Республикасының азаматы. Ол мемлекеттік биліктің өкілі болып табылады және мемлекеттің қорғауында болады. Қаржы полициясы органдары қызметкерінің заңды талаптарын барлық азаматтар мен лауазымды адамдар орындауға міндетті.

Қаржы полициясы қызметкерінің өз қызметтік борышын атқаруына байланысты заңды талабын орындамау, оны қорлау, оған қарсылық көрсету, күш көрсету немесе оның өзінің, отбасы мүшелері мен жақын туыстарының өміріне, денсаулығына қауіп төндіру, ар-намысына, қадір-қасиетіне нұқсан келтіру заңда көзделген жауапкершілікке алып келеді.

Заң актілерінде тікелей уәкілеттік берілгендерден басқа адамдардың қаржы полициясы қызметкерлерінің жұмысына араласуға құқығы жоқ.

Азаматтардан немесе лауазымды адамдардан қылмыс немесе құқық бұзғышылық жайында арыз немесе хабар түссе, немесе ондайды өзі айқындаса онда Қаржы полициясы органының қызметкері қылмыстық жолын кесу үшін өзіне берілген өкілеттіктерді толықтай пайдаланады және қылмыс жайында қаржы полициясы органдарының жақын жердегі бөлімшесіне хабарлайды.

Қаржы полициясы органдарының қызметкерлеріне қаруды, оқ-дәріні және арнайы құралдарды сақтауға, алып жүруге және қолдануға заңда құқық берілген<sup>1</sup>.

Қаржы полициясы органдарының қатардағы және басшы құрамы, олардың кәсіби даярлық деңгейін, құқықтық мәдениетін және азаматтармен жұмыс істей алу қабілетін анықтау үшін, ауық-ауық аттестациядан өтеді.

Аттестация үзіліссіз үш жыл қызмет атқарғаннан кейін өткізіледі, және ол бұл мерзім жеткен күннен бастап алты айдан кешіктірілмейді. Егер аттестацияланатын қызметкер жаңа жұмысқа тағайындалса, онда ол аттестацияны сол жұмыста бір жылдан соң өтеді. Ал, егер бұрынғы-кейінгі жұмыстардағы атқаратын функциялары бірдей болса, онда бұл мерзім есепке алынбайды.

Қатардағы және басшы құрамдағы қызметке тағайындалған, сондай-ақ күндізгі оқудағы курсанттар қатарына алынған Қазақстан Республикасының азаматтарына заңға сәйкес арнайы атақ беріледі.

Қаржы полициясы органдары қызметкерлерінің еңбек қатынастары 2002 жылдың 4-маусымындағы «Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдары туралы» Заңмен, ҚР Президентінің 2005 жылғы 6-қыркүйектегі Жарлығымен бекітілген «Қаржы полициясы органдарында қызмет атқару туралы Ережемен», сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет және еңбек туралы заңдарымен реттелген.

---

<sup>1</sup> «Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдары туралы» ҚР Заңы. 4 шілде 2002 ж. № 336-ІІ. Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 ж. 21 сәуірде бекітілген № 1557 ережесі.

## 11 ТАРАУ

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КЕДЕН ОРГАНДАРЫ

#### 11.1. Кеден органдары ұғымы және олардың міндеттері

Қазақстан Республикасының экономикалық егемендігін қорғайтын құқық қорғау органдарының жүйесінде кеден органдары маңызды орын алады, олар елді экономикалық дамыту саясатының аса тиімді аспаптарының бірі болып саналады.

Кеден органдары ҚР Президентінің 1991 жылғы 12-желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының Кеден комитетін құру туралы» Жарлығына сәйкес құрылды, ол мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін және экономиканың дамуын қамтамасыз етуге, кеден төлемдері мен салықтарын жинауға, контрабандамен және кеден ережесін бұзушылықпен күресуде, валюта бақылауын және кеден ісінің дамуын бақылауға тиіс болды.

Кеден органы — өзінің сипаты жағынан құқық қорғау органдарына жататын, мемлекет атынан әрекет ететін және өткен өкілеттіктер берілген атқарушы билік органы, ол өз функциялары мен міндеттерін қызметтің өзіне тән формалары мен әдістерін қолданып атқарады.

Кеден органдары өздеріне берілген құзырет шегінде кеден саясатын іске асыруға қатысады, Қазақстан Республикасының кеден ісін, жедел-ізвестіру қызметін тікелей жүзеге асырады, сондай-ақ заңда көзделген басқа функцияларды орындайды. Оларға кеден ісін жүзеге асыру жүктелген, ал ол іс: тауарлар мен көлік құралдарының Қазақстан Республикасының кедендік шекара арқылы өту тәртібі мен шартын, кедендік ресімдеу мен кедендік бақылауды, кеден режимдерін қолдануды, кеден төлемдері мен салықтарын жинап алуды, кеден ісі саласындағы құқық бұзушылықпен күрес жүргізуді және мемлекет пен сыртқы экономикалық және басқа қызметті жүзеге асырушы адамдар арасындағы билікті қатынастарға негізделген кеден саясатын іске асырудың басқа да құралдарын қамтиды.

Кеден органдары, сонымен қатар, кеден ісі және бірыңғай бюджеттік саясат, тауарлар мен көлік құралдарын кеден шекарасы арқылы өткізу пункттеріндегі радиациялық бақылау мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерін іске асыруға кеден ісі саласындағы халықаралық шарттарды әзірлеуге, шет мемлекеттердің кеден және басқа құзыретті органдарымен, халықаралық ұйымдармен қарым-қатынас орнатуға қатысады.

Қазақстанның кеден қызметінің дамуы Ресеймен тығыз байланысты. Татар-монғол тайпалары орыс жерлерін басып алғаннан кейін орыс сөзінде «тамға» деген түрік сөзі пайда болды. Ол белгілі бір тайпаға тиесілі немесе ел-елден жиналған мүлік-заттар қойылатын белгі еді. Кейін, бара-бара «тамға» сөзінен «таможня» сөзі шықты<sup>1</sup>.

Қазақстанның кеден заңдары 1991 жылы 24-желтоқсандағы «Кеден тарифі және бажы туралы» Заң қабылданғаннан кейін қалыптаса бастады, ал тарифтік өлшемдер сауда саясатының және сыртқы экономикалық қызметті мемлекеттік реттеудің маңызды аспабы болуға тиіс еді.

Кеден органдары өз қызметін Қазақстан Республикасының кеден аумағы мен кеден шекарасы шеңберінде жүзеге асырады. Кеден аумағына құрғақтағы аумақ, аумақтық сулар (теңіз) мен ішкі сулар, олардың үстіндегі әуе кеңістігі, сондай-ақ республиканың құрлықтық шельфіндегі және оларға Қазақстанның айрықша юрисдикциясы бар жасанды аралдар, құрылғылар, құрылыстар және басқа объектілер кіреді.

Республика аумағында құрылған арнайы экономикалық зона аумағы Қазақстан Республикасының кеден аумағының бір бөлігі болып табылады. Республиканың кеден аумағының шектеуі, сондай-ақ арнайы экономикалық зоналардың периметрлері Қазақстан Республикасының кеден шекарасы болып табылады.

**Кеден шекарасы** — Қазақстан Республикасының кеден шекарасының шегін анықтайтын сызық және сол арқылы тік жоғары көтерілген бет. Кеден шекарасы Мемлекеттік шекарамен дәл түсуі мүмкін. Кеден шекараларының жалпы ұзындығы 14320 км,

<sup>1</sup> Додобаев Ю. Т., Халиков К. Х., Абдурахманов К. Х. Таможенное право. — Алматы, 2007. — 16 б.

оның ішінде: Ресеймен — 6980 км, Өзбекстанмен — 2310 км, Түрікменстанмен 450 км, Қырғыз Республикасымен — 1070 км, Қытаймен — 1560 км; теңіздегі шекараның ұзындығы 2000 километр.

Бұрынғы Одақтың көрші мемлекеттерімен арада кеден шекарасын жүргізу, ол арқылы өтетін тауарлар мен мүліктердің толық декларациясын қамтамасыз ету республика аумағының ішінде де, оның шекарасында да саналуан кеден мекемелерін құруды талап етті. Кеден шекарасында 64 кеден постысы, 63 автоөткел тұрғызылды. Республиканың ішкі аумағында кедендік ресімдеу пункттері болып табылатын 46 пост, 1 теңіз кеден постысы және аэропорттарда орналасқан 7 кеден постысы бар<sup>1</sup>.

Қазақстан Республикасы Еуропадан Азияға баратын жолдар торабы: Қытай арқылы Қиыр шығыс порттарына, Тынық мұхит мемлекеттеріне, Иран, Түркия арқылы Жерорта теңізі бассейніне баруға болады. Сонымен қатар, Қазақстан Орталық Азия елдерімен де байланыстырады. Қазақстан Республикасы Еуропа құрлығының ортасына оналасқан, минералдық ресурстары мол, кеңбайтақ алқап. Барлық ТМД елдерінде Ресей мен Қазақстан мұнайдың 93%-ын, көмірдің 82%-ын және газдың 65%-ын өндіреді. Қазіргі кезде Кеден органдары елдің экономикалық дамуында маңызды рөл атқарады, республика бюджетіне түсетін түсімнің 30%-ын беріп отыр. Шекарада «бір аялдама» принципі бойынша жұмыс істейтін ортақ бақылау-өткізу пункттерін соғу қарқын алуда, ол қажетті ресімдеуді тездетіп, жолаушы, жүк ағынын арттырған болар еді<sup>2</sup>.

Кеден органдарының міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының кеден саясатын белгілеуге және іске асыруға қатысу;

2) Республиканың егемендігі мен экономикалық қауіпсіздігін өз өкілеттігі шегінде қамтамасыз ету;

3) орындалуын бақылау өздеріне жүктелген кеден және басқа заңдардың сақталуын қамтамасыз ету;

<sup>1</sup> Абсеметов М. Таможенное дело Казахстана. Оқу құралы.— Алматы, 2001.— 87 б.

<sup>2</sup> Шакиров А. О. У таможни есть задел для совершенствования. Казахстанская правда. 22 желтоқсан 2006 ж.

4) Қазақстанның кеден шекарасы арқылы өтетін тауарлар мен көлік құралдарына қатысты заңда белгіленген тарифтік және тарифтік емес реттеу шараларының сақталуын қамтамасыз ету;

5) кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және басқадай қызметке қатысушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау;

6) кеден ісі саласындағы құқық бұзушылықпен заңдарға сәйкес күресу;

7) кедендік ресімдеуді және кедендік бақылауды жүзеге асыру және жетілдіру, сондай-ақ кеден шекарасы арқылы тауар айналымын тездетуге жағдай тудыру;

8) өз құзыреті шегінде валюталық бақылауды жүзеге асыру;

9) Қазақстан Республикасының кеден ісі саласындағы халықаралық міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету және халықаралық шарттарын әзірлеуге қатысу; кеден ісі мәселелері бойынша шет мемлекеттердің кеден және басқа құзыретті органдарымен, халықаралық ұйымдармен қарым-қатынас орнату;

10) бірыңғай бюджет саясатын іске асыруға, кеден органдарының материалдық-техникалық және әлеуметтік базасын дамытуға қатысу;

11) ұлттық қауіпсіздікті, адамның өмірі мен денсаулығын, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шараларға өз құзыреті шегінде қамтамасыз ету;

12) Қазақстан Республикасының мемлекеттік (кеден) шекарасындағы тауарлар мен көлік құралдарын өткізу пункттерінде радиациялық бақылау жүргізу;

13) заңдарда көзделген өзге де міндеттерді орындау.

Қазақстан Республикасының кеден саясатының негізгі мақсаты экономиканың дамуына жағдай тудыру, экономикалық мүддені қорғау, кедендік бақылауды ойдағыдай жүргізу. Сонымен қатар, кеден органдары квоталар, шектеулер, кеден тарифтерін белгілеу арқылы мемлекеттің қауіпсіздігін, азаматтардың өмірі мен денсаулығын, жануарлар мен өсімдіктерді, қоршаған ортаны қорғауды да қамтамасыз етеді.

**Кеден ісі** — Қазақстан Республикасының орталық атқару органдарының жүргізуіне жататын айрықша мемлекеттік монополия, ол бір кеден саясатымен, кеден аумағының, кеден шекарасының, кеден құқығының бірлігімен, сондай-ақ бір кеден органдары жүйесімен қамтамасыз етіледі.

Қазақстан Республикасында бір кеден саясаты жүзеге асырылады, ол Республиканың ішкі және сыртқы саясатының құрамдас бөлігі болып табылады және ішкі саяси және сыртқы экономикалық жағдай ескеріліп белгіленеді әрі жүзеге асырылады. Барлық тұлғалар, заңда көзделгендерден басқа жағдайларда, тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасына алып келуге, одан алып шығуға және ол арқылы алып өтуге теңдей құқылы.

Есірткінің, қару-жарақтың және кеден шекарасы арқылы өтуіне шек қойылған басқа заттарды кеден шекарасы арқылы заңсыз алып өтуге жол бермеудегі кеден органдарының қызметі аса маңызды болып табылады. Контрабанданың және басқа қылмыстардың белгісі болса, кеден органдары өз құзыреті шегінде анықтау жүргізеді, қылмыстық іс қозғайды және қылмыстық-іс жүргізу заңдарының нормаларын басшылыққа алып, қылмыстың іздерін анықтау, бекіту және оны жасаған адамдарды табу жөнінде шұғыл шаралар қолданады.

Экономикалық және ұйымдық (әкімшілік) сипаттағы шараларды қолдану кеден саласына тән мүмкіндік. Соңғысына тарифтік емес реттеу шаралары жатады: лицензиялау, квоталау, ең төмен және ең жоғары баға белгілеу, сертификаттау, рұқсаттық жүйе, тауарлар мен көлік құралдарын алып кіруге немесе алып шығуға сандық шектеу.

Құқықтық актілер кеден құқығының көздері болып табылады, онда кеден құқығының нормалары көрсетілген. Ол актілер: Конституция, мемлекеттік заңдар, Президент пен Үкіметтің, министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен басқадай мемлекеттік органдардың нормативтік актілері. Кеден құқығы көздеріне Қазақстан Республикасының кеден ісі саласындағы халықаралық шарттары мен келісімдерін де жатқызуға болады.

Өз сипаты жағынан кеден органдарының қызметі құқық белгілеуші, құқық шығарушы болып келеді. Кеден ісі саласында бұйрық, ереже, нұсқау сияқты көптеген нормативтік актілер шығады. Ол актілерді барлық мемлекеттік органдар, меншік түріне қарамастан барлық кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар, сондай-ақ лауазымды адамдар мен азаматтар орындауға міндетті. Олар заңға сәйкес тіркеуден өтеді.

## 11.2. Кеден органдарының принциптері мен жүйесі

Кеден органдарын ұйымдастыру және олардың қызметі Конституцияға, 2003 жылғы 5-сәуіріндегі Кеден кодексіне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына және кеден ісін реттейтін басқа заңдарға негізделеді.

Кеден органдарының қызметіндегі **принциптер**:

— заңдылық;

— қорғануға құқықты және заң алдында барлық адамдардың теңдігін қамтамасыз ету, кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және басқа қызметке қатысушылардың құқықтары мен бостандығын құрметтеу;

— жариялылық.

**Кеден органдары** Кеден кодексінің 17-бабына сәйкес бірыңғай орталықтандырылған жүйені құрайды, оған:

- 1) кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган;
- 2) сол органның аумақтық бөлімшелері;
- 3) кеден;
- 4) кеден постылары;
- 5) кеден шекарасындағы бақылау-өткізу пункттері;
- 6) мамандырылған кеден мекемелері кіреді.

Кеден органдары жүйесіне, сонымен қатар, кеден зертханалары, кинологиялық, оқу, есептеу орталықтары және басқа мамандандырылған мекемелер кіреді.

Кеден жүйесі мемлекеттік және өзге құрылымдарды ғана емес, олардың қызметінің практикалық формаларын да қамтиды.

ҚР Президентінің 2002 жылдың 28-тамызындағы № 931 Жарлығымен Қазақстан Республикасының Кеден бақылауы агенттігі құрылды. Кейін, ҚР Президентінің 2004 жылғы 29-қыркүйектегі «Қазақстан Республикасын мемлекеттік басқару жүйесін әрі қарай жетілдіру шаралары туралы» Жарлығына сәйкес ҚР Үкіметінің 2004 жылдың 29-қазанындағы № 1133 Қаулысымен Агенттік негізінде ҚР Қаржы министрлігінің Кеден бақылауы комитеті құрылды.

**Кеден бақылауы комитеті** Қаржы министрлігінің кеден ісі саласындағы іске асырушылық және бақылау-қадағалау функцияларын өз құзыреті шегінде атқарушы ведомствосы болып табылады.

Комитеттің негізгі міндеттері:

— өз өкілеттігі шегінде Қазақстан Республикасының егемендігін, ұлттық және экономикалық қауіпсіздігін, сондай-ақ адамның өмірі мен денсаулығын, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шараларды қамтамасыз етеді;

— кеден заңдарының және басқа заңдардың сақталуын қамтамасыз ету, олардың орындалуын бақылау;

— кеден саясатының іске асырылуын қамтамасыз ету;

— кеден шекарасы арқылы өтетін тауарлар мен көлік құралдарының кедендік ресімделуін және кедендік бақылауын жүзеге асыру;

— Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету, сондай-ақ өз құзыреті шегінде шет мемлекеттердің кеден органдарымен, халықаралық ұйымдармен кеден ісі бойынша қарым-қатынас орнату;

— халықаралық қарым-қатынасты жүзеге асыру;

— кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге қызметке қатысушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау.

Кеден бақылауы комитетін төраға басқарады, оны ҚР Үкіметі тағайындайды және қызметінен босатады. Төраға орынбасарын оның ұсынысымен ҚР Үкіметі тағайындайды және қызметінен босатады.

Халықаралық қатынас Комитет қызметінде елеулі орын алады. Бұрынғы Одақ мемлекеттері ішінен Қазақстан Дүниежүзілік кеден ұйымының Саяси комиссиясына сайланған алғашқы ел болды, бұл комиссияға ұйымның 170 мүшесінің ішінде 23 мемлекеттің кеден қызметінің басшылары кіреді.

Комитетте **аумақтық органдар** бар, олар: облыстар, Алматы және Астана қалалары бойынша кедендік бақылау Департаменттері, кедендер, Кинологиялық орталық және Орталық кеден зертханасы.

Орталық кеден зертханасы негізгі сараптау-зерттеу мекемесі болып табылады, ол тауарлардың тегін, кедендік құнын, сыртқы экономикалық қызметтің номенклатурасы бойынша тауарлар топтамасын анықтайды.

Кеден органдары:

1) кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге

қызметке қатысушылардың заңды құқықтарын сақтауға, мемлекет мүддесін қорғауға;

2) төмен тұрған кеден органдарының, лауазымды адамдардың шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдарды қарауға;

3) сыртқы сауданың және экономиканың дамуын, кеден шекарасы арқылы тауар айналымының молаюына жағдай тудыруға;

4) кедендік бақылауды жүзеге асыруға;

5) кеден істері саласындағы қылмыстар бойынша анықтау жүргізуге;

6) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға, заңда көзделген тәртіпте жаза қолдануға;

7) сыртқы экономикалық және өзге қызметке қатысушылардың өз құқықтарын іске асыруына көмектесуге;

8) кеден төлемдері мен салықтардың толық алынуын және уақтылы бюджетке түсуін қамтамасыз етуге;

9) уақытында төленбеген кеден төлемдері мен салықтарды, олардың өсімдерін өндіріп алуға;

10) заңда белгіленген мерзімдерде кеден ісі саласында қызмет жүргізу үшін лицензия, шешімдер, біліктілік аттестатын беру туралы шешім қабылдауға;

11) сыртқы сауданың кеден статистикасын және арнайы кеден статистикасын жүргізуге;

12) мемлекет меншігіне өткен тауарлар мен көлік құралдарының сақталуын қамтамасыз етуге;

13) кеден шекарасының күзетін және кеден бақылауы зонасының режимін бақылауды қамтамасыз етуге;

14) кеден органдары қызметінің қауіпсіздігін және оның қызметкерлерінің, отбасы мүшелерінің құқыққа қайшы әрекеттерден қорғалуын қамтамасыз етуге;

15) кеден органдарының лауазымды адамдары тарапынан болуы мүмкін құқық бұзушылықтардың алдын алу, жолын кесу жұмыстарын жүргізуге;

16) кеден ісі саласында жасалған құқық бұзушылықтар туралы ақпарат жинап, оны талдауға;

17) сот актілерін, прокурордың, сондай-ақ құқық қорғау органдарының басқа адамдарының жазбаша тапсыруларын орындауға, олардың жекелеген іс жүргізу әрекеттеріне көмектесуге;

18) мемлекеттік қауіпсіздік органдарымен, басқа да органдармен бірлесіп Мемлекеттік шекараны қорғауға қатысты шараларды жүзеге асыруға;

19) салық, валюта саласындағы және басқадай заңдардың бұзылуын анықтауда, алдын алуда салық қызметі органдарына және басқа органдарға көмектесуге **міндетті**.

Кеден органдары өз қызметін өзінше дербес және заңда белгіленген тәртіпте және де тиісті мемлекеттік органдардың бірлескен актілерінің негізінде ол органдармен бірлесіп жүзеге асырады. Олар әсіресе, ҰҚК мен ПМ-нің шекара органдарымен қоян-қолтық жұмыс істейді. Кеден органдары тауарлар мен көлік құралдарының кеден шекарасы арқылы өтуімен байланысты әрекеттерге басшылық етеді.

Кеден ісін жетілдіру және оған озық әдістер енгізу мақсатында кеден органдары сыртқы экономикалық және басқа қызметке қатысушылармен, қоғамдық бірлестіктермен және өзге мүдделі жақтармен тығыз байланыста болады. Олар ҚР-дің халықаралық шарттарына сәйкес шет мемлекеттердің кеден органдарымен, халықаралық ұйымдармен қарым-қатынастық әрекеттерді жүзеге асырады.

### **11.3. Тауарлар мен көлік құралдарын өткізу**

Тауарлар мен көлік құралдарын кеден шекарасы арқылы өткізудің негізгі принциптері Кеден кодексінің 112,113,114,115-баптарында баяндалған. Тауарлар мен көлік құралдарының кеден шекарасы арқылы өтуі кеден режиміне сәйкес жүзеге асырылады.

Кеден режимі дегеніміз — кеден шекарасы арқылы өтетін тауарлар мен көлік құралдарының мәртебесін анықтайтын нормалар жиынтығы, ол тауарларды өткізудегі және пайдаланудағы мақсатқа тікелей байланысты.

Тауарлар мен көлік құралдарын кеден шекарасы арқылы өткізгені үшін кеден органдары кеден төлемдерін алады, олар: кеден бажы, кеден жинауы, жинаулар; алдын ала шешім үшін төлем. Төлеушілер, кеден төлемдерін есептеу, төлеу, қайтару және өндіріп алу тәртібі, сондай-ақ кеден төлемдері бойынша жеңілдіктер Кеден кодексінде анықталған.

265-бапқа сәйкес, кеден шекарасын кесіп өтетін жеке тұлға, міндетті түрде декларация берілуі тиіс тауарлар өткізерде жолаушылар кеден декларациясы толтырылады.

Мына тауарларға жазбаша формада декларация толтыру керек, олар:

- 1) қару, оқ-дәрілер мен жарылғыш заттар;
- 2) есірткі заттар, жүйкеге әсер ететін заттар, прекурсорлар;
- 3) мемлекет үшін тарихи, ғылыми немесе мәдени құндылық болып табылатын, елден алып шығатын өнер туындылары, коллекция заттары мен антиквариаттар;
- 4) улы және күшті әсер ететін заттар;
- 5) радиациялық материалдар;
- 6) Қазақстан аумағында пайдалануына мемлекет тарапынан бақылау жасалатын жоғары жиіліктегі құрылғылар мен радиоэлектрондық байланыс құралдары;
- 7) флора мен фаунаның сирек кездесетін коллекциялары мен үлгілері, олардың бөліктері және олардан алынған өнімдер;
- 8) Қазақстан аумағына алып кіруге немесе одан шығуға Қазақстан Республикасының валюта заңымен шектеу немесе шартта белгіленген валюта құндылықтары;
- 9) кеден шекарасы арқылы алып өтуге Үкімет жеңілдік белгілеген жеке зергер бұйымдардан басқа қымбат металдар мен тастар;
- 10) Үкімет белгілеген нормадан артық әкелінген акциздік тауарлар;
- 11) кеден шекарасын кесіп өтетін адамның жолсапар кезінде немесе емделуі үшін қолданатын дәрі-дәрмегінен басқа фармацевтикалық өнімдер;
- 12) сыртқы экономикалық қызметтің Тауар номенклатурасы бойынша 9018-9022 тауар позицияларында топтастырылатын тауарлар;
- 13) өндірістік және өзгедей кәсіпкерлік қызметке арналған тауарлар;
- 14) өндірістік немесе өзге кәсіпкерлік қызметке арналмаған, бірақ саны мен құны белгіленген нормадан асатын тауарлар;
- 15) адам алып жүрмейтін багаждағы тауарлар;
- 16) тауарларды алып кіріп, алып шыққанда жеңілдік көзделмеген, уақытша әкетілетін (әкелінетін) тауарлар;

17) көлік құралдары;

18) жеке тұлғаның Қазақстан Республикасынан шет елге, шет елден Қазақстан Республикасына тұрғылық қоныс тебуіне байланысты кеден шекарасы арқылы өтетін тауарлар.

Кеден шекарасы арқылы өтетін тауарлар мен көлік құралдары кедендік ресімдеуге жатады. Оны жүргізу технологиясы Кеден кодексінің 361-бабында келтірілген.

**Кедендік ресімдеу дегеніміз** — кеден органдарының кеден шекарасы арқылы өтетін тауарлар мен көлік құралдарын республика аумағына немесе шет елдерге өткізумен байланысты жүзеге асыратын әрекеттерінің (тасымалдау, өлшеу, құжаттар толтыру, т.б.) жиынтығы. Кедендік ресімдеу жүргізудің тәртібі мен технологиясы кеден шекарасы арқылы өтетін тауарлардың категориясына, өткізілетін көліктің түріне және тауар өткізуші адамға байланысты жеке дараланған.

Кедендік ресімдеу кеден органының қызмет аймағында, тауар алушы немесе жөнелтуші не олардың құрылымдық бөлімшелері орналасқан жерлерде жүргізіледі. Кедендік ресімдеу — өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарына қатысты құжаттар ұсынылған кезден басталады.

Ветеринарлық, фитосанитарлық және басқа да бақылау түрлеріне жататын тауарларға қатысты кедендік бақылау сондай бақылауды жүзеге асыруға уәкілетті органдармен келіскеннен кейін аяқталады. Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау және оларды белгілі бір кеден режимінде ұстау әрекеттері негізгі кедендік ресімдеу деп саналады. Кедендік ресімдеу жүргізгенде Кеден кодексінде анықталған адамдар кеден органдарына кедендік мақсат үшін қажетті құжаттар мен деректерді ұсынуға тиіс.

Орындалуын бақылау кеден органдарына жүктелген заң талаптарының сақталуын қамтамасыз ету үшін қажетті құжаттар мен деректерді кеден органдарының талап етуіне құқы бар.

Кеден бақылауындағы тауарлардың сынамалары мен үлгілерін тауарларға қатысты уәкілеттігі бар адамдар, олардың өкілдері, сондай-ақ тиісті уәкілетті мемлекеттік органдар кеден органдарының келісімімен ала алады. Оларды алу тәртібін, зерттеу мерзімін кеден ісінің мәселелері жөніндегі уәкілеттік орган белгілейді.

Тауарлар мен көлік құралдарын кеден шекарасы арқылы өткізудің жалпы принциптерін қарастырғанда оларға бақылау керектігі атап өтілді.

**Кедендік бақылау** — кеден органдарының жүктерді, тауарларды, көлік құралдарын алып кіру, алып шығу және транзит ережесін жеке және заңды тұлғалардың бұзбауы мақсатында жасайтын әрекеттері.

Кеден бақылауы мыналарға қатысты жүргізіледі:

1) кеден шекарасы арқылы өтетін тауарлар мен көлік құралдары;

2) кеден декларациясы, тауарлар мен көлік құралдары үшін керекті құжаттар мен деректер;

3) кеден брокерлерінің, кеден тасымалдаушыларының қызметі, қызметін жекелеген кедендік режимдерде және уақытша сақтау жөнінде қызмет көрсететін адамдарға қатысты;

4) тауарларды пайдалану және басқару құқығына қойылған шектеулерді сақтау;

5) кеден төлемдері мен салықтарды есептеу және төлеу.

Тауар мен көлік құралдарын кеден шекарасы арқылы өткізуші, не бақылауы кеден органдарына жүктелген қызметті жүзеге асырушы адамдар кеден бақылауы үшін қажетті құралдар мен деректерді кеден органдарына ауызша және (немесе) жазбаша және (немесе) электрондық формада ұсынуы тиіс.

Кеден органдары экспорттық бақылау саласында реттеу жүргізеді, экспорттық бақылауға жататын өнімдердің кеден шекарасы арқылы заңсыз өтіп кетуінің алдын алады, жолын кеседі. Кеден органдарының экспорттық бақылауды жүзеге асыруға уәкілетті лауазымды адамдары өздерінің сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларды және өзге тиісті уәкілетті мемлекеттік органдардан алған ақпараттық құпиялылығын сақтауға міндетті. Экспорттық-импорттық валюта бақылауын алатын болсақ, қазіргі кезде кеден органдарының құзыреті тауарлардың қозғалысы туралы Ұлттық банктен келісілген форматта мәліметтер берумен шектеледі.

Кеден органдары кеден бақылауын жүзеге асыруда көмек көрсетуі үшін мемлекеттік органдардың мамандарын, сондай-ақ шарт бойынша өзге ұйымдардың мамандары мен эксперттерін

шақыруға құқылы. Кеден органдары құжаттар мен деректердің шынайы екендігін анықтау мақсатында, тауарлар мен көлік құралдарын ресімдеген кезде ұсынылған декларацияны, құжаттар мен деректерді тексереді. Сонымен қатар, сырттай көзбен қарап немесе техникалық құралдар қолданып та тексереді.

Тауарлардың сапалық құрамын анықтау мүмкін болмаса кеден органдары кеден сараптамасын тағайындайды.

Кеден органдары мен олардың лауазымды адамдарының талаптарын сол талаптар қойылатын адамдардың орындауы міндетті.

#### **11.4. Кеден құқығы бойынша жауапкершілік. Кеден органының шешімдеріне, әрекеттеріне шағым беру**

Кеден ісі саласында құқық бұзушылық жасағандық үшін заңда әкімшілік, қылмыстық, тәртіптік, материалдық жауапкершіліктер қарастырылған, бұлар құқықтың әртүрлі салаларының (әкімшілік, еңбек, қылмыстық, қаржы, салық) нормаларында көзделген жауапкершіліктің түрлерін қамтиды.

Кеден ісі саласындағы қылмыстық жауапкершілік контрабанда, кеден төлемдерін төлеуден жалтару, заңсыз валюта операциялары және валюта құндылықтарымен байланысты басқа да іс-әрекеттер үшін қарастырылған. Мысалы, ҚК-нің 250-бабында көрсетілгендерден басқа тауарларды, өзге де заттарды кедендік шекарадан кеден бақылаушы жанай немесе одан жасырып, не құжаттары немесе кедендік теңдестіру құралдарын алдап пайдалану арқылы, не декларацияланбаумен немесе күмәнді декларациялаумен ұштасқан кедендік шекарадан өткізуге тыйым салынған немесе өткізу шектелген, кедендік шекара арқылы өткізудің арнайы ережелері белгіленген тауарларды, заттар мен құндылықтарды ірі мөлшерде өткізу контрабанда деп саналады, ол үшін жауапкершілік ҚК-нің 209-бабында көзделген. Егер алып өткен тауар құны мың айлық есептік көрсеткіштен асса, онда бұл қылмыс ірі мөлшерде жасалған деп саналады.

Кедендік бақылаудан тыс немесе жасырын жасалған не құжаттарды немесе кедендік теңдестіру құралдарын алдап пайдалана отырып, не есірткі заттарды, жүйкеге әсер ететін, күшті әсер ететін, улы, уландырғыш, радиоактивті немесе жарылғыш заттар-

ды, қару-жарақты, әскери техниканы, жарылғыш құрылғыларды, атыс қаруы мен оқ-дәрілерді, жаппай қырып-жоятын қарудың ядролық, химиялық, биологиялық және басқа да түрлерін, жаппай қырып-жою қаруларын жасау үшін пайдаланылуы мүмкін материалдар мен жабдықтарды декларацияламай немесе жалған декларациялаумен ұштастыра мемлекеттің кеден шекарасы арқылы өткізгендік үшін ҚК-нің 250-бабында жауапкершілік көзделген.

Жаппай зақымдау қаруын, олардың жеткізу құралдарын, қару-жарақ және әскери техниканы жасау кезінде пайдаланылуы мүмкін және арнайы экспорттық бақылау орнатылған технологияларды, ғылыми-техникалық ақпаратты және қызмет көрсетулерді заң экспорттау ҚК-нің 243 бабында көзделген жауапкершілікке алып келеді.

Кеден төлемдерін төлеуден жалтару кеден ісі саласындағы өзге қылмыстарға жатқызылған. Мысалы, Кеден бажын, салықтарды, кеден алымдарын, лицензия бергені үшін алынатын алымдарды немесе басқа кедендік төлемдерін төлеуден жалтару әрекеті ірі мөлшерде жасалған болса, оған кінәлі адам ҚК-нің 214-бабымен жауаптылық көтереді.

Кеден органдары «Жедел іздестіру қызметі туралы» Заңға сәйкес жедел-іздестіру іс-шараларын өздеріне жүктелген міндеттерді шешу мақсатында жүргізуге құқылы. Бұл әрекеттерді олар контрабанда, есірткі мен қару-жарақтың заңсыз айналымы, кеден төлемдерін төлеуден жалтару сияқты және басқа да қылмыстарды айқындау, олардың алдын алу және жолын кесу мақсатын жүргізеді. Кеден органдары контрабанда заттарын тыққан жерлерді тұрақты немесе тасымал рентген аппараттарын, металл іздейтін аспаптарды, сондай-ақ кинологиялық қызметті қолданып іздестіруге құқылы.

Жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізу үшін заңды негіздер керек, яғни қылмыстың дайындалып жатқандығын немесе жасалғандығын көрсететін нақты мәліметтер болуға тиіс. Жедел-іздестіру қызметінің нәтижелері кеден органдарының қылмыстық іс қозғауына негіз болады.

Кедендік бақылауды жүргізу кезінде, құжаттарды тексергенде, жүктерді, көлікті қарағанда алынған мәліметтер қылмыстық іс қозғауға мұрындық болады.



Тиісті кеден органының бастығы, бір жағынан анықтау органының да бастығы болғандықтан, кеден ережелерінің бұзылғандығы туралы материалдарды қарайды, қылмыстың белгісін көрсететін жеткілікті деректер болса, не өзі қылмыстық іс қозғайды, не анықтау жүргізуді бір немесе бірнеше анықтаушыға тапсырады. Анықтау қылмыстық іс қозғау туралы қаулы шыққан күннен бастап іс, оны сотқа беруі үшін прокурорға жіберілгенге дейін он күн мерзімде жүргізіледі. Бұл мерзімді анықтау органының бастығы отыз тәулікке дейін ұзарта алады.

Жоғарыда көрсетілгендей, анықтау формасындағы тергеуді кеден органдары Заңда өз құзыретіне жатқызылған істер, яғни ҚК-нің 214-бабының 1-бөлігінде көзделген істер бойынша жүргізеді. Және де, ҚК-нің 209-бабының 1-бөлігінде (экономикалық контрабанда), 250-бабының 1-бөлігінде (айналыстан алынған заттардың немесе айналысы шектелген заттардың контрабандасы) көзделген қылмыстар туралы істер бойынша анықтауды қылмыстық істі қозғаған кеден органы жүргізеді.

Кез келген тұлға, сондай-ақ оның өкілі, егер кеден органының шешімі және (немесе) әрекеті (әрекетсіздігі) оның құқықтары мен мүддесіне нұқсан келтірсе, құқықтарын жүзеге асыруына кедергі болса, не оған қандай да бір заңсыз міндет жүктесе, жоғары тұрған кеден органына не кеден ісінің мәселелері жөніндегі уәкілетті органға және (немесе) сотқа **шағымдана** алады.

Шағым жазба түрінде беріледі. Шағымға кеден органының және (немесе) оның лауазымды адамының заңсыз шешімін, әрекетін (әрекетсіздігін) растайтын құжаттар және (немесе) материалдар (егер болса) тіркеледі. Шағым, егер қосымша зерделеуді және (немесе) тексеруді қажет етпесе, тіркелген күннен бастап он бес күн ішінде қаралуға және ол бойынша шешім шығарылуға тиіс. Ал, қосымша зерделеуді және (немесе) тексеруді қажет ететін шағым бір ай ішінде қаралады.

Шағымды қараудың нәтижелері бойынша жоғары тұрған кеден органы немесе кеден ісінің мәселелері жөніндегі уәкілетті орган тиісті шешім қабылдайды, ол шешімнің көшірмесін шағымданған адамға жібереді.

Кедендік шекара арқылы өтуіне байланысты шешім қабылданған немесе әрекет (әрекетсіздік) жасалған тауардың және

көлік құралының құны жүз айлық есептік көрсеткіштен аспайтын болса, онда кеден органының немесе оның лауазымды адамының ондай әрекеті мен шешіміне жеңілдетілген тәртіпте шағым жасалынады.

Жеңілдетілген тәртіпте жасалған шағым бір күннің ішінде қаралуға тиіс және қабылданған шешім шағымданушыға бірден хабарланады. Шағымның қаралғандығы туралы актіге шағымды қараған кеден органының басшысы және шағымданған адам қол қояды. Актінің көшірмесі шағымданған адамға тапсырылады.

Кеден органдары кеден заңдарын бұзғандығы үшін заңға сәйкес жауап береді. Кеден органдарының заң актілеріне сәйкес келмейтін актілер шығарғандығынан келген зиянның орны толтырылуға тиіс. Кеден органдарының лауазымды адамдары өздерінің заңсыз шешімдері, әрекеті (әрекетсіздігі) үшін тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік көтереді.

### ***11.5. Кеден органдарында қызмет атқару тәртібі***

Кеден органдарының қызметін жандандырудың басты талаптарының бірі — оларды білікті кадрлармен қамтамасыз ету. Кеден органдарында қызмет азаматтардың кеден органдарындағы міндеттерін, құқықтарын, сондай-ақ құқық қорғау органдарындағы функцияларын іске асырудағы мемлекеттік қызметтің арнайы түрі.

Өзінің моральдық, іскерлік, кәсіби қасиеті, денсаулығы, физикалық дамуы және білім деңгейі тұрғысынан өзіне жүктелген міндеттерді орындауға қабілетті, кеден органдарына қызметке қабылданған Қазақстан азаматы кеден органдарының лауазымды адамдары болып саналады. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңдарында көрсетілген адамдар, сондай-ақ мемлекеттік қызметтен теріс қылықтары үшін шығарылған адамдар кеден органдарына қызметке қабылданбайды.

Кеден органдарына қызметке тұрған жас мамандар кеден постыларында, кедендерде және кеден ісінің мәселелері жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінде міндетті түрде стажировкадан өтеді. Кеден органының лауазымды адамына атқаратын қызметіне және еңбек сіңірген жылдарына сәйкес арнайы атақ

беріледі. Лауазымды адамдар қызметін атқару кезінде билік өкілі болып табылады және мемлекеттің қорғауында болады.

Кеден ісінің мәселелері жөніндегі уәкілетті органның басшысын ҚР Үкіметі тағайындайды және қызметтен босатады. Ал, ол басшының орынбасарларын да Үкімет сол басшының ұсынысымен тағайындайды және қызметінен босатады. Кеден органдарының лауазымды адамдары кеден ісінің мәселелері жөніндегі уәкілетті орган анықтаған тәртіпте қызметке тағайындалады және босатылады. Кеден органдарының арнайы атақ берілген лауазымды адамдары формалы киіммен тегін қамтамасыз етіледі.

Егер күш жұмсалмайтын тәсіл өздеріне жүктелген міндеттің орындалуын қамтамасыз ете алмайтын болса, онда кеден органдарының лауазымды адамдары күш қолдануға, арнайы құралдар мен қару қолдануға құқылы.

## PS

Кеден Одағының 2009 жылғы 27-қарашадағы Кеден кодексі 2010 жылдың 1 шілдесінен бастап күшіне енеді.

2010 жылы Кеден Одағының нақты жұмыс істей бастауы еркін сауда режимінен ортақ экономикалық кеңістік құруға, әрі қарай — ортақ нарыққа өтудің дербес кезеңін білдіреді. Кеден Одағы тауарлардың, көрсетілетін қызметтің, жұмысшы күнінің және капиталдың еркін өтуін қамтамасыз етуге тиіс. Еуразия экономикалық қоғамдастығына мүше мемлекеттер (Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы және Беларусь Республикасы) арасындағы кеден тосқауылын алып тастау бұл мемлекеттердің әрқайсысы үшін де тиімді болатындығы сөзсіз.

## 12 ТАРАУ

### Қазақстан Республикасындағы нотариат

#### 12.1. Қазақстан Республикасында нотариаттың қалыптасуы және дамуы

Нотариат ежелгі кезден бері және барлық өркениетті елдерде бар, ол азаматтық құқықты іске асыруда және қорғауда маңызды рөл атқарады.

Нотариат латынның *nota* — белгі деген сөзінен шыққан. Ежелгі Римде мәмілелердің жобасын жасайтын және тез жазу үшін стенографиялық белгілерді пайдаланатын адамдарды нотариустар деп атаған. Нотариат термині тиісті нотариалдық әрекеттерді орындау үшін арнайы құрылған органдар жүйесін ұғындырады.

Меншік қатынастарының тиісті даму деңгейінде нотариатқа тарихи қажеттілік туындады. Тарихи, этникалық, діни және өзге ерекшеліктерге байланысты әр кездері әр елдерде өздерінің нотариаттары пайда болды, мұндай қызметпен айналысатын адамдар да әртүрлі аталды.

XIX ғасырдың ортасына дейін Ресей империясының көптеген аймақтарында нотариалдық қызметті ұйымдастыру және заңдық регламентациялау мәселесі өзекті болды. Нотариалдық қызметке қатысты 60-жылдары жүргізілген реформалар патшалық Ресейдің шет аймақтарындағы ұлттық, географиялық және өзгедей ерекшеліктерге байланысты бір уақытта жүзеге аспады.

Тек 1921 жылы ғана Нотариат туралы Ережені енгізу туралы Декрет пен Нотариалдық Столдарды тарату туралы Декрет шықты, ал 1923 жылы «Мемлекеттік нотариат туралы» Ереже енгізіліп, «Нотариалдық конторларды тарату туралы» Декрет күшін жойды. Қазақ КСР Үкіметінің 1940 жылғы 20-сәуіріндегі «Нотариалдық конторлар торабын бекіту туралы» қаулысымен нотариалдық органдар тізбесі 120 қалалық және аудандық мемлекеттік нотариалдық Контор шамасында анықталды.

1974 жылдың 13-тамызында «Мемлекеттік нотариат туралы» Қазақ КСР Заңы қабылданды, оның Одақ құрамындағы

республиканың өзіндік ерекшелігі бар алғашқы нормативтік актісі болды. Ол қолданыста болған кезеңде Қазақстанның барлық аймақтарында Нотариалдық органдар біржола қалыптасты, бұл сала маман-заңгерлермен қамтамасыз етілді, оның жұмысына мемлекеттік бақылау жүргізілді.

Нотариаттың қазіргі моделінің қалыптасуы 90-жылдардан басталады, біздің елде құқықтың базалық салалары бойынша кодификацияланған актілер қабылданды. Қазіргі «Нотариат туралы» Заң күшіне енгенге дейін отандық нотариустар нарықтық мазмұндағы жаңа құжаттарды Қазақ КСР заңдарының, Одақтың және одақтас республикалардың Азаматтық заңдары Негізінің базасында ресімдей бастады.

1997 жылдың 14-маусымындағы «Нотариат туралы» Заң отандық нотариат тарихындағы маңызды кезең болды, ол нотариаттардың екі типінің (мемлекеттік және жеке) қатар болуын мойындады.

Жаңа қоғамдық жағдайларға байланысты қазақстандық нотариат соңғы жылдары елеулі өзгерістерге ұшырады. Өкінішке орай, 2006 жылдан бері қарай Қазақстанда негізінен тек бір модель — жеке нотариат формасы ғана жұмыс істеуде, бұл жағдайды кейбір нотариат өкілдері теріс пайдалануда. Мысалы, 2009 жылдың бірінші жартысында ғана жеке нотариустарға қатысты 20-дан аса қылмыстық іс қозғалған. Нотариалдық әрекеттердің кейбір түрлері бойынша баж салығының мөлшері ондаған есе артқан. Мысалы, Салық кодексінің 536-бабына сәйкес, мұрагерлікке құқық туралы куәлікті бергені үшін баж салығы 100% айлық есептік көрсеткіш, яғни 1296 теңге мөлшерінде көзделген, ал оны Алматы қаласының нотариалдық палатасы 32400 теңгеге, немесе 25 есе көбейткен. Құжаттағы қолдың шынайылығын куәлендіргендік үшін баж салығы жеке тұлғалар үшін Салық кодексінде 39 теңге деп белгіленген (АЕК-нің 3%-ы), ал кейбір облыстардың нотариалдық палаталары өз бажын: Алматы қаласы — 1300 теңге (33 есе), Алматы облысы 1110 теңге (28 есе), Батыс Қазақстан облысы — 925 теңге (23 есе) деп белгілеген<sup>1</sup>. Соған байланысты халықтың наразылығы туындап, біртіндеп мемлекеттік нотариустар жұмыс істей бастады.

<sup>1</sup> Юридическая газета. 20 қазан 2009 ж. № 159 «Из нотариуса в предприниматели?».

Қазіргі кезде ұлттық заңдарымыздың халықаралық стандарттарға қарай бет бұру процесі жүріп жатыр. Нотариалдық жүйенің дәстүрлі (классикалық) типі оның латындық моделі, ол **Латындық нотариат** деп аталады. Ол роман-герман құқықтық жүйесінің елдерінде құқықтық идеялардың ұзақ эволюциясы нәтижесінде қалыптасты. Бұл еркін нотариаттың белгісін қалыптастырған алғашқы заң актісі әйгілі Вантоз Заңы болды, ол XIX ғасырдың басында (16.03.1803 ж.) қабылданғанмен, өз күшін әлі жоғалтқан жоқ. Бұл заң нотариаттың Еуропада, жалпы дүние жүзінде дамуына едәуір әсерін тигізді. Кейін, Испанияның ықпалымен латындық нотариат Оңтүстік және Орталық Америка елдеріне де тарады. Соңғы жылдардағы түбегейлі экономикалық және құқықтық өзгерістерге байланысты латындық нотариат Шығыс және Орталық Еуропа елдеріне түгелдей, Оңтүстік-Шығыс Азияның кейбір мемлекеттері мен Қытайға тарады.

Латындық типтегі ұлттық нотариустардың ортақ сипатына қарамастан нақты мемлекеттерде нотариустарда өзара айырмашылық бар.

Мысалы, Еуропада латындық нотариаттың үш негізгі моделі бар, олар: **неміс, француз және аралас**.

**Неміс моделінде** нотариус нотариалдық іс жүргізудің барлық кезеңінде ептеген ғана белсенділік көрсетеді. Оның жұмысы тиісті актіні даярлаумен және оны куәлендірумен тамамдалады. Нотариус бұл жерде нотариалдық әрекет жасауға дайындықта: консультация, келіссөз жүргізуде, қажетті құжаттар алуда және т.б. елеулі рөл атқармайды. Нәтижесінде, нотариалдық функцияларды жүзеге асыру формалдық сипат алады.

**Француз моделі** керісінше, мүдделі адам өзіне жүгінген кезден бастап нотариус ынталылық танытуға тиіс. Нотариус пен оның көмекшілері қажетті құжаттар жинау, басқа мүдделі адамдармен келіссөздер жүргізу, құжаттар даярлап оларды куәлендіру сияқты әрекеттерден бастап нотариалдық актілерді құзыретті органдарда тіркеуге дейінгі клиент шаруасын өздеріне алады. Француз моделінде нотариус пен оның көмекшілері клиенттің ойдағыдай құқықтық нәтиже алуын қамтамасыз етеді.

**Аралас модель** жоғарыда аталған екі жүйе элементтерін әрқалай пропорцияда үйлестіреді. Бұл модель кейбір Еуропа елдерінде, мысалы, Испанияда, Нидерландыда, Швейцарияда және басқа елдерде қолданылады. Еркін (латын) типіндегі нотариат Еуроодақтың, Ұлыбритания, Дания, Финляндия және Швециядан басқа барлық елдерінде бар.

Әртүрлі елдердің нотариаттарының ұйымдастырылуында және қызметінде ортақ принциптердің болуы халықаралық деңгейде нотариаттың арнайы ұйымын — Латындық Нотариаттық Халықаралық Одағын құруға мүмкіндік берді.

**Латындық Нотариаттық Халықаралық Одағы (ЛНХО)** — латын типті нотариалдық жүйесі бар елдерді біріктіретін үкіметтік емес ұйым. Оның міндеті нотариалдық қызметті халықаралық деңгейде қолдау, үйлестіру және дамыту. Ұлттық нотариаттар арасындағы тығыз ынтымақтастық негізінде Одақ жекелеген адамдар мен жалпы қоғамның құқықтарын жақсы қорғауы үшін нотариаттың тәуелсіздігі мен жоғары маңыздылығын қамтамасыз етуге тиіс. Бұл Одақты құру туралы шешім Латындық нотариаттың Бірінші Халықаралық Конгресінде 1948 жылдың 2-қазанында Буэнос-Айрос қаласында қабылданды. Ал, 1950 жылы Мадрид қаласында өткен екінші Конгресте бұл шешім біржола бекітілді.

Латындық Нотариаттың Халықаралық Одағының Жарғысы Нотариаттар — Одақ мүшелерінің Ассамблеясында 1989 жылдың 23, 25-маусымдарында Амстердам қаласында қабылданды. Бүгінгі күндері бұл Одаққа 73 мемлекет мүше.

Латындық нотариат рим құқығының дәстүріне негізделген. Одаққа кіретін елдерде, оның ішінде Ресейде, құрлықтық (роман-герман) құқықтық жүйе қолданылады, онда жазбаша дәлелдеме басым, ал нотариалды ресімделген құжаттарда дәлелдемелік күш басым. Латындық нотариат елдерінің көпшілігіндегі нотариустар актілерінде атқарушылық күш те бар. Латын типіндегі нотариат, жалпы басқа нотариаттар сияқты, адам жадында ұзақ уақыт сақталып қалуы мүмкін емес нәрселерді сақтап қалудың тәсілі. Нотариатта барлық нәрсе құжат түрінде сақталады. Нотариус куәлендірген құжатта ғана өткенге жататын фактілер көрсетіледі, сол кез бекітіледі, ал келешек реттеледі.

Латындық нотариатқа өзін-өзі басқару, өзін-өзі ұйымдастыру, қандай да бір бюджеттен қаржылық тәуелсіздік сияқты принциптер тән<sup>1</sup>. Латындық Одақтың басты принципі — «нотариус функциясының жариялылығы және оның қызметінде кәсіпкерлік сипаттың болмауы».

Нотариатқа мемлекет жүктеген жария-құқықтық функция латын типіндегі нотариатты қолданушы елдердің барлығында танылды. Бұл ретте нотариус мемлекеттік қызметкер болмаса да мемлекеттік функцияларды орындайды. Латындық нотариат елдерінде Тәуелсіз нотариус — құжаттарды нотариалдық куәлендіруді мемлекет атынан орындауға, сондықтан даусыз әділсоттың және жария биліктің өкілі болуға уәкілеттігі бар адам.

ҚР Конституциялық Кеңесінің 2005 жылдың 31-қаңтарындағы № 1 қаулысында «жариялылық» мәселесіне қатысты «нотариаттың қызметінде жария-құқықтық сипат болғандықтан адам мен азаматтың құқықтары мен бостандығын заңмен қамтамасыз ету міндеті, оларды қорғаудың құқықтық тетігін белгілеу мемлекетке жүктелді» деп көрсетілген. Яғни, нотариалдық қызметті жүзеге асыруға ынта білдірген адамдар үшін мемлекет міндетті шарттар мен шектеулер анықтауға құқылы, ол нотариат қызметіне заң арқылы мемлекеттік бақылау орнату керектігімен байланысты. Заңмен шектеудің шегі адамның құқықтары мен бостандығын қорғаудың конституцияда анықталған мақсаттары мен міндеттеріне сай келуге тиіс. (Негізгі Заңның 39-бабы).

Конституциялық Кеңестің 06.07.2006 жылғы «ҚР Конституциялық Кеңесінің 31.01.2005 жылғы №1 қаулысына түсініктеме беру туралы» №3 қосымша қаулысында «нотариат толықтай жария-құқық институты болып табылмайды. Нотариус қызметінде жария-құқықтық та, жеке-құқықтық та сипат бар және мемлекеттік қызметтегі нотариустар (мемлекеттік нотариустар), нотариалдық әрекеттерді орындауға заңда уәкілеттік берілген мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары ғана мемлекет атынан әрекет етуге құқылы. Жеке нотариустарда ондай құқық жоқ» делінген.

<sup>1</sup> А. Жанабилова. Бюллетень нотариуса. № 4.— 20 б.

Бұған қатысты Конституциялық Кеңестің Төрағасы И.И.Рогов былай дейді: «мемлекет және құқық теориясына сәйкес **жария құқық** дегеніміз қатынастарды, мүдделерді реттейтін құқық салаларының жиынтығы, ал жария-құқық функциясы — өз әрекетімен белгісіз адамдар тобы үшін құқықтық салдар тудыру қабілеті. Сөзсіз, нотариалдық қызметте жария-құқықтық сипаттағы элементтер бар, бірақ ол көрсетілген функциялардың мемлекеттік екендігін білдірмейді. Жариялық мәселесі Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелері тұрғысынан қаралуға тиіс, ол терең талдауды керек етеді»<sup>1</sup>.

Қазақстанның Латындық нотариат принциптерін негізге алуы заң практикасында жазбаша дәлелдемелердің басымдылығын және нотариалды ресімделген құжаттардың күшінің артықтығын мойындағандықты білдіреді.

Отандық және Латындық нотариаттың ортақ тұсы сол, екеуінде де нотариат әкімшілік жүйенің бір бөлігі болып табылмайды, азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды мемлекеттің айрықша өкілеттігі бойынша жүзеге асырады. Нотариалдық процедуралар беретін кепілдіктер мен қауіпсіздік азаматтық және коммерциялық айналымда артық тосқауыл емес, қайта, бұл қатынастарды қорғалған және болжамды етеді.

2003 жылы қазақстандық бюджеттен тыс нотариат Республиканың нотариалдық палата атынан Латындық нотариаттың Халықаралық Одағына кіруге өтініш жасады, оған байқаушы мәртебесі берілді<sup>2</sup>. Ол біздің халықаралық беделімізді көтерді, әрі нотариаттың белсендірек моделіне өтуімізге жағдай тудырды.

## **12.2. Нотариаттың құқықтық негіздері мен функциялары**

**Нотариат** дегеніміз, азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін заң жүзінде бекітуге бағытталған, даусыз құқықтар мен фактілерді куәлендіру, құжаттарды, олар-

<sup>1</sup> Бюллетень нотариуса. № 3.— 24 б.

<sup>2</sup> Бюллетень нотариуса. № 4.— 37 б.

дан үзінділерді куәлендіру, құжаттарға атқарушылық күш беру және заңда белгіленген басқа да әрекеттерді белгіленген тәртіпте орындау жүктелген органдар мен лауазымды адамдардың жүйесі.

Қазіргі нотариат құқықтық инфрақұрылымның бір бөлігі, ол азаматтық айналымның тұрақтылығы мен заңдық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Азаматтық қоғамдағы нотариаттың міндеті жеке меншік пен даусыз азаматтық құқықтың қорғалуын, сондай-ақ азаматтық айналымның барлық қатысушыларының құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалуын қамтамасыз ету.

Күнделікті өмірде азаматтар, өздерінің конституциялық құқықтарын пайдалана отырып, бір-бірімен немесе әртүрлі ұйымдармен әртүрлі құқықтық қатынастарға кіреді. Бұл қатынастар, әдетте, шарт жасасу арқылы ресімделеді. Азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтары мен мүдделерінің сақталуына кепілдікті қамтамасыз ету үшін мемлекет шарттардың кейбір түрлері куәлендірілгеннен кейін ғана күш алатындығын белгіледі.

Нотариалдық қызметтің бірыңғай стандарттарын пайдалану ұлттық экономикалардың ашықтығын, елдің инвестициялық тартымдылығын көтеруге, халықаралық айналымды жеңілдетуге мүмкіндік берді, нәтижесінде елдің халықаралық қоғамдастыққа құқықтық және экономикалық бірлесуіне жағдай туады.

Мемлекеттің әділқазылық саласындағы жауапкершілігі тек дауларды шешумен шектелмейді, Мемлекет нотариат институты арқылы құқықтық қақтығыстардың алдын алуға тиіс. Сондықтан да нотариаттың негізгі функциясы шарт жасаушы адамдардың позицияларында туындауы мүмкін барлық қайшылықтардан арыла отырып, азаматтық құқықтық қатынастарда қақтығыстардың болмауына қол жеткізу. Нотариалдық актілерде дәлелдемелік салмақ бар, олар азаматтық дауда өтімді дәлелдеме бола алады.

Нотариус, жасалатын әрекеттердің заңдылығын қамтамасыз ете отырып, азаматтық салада құқықтық тәртіптің қалыптасуына жағдай тудырады, әділетсіздіктің жолын кеседі.

Нотариалдық органдарды ұйымдастыру және олардың қызметі 1997 жылдың 14-маусымындағы «Нотариат туралы» Заңға, Азаматтық кодекстің нормаларына, Қазақстан Республи-

касы бекіткен халықаралық шарттарға, нотариалдық қызметтерді реттейтін өзге де заң актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Қолданыстағы заң нотариусқа, бір жағынан, тәуелсіздік және көптеген өкілеттік береді, ал, екінші жағынан, бірқатар шектеулер жүктейді, мысалы, оның басқа қызметпен айналысуына тыйым салады және нотариалдық әрекеттер жасаумен байланысты өзіне мәлім болған мәліметтерді жария етпеуін талап етеді.

Қазіргі кезде нотариалдық әрекеттерді жасауға мемлекеттік монополия жоқ. Мемлекеттік нотариалдық кеңселермен қатар жеке нотариат институты да жұмыс істейді, олардың қызметінде, әрине, біршама айырмашылықтар бар.

Мысалы, **жеке нотариат** жеке және заңды тұлғаларға мемлекеттік нотариалдық қызмет көрсетудің қазіргі жүйесін толықтырады және оның қызметі бюджеттен қаржыландырылмайды. Еркін кәсіптің өкілі ретінде жеке нотариус өз жұмысын өзі ұйымдастырады, жұмыскерлерді жұмысқа алады, босатады, қызметін материалдық жағынан қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, мемлекет жеке нотариустардың қызметін жеке нотариус қызметін құрудың және таратудың айрықша тәртібін белгілеу, жеке нотариустарға лицензиясы бар адамдар ішінен конкурстық негізде өкілеттіктер беру, сондай-ақ нотариалдық іс жүргізу ережелерінің орындалуын және көрсетілетін қызметтер үшін тарифтерді бақылау арқылы реттейді<sup>1</sup>.

Жеке нотариатты заңда бекіту мемлекеттік нотариалдық кеңселердің жұмысын жеңілдетуге және бұл салада әділ бәсекелестік тудыруға септігін тигізеді.

Нотариалдық қызметтің **негізгі принциптері:**

— **Тәуелсіздік және заңға ғана бағыну.** Бұл принцип «Нотариат туралы» Заңның 3-бабында бекімін тапқан, онда нотариалдық қызметті жүзеге асыруда нотариустар және нотариалдық әрекеттерді жасауға уәкілетті адамдар тәуелсіз және тек заңға бағынады делінген. Нотариуста өзі бағынатын, өзіне нұсқау беретін, өзінен жоғары тұрған лауазымды адам немесе орган жоқ.

— жасалған нотариалдық әрекеттердің **құпиясын сақтау принципі.** Нотариат туралы заңда нотариусқа және нотариалдық

әрекет жасауға уәкілетті адамға ол әрекеттердің құпиясын сақтау міндеті жүктелген. Нотариалдық әрекеттер туралы мәліметтер, бұрын берілген құжаттардың көшірмелері мен дубликаттары тапсырмасы бойынша нотариалдық әрекеттер жасалған жеке және заңды тұлғаларға ғана беріледі. Олардың уәкілетті адамдарына де берілуі мүмкін. Нотариус ретіндегі жұмысын тоқтатқан адамдар да нотариалдық әрекеттердің құпиясын сақтауға міндетті.

— **Объективтілік (бейтараптылық) принципі.** Өзі куәлендіретін кез келген нотариалдық әрекетте нотариустың жеке мүдделілігі болуға тиіс емес. Бұл принципті қамтамасыз ету үшін заңда бірқатар шектеулер белгіленген.

Нотариус кәсіпкерлік қызметпен айналысуға; шарт жасасқанда, оны өзгерткенде және бұзғанда делдалдық қызмет көрсетуге; өкілдік органның депутаты болып сайланғанда нотариус міндетін орындауға және жалданбалы жұмысшы ретінде еңбек қатынасында болуға құқылы емес.

— **Нотариалдық қызметке қол жетерлік принципі.** Нотариус жүгінген адамдардың барлығына білікті заңдық көмек көрсетуге және нотариалдық әрекеттердің жасалуын қамтамасыз етуге міндетті.

— **Құқықтар мен заңдық фактілердің даусыздық принципі.** Бұл принцип нотариустың нағыз құқықтық жаратылысына негізделген, ол заңдық маңызы бар даусыз фактілер мен оқиғаларды ғана куәлендіруге уәкілетті адам. Нотариус тікелей немесе тиісті құжаттармен расталынған даусыз фактілерді ғана қабылдайды.

Нотариалдық әрекеттерді мемлекеттік нотариалдық кеңселерде (мемлекеттік нотариуста) жұмыс істейтін нотариустар мен жеке практикамен айналысатын нотариустар, сондай-ақ аудандық деңгейдегі қалалардың, елді мекендердің, ауылдардың әкімдерінің аппараттарындағы, нотариалдық әрекеттер жасауға уәкілеттік берілген лауазымды адам жасайды. Ондай құқық Қазақстан Республикасы атынан консулдық функция атқарушы адамдарға және «Нотариат туралы» Заңда нотариалдық әрекеттер жасауға уәкілеттік берілген басқа адамдарға да берілген.

Нотариалдық әрекеттер жасағанда, мемлекеттік нотариалдық кеңседе істейтініне немесе жеке нотариалдық практикамен

<sup>1</sup> М. Уакпаев. Бюллетень нотариуса, 2005.— 36—37 б.

айналысатынына қарамастан, нотариустардың барлығының құқықтары мен міндеттері бірдей. Олар ресімдеген құжаттардың да заңдық күші тең.

Нотариалдық әрекеттер туралы мәліметтер, бұрын нотариус берген құжаттардың көшірмелері мен дубликаттары, жоғарыда айтылғандай, тапсырмалары бойынша нотариалдық әрекеттер жасалған жеке немесе заңды тұлғаларға, не олардың уәкілетті адамдарына ғана беріледі.

Нотариалдық әрекеттер туралы мәліметтер мен құжаттар, сонымен қатар, өздерінің жүргізуіндегі істер бойынша соттың, тергеу және анықтау органының, прокуратура органының, сондай-ақ нотариустар қызметін тексеруге «Нотариат туралы» Заңда уәкілеттік берілген әділет органдары мен нотариалдық палаталардың жазбаша талабы бойынша да беріледі.

Меншік формасына қарамай, заңды тұлғалар және лауазымды адамдар нотариалдық әрекеттер жасау үшін қажетті мәліметтер мен құжаттарды нотариусқа ол сұратқан кезден бастап он күн ішінде беруге тиіс.

Өсиет туралы мәлімет, өсиеттің көшірмесі мен дубликаты мүдделі адамдарға, егер заңда басқадай көзделмеген болса, өсиет қалдырушы өлгеннен кейін ғана беріледі.

Нотариалдық іс жүргізу Әділет министрлігі мұрағаттар мен құжаттарды басқарудың уәкілетті мемлекеттік органымен келісе отырып бекітетін Нотариалдық іс жүргізу жөніндегі Нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік нотариустардың құжаттары міндетті түрде мемлекеттік мұрағатқа өткізіледі, ал жеке нотариустардың құжаттары заңда белгіленген тәртіпте жеке нотариалдық мұрағатқа өткізіледі.

**Нотариалдық округ** Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бөліністеріне сәйкес белгіленеді, оған бір облыстың, республика деңгейіндегі қаланың және ауданның аумағы алынады. Мемлекеттік нотариустың нотариалдық округ шегіндегі қызмет аумағын аумақтық әділет органы анықтайды. Жеке нотариустың нотариалдық округ шегіндегі қызмет аумағын аумақтық әділет органы Нотариалдық палатамен бірлесіп анықтайды. Мүлде жаңа кәсіби қоғамдастық — Нотариалдық палаталар Қазақстанда бюджеттен тыс нотариаттар пайда болған соң құрылды. Ондағы

мақсат жеке нотариустарды кәсіби негізде біріктіру және олардың қызметін үйлестіру.

Әр облыстың, республикалық дәрежедегі қаланың, астананың аумағында бір Нотариалдық палата құрылады, ол заңды тұлға болып табылады және заңда белгіленген тәртіпте тіркелуге жа-тады.

Сонымен, Нотариалдық палата жеке практикамен айналысатын нотариустардың құқықтары мен заңды мүдделерін білдіру және қорғау үшін, сондай-ақ нотариалдық әрекеттер жасау кезінде нотариат туралы заңның сақталуына бақылау жүргізу үшін құрылатын коммерциялық емес, кәсіби, өзін-өзі қаржыландыратын ұйым.

Нотариалдық палаталардың қызметін **Республикалық Нотариалдық палата** үйлестіреді, ол нотариалдық палаталардың және мемлекеттік органдардағы, мемлекеттік емес ұйымдардағы нотариустардың мүдделерін білдіреді, нотариат мәселелері бойынша заң жобалау және сараптау жұмысына қатысады, нотариустардың оқуын ұйымдастырады.

Мемлекеттік нотариустардың және аудандық дәрежедегі қалалардың, елді мекендердің, ауылдардың әкімдерінің аппаратындағы лауазымды адамдардың жасайтын нотариалдық әрекеттерінің заңдылығын, іс жүргізу ережесінің сақталуын бақылауды аумақтық әділет органдары жүзеге асырады.

Нотариалдық округтегі қызметтің аумағын анықтауды және жеке практикамен айналысатын нотариустар жасайтын нотариалдық әрекеттердің заңдылығын және іс жүргізу ережелерінің сақталуын бақылауды аумақтық әділет органы Нотариалдық палатамен бірлесіп жүзеге асырады.

Қазіргі кезде нотариалдық қызметті лицензиялау процеду-расын халықаралық стандарттарға сай қайтара қарау жоспар-ланып отыр. Әділет министрлігінің мәліметтеріне қарағанда квоталаудың, конкурстық іріктеудің және нотариустарды белгілі бір аумақтарға орналастырудың қазіргі жүйесі көптеген дау тудыруда, нотариалдық қызметке халықтың түгелдей қолы жетпейтін көрінеді. Нотариустар санының шектеулілігіне байла-нысты қолында лицензиясы бар екі мыңнан аса адам жұмыссыз жүр (Мысалы, министерство 4090 лицензия берген, ал іс жүзінде

1983 адам ғана нотариус болып жұмыс атқаруда). Сонымен қатар, нотариалдық палаталар нотариустар санын өз тарапынан жасанды түрде реттей алады. Нотариалдық палатаға мүшелікке өтер алдында үміткерден алғашқы мүшелік жарна алынады (500-ден 1000-ға дейін айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде). Сондықтан да, алғашқы жарна төлеуді заңда бекіту және мемлекеттік лицензия болған жағдайда палатаға мүшелікке алудан бас тарту мәселесі қаралуда. Нәтижесінде мемлекеттік нотариалдық кеңселер қайта жанданады, ал олардың қызметі жеке нотариустармен салыстырғанда едәуір төмен<sup>1</sup>.

### **12.3. Нотариустың құқығы, міндеті және жауапкершілігі**

**Нотариус** — нотариат органдарының нотариаттық әрекеттер жасайтын лауазымды адамы. Жоғары заң білімі бар, аттестациялық комиссияда аттестация, нотариуста кемінде бір жыл стажировка өткен, нотариалдық қызметпен айналысуға лицензия алған Қазақстан Республикасының азаматы нотариус бола алады.

Соттылығы заңда белгіленген тәртіпте жойылмаған немесе алынбаған, сондай-ақ әрекет қабілеттілігі жоқ немесе шектеулі деп танылған адам нотариус бола алмайды. Өзіне қатысты қылмыстық іс ақтамайтын негіздер бойынша қысқарған, нотариалдық қызметке лицензиясын алып қойғандықтан тоқтатқан не нотариалдық әрекеттер жасау кезінде заң бұзғандығы үшін мемлекеттік нотариус қызметінен босатылған адамдар да ондай оқиға болғаннан кейін үш жыл өткенше нотариус бола алмайды.

Нотариус жұмысы бірқатар ерекшеліктері бар, нотариуска өзіндік талаптар қоятын күрделі интеллектуалдық қызмет болып табылады. Қазіргі кезеңде нотариалдық қызметті жүзеге асыру барысында шешілетін міндеттер нотариустың әрбір кәсіби «қадамын» заңмен регламенттеудің жоғарғы талабымен үйлеседі.

Еуропа қоғамдығы сотының (Люксембург) 1987 жылғы 26-наурызындағы қаулысында көрсетілгендей, нотариустар еркін

<sup>1</sup> Тусупбеков Р. Т. На защите конституционных прав / Казахстанская правда. 20 казан 2009 ж.

кәсіп шеңберінде жария функцияларды жүзеге асырады. Нотариустар мемлекеттік билік органдарына қатысты қандай да бір иерархиялық субординацияда болмайды, ол мемлекеттік басқару жүйесінің бір бөлігі емес. Олар кәсіби қызметін өз есебінен өзінің жеке жауапкершілігімен жүзеге асырады, жұмыс жағдайын заңда белгіленген шекте еркін ұйымдастырады, ол үшін кіріс алады.

Латын типіндегі нотариат елдерінде нотариус алдын алушылық рөл атқарады, мемлекет сеніп тапсырған қос функция орындайды, ол **Жария лауазымды адам және Тараптар кеңесшісі** мәртебесін алады. Нотариалдық актінің дәлелдеушілік күші оның өзіндегі фактілердің шынайылығын растау үшін жеткіліктілігінде. Өз талаптарының негізділігін нотариалдық актілер арқылы дәлелдеуге талпынған адам оларды сотқа ұсынса жеткілікті<sup>1</sup>.

Нотариуста **көмекшілер** мен **стажерлар** болады, олар Қазақстан рспубликасының азаматтары болуға тиіс. Стажерлар жоғары заң білімі бар, аттестациялау комиссиясында аттестациядан өткен азаматтар бола алады.

Жоғарыда аталып өткендей, нотариат қызметінде жария-құқықтық та, жеке құқықтық та сипат бар, сондықтан да адамның құқықтары мен бостандығын қамтамасыз ету, оларды қорғаудың құқықтық тетігін белгілеу міндеті мемлекетке жүктеледі. Соған байланысты мемлекет, нотариат қызметіне өз тарапынан бақылау жасау үшін, нотариалдық қызметті жүзеге асырғысы келетін азаматтар белгілі бір шарттар мен шектеулер анықтайды.

Нотариалдық қызметке лицензияны аттестацияның қорытындысы бойынша Әділет министрлігі береді. Нотариустың лицензиясының мерзімі шектелмейді және ол республиканың барлық аумағында жарамды.

Аудандық дәрежедегі қалалардың, елді мекендердің, ауылдардың әкімдерінің аппараттарындағы нотариалдық әрекеттер жасауға уәкілетті лауазымды адамдар аттестацияны аумақтық әділет органында өтеді.

Нотариуска лицензия беруден бас тартудың негіздері лицензиялау туралы заңда көрсетілген. Тоқтатудың себебі мен мерзімі көрсетілген өз шешімімен Әділет министрлігі нотариус лицензиясының әрекетін тоқтата алады.

<sup>1</sup> Бюллетень нотариуса. 2006. № 3.— 28 б.



Аттестациялық комиссияның, не прокуратура органдарының, не Әділет министрлігінің, не Республикалық нотариалдық палатаның талап арызы бойынша сот шешімімен нотариус лицензиясы қайта шақырылып алынады. Мұндай жағдайда нотариус лицензиясының әрекеті тоқтайды.

Аудандарда (қалаларда) орналасқан мемлекеттік нотариалдық кеңсе аумақтық әділет органының құрылымдық бөлімшесі болып табылады, онда заңды тұлғаның құқығы жоқ және ол сол орган бекіткен ереже негізінде әрекет етеді.

Нотариалдық қызметпен заңды тұлға құрмай лицензия негізінде айналысатын, нотариалдық әрекеттер жасау нәтижесінде келген зияннан туындайтын міндеттер бойынша өз азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандырған, нотариалдық палатаның мүшелігіне өткен және аумақтық әділет органында тіркелген азамат жеке практикамен айналысушы нотариус деп танылады.

Жеке праткикамен айналысушы нотариуста азаматтар мен заңды тұлға өкілдерінің еркін кіруіне, нотариалдық әрекеттер жасаудың құпиясын сақтауға жарамды және нотариалдық іс қағаздарын жүргізуді қамтамасыз ете алатын үй-жай болуға тиіс.

Нотариуста аты-жөні, мемлекеттік нотариалдық кеңесінің аталуы (мемлекеттік нотариустың мөрі), не лицензияның нөмірі мен берген күні көрсетілген жеке мөр, куәлендіру жазулары бар мөртабан және жеке бланкілер болады.

Нотариустың негізгі **құқығы** — жеке және заңды тұлғалардың мүддесіне нотариалдық әрекеттер жасау; мәмілелердің, арыздардың және басқа құжаттардың жобаларын жасау; құжаттардың көшірмелерін және олардан үзінді дайындау. Керек болған жағдайда, нотариус жасалынатын нотариалдық актіде көрсетілуі тиіс мән-жайларды растау үшін жеке және заңды тұлғалардан құжаттар мен мәліметтер сұратады.

Нотариалдық әрекеттер нотариалдық кеңсенің үй-жайында да, одан тыс жерде де немесе жеке қызметпен айналысатын нотариустың офисінде жасалуы мүмкін. Егер нотариалдық әрекеттер кеңседен немесе офистен тыс жерде жасалса, онда құжаттағы куәлендіру жазуда және нотариалдық әрекеттерді тіркеу реестрінде нотариалдық әрекет жасалған мекенжай және уақыт көрсетіледі.

Нотариалдық әрекеттер олар үшін қажетті барлық құжаттар берілген және мемлекеттік нотариус үшін мемлекеттік баж, не жеке нотариус үшін төлемақы төленген күні жасалынады.

Нотариус нотариалдық әрекеттер жасауды өтінген азаматтың, оның өкілінің немесе заңды тұлға өкілінің жеке басын анықтайды, ол үшін олардың төлқұжатын немесе жеке куәлігін тексереді.

Кәметке толмағанның жеке басын ата-ананың (асырап алушылардың) біреуі өз құжатын көрсетіп және баланың туылғандығы туралы куәлігін көрсетіп растайды.

Мәмілелерді куәлендіргенде және кейбір нотариалдық әрекеттер жасалғанда оларға қатысушы адамдардың қолдарының шынайы екендігі тексеріледі. Мәмілені куәлендіргенде, сол әрекет жасалар кезде мәмілеге қатысушы азаматтың әрекет қабілеттілігі айқындалады және заңды тұлғаның құқық қабілеті тексеріледі. Мәміле жасауға өкіл қатысса оның өкілеттігі тексеріледі.

Жеке тұлғаның әрекет қабілеттігі оның жеке басын куәлендіретін құжатта көрсетілген жас бойынша, және де нотариуспен сөйлесу кезінде анықталады. Қазақстан аумағында тіркелген заңды тұлғаның құқық қабілеттілігі оның мемлекеттік тіркелгендігі туралы куәлікпен және заңды тұлғаның Жарғысымен анықталады.

Заңды тұлғаның бірінші басшысының өкілеттігі Жарғы (Ереже), заңды тұлғаны тіркеу туралы куәлік, оны қызметке тағайындау туралы бұйрық, қызметке сайлау туралы жиналыс хаттамасы бойынша тексеріледі. Заңды тұлға өкілінің, сондай-ақ филиал басшысының (өкілінің) өкілеттігі заңды тұлға атынан уәкілетті орган берген сенімхатпен анықталады.

Жеке тұлға өкілінің өкілеттігі заңда белгіленген тәртіпте куәлендірілген сенімхат бойынша, не заңда көзделген басқа құжаттар негізінде анықталады. Нотариус өшірген немесе түзетілген жазуы бар, қарындашпен жазылған, жазуы айқын емес құжаттарды нотариалдық әрекеттер жасау үшін қабылдамайды.

Нотариус нотариалдық әрекеттер жасауға; азаматтар мен заңды тұлғаларға құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге, жасалатын нотариалдық әрекеттердің білмегендіктен болуы мүмкін салдарларын алдын ала ескертуге; ол Заңға сәйкес келмеген

жағдайда нотариалдық әрекеттер жасаудан бас тартуға; кәсіби этиканы сақтауға **міндетті**.

Нотариустар және нотариалдық әрекеттерді жасауға уәкілетті басқа адамдар жасалынатын нотариалдық әрекеттің құпиясын сақтауға міндетті.

Нотариалдық әрекеттер туралы мәліметтер және құжаттар өздерінің жүргізуінде істер бойынша соттың, тергеу және анықтау органының, прокуратура органдарының, сондай-ақ өздерінің қызметін тексеруге және бақылауға уәкілетті әділет органдарының және нотариалдық палаталардың жазбаша талабы бойынша беріледі.

Өсиеттер туралы мәліметтер, өсиеттердің көшірмелері мен дубликаттары мұрагерге өсиет қалдырушының өлгендігі туралы куәлік ұсынғаннан кейін ғана беріледі. Өсиетте көрсетілген мұрагерлер өлген жағдайда олардың мұрагерлеріне өсиеттің дубликаты олар өсиет қалдырушы мен оның мұрагерлерінің өлгендігі туралы куәлік және өзінің туыстық қатынасын растайтын құжат ұсынған соң ғана беріледі.

Нотариус және нотариалдық әрекеттерді жасауға уәкілетті лауазымды адамдар, өздерінің жасаған заңсыз әрекеттері үшін қылмыстық, әкімшілік, материалдық, тәртіптік және заңда көзделген өзге де жауапкершілік көтереді.

Мемлекеттік нотариалдық кеңселерде жасалатын нотариалдық әрекеттерге төлеу — Салық кодексінде белгіленген ставкалар бойынша мемлекеттік баж түрінде жүзеге асырылады.

Жеке нотариустар жасайтын нотариалдық әрекеттерге төлеу — мемлекеттік баждың мөлшеріне сәйкес келетін ставкалар бойынша жүзеге асырылады. Консулдық мекеменің лауазымды адамы жасаған нотариалдық әрекеті үшін консулдық алымдар тарифінде анықталынған алым алынады.

Жеке және заңды тұлғалар үшін нотариалдық әрекеттерге төлеудегі жеңілдік жеке нотариустар жасаған әрекеттерге де таралады. Нотариалдық әрекеттер жасау үшін нотариусқа жұмыс орнынан шығуға тура келсе, онда мүдделі адамдар оның көлік ақысын төлейді.

Мемлекеттік нотариус тағайындаған сараптаманы жүргізу шығыны азаматтық іс-жүргізу заңдарында белгіленген тәртіпте,

ал жеке нотариус белгілеген сараптама шығыны мүдделі адамдар мен сараптама мекемесі (сарапшы) арасындағы келісім бойынша төленеді.

Қажет болған жағдайда, нотариус қатыстырған басқа мамандардың еңбегін, сондай-ақ олардың өз функцияларын орындауымен байланысты шығындарды төлеу — мүдделі адамдардың сол мамандармен араларындағы келісімі бойынша жүзеге асырылады.

Нотариалдық әрекетті жасаудан бас тартқанда нотариус оның себептерін көрсетіп, мүдделі адамға он күн ішінде жауап береді. Нотариалдық әрекетті жасаудан бас тарту, не болмаса нотариалдық әрекетті дұрыс жасамау сотқа шағымдануға негіз бола алады.

#### **12.4. Кейбір нотариалдық әрекеттерді жасаудың тәртібі**

Жасалынатын барлық нотариалдық әрекеттер «Нотариат туралы» Заңда және Әділет министрінің 1998 жылдың 28-шілдесіндегі № 539 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында нотариалдық әрекеттерді жасаудың тәртібі туралы Нұсқаулықта белгіленген құзырет шегінде жүзеге асырылады.

Нотариус мынадай нотариалдық әрекеттер жасайды:

- 1) мәмілелерді куәлендіреді;
- 2) шаруа серіктестіктерінің құрылтай құжаттарын куәлендіреді;
- 3) мұраға сенімді басқарушыны тағайындайды;
- 4) мұраға құқық туралы куәлік береді;
- 5) бірлескен ортақ меншік құқығында мүлкі бар ерлі-зайыптылар мен басқа адамдардың ортақ мүліктегі үлесіне меншік құқығы туралы куәлік береді;
- 6) мүлікті иеліктен шығаруға тыйым салады және тыйымды алады;
- 7) құжаттардың көшірмелерінің және олардан алынған үзінділердің дұрыстығын куәлендіреді;
- 8) құжаттардағы қолдардың шынайылығын куәлендіреді;
- 9) бір тілден екінші тілге аударудың дұрыстығын куәлендіреді;

- 10) азаматтың тірі жүрген фактісін куәлендіреді;
- 11) азаматтың белгілі бір жерде жүрген фактісін куәлендіреді;
- 12) құжаттардың ұсынылған уақытын куәлендіреді;
- 13) жеке және заңды тұлғалардың арыздарын басқа жеке және заңды тұлғаларға береді;
- 14) депозитке ақша қабылдайды;
- 15) векселдер наразылығын жасайды;
- 16) құжаттар мен бағалы қағаздарды сақтауға қабылдайды;
- 17) теңіз қарсылықтарын жасайды;
- 18) дәлелдемелерді қамтамасыз етеді.

Нотариус нотариалдық формада болуы Заңда міндеттелген **мәмілелерді** куәлендіреді. Нотариалдық формада болуы міндетті емес мәмілелерді де тараптардың өзара келісімімен куәлендіре алады. Мәмілелерді куәлендіру үшін белгіленген жалпы ереже бойынша нотариус **неке шартын** куәлендіреді. Неке шартымен мүліктік құқық пен тараптар міндеттері де, заңға қайшы келмейтін басқа жағдайлар да реттелуі мүмкін. Неке шарты неке тіркелгенге дейін де, тіркелгеннен кейін де кез келген уақытта куәлендірілуі мүмкін. Нотариус шаруа серіктестіктерінің құжаттарын: құрылтай шарты мен Жарғыны куәлендіреді.

**Тіркеуге жататын мүлікті иеліктен шығару және кепілге салу** туралы мәмілелер бұл мүлікке меншік құқығын растайтын құжаттар ұсынылған жағдайда ғана куәлендіріледі. Бірлескен немесе үлестік меншіктегі мүліктен үлесін меншік иесінің иеліктен шығаруы барлық қатысушылардың келісімімен жүргізіледі. Жеке меншіктегі жылжымайтын мүлікті ақысыз пайдалануға немесе жалға беру туралы шартты куәлендіргенде нотариус сол мүлікке құқық белгілейтін құжаттарды, сол мүлікке құқықтың тіркелгендігі туралы анықтаманы және оның техникалық сипаттамаларын сұратады.

Нотариус және нотариалдық әрекеттер жасайтын басқа лауазымды адамдар Заң талабына сәйкес жасалған және нотариусқа тікелей өзі алып келген, әрекет қабілеті бар азаматтардың **өсиеттерін** куәлендіреді. Өсиеттерді өкілдер арқылы куәлендіруге жол берілмейді.

Нотариустар бір немесе бірнеше адамның атынан, бір немесе бірнеше адамның атына сенімхаттарды куәлендіреді, олардың

мерзімі үш жылдан аспайды. Мұра ашылған жердегі нотариус мұрагердің өтініші бойынша оған мұраға құқық туралы куәлік беруге міндетті. Мұндай куәлік заң бойынша да, өсиет бойынша да беріледі. Мұраға құқық туралы куәлік мұра ашылған күннен бастап алты ай өткен соң беріледі. Белгіленген мерзімнен ерте берген әрбір жағдайда нотариус өз бетімен басқа мұрагерлердің жоқ екендігін растайтын құжаттар тізбесін анықтайды

Мүлкі ортақ бірлескен меншік құқығындағы адамдардың бірлескен жазбаша арызы бойынша нотариус ортақ мүліктен үлесін алғысы келетін адамға немесе адамдарға сондай үлеске **меншік құқығы туралы куәлік** береді.

Егер олар заңға қайшы келмесе және оларда заңдық маңыз болса, нотариус **құжаттар көшірмесінің** және олардан алынған үзінділердің дұрыстығын куәлендіреді. Нотариус куәлендірген көшірмеде түпнұсқа құжаттың дәл мәтіні, лауазымды адамдар қолының бар екендігі және құжатты бекіткен мөрдің таратылған мәтіні болуға тиіс.

Нотариус мүдделі тұлғаның (жеке немесе заңды) жазбаша арызы негізінде **азаматтың тірі жүрген фактісін куәлендіреді**. Жеке тұлғаның тірі жүрген фактісін адамның нотариалдық органға өзінің келуімен де, ол фактіні нотариустың нотариалдық органның үй-жайынан сырт жерде куәлендіруімен де анықтауға болады. Нотариус мүдделі тұлғалардың (жеке немесе заңды) жазбаша арыздары бойынша **жеке тұлғаның белгілі бір жерде жүрген фактісін куәлендіреді**. Ол факті оның нотариалдық органға өзінің келуімен де, оны нотариустың нотариалдық органның үй-жайынан сырт жерде куәлендіруімен анықтауға болады. Нотариус жеке немесе заңды тұлғаның жазбаша арызының негізінде **құжаттардың ұсынылған уақытын** куәлендіреді. Ондай құжаттарға ашқан жаңалық, ғылыми және әдеби туындылар, іссапар куәлігі және т.б. жатады.

Нотариус, заңда көзделген жағдайларда, несие берушіге беру үшін борышкерден **депозитке ақша қабылдайды**. Депозитке ақша қабылдағанда нотариус борышкердің жеке басын анықтайды және оған ақша түсіргені туралы квитанция береді.

Борышкердің өтініші бойынша ақша түсіргендік туралы жазу қарызды көрсететін құжатқа жазылуы мүмкін.

Жеке немесе заңды тұлғаның жазбаша арызы бойынша нотариус **құжаттар мен бағалы қағаздарды сақтауға қабылдайды**. Ол құжаттар мен бағалы қағаздарға екі данада тізімдеме жасалынады, оған сақтауға өткізуші адам қол қояды және нотариус қолын қойып мөрін басады.

Дәлелдемелерді қамтамасыз ету мақсатында нотариус кеме капитанының кеме жүзіп жүрген немесе аймақта тұрған кезінде болған оқиғалар жайындағы арызын қабылдап алады, ол кеме иегеріне мүліктік талап-арыз қойылған жағдайда керек болады. **Теңіз наразылығы** туралы арызда болған мән-жай баяндалады және капитанның өзіне сеніп тапсырылған мүлікті сақтап қалу үшін қабылдаған шаралары көрсетіледі.

Мүдделі адамдардың өтініші бойынша нотариус іс сотта немесе басқадай әкімшілік органда қаралғанға дейін **дәлелдемелерді қамтамасыз** ету шараларын қолданады. Соттың немесе басқа құзырлы органның жүргізуіне өткен істер бойынша дәлелдемелер қамтамасыз етілмейді.

Дәлелдемелерді қамтамасыз ету мәселесін нотариус әр нақты мән-жайға қарай шешеді. Егер ол дәлелдемелерді қамтамасыз ету жөніндегі арыз негізсіз деп санаса, онда ол мұндай нотариалдық әрекеттен бас тартады, ол жайында қаулы қабылдайды. Дәлелдемелерді қамтамасыз етерде нотариус азаматтарға сұрау салады, құжаттарды, заттарды қарайды, қажет болса сараптама тағайындайды. Жазбаша және заттай дәлелдемелер оларды қарап шығу арқылы қамтамасыз етіледі.

Нотариалдық әрекеттерді жасағанда, егер олар Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына қайшы келмейтін болса, **басқа мемлекеттердің құқық нормалары** қолданылады. Нотариус Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының талаптарына сәйкес даярланған құжаттарды қабылдайды, басқа мемлекеттердің заңдарында белгіленген куәлендіру жазуларын жасайды.

Шет ел азаматы өлгеннен кейін Қазақстан аумағында қалған мүлікті немесе ҚР азаматы өлгеннен кейін шет ел азаматына тиесілі мүлікті қорғаумен байланысты әрекеттер, сондай-ақ мұраға сенімді басқарушы тағайындау және мұндай мұраға құқық туралы куәлік беру ҚР заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

Басқа мемлекеттердің құзыретті органдарының лауазымды адамдарының қатысуымен шет елде даярланған немесе олардан шыққан құжаттарды нотариус бұларды Сыртқы істер министрлігінің органы заңдастырған жағдайда қабылдайды.

## 13 ТАРАУ

### Қазақстан Республикасының адвокатурасы

#### **13.1. Адвокатураның қалыптасуы және дамуы. Оның қызметі және ұйымдастырылу принципі**

Білікті заң көмегіне құқық әрбір адамның құқықтық мәртебесінің ажырамас элементі, оған ұлттық қана емес, халықаралық құқық та кепілдік береді. Сондықтан да елде адамның құқығы мен бостандығын қорғаудың сенімді әрі тиімді тетігі болуға тиіс. Адам құқығының қорғалуын қоғамда мемлекеттік органдар ғана емес, қоғамдық бірлестіктер де қамтамасыз етеді. Азамат құқығын заңдық тәсілдермен жан-жақты қорғау үшін құрылған арнайы қоғамдық ұйым — адвокатура. әрбір қоғам мүшесінің өзін еркін сезінуі және елдегі әділ қазылықтың жайы адвокат мәртебесінің қаншалықты жоғары екендігіне және заңмен қорғалатындығына байланысты. Жиырмамыншы ғасырдың басында-ақ әйгілі заңгер И.Я.Фойницкий: «Сот төрелігін ойдағыдай жүргізу адвокатсыз мүмкін емес» деген.

Адамның негізгі құқықтары Адам құқықтарының Жалпыға бірдей Декларациясында көрсетілген, бұл халықаралық қоғамдастық қабылдаған, азамат құқығын қорғауға бағытталған аса маңызды құжаттардың бірі. Ол адамның әмбебап құқықтары мен бостандығына қатысты көптеген конвенциялардың, пактілердің, хаттамалардың және өзге құжаттардың бастау көзі болды.

Егер халықаралық құжаттарға жүгінетін болсақ, 1966 жылдың 16-желтоқсанында қабылданған Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық Пактінің 2-бабына сәйкес оған қатысушы әрбір мемлекет:

— осы Пактіде танылған құқығы мен бостандығы бұзылған кез келген адамның, тіптен ол бұзушылықты ресми әрекет еткен адамдар бұзса да, құқығының тиімді тәсілдермен қорғалуын қамтамасыз етуге;

— кез келген адам үшін құқықтық қорғауға құқықты құзыретті сот, әкімшілік немесе заң шығару органдарының немесе

мемлекеттің құқықтық жүйесінде көзделген кез келген басқа құзыретті органның белгілеуін қамтамасыз етуге және сотта қорғаудың мүмкіндігін дамытуға;

— егер мүмкіндік болса, құзыретті биліктердің құқықтық қорғау құралдарын қолдануын қамтамасыз етуге міндетті.

Қазақстан Республикасы Адам құқықтарының Жалпыға бірдей Декларациясындағы барлық адамдар дүниеге келгенде еркіндікте болады және олар өз қадір-қасиеті, табиғи құқықтары жағынан тең деген қағиданы мойындайтындықтан және 2005 жылдың 28-қарашасындағы № 91 заңмен Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық Пакті бекітілгендіктен адам құқығын құрметтеу, сақтау және қорғау мемлекеттің міндеті болып табылады.

Азаматтардың білікті заңдық көмек алуға конституциялық құқығын іске асыру әділ қазылыққа қол жеткізудің шарты мен кепілдігі болып табылады. Соған байланысты, жоғары конституциялық құндылықтарды қорғау үшін республикада адвокатура институтының қызметін қамтамасыз ететін Заңдар базасы құрылды. Адвокатура адамның құқықтары мен бостандығын қастерлейтін, заңды тұлғалардың да заңды мүдделерін қамтамасыз ететін кез келген демократиялық құқықтық мемлекеттегі құқықтық жүйенің құрамдас бөлігі болып табылады. Соған байланысты Конституцияның 16-бабының 3-бөлігінде әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығы бар делінген. Сонымен қатар, заңда көзделген жағдайларда, заң көмегі тегін көрсетіледі. Конституцияның 16-бабының 3-бөлігінде ұсталған, тұтқындалған, қылмыс жасады деп айып тағылған әрбір адам сол ұсталған, тұтқындалған немесе айып тағылған кезден бастап адвокаттың (қорғаушының) көмегін пайдалануға құқылы делінген.

Адвокатураның болуының қажетті халықтың басым көпшілігінің құқықтық сауаттылығының төмендігінен, олардың өз құқықтарын қорғай алмайтындығынан туындап отыр. Құқықтың әртүрлі салаларын жете білетін адвокат қана оларға білікті заң көмегін көрсете алады.

**Адвокат** — (латынша *advoco* — шақырамын) жеке және заңды тұлғаларға консультация беру, сотта және басқа органдарда олардың мүддесін білдіру арқылы кәсіби құқықтық көмек

көрсететін заңгер. Адвокатура сөзінде қос мағына бар. Біріншіден, ол — заңгерлердің белгілі бір тобының қызмет аясы, екіншіден — оны ұйымдастыру жүйесі, қазіргі кезде ол адвокаттар алқасы, заң консультациялары және адвокаттар кеңселері түрінде мәлім.

Адвокатура тарихи ғасырлар тереңінен бастау алады. Құқық қорғаудың мұндай формасы алғашқыда өзін-өзі қорғау түрінде пайда болды. Ол функцияны адам туыстарымен бөлісті, кейін келе оған сыйақы алып бөгде адамдар да кірісті. Адам құқығын қорғаудың құқықтық мазмұны күрделенген сайын ол функцияны жүзеге асыру кәсіби негізге көшті. Бұрын адвокаттарды сенімділер деп атады. Әр тарихи кезеңде олардың қызмет аясы әртүрлі болды. Классикалық орыс адвокатураның тарихы 1864 жылғы сот реформасынан кейін басталды, ол реформа бойынша процеске бәсекелестік енгізілді, тараптар құқығы теңдестірілді, сот билігі әкімшілік биліктен бөлінді, прокуратураның ұйымдық-құқықтық және функционалдық мәртебесі өзгерді, анықтау және тергеу тәртібі өзгерді.

1864 жылғы Сот Жарлығының негізінде адвокатура ант етуші сенімділер және жеке сенімдер делініп екі формаға ие болды. Ант етуші сенімді дегеніміз округтік соттың немесе сот палатасының жанындағы мемлекеттік қызметтегі адвокат (1864-1917 жылдары). Жеке сенімді — азаматтық және қылмыстық істер бойынша жеке адвокат. Ант етушілерге қарағанда жеке сенімділер өздеріне куәлік — осы қызметке рұқсат алған соттарға ғана қатыса алатын болды. Жоғары заң білімі бар, практикалық тәжірибесі мол, 25 жасқа толған, сотты болмаған адам ғана ант етуші сенімді бола алатын. Сонымен қатар адвокаттар қаржы жағынан тәуелсіз, әрекет қабілетті және толық құқылы, атақ-беделі былғанбаған адам болуға тиіс еді.

Ант етуші сенімдінің процеске қатысуы міндетті деп саналмады: әрбір адам өз ісін барлық сот мекемелерінде өзі жүргізе алды. Жоғары білімі бар, оған соттың көзін жеткізген адам ғана жеке сенімді бола алды. Әлемдік және уездік съездер, сондай-ақ сот палаталары жеке сенімділерге іс жүргізуге құқық беретін куәліктер берді. Ал, көше немесе жасырын адвокатураны деп аталатын адвокатура жалпы адвокатура институтының беделіне үлкен нұқсан келтірді. Оның адвокаттарының бірі қылмыстық

істерді, бірі азаматтық істерді өздерінің арнайы практикасымен жүргізіп, көптеген былық жасады.

Қазан революциясынан кейін соған дейінгі адвокатура таратылды, 1917 жылдың 22-қарашасындағы № 1 Сот туралы декретте атына кір келмеген, азаматтық құқықпен пайдаланушы барлық азаматтарды қылмыстық істер бойынша қорғаушы ретінде жіберу жағы көзделді. 1918 жылғы 7-наурыздағы № 2 Сот туралы декретпен қорғаушылар ұйымы қайта жанданды, ол «құқықты қолдаушылар алқасы» деп аталды. Қорғау-құқық қолдаушы іске алдын ала тергеу кезеңінде жіберілді.

Қазақстанда адвокатура ұйымдастыру ісінде едәуір қиыншылықтар болды. Қырғыз (Қазақ) АССР-ы Кеңестерінің 1920 жылдың 6-қазанындағы бірінші құрылтай съезінің «Кеңестік әділетті ұйымдастыру туралы» резолюциясында әділет органдарына жергілікті жерлерде халыққа консультация және сотта қорғау түрінде тегін заң көмегін көрсетуді міндеттеді.

1936 жылғы Конституция қабылданғаннан кейін, 1939 жылдың 16-тамызында Адвокатура туралы Ереже бекітілді, оған сәйкес адвокаттар алқасы өлке, облыс, автономиялық және одақтық республика аумағында құрылды. Содан бастап адвокатура Әділет Халық комиссариатының оның директиваларын қатаң орындайтын мекемелерінің біріне айналды.

Соғыстан кейінгі кезеңде адвокатура жұмысының ұйымдық формасы біздің республикада өзгеріссіз қалды: жалпы басшылық Халық комиссариатының қолында қалды, тікелей басшылықты сайланбалы орган — алқалар төралқасы қолына алды.

1958 жылғы 25-желтоқсандағы Сот ісін жүргізу Заңдарының Негізінде «сотта қорғауды жүзеге асыру және де азаматтарға, кәсіпорындарға, мекемелерге және ұйымдарға өзге заң көмегін көрсету мақсатында адвокаттар алқасы әрекет етеді. Адвокаттар алқасы адвокаттық қызметпен айналысатын адамдардың ерікті бірлестігі, ол одақтас республикалардың Жоғарғы Кеңестері бекіткен Ережелер негізінде жұмыс істейді» деп көрсетілген. Осыған сәйкес, әр одақтас республика өздерінің Адвокат туралы Ережелерін қабылдады. Қазақстанда ол 1960 жылдың 5-маусымында бекітілді.

1977 жылы адвокатураның құқықтық жағдайы КСРО Конституциясында бекімін тапты. 1979 жылдың 30-қарашасында КСРО-да Адвокатура туралы Заң қабылданды. Ол адвокатураны ұйымдастыруға және оның қызметіне байланысты мәселелерді жалпыодақтық масштабта реттеді. Осы заң негізінде әр одақтас республикада «Адвокатура туралы Ереже» қабылданды. Адвокаттың қылмыстық сот ісін жүргізудің бастапқы кезеңінде қатысуға құқығы Одақтың және одақтас республикалардың сот құрылысы туралы заңдарының негізінде бекімін тапты (13.11.1989 ж.), нәтижесінде адвокаттар корпусы сан жағынан да, сапа жағынан да өзгерді.

Қазіргі кезде Республика Конституциясы, 1997 жылғы 5-желтоқсанындағы «Адвокаттық қызмет туралы» заң және адвокат қызметін реттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілер адвокатура қызметінің құқықтық негізі болып табылады. Жеке және заңды тұлғалардың істері бойынша қорғауды немесе өкілдікті жүзеге асыру кезіндегі адвокаттың құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген.

Сонымен, бүгінгі күндері адвокатура азаматтық қоғамның толық аяғына тұрған институты, өзінің даму тарихы, бай дәстүрі бар, азаматтардың құқықтары мен бостандығын қорғауға, сот билігін жүргізуге лайықты үлесін қосып келеді. Ол азаматтар мен ұйымдарға білікті заң көмегін көрсететін кәсіби, тәуелсіз, өзін-өзі басқаратын ұйым.

Заңға сәйкес адвокатура адвокаттардың қылмыстық істер бойынша қорғауды, қылмыстық, азаматтық, әкімшілік және т.б. істер бойынша өкілдікті, басқа да заң көмегін жүзеге асыру жөніндегі қызметін ұйымдастырады.

Адвокатураны ұйымдастыру және оның қызметі мына принциптерге негізделген:

- 1) өз қызметін жүзеге асыруда адвокаттардың тәуелсіздігі;
- 2) адвокаттық қызметті заңда тыйым салынбаған әдістерімен және тәсілдермен жүзеге асыру ;
- 3) Заң актілерінде тікелей көзделгеннен басқа жағдайларда адвокаттар қызметіне прокуратура, сот, анықтау және алдын ала тергеу органдары, басқа да мемлекеттік органдар және лауазымды адамдар тарапынан араласуға жол бермеушілік;

4) кәсіби іс-қимыл нормаларын сақтау және адвокаттық құпияны сақтау.

Адвокатураның **тәуелсіздігі** оның мемлекеттік билік және жергілікті өзін-өзі басқару жүйесіне кірмейтіндігімен қамтамасыз етіледі. Адвокат өз бетімен шешім қабылдайды және өзінің кәсіби өкілеттігінің шеңберіне кіретін әрекеттерді жүзеге асырады. Адвокаттың тәуелсіздігі оның мүлде бақылаудан тыс қалғандығын, ешкімнің араласуы болмайтындығын білдірмейді. Сот та, қылмыстық қудалау органдары да, басқадай лауазымды адамдар да адвокатқа оның сот процесіндегі әрекетіне қатысты нұсқау беруге, оның позициясына ықпал етуге құқылы емес.

Заңгерлердің Халықаралық қауымдастығының заң кәсібінің тәуелсіздігі стандарттарында (07.09.1990 жылы Нью-Йоркте қабылданған) былай делінген: «Адвокаттардың іс жүргізгендегі тәуелсіздігі еркін, әділ және жасырын заң көмегін көрсетумен қамтамасыз етіледі. Адвокаттарға клиенттермен қатынастың жасырындығын, адвокаттық іс жүргізудің жай және электрондық жүйесін және адвокат құжаттарын алудан және тексеруден қорғауға және электрондық байланыс құралдары мен ақпараттық жүйеге басқалардың араласуынан қорғауға мүмкіндік беріледі».

**Заңдылық принципі** адвокаттардың адвокаттық қызмет туралы заңдарды сақтауынан көрнініс табады. Заңдылық принципі жалпы құқықтық, әмбебап принцип. Басқа принциптер заңдылықты іске асырудың шарты болып табылады. Олардың әрқайсысы өздігінше заңдылық принципінің тікелей көрінісіне жатады.

Заңның 15-бабына сәйкес, адвокат Заң талаптарын сақтауға, адвокатураны ұйымдастыру және оның қызметі принциптерін басшылыққа алуға, кәсіби іс-қимыл нормаларын және адвокаттық құпияны сақтауға **міндетті**.

Адвокат өзі заң көмегін көрсетіп жүрген немесе бұрын көрсеткен адаммен мүдделері қайшы адамға заң көмегін көрсетуден бас тартуы тиіс, және де іске судья, прокурор, анықтаушы, тергеуші, сарапшы, маман, аудармашы, куә, жәбірленуші немесе айғақ, азаматтық талапкер немесе азаматтық жауапкер ретінде қатысса, сондай-ақ істі қарауға немесе тергеуге өзіне жақын туыстың қатынастағы лауазымды адам қатысса да заң көмегін көрсетуден бас тартады.

Адвокатқа өзінен заң көмегін сұраған адамның жағдайын нашарлататын құқықтық позиция ұстануға тыйым салынған. Адвокат қылмыстық іс бойынша өзі қабылдап алған тапсырмадан бас тартуға тиіс емес, ал қорғауындағы адамның немесе өзінің пікірі бойынша әділ қаулы шығарылмаса, үкімге шағым жасауға құқылы.

Және де ол заң көмегін көрсетудің заңсыз әдістерін, алдауды пайдалануға, көмек сұраған адамның мүддесіне қайшы қандайда бір әрекет жасауға тиіс емес. Адвокат заң көмегін көрсетумен байланысты өзіне белгілі болған мәліметтерді құпияда ұстауға міндетті, оларды көмек сұраған адамның рұқсатынсыз жариялауға тиіс емес. Адвокатқа жүгіну фактісі, көмексұраған адаммен арадағы ауызша және жазбаша келіссөздердің мазмұны туралы, жасалған әрекеттердің сипаты мен нәтижелері туралы мәліметтер, заң көмегін көрсетумен байланысты басқа да ақпарат адвокаттық құпияға жатады.

Адвокаттардың тәуелсіздігін қамтамасыз ету мақсатында заңда адвокаттық қызметтің белгілі бір кепілдіктері бекімін тапқан. Мысалы:

— мемлекеттік органдардың, саяси партиялардың, қоғамдық бірлестіктердің, басқа да ұйымдардың лауазымды адамдары адвокаттық қызметтің жүзеге асырылуына тікелей немесе жанама кедергі келтіре алмайды;

— өзінің кәсіби міндетін жүзеге асыруымен байланысты өзіне белгілі болған мән-жайлар жайында адвокаттан куә ретінде жауап алуға тыйым салынған;

— адвокаттардан, адвокаттар алқасы төралақсының басшыларынан, қызметкерлерінен, заң консультацияларынан, адвокаттық кеңселерден, заңда белгіленгендерден басқа жағдайларда, белгілі бір адамдарға заң көмегін көрсетумен байланысты қандай да бір мәліметтерді талап етуге болмайды;

— адвокаттың іс жүргізу қағаздарын, онымен байланысты материалдар мен құжаттарды, заңда тікелей көрсетілгендерден басқа жағдайларда, қарауға, алуға, алып қоюға және тексеруге болмайды;

— қорғауындағы адаммен жолықтырудан, жолығысудың жасырын өтуін қамтамасыз етуден адвокатқа бас тартуға, жолығысудың саны мен ұзақтығын шектеуге болмайды.

Анықтау, алдын ала тергеу органдары мен соттар тез арада, адвокат іске қатысуға жіберілген кезден бастап, оған, қорғауындағы адам қамауда отыратын барлық кезде оның іске қатысатындығы туралы жазбаша растама береді. Сонымен қатар олар, адвокаттың, онымен келісілген мерзімде тергеу және басқа іс жүргізу проестеріне қатысуы керектігі жайында оған хабар береді.

Мемлекеттік қызметкерлер мен мемлекеттік емес ұйымдардың басшылары адвокаттың нақты іс бойынша заң көмегін көрсетумен байланысты өтінішіне он күн ішінде жазбаша жауап қайтаруға тиіс.

Адвокат қызметіне заңсыз араласқан не ондай қызметті жүзеге асыруға кедергі болған адамдар заңға сәйкес жауапқа тартылды.

### **13.2. Адвокат және оның құқықтық мәртебесі. Адвокатураның ұйымдық құрылымы**

1997 жылғы 5-желтоқсандағы «Адвокаттық қызмет туралы» Заңның 8-бабына сәйкес адвокат — жоғары заң білімі бар, адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия алған, адвокаттар алқасына мүше және адвокаттық қызмет негізінде кәсіби заң көмегін көрсететін Қазақстан Республикасының азаматы.

Сот тәртібінде әрекетке қабілетсіз не әрекет қабілеттігі шектеулі деп танылған не жойылмаған немесе алынбаған соттылығы бар адам адвокат бола алмайды.

Соттылығы заңда белгіленген тәртіпте жойылған немесе алынған; қасақана қылмыс жасап, қылмыстық жауапкершіліктен ақтамайтын негізде босанған; мемлекеттік, әскери қызметпен, прокуратура органдарынан, басқа құқық қорғау органдарынан, соттан, әділет органдарынан босаған немесе теріс қылықтары үшін адвокаттар алқасынан шығарылған; адвокаттық қызметпен айналысу лицензиясынан айырылған; лицензия күші «Адвокаттық қызмет туралы» Заңның 12-бабының 3-тармағында, 5-тармағының 3), 4) және 5-тармақшаларында көзделген негіздер бойынша тоқтаған адам, ондай оқиғадан кейін үш жыл бойы адвокат бола алмайды.

Адвокаттарда **көмекшілер** мен **стажерлар** болуы мүмкін. Адвокат көмекшілері еңбек шарты (контракт) негізінде заң консуль-



тациясында, адвокаттық кеңседе немесе адвокаттық қызметпен жеке айналысатын адвокат та істей алады. Олар адвокаттың нұсқауымен және жауапкершілігімен адвокаттың тапсырмаларын орындайды. Жоғары заң білімі бар Қазақстан азаматы ғана адвокат стажеры бола алады. Стажировканың тәртібін, мерзімін және шартын адвокаттар алқасы анықтайды.

Адвокаттық қызметпен айналысуға **лицензия** керек, оны Әділет министрлігі аттестациялық комиссияның шешімі негізінде береді.

Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдардың аттестация өту ережесін Үкімет бекітеді. Әділет министрлігі адвокаттық қызметпен айналысу құқығына лицензиялардың Мемлекеттік реестрін жүргізеді, оны республика аумағына тарайтын мерзімді баспасөзде жариялайды.

Тұрақты судьялар және тұрақты судья болып істеген адамдар, егер міндетін атқарып жүріп заң бұзғандықтан, теріс қылық жасағандықтан қызметінен босатылған болмаса, аттестация өтпей-ақ адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия алады. Прокуратура, тергеу және анықтау органдарында кемінде он жыл істеген прокурорлар, тергеушілер және анықтаушылар, егер теріс қылық жасап жұмыстан босатылған болмаса, адвокаттар алқаларында стажировка өткеннен кейін емтихандар тапсырудан босатылады.

Адвокаттық қызметпен айналысуға **лицензияның әрекетін тоқтата тұрудың** тәртібі мен шарты Қазақстан Республикасының Лицензиялау туралы заңында белгіленген. Бұл заңда қарастырылған жалпы негіздермен қатар лицензия әрекеті мына кезеңдерге тоқтатыла тұрады:

- 1) адам мемлекеттік қызметте жүргенде;
- 2) Республика Парламентінің депутаты, мәслихат депутаты өкілеттіктерін орындап, адам мемлекет бюджетінің қаражатынан төленетін тұрақты немесе босатылған қызметін атқарып жүрген кезде;
- 3) мерзімді әскери қызмет атқарып жүргенде;
- 4) адамды «Адвокаттық қызмет туралы» заңның 31-бабының 1-тармағының 4, 7 тармақшаларында көзделген негіздер бойынша адвокаттар алқасының мүшелігінен шығарғанда.

Бұл көрсетілген жағдайларда лицензияның әрекеті Әділет министрінің бұйрығымен тоқтатыла тұрады. Лицензиясының әрекеті тоқтатылған адамға, соттарға, құқық қорғау органдары мен адвокаттар алқасына қабылданған шешім жайында хабарланады.

Адвокаттық қызметпен айналысу **лицензиясынан айыру** Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске сәйкес жүзеге асырылады.

Адвокаттық қызметпен айналысуға лицензияның әрекетін тоқтату туралы талап-арызды даярлауға, бұл жағдайда, адвокаттар алқасы төралқасының өтініші негіз болады. Лицензия әрекетінің тоқтағандығы жайында сотқа, құқық қорғау органдары мен адвокаттар алқасына хабарланады.

Адвокаттың нақты істі жүргізуге өкілеттігі **ордермен** куәлендіріледі. Өз қызметін тиісті халықаралық шарттар негізінде жүзеге асырушы шетелдік адвокаттың өкілетті оның жеке басын, адвокат мәртебесін және оның заң көмегін көрсетуге өкілеттігін куәлендіретін құжаттармен расталынады.

Адвокат адвокаттық қызметпен республиканың барлық аумағында, және де, егер қабылдап алған тапсырманы орындау үшін керек болса және тиісті мемлекеттің заңдарына және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына қайшы келмесе, аумақтан тыс жерлерде де айналыса алады. Адвокат өзіне берілген куәлікті көрсетіп сот, прокуратура және қылмыстық процесс жүргізуші орган орналасқан ғимаратқа еркін кіре алады. Адвокаттың ұсталған, тұтқындалған және жазасын өтеп жатқан адам отырған жерге кіруі белгіленген өткізу режиміне сәйкес жүзеге асырылады.

Адвокаттан, оның көмекшілері мен стажерлардан, адвокаттар алқасы төралқасының басшыларынан және қызметкерлерінен, заң консультацияларынан, адвокаттық кеңселерден, заңда белгіленгендерден басқа жағдайларда белгілі бір адамға заң көмегін көрсетумен байланысты қандай да бір мәліметтерді беруін талап етуге тыйым салынған.

Адвокаттың іс жүргізу қағаздарын, олармен байланысты материалдар мен құжаттарды, сондай-ақ адвокаттың мүліктерін, оның ішінде мобильдік байланыс құралдарын, аудиоаппарату-

расын, компьютерлік техникасын, заңда көзделгендерден басқа жағдайларда қарауға, тексеруге, алуға, алып қоюға тыйым салынған.

«Адвокаттық қызмет туралы» Заңның, басқа құқықтық нормативтік актілердің, Алқа Жарғысының талаптарын бұзғандық үшін адвокаттар алқасының мүшелері тәртіптік жауапкершілікке тартылуы мүмкін. Тәртіптік жазалау шаралары, оларды қолданудың, алудың және шағымданудың тәртібі адвокаттар алқасының Жарғысында анықталған.

Адвокаттар алқасының төралқасы, егер адвокат:

1) адвокаттық қызметпен айналысуға құқық беретін лицензиядан айырылса немесе оның әрекеті тоқтаса;

2) өз міндетін орындау кезінде заң талаптарын бірнеше рет бұзса;

3) біліктілігінің төмендігінен оның өз кәсіби міндетін орындай алмайтындығы айқындалса;

4) мүшелік жарнаны ұдайы төлемесе;

5) кәсіпкерлік қызметпен айналысса және басқа ақылы қызмет атқарса;

6) өзінің қалауы болса;

7) алқа Жарғысында көзделген басқа жағдайларда оны **алқадан шығарады**.

Адвокат көрстететін заң көмегін **төлеудің** және қорғаумен және өкілдікпен байланысты шығындарды өтеудің мөлшері адвокат пен көмек сұраған адам арасындағы жазбаша келісімде көрсетіледі. Адвокат істің күрделілігіне, көлеміне және клиенттің мүмкіндігіне қарай өз еңбегі үшін сыйақыны (гонорарды) өзі белгілейді.

Қазақстан өзін әлеуметтік мемлекет деп жариялап, халықтың нашар тұрмысты бөлігінің құқықтарын кәсіби және білікті қорғауды қамтамасыз ету міндетін өз мойнына алды, тегін заң көмегін көрсету жолын қарастырды.

Адвокаттар, алқа белгілеген тәртіпте, сенім білдірушілердің өтініші бойынша мына адамдарға заң көмегін **тегін** көрсетеді:

1) алимент өндіру туралы, жұмыспен байланысты асыраушының өлімінен, жарақаттан немесе денсаулықтың басқадай бұзылуынан келген зиянды өтеу туралы істер жүргізгенде бірінші инстанция сотында талапкерлерге;

2) егер кәсіпкерлік қызмет мәселелерімен байланысты болмаса, консультация бергенде Ұлы Отан соғысына қатысқандарға, оларға теңестірілген адамдарға, I және II топтағы мүгедектерге, жасы бойынша зейнеткерлерге;

3) зейнетақы және жәрдемақы тағайындау туралы арыз жазушы азаматтарға;

4) ақтау мәселесі бойынша консультация бергенде азаматтарға.

Сонымен қатар адвокаттар алқасының төралқасы, заң консультациясының меңгерушісі, адвокаттық кеңсенің иесі және өз қызметін тіркеусіз жеке дара жүзеге асырып жүрген адвокат азаматтардың материалдық жағдайын ескеріп, оларды заң көмегі үшін төлеуден босатуы мүмкін.

Қазіргі кезде адвокаттық қызметпен айналысып жүрген адамдардың ұйымдық бірлестігінің негізі — **адвокаттар алқасы**. Ол коммерциялық емес, тәуелсіз, кәсіби, өзін-өзі басқаратын және өзін-өзі қаржыландыратын ұйым, адвокаттар алқасы жеке және заңды тұлғаларға білікті заң көмегін көрсету үшін, адвокаттардың құқықтары мен заңды мүдделерін білдіру және қорғау, «Адвокаттық қызмет туралы» заңда белгіленген өзге функцияларды орындау үшін құрылған. Облыстық, республикалық дәрежедегі қаланың, астананың аумағында бір адвокаттар алқасының болуы мүмкін. Адвокат тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністің аумағындағы адвокаттар алқасының мүшесі болуға тиіс. Адвокаттар алқасы заң консультацияларын құрады. Адвокат өз қызметін заң консультациясы арқылы жүзеге асыруға не өзі немесе басқа адвокаттармен бірлесіп, адвокаттық кеңсе құруға құқылы.

Адвокаттар алқасы жарғыны басшылыққа алады. Алқа мүшелерінің жалпы жиналысы (конференция) адвокаттар алқасының жоғарғы органы болып табылады; оның атқару органы — төралқа; бақылау органы — ревизиялық комиссия.

**Жалпы жиналыс** (конференция) адвокаттар алқасы қызметінің кез келген мәселесін шешуге құқылы.

Адвокаттар алқасының төралқасы мен төралқа төрағасы жасырын дауыспен төрт жыл мерзімге сайланады. Өзі сайланғанға дейін адвокаттар алқасында кемінде екі жыл мүшелікте тұрған адвокат төралқа төрағасы бола алады.

Адвокаттар алқасының Төралқа Төрағасы алқа Жарғысына сәйкес: төралқа жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарында төрағалық етеді; төралқаның, алқа мүшелерінің жалпы жиналысының (конференцияның) шешімдерінің орындалуына бақылау жүргізеді; төралқа аппаратының жұмысына басшылық етеді; алқа аппаратының қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады; мемлекеттік органдарда, қоғамдық бірлестіктерде, басқа ұйымдар мен мекемелерде адвокаттар алқасының мүддесін білдіреді, олармен және азаматтармен хат алмасады.

Адвокаттар алқасының ревизиялық комиссиясы оның бақылау-ревизиялық органы болып табылады. Ревизиялық комиссия адвокаттар алқасының, заң консультацияларының, адвокаттық кеңселердің қаржы-шаруашылық қызметіне, сондай-ақ жеке практика жүргізуші адвокаттардың қаржы қызметіне ревизия жасайды.

Адвокаттар алқасына мүше болу міндетті. Адвокат лицензиясы болса және алқа Жарғысын мойындаса, алқаға қабылдауда кедергі болмайды. Қабылдаудан бас тартқан жағдайда сотқа шағымдануға болады.

Заң көмегін көрсету жұмысын ұйымдастыру үшін адвокаттар алқасының төралқасы Заң консультацияларын құрады, олар алқаның құрылымдық бөлімшелері (филиалдары) ретінде болады. Заң консультацияларының орналасатын орындарын төралқа анықтайды. Заң консультациясында мөр, бұрыштама мөртабан, заң көмегін ұйымдастыру үшін қажетті өзге атрибуттар болады, жалпы жиналыс қабылдаған Ереже бойынша жұмыс істейді. Төралқа тағайындаған меңгеруші заң консультациясына басшылық етеді.

**Адвокаттық кеңсе** мекеме формасындағы коммерциялық емес ұйым, адвокаттардың заң көмегін көрсетуінің материалдық, ұйымдық-құқықтық жән өзге жағдайларын қамтамасыз ету мақсатында құрылады. Адвокаттық кеңсені адвокаттар алқасының мүшесі (мүшелері) құрады. Бір адвокат құрған кеңсе өз қызметін Жарғы негізінде жүзеге асырады. Кеңсені бірнеше адвокат құрған жағдайда Құрылтай шарты да құрушы құжат болуы мүмкін. Адвокаттық кеңсені құруға арнайы рұқсат қажет емес.

Адвокат өз қызметін заң консультациясы арқылы жүзеге асыруға не өзі немесе басқа адвокаттармен бірлесіп, адвокаттық кеңсе құруға, сондай-ақ заңды тұлға тіркемей өзі жүзеге асыруға құқылы.

Кәсіби қызметті заңды тұлға тіркемей, өзі жеке жүзеге асырушы адвокатта азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауға жарамды, адвокаттық іс қағаздарын және адвокаттық кұпияны сақтауға толық болатындай үй-жай болуы тиіс.

Халыққа заң көмегін көрсетуді ұйымдастыру билік органдары үшін маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Өкінішке орай, қазір адвокатпен қамтамасыз ету, әсіресе шалғай аймақтарда, үлкен проблема тудырып отыр, шұғыл тергеу әрекеттерін жүргізгенде (ұстап қамағанда, айып таққанда және т.б.) тергеу органдары аса қиындық көріп отыр. Қолы қысқа азаматтарға, сондай-ақ ауылды жерлерде тұратын азаматтарға білікті заң көмегін көрсету саласында адвокаттардың құқық қорғау функцияларының жеткіліксіз іске асырылғандығы жайында Конституциялық Кеңестің «Қазақстан Республикасындағы конституциялық заңдылықтың жайы туралы» Жолдауында айтылған.

Мысалы, Конституциялық кеңестің 2000 жылғы Жолдауында «Негізгі заңның әркімнің білікті заң көмегін алуына кепілдік беретін нормаларын нақты мазмұнмен толтыру үшін толықтай шара қабылданбаған». Проблема шешімі заң көмегін көрсетудің модульдерін оңтайландыруда жатыр, қылмыстық сот ісін жүргізгенде тек күдіктіге «айыпталушыға ғана емес, қылмыстан жәбір шеккенге де тегін заң көмегін көрсету керек» делінген.

Жалпы, адвокат кәсібіне қол жеткізу проблемасының бүгінгі күндері өзекті екендігін Әділет министрлігі мойындайды. Қазіргі кезде адвокаттық қызметті жүзеге асыруға 9179 азаматта лицензия бар. Олардың ішінде адвокат болып жүргендері 3791 адам (41%)<sup>1</sup>.

Адвокат мәртебесін алу үшін лицензияның болуымен қатар адам адвокаттар алқасының мүшесі болуға тиіс. Адвокаттар алқасына кіру үшін алғашқы мүшелік жарнаны төлеуі керек. Оның мөлшері әр аймақта әртүрлі — 116 мыңнан 518 мың теңге

<sup>1</sup> Тусупбеков Р. Т. На защите конституционных прав / Казахстанская правда, 2009. 20 қазан.

аралығында. Оған қоса адвокаттардың аумақтық алқасында міндетті стажировканы өту үшін 60 мыңнан 194 мыңға дейін теңге төлеу керек. Сонымен, кәсіби қызметі басталғанға дейін үміткер адвокат мәртебесін алуға 700 мың теңгеге дейін төлеуге тиіс. Жаңа Әділет министрі адвокаттар алқасына алғашқы мүшелік жарна алуға, мемлекеттік лицензиясы бар адамдарды алқа мүшелігіне қабылдаудан бас тартуға тыйым салуды керек деп ойлайды. Стажировка үшін төлеуді де ақылға қонымды ету керек деп санайды (айына үштен онға дейін АЕК).

Қазақстан Республикасының 2010—2020 жылдарға арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасында құқық қорғау институттарының жүйесінде адвокатура жетекші рөл атқарады, ол азаматтарға заң көмегін көрсетудің арқауы делінген. Азаматтардың білікті Заң көмегін алуға конституциялық құқықтарын іске асыруды сот әділдігіне қол жеткізудің шарты және кепілдігі. Бұл құқықты іске асырудың тетіктері жетілдіруді қажет етеді. Заң көмегін көрсету жүйесінің өзін де жетілдіру керек. Бәрінен бұрын, табысы төмен адамдарға заң көмегін көрсетуді жақсарту қажет.

Адвокаттық қызмет көрсетудің ауылдық және қалалық жерлерде бірдей еместігін біртіндеп түзеу керек. Тегін заң көмегін көрсететін адвокаттардың да еңбек ақысын жөнге келтіру қажет.

### **13.3. Адвокаттар көрсететін заң көмегінің түрлері**

Адвокаттар мынадай заң көмегін көрсетеді:

- 1) құқық мәселелері бойынша ауызша да, жазба формада да консультация және анықтама береді;
- 2) арыздар, өтініштер, шағымдар және құқықтық сипаттағы басқа да құжаттар даярлайды;
- 3) сенім білдірушінің өкілі ретінде азаматтық сот ісін жүргізуге қатысады;
- 4) қорғаушы немесе сенім білдірушінің өкілі ретінде қылмыстық және әкімшілік сот ісін жүргізуге қатысады;
- 5) сенім білдірушінің өкілі ретінде істердің аралық соттағы, халықаралық коммерциялық арбитраждағы (соттағы) және даулар шешетін өзге органдардағы талқысына қатысады;
- 6) мемлекеттік органдарда, қоғамдық бірлестіктерді және өзге ұйымдарда сенім білдірушінің мүдделерін қорғайды;

7) егер шет мемлекеттердің заңдарында халықаралық сот органдарының жарғылық құжаттарында енемесе Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында басқадай белгіленбеген болса, шет мемлекеттердің мемлекеттік органдарында, соттарында және құқық қорғау органдарында, халықаралық сот органдарында шет мемлекеттердің мемлекеттік емес органдарында сенім білдірушінің мүдделерін қорғайды;

8) сенім білдірушінің өкілі ретінде орындаушылық іс жүргізуде, сондай-ақ қылмыстық жазаның орындалуына қатысады.

Адвокаттар заңда тыйым салынбаған өзге де заң көмегін көрсетеді.

Адвокат заң көмегін тегін көрсету үшін тағайындалған және адвокаттың қатысуы міндетті қылмыстық істерді қорғалушы өзіне адвокат таңдай алмаған жағдайларда басқа реттерде, көмекті қажет ететін адам адвокатты еркін таңдай алады. Қылмыстық істер бойынша білікті қорғауды тек адвокат жүзеге асыра алады.

Адвокат, қорғаушы немесе өкіл ретінде:

- 1) заң көмегін сұраған адамдардың құқықтары мен мүдделерін, мәселені шешу құзырына жататын барлық соттарда, мемлекеттік және басқа органдар мен ұйымдарда қорғауға;
- 2) барлық мемлекеттік органдар мен мемлекеттік емес ұйымдардан адвокаттық қызметті жүзеге асыру үшін керекті мәліметтерді сұратып алуға;
- 3) заң көмегін көрсету үшін керекті нақты мәліметтерді өз бетімен жинап, дәлелдемелер ұсынуға;
- 4) көмек сұраған адамға қатысты материалдармен танысуға, іс жүргізу құжаттарындағы, тергеу және сот істеріндегі ақпаратты заңда тыйым салынбаған кез келген тәсілмен түсіріп алуға;
- 5) іске қатысуға жіберілген кезден бастап өзінің қорғауындағы адаммен қанша болса да оңаша бетпе-бет жолығысуға;
- 6) заң көмегін көрсетумен байланысты туындаған және ғылым, техника, өнер және басқадай саладағы арнайы білімді керек ететін мәселелерді түсіндіру үшін шарттық негізде мамандар қорытындысын сұратуға;
- 7) әділет, прокуратура, анықтау, алдын ала тергеу органдарының лауазымды адамдарының, соттың, сондай-ақ өзге лауазымды адамдардың көмек сұраған адамның құқықтары мен

заң қорғайтын мүддесіне нұқсан келтіретін әрекетіне өтініш мәлімдеуге, заңда белгіленген тәртіпте шағым келтіруге;

8) егер бұл анықтау алдын ала тергеу жүргізгенде, сотта қорғауды немесе өкілдікті жүзеге асыру үшін керек болса, мемлекеттік құпия болып табылатын ақпаратпен, сондай-ақ әскери, коммерциялық, қызметтік және заңмен қорғалатын құпиясы бар ақпаратпен танысуға;

9) заң көмегін сұраған адамның көмегін құқықтары мен мүдделерін қорғауда заңда тыйым салынбаған барлық құралдар мен тәсілдерді пайдалануға;

10) заңға қайшы келмейтін өзге де әрекеттерді жасауға құқылы.

Мемлекеттік орган немесе лауазымды адам адвокаттың заң көмегін сұраған адамның мүддесін білдіру құқығын мойындаудан бас тарта алмайды.

Адвокаттың заң көмегін көрсетуінің бірнеше түрі бар. Олардың әрқайсысын шартты түрде бірнеше кезеңге бөлуге болады. Заң көмегінің ешқайсысы жанап өте алмайтын бір кезең, ол — тапсырманы қабылдау. Азамат өтініп, істің мәнін және заң көмегінің ауқымын айқындағаннан кейін адвокат пен жүгінген адам өзара келісім жасайды.

Заң көмегіне аса қажеттілік **қылмыстық сот ісін жүргізуде** туындайды. Адвокаттың қылмыстық іске қатысуы ҚІЖК-нің 70-74-баптарында регламенттелген, оған ол қорғаушы ретінде қатысады. Ол үшін адвокат өз куәлігін және нақты істі жүргізуге өкілеттігін растайтын ордерін ұсынады. Айта кету керек, күдікті немесе айыпталушы іс жүргізу процесінің кез келген тұсында өз ынтасымен және қорғаушының көзінше одан бас тарта алады.

Қорғаушы іске айып тағылған немесе адамды ҚІЖК-нің 68-бабының 1-бөлігіне сәйкес күдікті деп таныған кезден бастап қатыса алады. Егер мүдделері қайшы келсе бір адам екі күдіктіге, екі айыпталушыға бірдей қорғаушы бола алмайды. Адвокат күдіктіні немесе айыпталушыны өзі қабылдаған қорғаудан бас тартуға құқылы емес.

Айыптаудың теріске шығаруға, айыпталушының кінәсіздігін дәлелдеуге, немесе оның жауапкершілігін жеңілдетуге бағатталған іс жүргізу әрекеттерінің жиынтығы қылмыстық іс жүргізуде қорғау деп аталады.

Айыптау бар жерде қорғау да болуға тиіс.

ҚІЖК — ның 71-бабына сәйкес, қорғаушының қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге қаттысуы, егер:

1) ол туралы сезікті немесе айыпталушы өтініш жасаса;

2) сезікті немесе айыпталушы кәмелетке толмаса;

3) сезікті немесе айыпталушы дене немесе психикалық кемістігінен өзінің қорғану құқығын өз бетінше жүзеге асыра алмаса;

4) сезікті немесе айыпталушы сот ісі жүргізілетін тілді білмесе;

5) адам жазалау шарасы ретінде он жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айырылу, өмір бойы бас бостандығынан айырылу не өлім жазасы тағайындалуы мүмкін болатын қылмысты жасағаны үшін айыпталса;

6) айыпталушыға бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алу қолданылса немесе ол мәжбүр етіліп стационарлық сот-психиатриялық сараптамаға жіберілсе;

7) сезіктілердің немесе айыпталушылардың мүдделері арасында қайшылық болып, олардың біреуінің қорғаушысы болса;

8) қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге жәбірленушінің (жеке айыпталушының немесе азаматтық талапкердің өкілі қатысса);

9) іс сотта қаралған кезде мемлекеттік айыпталушы қатысса;

10) айыпталушы, сотталушы Республикадан тыс жерде, және алдын ала тергеу органдарына келуден жалтарып жүрсе **міндетті**.

Егер мұндай мән-жайлар бола тұрып сезіктінің, айыпталушының, сотталушының өздері, олардың өкілдері, сондай-ақ олардың тапсыруымен өзге адамдар қорғаушыны шақырмаса, қылмыстық процесті жүргізуші орган қорғаушының процестің тиісті кезеңінде қатысуын қамтамасыз етеді, ол жайында адвокаттардың кәсіби ұйымы үшін міндетті қаулы шығарады.

Қорғаушыны, әдетте, сезікті, айыпталушы, сотталушы, олардың заңды өкілдері, сондай-ақ сезіктінің, айыпталушының, сотталушының тапсыруымен немесе келісімімен басқа адамдар шақырады. Қорғау үшін бірнеше қорғаушылардың шақырылуы да мүмкін.

Таңдалған немесе тағайындалған қорғаушының қатысуы ұзақ уақыт (бес тәуліктен аса) мүмкін болмаса, қылмыстық процесті жүргізуші орган басқа қорғаушыны шақыруды ұсынуға құқылы немесе қорғаушыны адвокаттардың кәсіби ұйымы немесе оның құрылымдық бөлімшелері арқылы тағайындауға шара қолданады. Қылмыстық істі жүргізуші орган қорғаушы ретінде белгілі бір адамды ұсына алмайды.

Ұстаған немесе қамауға алған жағдайда, егер сезікті, айыпталушы, сотталушы таңдаған қорғаушы жиырма төрт сағат ішінде келе алмаса, қылмыстық қудалауды жүзеге асырушы орган оларға басқа қорғаушы шақыруды ұсынады, егер одан бас тартса адвокаттардың кәсіби ұйымы немесе оның құрылымдық бөлімшелері арқылы қорғаушы тағайындауға шара қолданады.

Адвокат еңбегін төлеу шығындары мемлекет есебіне жатқызылуы мүмкін, егер адвокат тергеуге немесе сотқа тағайындалып қатысқан болса.

Іске қатысуға жеберілген кезден бастап қорғаушы:

1) сезіктімен немесе айыпталушымен қанша рет және қанша уақыт болса да бетпе-бет оңаша жолығысуға;

2) заң көмегін көрсету үшін керекті заттарды, құжаттар мен мәліметтерді жинауға және ұсынуға;

3) айып таққанда, болуға, сезіктіден және (немесе) айыпталушыдан жауап алғанда, олардың қатысуымен немесе олардың өтінішімен не қорғаушының өзінің өтінішімен жүргізілетін өзге тергеу және іс жүргізу әрекеттеріне қатысуға;

4) қарсылық мәлімдеуге;

5) ұстау хаттамасымен, бұлтарту шарасын қолдану туралы қаулымен, сезіктінің, айыпталушының немесе қорғаушының өзінің қатысуымен жүргізілген тергеу әрекеттерінің хаттамасымен, айыпталушыға және (немесе) сезіктіге ұсынылған немесе ұсынылатын құжаттармен, ол анықтау, жеңілдетілген сотқа дейінгі іс жүргізу немесе алдын ала тергеу аяқталған соң істің барлық материалдарымен танысуға, одан кез келген көлемде кез келген мәліметтерді, айыптау тізімінен басқасын, жазып алуға;

6) өтініш мәлімдеуге, оның ішінде қауіпсіздік шараларын қабылдау жөнінде;

7) істі алдын ала тындауға, кез келген инстанциядағы сот талқысына қатысуға, сотта жарыссөзге шығуға, жаңа ашылған мән-жайлар бойынша қайта жанданған сот отырысына қатысуға;

8) сот отырысының хаттамасымен танысуға;

9) іс жүргізу құжаттарының көшірмесін алуға;

10) қылмыстық процесті жүргізуші адамның, қылмыстық процеске қатысушы өзге адамдардың заңсыз әрекеттеріне қарсылық білдіруге, бұл қарсылықтың іс жүргізу құжаттарына енгізілуін талап етуге;

11) анықтаушының, тергеушінің, прокурордың және соттың әрекеттері мен шешімдеріне шағымдануға және олардың қаралуына қатысуға;

12) қорғаудың заңға қайшы келмейтін кез келген басқа құралдары мен тәсілдерін пайдалануға **құқылы**.

Тергеу әрекетін жүргізуге қатысушы қорғаушы жауап алына-тын адамға тергеушіден немесе анықтаушыдан кейін сұрақ қойып жауап алуға құқылы.

Тергеуші, анықтаушы қорғаушының сұрақтарын қабылда-мауы мүмкін, бірақ оларды хаттамаға енгізеді. Тергеу әрекетінің хаттамасында қорғаушы ондағы жазулардың дұрыстығы және толықтығы жайында ойын жазбаша көрсете алады.

Қорғаушы: қорғаушының мүддесіне қайшы келетін қандайда бір әрекет жасауға және оған тиесілі құқықтың жүзеге асы-рылуына кедергі болуға; өзін қылмысқа қатысы бар және оны жасауда кінәлі деп тану жөніндегі қорғалушы позициясына қарсы тұрып, қорғалушыны жәбірленушімен бітістіру туралы мәлімдеуге; азаматтық талап арызды мойындауға; қорғалушы берген шағымдар мен өтініштерді қайтарып алуға; заң көмегін сұраумен және оны жүзеге асырумен байланысты өзіне мәлім болған мәліметтерді жәрия етуге құқылы емес.

Қылмыстық істерге қатысу барысында қорғаушы айып-тауды теріске шығаратын немесе сезіктінің, айыпталушының жауапкершілігін жеңілдететін мән-жайларды айқындау мақса-тында қорғаудың барық заңды құралдары мен тәсілдерін падалануға міндетті.

Егер сезікті, айыпталушы, сотталушы кәмелетке толмаса немесе сот ісі жүргізілетін тілді білмесе, сондай-ақ айыпталушыны стационарлық сот-психиатриялық сараптамаға мәжбүрлеп жіберсе, айыпталушының қорғаушыдан бас тартуын қылмыстық іс жүргізуші орган қабылдай алмайды. Қорғаушыдан бас тарту сезіктіні, айыпталушыны кейін қорғаушы көмегін пайдалану мүмкіндігінен айырмайды.

Қылмыстан зардап шеккен адам өз құқықтары мен мүддесін қорғауды өзі жүзеге асыра алмаса немесе қылмыстық процеске өзі тікелей қатыса алмаса, іске кәсіби өкіл, яғни адвокат кіріседі. Физикалық, моральдық және мүліктік зиян көрген кез келген азамат жәбірленуші деп танылады. Жәбірленуші адвокат-өкілдің көмегін өз құқығын жүзеге асыра алмаған немесе асырғысы келмегенде ғана емес, процеске қатыса отырып, моральдық-психологиялық қолдауды немесе кәсіби заң көмегін керек еткен кезде де пайдалана алады.

**Азаматтық істер** бойынша адвокаттар тапсырмалар бойынша өкілдер болуы мүмкін. Азаматтың іске өзінің қатысуы оны іс бойынша өкіл алу құқығынан айырмайды. Адвокаттың нақты іс жүргізуге өкілеттігін заң консультациясы немесе адвокаттық кеңсе беретін ордер растайды, ал өз қызметін өзі жүргізген жағдайда адвокат пен клиент арасында шарт жасалынады.

Сотта іс жүргізуге өкілеттік өкілге өзі өкілі болғанның атынан барлық іс жүргізу әрекеттеріне қатысуға, істі аралық сотқа беруге, талап арыздан толықтай немесе жарым-жартылай бас тартуға және талапты мойындауға, талаптың затын немесе негізін өзгертуге, бітімгершілік келісім жасауға, өкілеттіктерді басқа адамға беруге, сот қаулысына, сот қаулысын мәжбүрлеп орындау талабына, берілген мүлікті немесе ақшаны алуға құқық береді. Өкілдің осы көрсетілген әрекеттердің әрқайсысын жасауға өкілеттігі сенімхатта арнайы көзделеді.

Адвокаттың азаматтық істегі де, қылмыстық істегі де жұмысының ақырғы кезеңі — сот жарыссөзі. Адвокаттың жарыссөздегі сөзі оның жұмысының қорытындысын шығарады. Сөйлеудегі негізгі мақсат — өзінің дұрыс айтып тұрғандығына сотты сендіру, сотты өзіне сенім білдірушінің пайдасына шешім шығаруға көндіру.

Құқық қорғау жүйесінің бір бөлігі ретінде адвокатура жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, құқықтық мәдениеттің нығаюына қызмет етуге және құқықтың барлық субъектілерінің құқықтық санасын заң талаптарын қатаң сақтауға бағыттауға тиіс.

## 14 ТАРАУ

### Шет мемлекеттердің құқық қорғау органдары

#### 14.1. Әлемнің негізгі құқықтық жүйелері

Қазақстан әлемдік қоғамдастыққа кіргендіктен оның құқықтық жүйесінің жайын әлемдік Заң практикасының контекстінде қарау керек және шет елдердің құқық қорғау органдарының жұмыс формалары мен әдістерін білген жөн. Ұдайы дамып отыратын әртүрлі құқық жүйелерін білу халықаралық өзара қатынас үшін керек. Және де, басқа мемлекеттердің тәжірибесі мен практикасын білмейінше құқықтың ұлттық жүйесін ұйымдастырудың неғұрлым оңтайлы формасын табу мүмкін емес.

Әлемде мемлекеттер де көп, құқықтық жүйелер де көп. Олар бір-біріне қандай да бір ықпал жасайды, сондықтан да оларда ортақ белгі бар. Оларды белгілеу үшін «құқықтық отбасы» деген ұғым пайдаланылады. Құқық жүйелерінің әртүрлілігі адамдардың дәстүрлерінің, ойлану қабілетінің, мәдениет деңгейінің және т.б. әртүрлі бостандығының нәтижесі. Құқықтық отбасыларды топтастырудың негізгі критеріі құқық көзі болып қалады. Құқық көздерінің жүйесіне және құқықтық жүйенің құрылымына қарай мынадай негізгі құқықтық отбасыларын бөліп алуға болады: **англосаксондық, роман-германдық, діни-дәстүрлік**. Өмірде құқықтық жүйелер өздерінің ерекшеліктерімен және қайталанбайтындығымен бөлінеді.

Англосаксондық (англо-американдық) құқықтық жүйе әлемде кең тарағандардың бірі. Ол екі топты қамтиды: ағылшын құқығы тобын (Англия, Канада, Австралия, Жаңа Зеландия — барлығы 36 мемлекет) және АҚШ құқығының тобын (Луизиана және Калифорния штаттарынан басқалары). Құқықтың бұл жүйесінің қалыптаса бастауы нормандықтар Англияны жаулап алған 1066 жылдан басталады.

Сот шешімдерінде баяндалған нормалар бұл жүйенің негізгі заң көзі болып табылады. Бұл мемлекеттерде соттарда консти-

туция мен заңдарға, қоғам қажеттілігіне қарай, кең түсінік беруге мүмкіндік болды. Сонымен қатар, статуттық құқыққа, яғни заңдарды орындау мақсатында қабылданған заң актілеріне белгілі бір мән берілді. Қазіргі кезде заңдар құқықтың аса маңызды көзіне айналуда.

Англосаксон жүйесінде судья процесс кезінде белсенділік көрсетпейді, ол тек отырысты басқарады, қылмыстық істерде кінәлілік туралы мәселені шешпейді.

**Роман-германдық** (құрлықтық) құқықтық отбасы құрлықтық Еуропа мемлекеттерін, латын америкасы мемлекеттерін, Таяу Шығыс елдерін, француз тілді елдерді, Жапонияны қамтиды.

Заңдар және заң актілері формасында жазылған құқықтардың болуы бұл құқық жүйесіне тән сипат, ал сот практикасы құқықтың қосалқы көздерінің қатарына жатады. Мұнда сот прецеденті өте сирек қолданылады. Бұл модельде соттардың бірыңғай жүйесі жоқ, ол көп жүйелі. Соттардың мамандандырылған жүйесінің өз жоғарғы соттары бар. Апелляциялықпен қатар шағымданудың кассациялық және ревизиялық тәртіптері пайдаланылады (ол англосаксон моделінде жоқ). Роман-герман моделінде судья белсенді, дәлелдемелерді өзі жинап, өзі бағалайды, соттың алқабилерімен бірге жаза шарасын анықтауға қатысады.

**Діни-дәстүрлі құқықтық отбасында** діни ілімдер мен жергілікті әдеттер құқықтың негізгі көзі болып табылады. Мысалы, мұсылман құқығы діни формада баяндалған, исламға негізделген нормалар жүйесін береді. Мұсылман құқығы бойынша құқық мемлекетті құрмайды, оны Аллах құрған, тек әкімшілік актілер шығарылады және сот қазылығы жүзеге асырылады.

Мұсылман құқығы 50-ден аса мемлекетті қамтиды, онда ислам дінін ұстаушы 900 миллионға жуық адамдар тұрады (Алжир, Египет, Ирак, Иран, Сирия, т.б.).

Үнді құқығы Үндістанда, Пакистан, Бирма, Сингапур және т.б. елдерде тұратын үнділер арасында таралған. Үнділер туа салып әлеуметтік иерархиялық топқа — кастаға: дін қызметкеріне, жауынгерлерге, саудагерлерге және колөнершілерге бөлінеді. Басқа діндерге қарағанда индуизмде адам теңсіздігі мойындалған, әр адам өз кастасына сай өмір сүруі керек. Діни доктринаға қайшы келмейтін жергілікті әдеттер де рөл атқарады<sup>1</sup>.

<sup>1</sup> Мазуров А. В. Правоведение.— М., 2006.— 54 б.



## 14.2. Америка Құрама Штаттарының құқық қорғау органдары

АҚШ-тың 1787 жылғы 17-қыркүйегінде қабылданған Конституциясына сәйкес, мемлекеттік билік заң шығарушы, атқару және сот биліктеріне бөлінген. Мемлекеттік құрылысының формасы жағынан АҚШ — федерация, ол 50 штаттан және Колумбия федералдық округінен тұрады. Конституцияда орталық биліктің құзыретіне жатқызылған мәселелердің нақты тізбесі бар. Биліктің жоғары органы — АҚШ Конгресі, ол екі палатадан Сенаттан және өкілдер Палатасынан тұрады, заң шығару билігін жүзеге асырады, жанама сайлау жолымен төрт жыл мерзімге сайланатын АҚШ Президенті атқару билікті жүзеге асырады және сонымен қатар мемлекет басшысы болып табылады.

Сот билігін соттар жүзеге асырады. АҚШ-та соттардың бірыңғай федералдық жүйесі және 50 штаттың әрқайсысының және Колумбия федералдық округінің дербес сот жүйелері қатар жұмыс істейді. Федералдық соттардың құзыретіне бәрінен бұрын, федералдық заңдарда көзделген қылмыстар туралы қылмыстық істерді, федералдық биліктің талаптары бойынша және федералдық заңдарды қолданумен байланысты немесе әр штаттарда тұратын адамдар арасында туындайтын даулар бойынша азаматтық істерді қарау жатады.

Соттардың федералдық жүйесіне Жоғарғы Сот, апелляциялық және округтік, сондай-ақ арнайы соттар кіреді. Барлық жүйені **Жоғарғы Сот** басқарады, ол Конгреспен және Президентпен бірге жоғарғы мемлекеттік мекемелер құрылымында айрықша орын алады. Жоғарғы Сот тоғыз судьядан тұрады, оның біреуін Президент төраға етіп тағайындайды. Жоғарғы Сот мүшелерін, төрағаны да Сенат бекітеді.

Жоғарғы Сот жоғарғы апелляциялық сот болып табылады, ол төменгі сатыдағы сот шығарған шешімнің әділдігіне немесе оның Конституция нормаларына сай келетіндігіне біреулер күмән келтірген істер бойынша ақырғы қорытындыны жасауға құқылы.

Американың соттарында конституциялық **қадағалау құқығы** бар. Федералдық деңгейдегі немесе штат деңгейіндегі кез келген

сот заң актісінің конституциялылығы туралы шешім шығара алады. АҚШ-тың федералдық заңнамасы аса ауыр мемлекеттік, әскери және жалпылай қылмыстардың бірнеше түрлері үшін өлім жазасын қарастырған. Өлім жазасы 36 штаттың заңдарында бар.

**Апелляциялық соттар** әр географиялық округте бар, олар азаматтық және қылмыстық істер бойынша шағымдарды қарайды. Олар Жоғарғы Сот пен округтік соттар арасындағы аралық инстанция ретінде құрылған.

**Округтік соттар** әр округте бар. Ірі және халқы көп штаттарда бірнеше округ бар. АҚШ-та 94 федералдық сот округтері құрылған, олар федералдық жүйенің бірінші инстанциясының негізгі соттары болып табылады. Олар федералдық әділет құзыретіне кіретін азаматтық және қылмыстық істерді, сондай-ақ әкімшілік ведомстволардың әрекеттеріне шағымдарды бірінші инстанция бойынша қарайды.

Жалпы соттар жүйесімен қоса бірнеше мамандандырылған федералдық соттар да бар. Штатта сот жүйесіне басшылық жасайтын соттар кейбір штаттарда жоғарғы соттар, кейбір штаттарда апелляциялық соттар деп аталады.

Штаттардың сот жүйесінің негізгі буыны — жалпы юрисдикция соттары. Олар тиісті штаттың заңдарында көзделген барлық қылмыстар туралы қылмыстық істерді бірінші инстанцияда қарайды.

Бірінші инстанция соттары барлық қалаларда, графтықтарда бар төменгі соттар, оларда істердің көбісі қаралады. Федералдық соттардағы барлық судьялық қызметтерге Сенаттың келісімімен Президент тағайындайды. Федералдық судьялар өмір бойына тағайындалады және күрделі импичмент процедурасы нәтижесінде қызметінен босатылады. Судьяларға кәсіби тұрғыдан да, этика жағынан да қатаң талап қойылады.

Штаттардағы соттарда судьялар қызметіне тағайындау ережесі әрқилы. Көптеген штаттардың жоғарғы соттары мен апелляциялық инстанция судьяларын заң шығару органдарының келісімімен губернаторлар тағайындайды. Кейбір штаттарда төменгі тұрған соттардың судьялары да өз қызметтеріне осындай тәртіппен тағайындалады. Дегенмен, судьялардың көпшілігін сайлау науқаны кезінде халық таңдайды.

АҚШ-та **прокурорлық функцияны** атторнейлік қызмет атқарады. Ол федералдық және штаттық болып бөлінеді және атқару билігіне жатады. Федералдық атторнетураның басында Бас атторней тұрады, ол Әділет министрі болып саналады. Әділет министрі (Бас атторней) федералдық әділет органдарының жоғары лауазымды адамы болғандықтан оны қызметке Президент тағайындайды және Сенат қызметіне бекітеді. Федералдық абақтылар және басқа бас бостандығынан айыру орындары оның қол астында болады.

Әр штаттың өз атторнетурасы бар. Штат атторнетурасының басында Генерал-атторней тұрады. Бір штаттарда атторнейді губернатор тағайындайды, біреулерінде халық сайлайды. Штаттар атторнетурасы федералдық атторнетураға тәуелсіз ұйымдастырылады және жұмыс істейді. Штаттар мен федералдық атторнетуралардың құрылымдары көп жағынан ұқсас. Федералдық атторнетура мен штаттар атторнетураларымен қатар АҚШ-тың 94 округінің әрқайсысында атторней қызметі қарастырылған.

Федералдық атторнетура: қылмыстық істер бойынша; азаматтық құқықтың бұзылуы туралы; салық заңдарының бұзылуы туралы; табиғатты қорғау заңдарының бұзылуы туралы; анти-трест заңдарының бұзылуы туралы істер бойынша айыптауды жүзеге асырады.

Мемлекеттік атторнейлік қызметтің функцияларына мыналар жатады:

- қылмыс жасаған адамдарды қылмыстық қудалау;
- елдің, жекелеген штаттардың үкіметтеріне, атқару биліктің басқа органдарына заң консультациясын беру;
- сотта федералдық үкіметтің, штат әкімшілігінің әртүрлі құқық қатынастары бойынша мүдделерін білдіру;
- заңдардың орындалуын қамтамасыз ету;
- заңдық және соттық норма шығаруға қатысу;
- қылмыстық қудалау органдарының қызметін үйлестіру.

Әділет департаментінің жанында АҚШ-тың **Федералдық тергеу бюросы** жұмыс істейді. Қылмыстық қудалау саласында атторнетура шексіз өкілеттікке ие. Ол федералдық соттар қарайтын барлық қылмыстық істерді қозғауда айрықша құқық алған. Бас ат-

торней және оған бағынышты округтік атторнейлер қылмыстық істі алқабилер өз вердиктін шығарғанға дейін кез келген тұста қысқарта алады. Сонымен, қылмыстық іс қозғау және федералдық соттарда айыптауды қолдау федералдық атторнетураның негізгі функциясын құрайды.

Сот талқысының ерекшелігі сол, — сот жарыссөзінде ең соңында қорғаушы емес, айыптаушы сөйлейді. Атторнейлер қылмыстық істер бойынша үкімдерге, алқабилер соты шығарған ақтау үкімдерінен басқаларына, жоғары тұрған сотқа шағымдана алады.

Қылмыстық істер бойынша тергеуді ФТБ (ФБР) және көптеген басқа федералдық қызметтер, сондай-ақ бірі-біріне тәуелді емес, толып жатқан полиция мекемелері жүргізеді.

АҚШ-та федералдық билік органдары да, штаттардың үкіметтері де қылмыстық қудалау жүргізуге құқылы. Федералдық үкіметте де, әр штатта да өздерінің қылмыстық заңдары, сот жүйелері, айыпталушылары мен полицей органдары бар. Федералдық органдар, әдетте, есірткілер тарату және ұйымдасқан қылмыстық топтардың қызметі жөніндегі істерді, алаяқтық және қаржы саласындағы қылмыстар туралы ірі істерді, сондай-ақ федералдық биліктің мүддесін қозғайтын істерді тергейді.

Кеден қылмыстары және салық заңдары саласындағы қылмыстар, шпиондық және мемлекеттік сатқындық туралы қылмыстар федералдық деңгейде қаралады. Сонымен қатар, федералдық соттар халықаралық экстрадициямен байланысты барлық істерді қарайды. Тиісті штаттың аумағында жасалған қылмыстар ғана штат деңгейінде тергеледі және қаралады.

Полиция тергеуі нәтижесінде сот дәлелдемелері пайда болмайды, полиция айыпталушы мен мемлекет арасындағы қылмыстық-құқықтық даудың себебі бойынша шешім қабылдамайды. Бұл кезеңде дәлелдемелік ақпарат көздерін іздестіру, табу әрекеттері жүреді, ол кейін сотқа ұсынылады. Сондықтан да полиция офицерлері хаттама толтырмайды, тек қана есеп береді. Бұл ақпарат сот отырысында ғана дәлелдемелер мазмұнына айналады, мысалы, офицерден немесе сарапшыдан айыптаудың куәсі ретінде жауап алғаннан кейін. Полиция іс жүргізу функциясына қарағанда әкімшілік функциясын көбірек орындайды.

Айыпталушыны сотқа беру туралы мәселеде барлық деңгейдегі атторнейлерге шешуші рөл берілген. Көптеген штаттарда арнайы орган — **үлкен жюри** сақталған, ол 12-23 алқабиден тұрады, олар айыптауда істі сотқа беру үшін жеткілікті дәлелдеменің бар-жоғын тексереді. Үлкен жюри тұрақты Заседательдерден тұрады және атторнейлік қызметтің талабы бойынша сот арқылы жиналады. Үлкен жюри сотқа беру туралы қаулы шығарғаннан кейін айыптау құжатпен ресімделеді, айыптаушы оны бекітеді және айыпталушыға ресми ұсынылады. Үлкен жюри бекіткен айыптау актісі true bill деп аталады, және іс сотқа беріледі.

АҚШ — Конституциясы бойынша майда құқық бұзушылық жасағандардан басқа барлық айыпталушылардың алқабисотына құқығы бар. Сот екі алқадан тұрады: мемлекеттік судьялардан және алқабисотасыздардан (6-12 адам). Англосаксон доктринасына сәйкес біріншілері құқық мәселелерін, екіншілері факт мәселелерін шешеді. Сот талқысы бәсекелестік негізге тұрғызылған. Төрағалық етуші мемлекеттік судьяда жаза тағайындауға келгенде үлкен артықшылық бар, себебі ол қылмыстық-құқықтық нормалармен құрлықтық жүйедегі судьялардай дәрежеде байланысты емес. Жаза әр қылмыс үшін тағайындалып, барлығы жинақталады, ал жоғарғы шегі шектелмейді. Жаза жоғарғы және төменгі шектерді көрсету арқылы да анықталуы мүмкін.

Қылмыстық істер бойынша айыпталушының мүдделерін қорғауды және азаматтық істер бойынша тараптар мүдделеріне өкілдікті **адвокаттар** жүзеге асырады. Көпшілік штаттарда адвокат практикасымен айналысуға құқық алу үшін соттар ұйымдастыратын емтихандарды тапсыру керек. Американдық адвокаттар адвокаттық кеңселер құрамында немесе өз бетімен әрекет етеді. Қаражаты шектеулі адамдарға заң көмегін көрсетуге әр адвокаттың өз жұмыс уақытының кемінде 50 сағатын бөлуін «Кәсіби іс-әрекет ережесі» қарастырған.

**Қылмыстық-атқару жүйесі** оның федеративтік құрылымына және әкімшілік-аумақтық бөлінісіне негізделген. АҚШ жергілікті, округтік және федералдық пенитенциарлық мекемелерден тұрады. Сезіктілерді, айыпталушыларды, сотталушыларды, сондай-ақ бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасына сотталғандарды ұстау үшін арнайы пенитенциарлық

мекеме — «джейлдар» құрылған. Бір жылдан аса мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталғандар округтік пенитенциарлық мекемелерде — штаттар абақтысында ұсталады. Ортақ жағдайларды қолдану мақсатында жаза өтеудің қатаң, жалпы және жеңілдікті режимдері қарастырылған. Федералдық абақтылар федералдық пенитенциарлық мекемелер болып табылады, оларда сотталғандардың шамалы ғана бөлігі ұсталады.

### **14.3. Ұлыбританияның құқық қорғау органдары**

**Ұлыбритания** — парламенттік басқару формасындағы біртұтас мемлекет (конституциялық монархия). Құрама Корольдіктің тарихи қалыптасқан бөліктері — Англия, Шотландия, Уэльс және Солтүстік Ирландия.

Мемлекет басшысы — Ұлыбритания Королевасы. Заң шығарушы органы — Парламент, ол екі Палатадан — Қауымдар Палатасынан және Лордтар Палатасынан тұрады. Атқару билікті Ұлыбритания Үкіметі — Кабинет жүзеге асырады, оны Премьер-министр басқарады. Үкімет парламенттік сайлаудан кейін құрылады, Қауымдар палатасында көпшілік орын алған партияның жетекшісі Премьер-министр болады.

Ұлыбританияда айрыша заң күші бар, мемлекеттік құрылыстың негізін бекітетін, тұтас жазылған нормативтік құқықтық акт формасындағы Конституция жоқ. Ағылшын құқығының негізгі көздері — сот прецеденттері, яғни жоғарғы соттардың өздері үшін де, төмен тұрған соттар үшін де міндетті күші бар шешімдері, сондай-ақ статуттар — парламенттің заң актілері. Кейін бұл заң актілері көптеген сот прецеденттерімен толығыады, әрі қарай дамиды. Англияда 1870 жылдан бастап «Сот есептері» шығарылады, онда жартылай ресми түрде жоғарғы сот шешімдері басылады, кейінгі сот қаулыларында соларға сілтеме жасалынады. Сонымен, Ұлыбританияда «құқық» деп парламенттен шыққандар (статуттық құқық) ғана емес, жалпы, немесе прецеденттік құқық та ұғынылады. Прецедент пен статут — екі тең құқылы және өзара тығыз әрекеттестіктегі құқық көздері, олар бір-біріне болса алмайды.

**Сот билігін** соттар жүзеге асырады. Сот жүйесі Ұлыбританияның әкімшілік-аумақтық құрылымына негізделген. Соттардың барлық юрисдикциясы, шешімдердің орындалуына дейін, тәжден бастау алады. Англияның сот мекемелері — корольдік соттар.

Лордтар Палатасының Соты ең жоғарғы сот болып саналады. Ол сот істерін бірінші инстанцияда қарамайды, төменгі тұрған соттар үшін ол соңғы апелляциялық сот болып табылады.

Лордтар палатасы сотының құрамы, онда қабылданған процедуралар, оларды регламентациялау тәртібі және шешімдер ерекше маңыздылыққа ие, себебі оларда сот билігінің де, заң шығару билігінің де биігінде тұрған органның еркі көрініс табады.

Англия мен Уэльстің Жоғарғы соты дербес үш сот мекемесін — Апелляциялық сотты, Жоғарғы сотты және Тәж сотын қамтиды.

**Апелляциялық сот** ағылшын соттарының иерархиясында Лордтар палатасы Сотынан бір саты төмен тұр. Бұл сот, негізінен, күрделі азаматтық істерді бірінші және екінші инстанциялар бойынша қарайды.

**Тәж соты** — бұл қылмыстық істерді, айыптау актісін қажет ететін процедураларды сақтай отырып, бірінші инстанция бойынша қарайтын соттар жүйесі. Кейбір жағдайларда олар қылмыстық істер бойынша магистраттар соттары шығарған шешімдерді де тексере алады.

**Жергілікті соттарға** магистраттық соттар мен графтық соттар жатады. Магистраттық соттар қылмыстық істердің басым көпшілігін қарайды. Олар сотталушыны айыппұл салуға не алты айға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға үкім шығара алады. Егер айыпталушыға қатаңырақ жаза беру керек болса, іс Тәж сотына беріледі. Графтық соттар азаматтық сот төрелігінің негізгі органдары болып саналады. Жалпы юрисдикцияның аталған соттарымен қатар құзыреті әртүрлі мамандандырылған соттар да бар.

Қанша тәуелсіз болғанмен Ұлыбритания судьялары сот ісін жүргізудің қатаң ережелері мен принциптеріне бағынады. Қылмыстық процесс сайыстылыққа тұрғызылған, іс бойынша шындық екі тараптың: айыптау (талапкер) мен қорғау (жауапкер) арасындағы сайыс барысында айқындалады.

Англияда әділет **министрлігі** мен **прокуратура** жоқ. Бас атторнейді қызметке тікелей Королева тағайындайды. Ол, бір жағынан, Парламенттің де, Үкіметтің де мүшесі, қылмыстық қудалауды жүзеге асыру саласында мемлекеттегі жоғары лауазымды адам болып табылады. Ол кез келген қылмыстық істі қозғауға құқылы. Бас атторней айыпталушының науқасына, процедуралық қателіктерге байланысты қылмыстық іс жүргізуді қысқартуға, сыбайласының кінәлігіне дәлелдеме бергені үшін қылмысқа қатысушыны қылмыстық қудалаумен босатуға да құқылы. Ол кез келген орган, лауазымды немесе жеке адам қозғаған қылмыстық істің қысқартылуын талап етет алады. Оның ең жақын көмекшісі — Бас солиситор соттарда мемлекеттің (тәждің) мүліктік және басқа мүдделерін қорғайды.

Қылмыстық қудалауды жүзеге асыруға арналған арнайы орган — **Корольдік айыптау қызметі** — тәуелсіз және полициядан бөлек ұйым. Мемлекеттік айыпталушылар қызметінің негізгі міндеті — болжамдағы қылмыскерлерге қарсы айыптауды қолдау. Бұл қызметтің басты функциясы — болуы мүмкін қылмыстық қудалау жөнінде полицияға консультация беру, полиция таққан айыптауды талдау, істерді сотта қарауға дайындау, магистраттық сотта істер бойынша айыптауды қолдау, Тәж сотында және жоғарғы инстанция соттарында айыптаушының материалдарымен танысу.

Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге белсенді қатысушылардың бірі — **коронерлер**. Шешім шығару үшін қажетті ақпаратты ұйымдардан және жеке адамдардан талап етуде оған кең құқық берілген. Кононерлік талқылаудың қорытындысы бойынша шешім шығарылады, ол шешім корольдік қудалаушыға беріледі, ал әрі қарай не істеу керек екенін сол шешеді — не материалды сотқа жібереді, не қандай да бір қосымша әрекеттер жүргізуі үшін полицияға жібереді немесе істі қысқартады.

Қылмыстарды **тергеуді** полицияның лауазымды адамдары Жария қудалаушылар директорының тергеу аппараты жүргізеді. Қылмыстық қудалауда өзге мемлекеттік органдар да — Салық алымдарының Басқармасы мен Ірі көлемдегі алаяқтықпен күрес жөніндегі Бсақарма да жүргізуге құқылы. Англияда қылмыстарды тергеудің басым көпшілігін полиция және оның тыңшы аппараты жүзеге асырады. Полиция Ішкі істер министрлігі органдарының

жүйесіне кіреді. Ұлыбританияның әкімшілік-аймақтық бөліністеріндегі полиция бөлімшелерін бас констебль басқарады.

Англияда алдын ала тергеудің анықтау және тергеу сияқты формалары жоқ. Англияда қылмыстық істі тең құқылы тараптар арасындағы дау деп санайды. Бұл тұрғыдан алғанда ол азаматтық іс жүргізуге ұқсас<sup>1</sup>.

Азаматтық процестегі тараптар өкілінің, қылымыстық істер бойынша қорғау функцияларын **адвокаттар** атқарады, олар барристерлер және солистаторлар болып бөлінеді. Біріншілері жоғарғы сот инстанцияларына, екіншілері төменгі сот инстанцияларына тараптар өкілі ретінде қатысуға құқылы.

#### **14.4. Францияның құқық қорғау органдары**

**Франция** — біртұтас мемлекет, ол 95 департаментке бөлінген, олардың әрқайсысы коммуналардан тұрады. Францияда парламенттік және президенттік республикалар элементтері үйлесімін тапқан. Конституциясы 1958 жылдың 4-қарашасында қабылданды.

Республика президенті өз төрелігімен мемлекеттік билік органдарының қалыпты жұмысын қамтамасыз етеді, ол мемлекет басшысы. Мемлекеттік билік үш тармаққа — заң шығару, атқару және сот билігіне бөлінген. Заң шығарушы билік органы — Парламент, ол Ұлттық Жиналыстан және Сенаттан тұрады. Атқару билігін Үкімет жүзеге асырады, оны Премьер-Министр басқарады.

**Сот билігін** соттар жүзеге асырады. Соттар жүйесі: кіші инстанция трибуналдары, үлкен инстанция трибуналдары, апелляциялық соттар және жоғарғы саты — Кассациялық сот.

Конституциялық кеңес арнайы юрисдикция соты болып тыбылады.

Жалпы соттар жүйесін басқаратын **Кассациялық сот**, шын мәнінде, Францияның Жоғарғы Соты болып саналады. Ол азаматтық және қылмыстық істер бойынша палаталардан тұрады және төменгі соттардың шешімдері мен үкімдеріне кассациялық

<sup>1</sup> Гуценко К. Ф., Головки Л. В., Филимонов Б. А. Уголовный процесс западных государств.— М., 2001.— 98 б.

шағымдарды ғана қарайды. Кассациялық соттың өзі істерді бірінші инстанция бойынша қарамайды. Төменгі тұрған соттардың апелляциялық тәртіпте шағымдану мүмкіндігін тауысқан қаулыларына кассациялық шағымды қарау Кассациялық соттың құзыретіне жатады.

**Апелляциялық сот** төменгі тұрған соттар (трибуналдар) үшін екінші инстанция болып табылады. Олар, сонымен қатар, қылмыстар жайындағы күрделі істерді бірінші инстанция бойынша қарайды. Қылмыстық палата құрамына айыптау камерасы мен ассиздер соты кіреді. Ассиздер соты күрделі қылмыстық істерді бірінші инстанция бойынша қарайды. Ол үш судьядан және тоғыз алқабиден тұрады, олар судьямен бірлесіп, іске қатысты барлық мәселелерді шешеді, сөйтіп, тұрақты судьялармен бір алқа құрады.

**Бірінші инстанция соттарының** азаматтық істерді қарайтындары процестің үлкен трибуналдарына және кіші трибуналдарына, ал қылмыстық істерді қарайтындары алқаби соттарына, түзеу трибуналдарына және полицей трибуналдарына бөлінеді.

Алқаби соттары ауыр қылмыстар туралы қылмыстық істерді қарайды. Әр соттың құрамына үш кәсіби судья және тоғыз алқаби заседатель кіреді. Бірінші инстанцияның барлық басқа соттарының шешімдеріне қарағанда алқаби сотының үкімі бірінші және соңғы инстанцияда қабылданған болып саналады, ол апелляциялық тәртіпте шағымдануға жатпайды.

1993 жылдан бастап Үкімет мүшелерінің лауазымды қылмыстар және теріс қылықтар үшін қылмыстық жауапкершілігі туралы істерді қарайтын **Республиканың әділсот палатасы** жұмыс істейді. Және де әкімшілік әділет органдарының дербес жүйесі бар, онда мемлекеттік басқару органдарының жеке адамдардың құқықтары мен мүдделерін қозғайтын әрекеттері мен актілеріне шағымдар қаралады.

Жалпы соттардан басқа Францияда **арнайы соттар** да бар, олар да азаматтық және қылмыстық болып бөлінеді. Арнайы соттарға: коммерциялық, аралық, пәтерақы жөніндегі, әлеуметтік сақтандыру және қамсыздандыру жөніндегі, кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі, әскери, теңіз, мемлекеттік қауіпсіздік соттары және Жоғарғы әділет соты (қылмыстық сот) жатады.

Судьяларды Францияда магистратураның тоғыз мүшеден тұратын Жоғарғы кеңесінің ұсынысымен Президент тағайындайды. Француздардың қылмыстық әділет жүйесінің өзіндік ерекшелігі сол, оларда жазаны орындау жөніндегі судья бар, ол сотталғандардың жаза өтеу процесіне белсенді араласуға құқылы.

Франция **прокуратурасын** тек атқару билік органдарына немесе тек сот билігі органдарына жатқызуға болмайды. Прокурорлар, Әділет министрлігіне бағынғанмен, сот билігі органдарына қарайды.

Республика прокуроры үлкен инстанция трибуналдарына, ал бас прокурор — апелляциялық соттарға және Кассациялық сотқа қарайды.

Прокуратура қылмыстық қудалауды қозғайды, алдын ала тергеуге бақылау жүргізеді, сотта айыптауды қолдайды. Прокуратура құрылымы ұйымдық жағынан сот жүйесіне ұқсас. Кассациялық сот жанындағы бас прокурор жоғарғы лауазымды тұлға болып саналады. Бас прокурор апелляциялық соттың құзреті ауқымында прокуратураның барлық лауазымды адамдарына нұсқау бере алады. Сот полициясының барлық лауазымды адамдары оның қадағалауында болады. Ол әділ қазылық жүргізуге керекті кез келген мәліметтерді жинауға сот полициясына тапсырма бере алады.

Бас прокурор тікелей өзі немесе орынбасары арқылы апелляциялық сотта және ол сот тұрған жерде құрылған алқабилер сотында айыптауды қолдайды. Әр апелляциялық сот жанында өз көмекшілері бар бас прокурор болады. Прокуратураның лауазымды адамдары сот корпусына өте жақын, себебі олар бірдей дайындықтан өтеді, сондықтан қызмет барысында прокурорлықтан судьяға, судьядан прокурорлыққа ауыса алады.

Қылмыстық істің кімнің ынтасымен қозғалғанына қарамастан, оны жалғастыру және сотта қолдау тек прокуратураның құзырында. Прокурор судьямен теңдей сотталушыға және куәлерге кез келген кезде сұрақ қоюға құқылы оның сұрағына қарсылық болмайды.

Францияда қылмыстардың басым көпшілігінің **тергеуін** сот полициясы жүргізеді. Сот полициясының республика прокурорының басшылығымен жұмыс істейтін лауазымды адамдары мен агенттері айыптыларды табуға және дәлелдемелерді

сақтауға бағытталған барлық әрекеттерді жүргізеді. Алдын ала тергеу жабық жүреді, оны магистраттар — тергеу судьялары жүзеге асырады. Тергеу судьялары прокуратурадан «талап» алады. Тергеудің кез келген тұсында прокурор оған араласуға және тергеу функциясын өзіне алуға құқылы немесе өзі дұрыс деп тапқан әрекеттерді жасауға міндеттеу береді. Сонымен, тергеу судьясы, ұйымдық жағынан сот органдарына бағынғанмен, өз функцияларын орындауда прокуратура нұсқаулары шегінде әрекет етеді.

Прокурор айыпталушыдан жауап алудың барлығына қатысуға, тергеу судьясының кез келген қаулысына шағымдануға құқылы. Тергеуді аяқтап, тергеу судьясы іс бойынша іс жүргізуді республика прокурорына өткізеді. Соттағы қылмыстық қудалауды, әдетте, прокуратура жүзеге асырады, ол істі сотқа жіберуден бас тарта алады. «Қылмыстық қудалауды қозғау» ұғымы бұл жерде «жария талапты қозғау» деп қарастырылады. Қылмыстық қудалауды қозғауға құқығы бар бірден-бір мемлекеттік орган — прокуратура.

Үлкен процестің әр трибуналы жанында **адвокаттар** алқасы болады, оны кеңес және қауым басшысы басқарады. Адвокаттар жеке практикамен айналысады не бірлесіп адвокаттық кеңсе құрады. Кассациялық сот жанындағы алқа құрамына қабылданған адвокаттар ғана Кассациялық сотта және Мемлекеттік кеңесте сөйлеуге құқылы.

#### **14.5. Германия Федеративтік Республикасының құқық қорғау органдары**

**Германия** мемлекеттік құрылысының формасы бойынша — федерация, ол 16 жерден тұрады. Әр жердің өзінің жеке конституциясы, сайланбалы заң шығару органы — бір палаталы ландтагы (Баварияда екі палаталы) және премьер-министр басқаратын үкіметі бар. Конституция 1949 жылдың 29-мамырында қабылданды. Германия, басқару формасы бойынша — парламенттік республика. Заң шығарушы билік органдары — Бундестаг пен Бундесрат. Атқару билікті Федералдық Канцлер басқаратын Федералдық Үкімет жүзеге асырады.

Халықаралық құқықтық қатынастарда Германия мүддесін Федералдық Президент білдіреді. Негізгі заңның 92-бабына сәйкес **сот билігін** Федералдық Конституциялық сот, федералдық судьялар мен жерлердің соттары жүзеге асырады.

Федералдық конституциялық соттың мүшелерін теңдей Бундстаг пен Бундесрат сайлайды. Федералдық конституциялық сот Конституцияға түсініктің даулы мәселелерін, федералдық заңдар мен жерлердің заңдарының Конституциямен арақатынасы жөніндегі дауларды шешеді. Федералдық конституциялық соттың басты функциясы — өздерінің негізгі конституциялық құқықтарын билік органдарының бұзуына қауымдар мен жекелеген азаматтар шағымдарын қарау.

Германияның сот жүйесі күрделі, ол бірнеше дербес тармақтардан (деңгейлерден) тұрады. Конституция әділеттің бес негізгі саласын (жалпы, еңбек, әлеуметтік, қаржы және әкімшілік салаларын) бөліп алады және оларға сәйкес келетін бес сот жүйесін құрады, олардың әрқайсысын өздерінің жоғарғы сот органы басқарады.

**Жоғарғы Федералдық сот** жалпы соттар жүйесін басқарады. Оның құрылымына азаматтық істер бойынша — 11, қылмыстық істер бойынша — 5, арнайы мәселелерді қарау үшін 7 сенат кіреді. Азаматтық істер жөніндегі Жоғарғы Федералдық сот жердің жоғарғы соттары шығарған шешімдеріне кассациялық шағымдарды қарайды.

Жердің Жоғарғы соттары апелляциялық және кассациялық инстанциялар ретінде және бірінші инстанция соттары ретінде саналады.

Жердің соттары істерді бірінші және екінші инстанциялар бойынша тыңдайды. Олардың құрамында азаматтық істер бойынша және қылмыстық істер бойынша палаталар құрылады.

**Учаскелік соттар** жалпы соттар жүйесінің төменгі буыны болып саналады. Олар бір немесе бірнеше учаскелік судьялардан тұрады. **Шеффендер сотының** құрамында бір учаскелік судья және екі шеффен болады, бәрі бір алқа құрайды. Олар жердің соттарының немесе жердің жоғарғы соттарының ғана құзыретіне жатпайтын қылмыстар туралы қылмыстық істерді қарайды, бірақ

олар тағайындаған жаза үш жылға бас бостандығынан айырудан аспауға тиіс. Жалпы соттар құрамына **кәмелетке толмағандардың істері** бойынша соттар да кіргізілген.

Мамандандырылған соттар арасында **еңбек істері бойынша** соттардың алатын орны ерекше. Әлеуметтік сақтандырумен, жұмыссыздарға жәрдемақы төлеумен және т.б. байланысты дауларды қарауы үшін **әлеуметтік мәселелер бойынша соттар** құрылған.

Салықтар, кеден алымдарын төлеумен байланысты істерді **қаржы соттарының** жүйесі қарайды. Жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік басқару органдарының әрекеттері мен актілеріне шағымын, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару органдарының арасындағы дауларды, егер ол шағымдар мен даулар басқа соттардың құзыретіне жатпаса, **әкімшілік әділет** жүйесі қарайды. Бұл жүйені Федералдық әкімшілік сот басқарады.

Германияда **прокуратура** шындықты әділ зерттеп, құқық қорғау функциясын жүзеге асыруға тиісті орган ретінде құрылған. Прокуратураның ұйымдық құрылымы сот жүйесінің құрылымына ұқсас, ол федералдық және жер болып бөлінеді. Әрбір жалпы сот жанында нақты прокуратура болуға тиіс. Жоғарғы федералдық сот жанында прокуратура функциясын бас федералдық прокурор мен оған бағынышты федералдық прокурорлар жүзеге асырады, оларға Әділет министрі жалпы басшылық жасайды. Сонымен қатар, прокуратура жұмысы бойынша сотқа тәуелді емес, ұйымдық жағынан да одан бөлек.

Бас федералдық прокурорды Бундесраттың келісуімен Германия Президенті тағайындайды. Бас прокурор обер-прокурорларды тағайындайды, оларға Мемлекеттік қызметкерлер туралы заң таралады. Прокуратураның басты міндеті қылмыстық қудалауды жүзеге асыру. Прокуратура қажетті ақпаратты кез келген мемлекеттік органнан сұратып алады, тергеуді өзі жүргізуі немесе полиция қызметтеріне тапсыруы мүмкін. Прокурор айыпталушыдан, куәлерден, сарапшыдан жауап алуға, тергеуді аяқтауға не істі қысқартуға құқылы. Прокуратура құқық қорғау органдарының қызметін үйлестіру функциясын да атқарады.

Сотқұрылысы туралы Заңға сәйкес Федералдық жоғарғы сотта тыңдалуға жататын аса маңызды істерді (саяси және мемлекеттік)

тергеу Федералдық бас прокурордың құзыретіне кіреді. Прокурор өзі қозғаған істі қарайтын сотты өзі таңдауға құқылы. Ол бас сот талқылауына қатысады, сот шешіміне, сот шешімінің орындалуына наразылық келтіреді.

Германияда **алдын ала тергеу** анықтау формасында жүргізіледі, қылмыстық іс қозғалғанға дейін жүзеге асырылады. Қылмыстарды, негізінен, федералдық биліктің немесе тиісті жердің ішкі істер министрлігінің қол астындағы полиция қызметтері тергеді. Полиция барлық әрекеттерді прокуратураның басшылығымен орындайды. Германияда қылмыстық істі қозғау кезеңі жоқ. Алғашқы тергеу әрекеттері қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді білдіреді.

Қамауда ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын таңдау тәртібі мынадай: прокурор учаскелік судьяға тиісті өтініш жасайды, ол «әжептеуір күдіктің» бар-жоғына қарай қамауға алуға жазбаша ордер береді немесе беруден бас тартады.

Егер жүргізілген анықтауда жеткілікті негіз болса прокуратура айыптау актісін сотқа жіберу арқылы жария айыптау қозғайды. Іс материалдарымен танысуға тек қорғаушының құқы бар. Айыпталушыны сотқа беру мәселесін сот органы шешеді. Істі қарағанға дейін судья немесе төрағалық етуші айыпталушыға айыптау актісін тапсырады және оған қосымша дәлелдемелер сұрату, ашық сотқа қарсы екендігі туралы, белгіленген мерзімге дейін өтініш мәлімдеуге құқылы екендігі түсіндіріледі<sup>1</sup>.

Қылмыстық істер бойынша айыпталушыларды, істердің басқа санаттары бойынша тараптар мүддесін қорғауды **адвокаттар** жүзеге асырады. Адвокаттар еңбек істері бойынша жоғарғы инстанция соттарында тараптар мүддесін қорғауға тиіс және әлеуметтік мәселелер жөніндегі соттарға, қаржы және әкімшілік соттарына қатыса алады. Әр адвокат өзі адвокаттық практикаға рұқсат алған жердің жоғарғы сотының немесе сотының жанынан өз бюросын ашуға міндетті. Германиядағы адвокаттар алқаларының барлығы Федералдық қауымдастыққа біріккен.

<sup>1</sup> Гуценко К. Ф., Головкин Л. В., Филимонов Б. А. Уголовный процесс западных государств.— М., 2001.— 428 б.

## 14.6. Жапонияның құқық қорғау органдары

**Жапония** — Шығыс Азиядағы біртұтас мемлекет, ол 47 префектураға бөлінген. 1947 жылғы Конституция императорды «мемлекет пен ұлт бірлігінің рәмізі» деп жариялады және конституциялық парламенттік монархия орнатты. Император мемлекеттік саясат мәселелерін өзі жеке шеше алмайды, онда нақты билік жоқ, негізінен салтанаттық функция атқарады. Мемлекеттік биліктің жоғарғы органы — парламент, ол екі палатадан — өкілдер палатасынан (Сюшин) және кеңесшілер палатасынан (Ваншин) тұрады. Олар жалпыға бірдей сайлау құқығының негізінде сайланады.

Атқарушы биліктің жоғарғы органы — Министрлер кабинеті. Жергілікті билікті сайланбалы жиналыс жүзеге асырады. Префектуралардағы басты тұлға — губернатор.

Жапонияда **сот билігі** түгелдей Жоғарғы сот пен төменгі инстанция соттарының қолында. Сот жүйесін Жоғарғы сот, жоғарғы, аумақтық, отбасылық және бастапқы соттар құрайды.

Жапон сот жүйесін Жоғарғы сот құрайды, онда төраға және 14 мүше бар. Жоғарғы сот соңғы инстанция ретінде төмен тұрған соттардың азаматтық және қылмыстық істер бойынша шешімдері мен үкімдеріне шағымдарды қарайды. Конституциялық бақылауды Жоғарғы сот қана емес, төмен тұрған соттар да жүргізеді.

Жоғарғы соттың қарауына құқық мәселелері бойынша шағымдар ғана қабылданады. Жоғарғы сот заң актілерінің немесе әкімшілік актілерінің конституциялық еместігіне шағымдарды, сондай-ақ Конституцияға түсінік беру немесе оған өзгертулер енгізу, Жоғарғы соттың өз шешімін өзгерту керектігіне байланысты істерді қарайды.

**Жоғарғы соттар** (олар сегіз, елдің әр жеріндегі ірі қалаларда орналасқан) апелляциялық инстанция соты ретінде саналады, төменгі соттардың шешімдері мен үкімдеріне шағымдарды үш судьядан тұратын алқа болып қарайды.

Сот жүйесінің маңызды буыны — әр префектурада орналасқан **аумақтық соттар**. Бұл соттарды істерді судья жеке өзі, ал бір жылдан асатын мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы



көзделсе немесе талап сомасы үлкен болса, онда үш судьядан тұратын алқа қарайды.

**Отбасы соттары** аумақтық соттарға теңестірілген. Олар отбасы-неке дауларын, сондай-ақ 20 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылығы туралы істерді қарайды. Егер кәмелетке толмаған елеулі қылмыс жасаса, онда отбасы соты айыптаудың дәлелділігін тексеріп, істі аумақтық сотқа береді.

**Бастапқы соттар** — талап сомасы шағын азаматтық істерді және үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру көзделетін қылмыстық істерді қарайтын ең төменгі сот. Алқабилер соты Жапонияда жоқ.

Жапонияда **прокуратура** әділет министрлігінің жүйесіне кіреді, ол Бас прокурор басқаратын орталықтандырылған ұйым. Оның құрылымы сот жүйесіне көбірек бейімделген: бас прокуратураның Жоғарғы сот жанында, жоғарғы, аумақтық, отбасы және басқа соттар жанында қызметтері бар.

Прокурорлар маңыздырық қылмыстық істерге тергеу жүргізеді, қалған барлық істер бойынша полиция жүргізетін анықтау мен тергеуді бақылайды, қылмыстық жазалардың орындалуын қадағалайды. Олар қажеттілігіне қарай қылмыстық іс қозғайды, тергеу аяқталғаннан кейін айыптау қорытындысын жасайды, оны сотқа береді және сотта айыптауды қолдайды. Жапония прокуроралрында өте кең дискрециондық өкілеттік бар. Прокурор өз қолындағы дәлелдемелерді айыпталушыға және оның қорғаушысына беруге міндетті емес. Сот талқысына дейін ол судьяға қандай да бір қосымша құжаттарсыз тек айыптау қорытындысын ғана береді.

Жапонияның **полиция жүйесі** де әр префектурада орналасқан басқармалар торабына негізделген, ол Ұлттық полиция басқармасына бағынады. Префектуралардағы басқармалар патрульдік қызмет атқарады, жолдардағы қауіпсіздікті, криминалдық полицияның жұмысын бақылайды.

**Адвокат** айыпталушыларды қылмыстық істерде қорғайды. Оны өзінше таңдайды, ол, егер айыпталушының заң көмегін төлеуге мүмкіндігі болмаса, мемлекет тағайындайды.

Азаматтық процесте де кедейлерге материалдық көмек көрсетіледі, ол сот шығындарын төлеуді кейінге қалдыру немесе тегін адвокат тағайындау түрінде болуы мүмкін<sup>1</sup>.

<sup>1</sup> Правовые системы стран мира / А. Я. Сухаревтің редакц.— М., 2003.— 825 б.

## 14.7. ТМД елдерінің құқық қорғау органдары

РСФСР Жоғарғы Кеңесінің 1991 жылғы 12-желтоқсандағы қаулысымен КСРО-ны құру туралы Шарт күшін жойды. Сол қаулыда Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын (ТМД) құру көзделді. ТМД құру туралы келісімге Қазақстан Республикасы 1991 жылы 23-желтоқсанда қол қойды. Одақ тарағанға дейін ТМД елдерінде құқықтың социалистік жүйесі болды, сондықтан да олардың құқық қорғау органдарының қызметінде елеулі айырмашылық болмады.

**Ресей Федерациясы — Ресей** — басқаруы республикалық формадағы демократиялық федеративтік құқықтық мемлекет. Құқық қорғау және құқық қолдану органдарын ұйымдастырудың құқықтық негізін нормативтік құқықтық актілер мен сот билігі органдарының актілері құрайды.

Қазақстанға қарағанда Ресей Федерациясында конституциялық бақылауды арнайы орган — **Конституциялық сот** жүзеге асырады. Оның құрамында екі палатадан тұратын 19 судья бар. Конституциялық сот ісін жүргізу, ол — Конституциялық соттың заңмен регламенттелген және айрықша тәртіпте жүзеге асырылатын қызметі. Ол Конституциялық құрылысты, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандығын қорғау, Конституцияның Ресей аумағына үстемдігін және тікелей әрекетін қамтамасыз ету мақсатында заңдар мен нормативтік құқықтық актілердің Конституцияға сәйкестігі туралы істерді, мемлекеттік органдар арасындағы дауларды, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандығының бұзылғандығына шағымдарды қарайды.

Конституциялық сот ісін жүргізу азаматтарға жеке немесе ұжымдық шағыммен тікелей Конституциялық сотқа жүгінуге мүмкіндік берді. Ол РФ Конституциясының 46-бабында нақты көрсетілген.

**РФ Жоғарғы Соты** жалпы юрисдикция соттарының қарауына жататын азаматтық, қылмыстық, әкімшілік және басқадай істер жөніндегі жоғарғы сот органы, ол соттар қызметіне қадағалау жасайды, сот практикасының мәселелері бойынша түсінік береді. Айта кету керек, сот жүйесінің құрамына бітім (мировые) судьялары да кіреді. Бітім судьясы бірінші инстанция соты ретінде: үш

жылдан аспайтын мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған қылмыстық істерді; сот бұйрығын беру туралы істерді; егер ерлі-зайыптылар арасында бала дауы болмаса, некені бұзу туралы істерді; отбасы-құқықтық қатынастардан туындайтын басқа да істерді қарайды.

**РФ Жоғарғы Төрелік Соты** төрелік соттар қараған экономикалық даулар мен басқа істерді шешетін жоғарғы сот органы, ол төрелік соттардың қызметін қадағалайды, сот практикасының мәселелері жөнінде түсінік береді. Федералдық төрелік соттар өз құзыреттеріне қарай бірінші, апелляциялық, кассациялық және қадағалау инстанцияларындағы соттарға бөлінеді.

Жүйесі және ұйымдастыру принципі жағынан **РФ прокуратурасының** Қазақстан прокуратурасынан айырмашылығы жоқ, тек Ресей прокуратурасының жанында дербес Тергеу комитеті жұмыс істейді.

**РФ Федералдық қауіпсіздік қызметінің** негізгі міндеті шет мемлекеттердің арнайы қызметтері мен ұйымдарының, жеке адамдардың Ресей Федерациясының қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге бағытталған барлау және басқа қызметтерін айқындауды, олардың алдын алуды, жолын кесуді ұйымдастыру, қауіпсіздікке төнген қатер жайында Президентті, Үкімет басшысын хабардар ету болып табылады. Қауіпсіздік органдарының жүйесіне **сыртқы барлау** органдары да кіреді. Ресей Федерациясының мемлекеттік емес құқық қолдану органдарының ішінде **жеке детектив қызметі** де бар, оның ұйымдастырылуы және қызметі 1992 жылғы 11-наурыздағы «Жеке детектив және күзет қызметі туралы» Заңмен реттелген.

**Украина** Конституциясы 1996 жылы қабылданды. Жалпы юрисдикция соттары жүйесінің жоғарғы буыны — Украина Жоғарғы Соты.

Украинада Жоғарғы Әділет кеңесі жұмыс істейді, онда 20 мүше бар, оларды арнайы уәкілеттік берілген органдар мен қоғамдық бірлестіктер тағайындайды. Конституциялық сот конституциялық юрисдикцияның бірден-бір органы болып табылады. Оның 18 судьясын Президент, Жоғарғы Рада және Судьялар съезі тағайындайды (әрқайсысы алты-алтыдан). Прокуратура бірыңғай жүйе құрайды, оны Бас прокурор басқарады.

**Беларусь Республикасының** Конституциясы 1994 жылы қабылданды. Нормативтік құқықтық актілердің заңдылығын бақылау мақсатында Конституциялық Сот құрылған. Жоғарғы Сот сот әділдігін қамтамасыз етеді және жалпы соттар қызметіне қадағалау жүргізеді. Бас прокурорды Президент тағайындайды. Қылмыстық-атқару жүйесі Ішкі істер министрлігінің қарамағында.

**Өзбекстан Республикасының** Конституциясы 1992 жылы қабылданған. Азаматтық, қылмыстық және әкімшілік сот ісін жүргізу саласындағы жоғарғы орган — Жоғарғы Сот. Өзбекстанда, сонымен қатар, шаруашылық соттары да бар. Олардың жоғарғы буыны — Жоғарғы шаруашылық соты. Заң шығарушы және атқарушы билік актілерінің конституциялығын қадағалау үшін Конституциялық сот құрылған. Прокуратура мемлекеттің өзінше дербес органы. Бас прокурордың заң шығарушылық бастамаға құқығы бар. Заңдарды шығару жоғарғы мемлекеттік өкілдік орган — Олий Мәжілістің құзырында.

**Армения Республикасының** Конституциясы 1995 жылы қабылданған. Бірінші инстанция соттары, апелляциялық соттар және Кассациялық сот жалпы юрисдикция соттары болып табылады. Арменияда Сот әділдігі кеңесі құрылған, оны Төраға — Президенттің өзі басқарады. 9 мүшеден тұратын Конституциялық Сот бар. Бірыңғай орталықтандырылған жүйе болып табылатын прокуратураны Бас прокурор басқарады.

**Молдова Республикасының** Конституциясы 1994 жылы қабылданды. Сот инстанцияларына: Жоғарғы сот палатасы, Апелляциялық палата, трибуналдар, соттар жатады. Сот инстанцияларының судьяларын Магистратураның Жоғарғы кеңесінің ұсынысымен Республика Президенті тағайындайды. Конституциялық юрисдикцияның бірден-бір органы — конституциялық сот.

Прокуратура жүйесіне Бас прокуратура, сондай-ақ аумақтық және мамандандырылған прокуратуралар кіреді.

**Тәжікстан Республикасының** Конституциясы 1994 жылы қабылданды. Сот билігін Конституциялық сот, Жоғарғы сот, Жоғарғы экономикалық сот, Әскери сот, облыстық, қалалық және аудандық соттар жүзеге асырады.

Конституциялық сот арнайы юрисдикция соты болып табылады. Орталықтандырылған жүйені құрайтын прокуратураны Бас прокурор басқарады.

**Түркмен Республикасының** Конституциясы 1992 жылы қабылданған. Сот билігін соттар азаматтық, қылмыстық, шаруашылық және әкімшілік сот ісін жүргізу арқылы ғана жүзеге асырады. Жоғарғы буын — Жоғарғы сот. Прокуратура жүйесінің жоғарғы буыны Бас прокуратура.

**Қырғыз Республикасының** Конституциясы 2007 жылы қабылданды. Сот билігін Конституциялық сот, Жоғарғы сот, Жоғарғы Төрелік сот және жергілікті соттар ғана жүзеге асырады. Прокуратура «заңдардың дәл және біркелкі орындалуын» қадағалайды. Бас прокурор жоғарғы лауазымды тұлға болып табылады.

**Әзербайжан Республикасының** Конституциясы 1995 жылы қабылданды. Сот билігін Конституциялық сот, Жоғарғы сот және жалпы соттар жүзеге асырады.

Конституциялық сот арнайы юрисдикция соты болып саналады, ол 9 судьядан тұрады. Прокуратураның жоғарғы лауазымды тұлғасы — Бас прокурор.

**Грузия** Конституциясы 1995 жылы қабылданған. Сот билігін «конституциялық бақылау, әділқазылық және заңда белгіленген өзге формалар арқылы» тек соттар жүзеге асырады. Жоғарғы сот жалпы соттардағы сот ісінің жүргізілуін қадағалайды және бірінші инстанция ретінде заңда анықталған істерді қарайды.

Конституциялық сот арнайы юрисдикция соты болып табылады. Прокуратураның жоғарғы лауазымды тұлғасы — Бас прокурор<sup>1</sup>.

## 15 ТАРАУ

### **Құқық қорғау органдарының халықаралық-құқықтық ынтымақтастығы**

#### **15.1. Халықаралық ынтымақтастықтың құқықтық базасы. Шет елдердің құқық қорғау органдарымен халықаралық ынтымақтастықтың маңызы мен міндеттері**

Қазақстан Республикасы Біріккен Ұлттар Ұйымына ТМД елдерінің ішінде алғашқылардың бірі болып қабылданды, мемлекеттердің әлемдік қоғамдастығының толық құқылы мүшесіне айналды, халықаралық-құқықтық қатынастардың дербес субъектісі болды. Бірақ ол заң саласында түбегейлі реформа жасаумен және жаңа қоғамдық қатынастар орнатумен байланысты күрделі жағдайға тап болды.

ТМД-ның құқықтық жүйелерінің жақындауына ТМД-ның Праламентаралық Ассамблеясының Модельдік: қылмыстық, қылмыстық-іс жүргізу, қылмыстық-атқарушы кодекстер түріндегі бірқатар заң актілерін қабылдау практикасы көмектесті. Инвестициялау, жер қойнауын пайдалану, шетелдік жұмысшы күшін жалдау, шетелдік және бірлескен кәсіпорындардың қызметі сияқты салаларда экономикалық өзгеріс жасау үшін қолайлы жағдайлар тудыруға бағышталған ұлттық заңдарды әзірлеу және қабылдау жөнінде республикада едәуір норма шығармашылық жұмыс атқарылды.

Сонымен қатар, ұлттық заңнамада біртіндеп халықаралық стандарттар бекімін тапты. Қылмыскерліктің алдын алу және әділқазылық жүргізу саласында мыналар негізгі көздерге айналды: Бала құқығы туралы Конвенция (20.11.89); Әйелдерге қатысты дискриминацияның барлық формаларын жою туралы Конвенция (18.12.79); Нәсілдік дискриминацияны жою туралы Конвенция (21.12.65); Қандай формада болмасын ұстауға немесе қамауға ұшырайтын барлық адамдарды қорғау принциптерінің жинағы (09.12.88); Қылмыстар мен билік қиянатының құрбандары

<sup>1</sup> Правоохранительные органы. Оқулық.— М., 2009.— 377—410 б.

үшін әділсоттың негізгі принциптерінің Декларациясы (29.11.85); БҰҰ-ның кәмелетке толмағандарға қатысты әділсот жүргізуге қатысы бар ең аз стандартты ережелері (29.11.85); Қамаудағыларға қараудың ең аз стандартты ережелері (30.08.55); Лауазымды адамдардың құқық тәртібін сақтау жөніндегі іс-қимылының Кодексі (17.12.79); Лауазымды адамдардың құқық тәртібін сақтау жөніндегі іс-қимылының Кодексін тиімді жүзеге асырудың басшы принциптері (24.05.89); Сот қудалауын жүзеге асырушы адамдардың рөліне қатысты басшы принциптер (29.11.85); Сот органдарының тәуелсіздігіне қатысты негізгі принциптер (15.12.80).

ТМД елдерінің алдында тұрған өзекті проблемалардың бірі — құқық көмек көрсету мәселесі бойынша ынтымақтастықтың халықаралық-құқықтық базасын жетілдіру. Мемлекеттер арасындағы құқықтық саладағы көпжақты ынтымақтастықтың негізі біртұтас құқықтық кеңістік құру екендігі белгілі. Ол үшін көпжақты халықаралық шарттарға қол қойып, олар күшіне енгенге дейін халықаралық және ұлттық заң нормалары арасында қиғаштық болмауы үшін ұлттық заңдарды сәйкестендіру жөнінде алдын ала келісілген жұмыстар жүргізіледі.

1993 жылдың 22-қаңтарында Минск қаласында ТМД-ға қатысушы мемлекеттер «Азаматтық, отбасы және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы» Конвенцияға қол қойды. Бұл Конвенцияға қол қойылғанға дейін, ТМД елдерінде, атап айтсақ, қылмыстық-құқықтық және қылмыстық-іс жүргізу қатынастары саласында одақтас республикалардың кодификацияланған заңдары күшінде болды, соған байланысты заңдарды жақындастыру қажеттігі туындамады. Қазіргі кезде ТМД елдерінде құқықтық реформалар жүргізілді, өз ұлттық заңдарын (ҚК, ҚІЖК, АК, АІЖК және басқа) қалыптастыру процесі аяқталды, сондықтан да қолданыстағы Конвенция материалдарына өзгертулер мен толықтырулар енгізу керектігі жөнінде қандай да бір ұсыныстарды қарағанда күрделі проблемалар туындайды, олар бірінші кезекте ұлттық заңдардағы айырмашылықтармен байланысты.

Мұның бәрі Конвенцияға өзгертулер мен толықтырулар енгізу керектігін көрсетті. Азаматтық, отбасы және қылмыстық істер

бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы Конвенцияның жаңа редакциясына 2002 жылдың 7-қазанында Кишинев қаласында ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің Басшылары қол қойды, ол құқықтық көмек көрсетудің көптеген процедурасын едәуір жеңілдетті. Бұл Конвенцияны алты мемлекет: Қазақстан, Әзербайжан, Беларусь, Армения, Қырғыз және Тәжікстан Республикалары бекітті. ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің Кишинев конвенциясы күшіне енгендерімен ынтымақтастықты жүзеге асыруда Минск конференциясы мен оның 1997 жылдың 28-наурыздағы Хаттамасы қолданылуда.

Соңғы жылдары мемлекеттер екіжақты шарттарға баса көңіл аудары бастады, бұл жағдайда, әрине, екі тараптың ғана мүдделері ескеріліп арадағы қатынасты дәлірек анықтауға мүмкіндік туады.

Трансұлттық қылмыстарды, әсіресе халықаралық ланкестікке қарсы тұрудағы маңызды оқиға — Орталық және Оңтүстік Шығыс Азия аймақтарында Ресей, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан және ХҚР қатысқан “4 +п” аймақтық қауіпсіздік жүйесінің құрылуы.

Халықаралық ынтымақтастықты жоспарлы дамыту кез келген мемлекеттің алдында тұрған маңызды міндет. Оған екіжақты мемлекетаралық келісімдер жасау, сондай-ақ қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету және қылмыскерлерді беру туралы халықаралық конвенцияларға қосылу арқылы қол жеткізуге болады.

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары ҚР Конституциясына, халықаралық құқықтық көпшілік мойындаған принциптері мен нормаларына, сол халықаралық шарттың баптарына, Халықаралық шарттардың құқықтары туралы Вена конвенциясына, 2005 жылғы 30-мамырдағы «Қазақстан Республикасының Халықаралық шарттары туралы» Заңға және басқа да Заң актілеріне сәйкес жасалады, орындалады, өзгертіледі және тоқтатылады.

2005 жылдың 30-мамырында «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Заңның 1-бабының 8-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының халықаралық шарты деп Қазақстан Республикасының шет мемлекетпен (мемлекеттер-

мен) не халықаралық ұйыммен (ұйымдармен) жазбаша формада жасасқан және мұндай келісімнің бір немесе өзара байланысты бірнеше құжатта бар екендігіне қарамастан, сондай-ақ оның нақты аталуына (шарт, конвенция, пакт, келісім) қарамастан, халықаралық құқықпен реттелетін халықаралық келісімін түсіну керек.

Қазақстан Республикасы қатысуға ниет білдірген халықаралық шарттар, сондай-ақ халықаралық шарт жобалары, Қазақстан Республикасының бұл мәселеге құзыреті жүретін орталық мемлекеттік органдармен келісілгеннен кейін, Әділет министрлігінің міндетті түрде сараптамасынан өтеді.

**Заң сараптамасын** жүргізгеннен кейін Әділет министрлігі:

1) мұндай халықаралық шарттардың, сондай-ақ халықаралық шарт жобаларының ережелерінің Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкестігі туралы қорытынды береді;

2) халықаралық шарттардың өзі үшін міндеттілігіне Қазақстан Республикасының келісім беру тәсілін анықтайды.

Әділет министрлігінде сараптамадан өткен халықаралық шарттарға, сондай-ақ халықаралық шарт жобаларына Сыртқы істер министрлігінің келісімі керек.

Сыртқы істер министрлігі:

1) халықаралық шарттарға отырудың сыртқы саясат үшін қажетті қорытынды береді;

2) мұндай халықаралық шарттардың, сондай-ақ халықаралық шарт жобаларының ережелерінің Қазақстан Республикасының халықаралық шарттық немесе өзгедей міндеттемелеріне сәйкес келетіндігі туралы және олардың күшіне кіруімен және орындалуымен байланысты басқа да мәселелер бойынша қорытынды береді;

3) Қазақстан Республикасы жасайтын халықаралық шарттың түрін анықтайды.

**Халықаралық шарттарды құқықтық қамтамасыз ету, шетелдік құқықтық көмекті үйлестіру** саласында әділет органдары:

1) құқықтық көмек және шет мемлекеттермен құқықтық ынтымақтастық туралы халықаралық шарттарды Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес әзірлеуге, олардың жасалуын және орындалуын ұйымдастыруға;

2) Қазақстан Республикасының кепілдігімен жасалған несиелер шарттарына Заңдық сараптама жасауға;

3) шет мемлекеттердің соттық тапсырмалары мен өтініштерін халықаралық шарттарға сәйкес орындауға;

4) Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттердің заңдарын үйлестіру және сәйкестендіру мәселелері бойынша талдама жасауға, сондай-ақ Қазақстан мойындаған халықаралық нормаларды Қазақстан Республикасының Заңдарына кіргізуге;

5) интеллектуалдық меншік құқықтарын бірігіп қорғау туралы халықаралық шарттарды әзірлеуге және жасауға, ондай шарттарға қол қоюға белгіленген тәртіпте қатысуға;

б) халықаралық шарт жобаларына заңдық сараптама жүргізуге **уәкілетті**.

Және де:

1) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандығы жайындағы;

2) орындалуы күшіндегі заңды өзгертуді немесе жаңа заң қабылдауды керек ететін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында көзделгеннен өзгеше ережелер белгілейтін;

3) Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттермен арасын аумақтықажырату туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының айрықша экономикалық зонасы мен құрлықтық шельфін ажырату туралы;

4) қарусыздану немесе қару-жараққа халықаралық бақылау, халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша мемлекетаралық қатынастардың негіздері туралы;

5) егер Қазақстан Республикасының егемендік құқықтарының бір бөлігін жүзеге асыруды оларға жүктеу халықаралық шарттарда көзделсе немесе олардың органдарының шешімдері Қазақстан үшін заңдық міндеттілік белгілесе, Қазақстан Республикасының мемлекетаралық бірлестіктер мен халықаралық ұйымдарға қатысуы туралы;

б) мемлекеттік несиелер туралы;

7) Қазақстан Республикасына экономикалық және өзге (гуманитарлықтан басқа) көмек көрсету туралы;

8) қол қойған кезде келіссөзге қатысқан тараптар оларды кейін бекіту жөнінде өзара келіскен;

9) халықаралық шарттар ондай келісімнің бекіту арқылы көрініс табатынын қарастырса, ондай халықаралық шарттар **бекітуге** жатады.

Халықаралық шарттар Қазақстан Республикасының атынан жасалса мемлекетаралық шарттар, Үкімет атынан жасалса — үкіметаралық шарттар, орталық атқарушы органдар, сондай-ақ Президентке тікелей бағынатын мемлекеттік органдар атынан жасалса — ведомствоаралық шарттар деп аталады.

Қазақстан Республикасының Конституцияға сәйкес белгіленген тәртіпте жасасқан және Парламент бекіткен халықаралық шарттарының оның заңдары алдында басымдығы бар (Конституцияның 4-бабының 3-тармағы).

Қолдану үшін заң шығаруды керек етпейтін халықаралық шарттардың ережелері Қазақстан Республикасында тікелей күшіне кіреді.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2008 жылғы 10-маусымындағы «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының нормаларын қолдану туралы» нормативтік қаулысына сәйкес, ТМД елдері арасында азаматтық, отбасы және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету саласындағы ынтымақтастық, әдетте, Азаматтық, отбасы және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы Конвенцияға (Минск, 1993), Азаматтық, отбасы және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы Конвенцияға (Кишинев, 2002), Азаматтық іс жүргізу және Қылмыстық іс жүргізу кодекстеріне және басқа нормативтік құқықтық актілерге, халықаралық шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

Кишинев конвенциясының 120-бабының 3-тармағына сәйкес қатысушы мемлекеттер арасында Минск конвенциясы өз әрекетін тоқтатады. Сонымен қатар, Кишинев конвенциясының 120-бабының 4-тармағына сәйкес, Минск конвенциясы Кишинев конвенциясына қатысушы мемлекеттер мен Кишинев конвенциясы күшіне енбеген оның қатысушы мемлекеттері арасындағы қатынаста қолданылады.

2010—2020 жылдаға арналған құқықтық саясат Тұжырымдамасында ғаламдану жағдайында мемлекеттің құқықтық

саясаты халықаралық құқыққа қарай ауады деп көрсетілген. Сондықтан да сыртқы саяси және сыртқы экономикалық қызметі құқықтық қамтамасыз ету бұл саясаттың негізгі бағыты болып отыр. Сыртқы саяси салада ұзақ мерзімді ұлттық мүдделерді қорғауға, халықаралық аренада екіжақты және көпжақты форматта өзара тиімді ынтымақтастықты қамтамасыз етуге бағдар алған мұндай қызмет өзіне парапар халықаралық-құқықтық реттеуді талап етеді.

Мемлекеттің сыртқы саясаттағы мақсаттарын іске асыру үшін халықаралық шарттар жасасуға және халықаралық ұйымдарға қатысуға пайыммен қарау керек, алдын ала әлеуметтік-экономикалық, саяси-құқықтық және басқа салдарларды болжау жөнінде едәуір жұмыс жүргізу қажет.

## **15.2. Құқық қорғау органдарының қылмыскерлікпен күрес саласындағы халықаралық ынтымақтастығы**

Қазіргі уақытта жалпы қылмыстық қылмыскерлікпен және халықаралық сипаттағы қылмыстармен күресу жөнінде көптеген екіжақты және көпжақты халықаралық конвенциялар, басқа да шарттар бар. 1889 жылдың өзінде Халықаралық қылмыстық құқық одағы халықаралық қылмыскерліктің бой көтергендігін ескертті, әр елдердің полиция қызметтерін бірлескен халықаралық акция жүргізіп, қылмыскерліктің алдын алуға және жолын кесуге шақырды. 1946 жылдан бастап Интерполға қатысушы мемлекеттердің егемендік теңдігі, олардың ішкі істеріне араласпай, адамның құқықтары мен бостандығын қастерлеу принципі негізінде жалпы қылмыстық қылмыскерліктің алдын алу және жолын кесу жөніндегі қызметті жүзеге асыруда<sup>1</sup>.

Азаматтық, отбасы және қылмыстық істер, бұл саладағы заңдылықты қамтамасыз ету бойынша құқықтық көмек көрсету жөніндегі халықаралық келісімдердің орындалуын қадағалайтын орган — прокуратура.

Қазақстан Республикасының **Бас прокуратурасы** шет мемлекеттердің өзара құқықтық көмек көрсету және шетел азаматтары мен заңды тұлғаларының республика аумағында

<sup>1</sup> Токсанбаев А. Б. Интерпол.— 2004.— 160 б.

құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі шағым-арыздарының орындалуына жауапты мекеме. Ол өз құзыреті шегінде басқа мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен тікелей байланыс орнатады, құқықтық көмек және қылмыскерлікпен күрес мәселелері бойынша келісімдер жасайды, халықаралық шарттарды дайындауға қатысады.

Прокуратура сұрау салынған адамды беру туралы шешім қабылдайды, ҚР ПМ органдарынан адамды ұстау және жеткізу туралы талап етеді, сұрау салған жаққа қажетті ақпарат береді. Прокуратура органдары қызметінің бұл бағыты республика егемендік алғалы бері айрықша маңыздылыққа ие болды.

Бұл практиканың іске асырылуына көмектесу және мұндай актілерді ұлттық заңдармен бір жүйеге келтіру де **Бас прокурорлардың Үйлестіру кеңесінің** негізгі міндеттерінің бірі. Қылмыскерлікпен күресті күшейту керектігі ТМД прокуратураларының жұмысын әрі қарай жетілдіруді талап етті. Соған байланысты 2000 жылдың 25-қаңтарында Мәскеу қаласында ТМД Бас прокурорларының Үйлестіру кеңесі туралы Ереже қабылданды, оны ТМД мемлекеттері басшыларының Кеңесі бекітті.

Үйлестіру кеңесінің негізгі міндеттері: азаматтардың құқықтары мен бостандығын қорғауда, заңдылық пен құқық тәртібін нығайтуда, қылмыскерлікпен күресте ТМД-ға қатысушы мемлекеттер прокуратураларының күш-жігерін біріктіру, әрекеттерін үйлестіру, ынтымақтастығын кеңейту; ТМД-ның шарттық-құқықтық базасын дамытуға қатысу еді. Үйлестіру кеңесінің 02.05.2003 жылғы шешімімен Кеңестің Жұмыс регламенті, Секретариаты туралы Ереже мен Ғылыми-әдістемелік орталығы туралы Ереже қабылданды.

Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттардың нормаларына және ҚР ҚІЖК-нің 55-тарауына сәйкес азамат құқығын қозғайтын және прокурор санкциясын керек ететін экстрадиция, қылмыстық қудалау, тергеу тапсырмаларын орындау мәселелері бойынша прокуратура органдары айрықша өкілеттікке ие. Шалғайдағы шет елдермен ынтымақтастық жылдан-жылға кеңеюде. 1998 жылы Қазақстан прокуратурасы **Халықаралық прокурорлар қауымдастығына** өтті, оның конференцияла-

рына қатысты (Пекин, Кейптаун). Халықаралық прокурорлар қауымдастығы 1995 жылдың 6-маусымында құрылды, оған 54 мемлекет мүше.

Қауымдастық құқықтық реформалар жобаларын жасауға және оларды іске асыруға, трансұлттық қылмыскерлікпен күресуге көмектеседі, сондай-ақ өз күшін әділ сотты ұтымды да таза жүргізуге, консультациялық көмек беріп, адам құқығын қорғауға бағыттайды.

Және де, Қазақстан Республикасының Бас прокуроры **Шанхай Ынтымақтастық ұйымына** (ШЫҰ) қатысушы елдердің Бас прокурорларының Кеңесіне мүше. Бас прокуратураның жұмысшы сараптама топтары шетелдік әріптестерімен бірлесіп құқық қорғау органдарының аймақтық өзара әрекеттестік мәселелері бойынша шешімдер әзірлеуге белсене қатысты. Қазақстан Республикасы ланкестікпен, сепаратизммен және экстремизммен күрес жөніндегі Шанхай Конвенциясына қатысушы болып табылады, Бішкек қаласында ланкестікке қарсы аймақтық орталық ашу мәселесімен айналысады.

Сонымен, прокурорлық қадағалаудың халықаралық ынтымақтастық саладағы **негізгі бағыттары** мыналар:

— қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету, экстрадиция және транзит;

— бас бостандығынан айыруға сотталған адамды жазасын өзі азаматы болып табылатын мемлекетте өтеуі үшін беру;

— қылмыстық-құқықтық салада халықаралық келісімдер әзірлеу;

— мемлекеттік органдардың халықаралық шарттарға отыруының, оларды орындауының және олардан шығуының заңдылығын қадағалау;

— прокуратура органдарының жұмысын шетелдік және халықаралық ұйымдармен үйлестіру;

— прокуратура органдарының құзыретіне жататын, халықаралық сипаттағы басқа да мәселелер.

Басқа мемлекеттерден және Қазақстан аумағында аккредиттелген халықаралық ұйымдардан келіп түскен сұраныстарды Бас прокуратураның Халықаралық қарым-қатынас Департаменті қарайды.

Халықаралық-құқықтық ынтымақтастық саласындағы қадағалау:

1) мемлекеттік органдардың халықаралық шарттарға отыру, оларды орындау және олардан шығу процесінде адам мен азаматтың құқықтары мен бостандығының, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерінің сақталуын;

2) шет ел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан аумағында құқықтары мен бостандықтарының қамтамасыз етілуін;

3) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен лауазымды адамдарының халықаралық шарттарға отыруының, оны орындауының және одан шығуының заңдылығын;

4) Қазақстан Республикасының қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету, қылмыс жасаған адамдарды экстрадициялау, қылмыстық қудалауды жүзеге асыру, бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарды жазасын өзі азаматы болып табылатын елде өтеуі үшін беру, транзит, сондай-ақ халықаралық-құқықтық сипаттағы өзге құжаттарды қарау мәселелері бойынша халықаралық міндеттемелерді орындауын;

5) Қазақстан Республикасының прокуратура органдарының таяу және шалғай шет елдермен, халықаралық ұйымдармен және қоғамдастықтармен халықаралық қарым-қатынасты жүзеге асыруын қамтамасыз етеді.

Басқа құқық қорғау органдарының шет мемлекеттердің арнайы қызметтерімен және органдарымен, халықаралық құқық қорғау ұйымдарымен ынтымақтастығы Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары негізінде жүзеге асырылады.

Өзге мемлекеттердің жедел-іздігі кызметін жүзеге асыруға құқық берілген органдары өзара әрекеттеседі және жедел-іздігі шараларын Қазақстан Республикасының аумағында заңда және тиісті шарттар мен келісімдерде белгіленген тәртіпте және шекте жүргізеді. Қазақстан Республикасының жедел-іздігі кызметін жүзеге асырушы органдары өзара әрекеттеседі және өзге мемлекеттердің заңдарында белгіленген тәртіпте және шекте, тиісті шарттар мен келісімдер негізінде жүргізеді.

Қылмыстық процесс жүргізуші органдардың шет мемлекеттердің қылмыстық істер бойынша құзыретті мекемелерімен және

лауазымды адамдарымен өзара әрекеттесу тәртібі туралы негізгі ережелер ҚР ҚІЖК-нің 55-тарауында регламенттелген. Бұрынғы Одақ аумағында егемен мемлекеттердің құрылуы, қоғам өмірінің демократиялануы Қазақстан Республикасының халықаралық байланыс ауқымын кеңейтті, азаматтардың шет елдерге барып-келуін жеңілдетті. Өкінішке орай, қылмыс жасаған кейбір адамдар, елдердің құқықтық жүйелеріндегі айырмашылықтарды пайдаланып, өз елдеріндегі жауапкершіліктен қашып шет елдерге өтіп кетуде. Мұндай жағдайларда, қылмыскерлерді әшкерелеу үшін, көптеген мемлекеттердің құқық қорғау органдарының күш-жігері бірігуге тиіс.

Қылмыскерлік шекараны білмейді, сондықтан да ТМД елдерінің прокуратура органдарының қылмыскерлікпен және құқық тәртібін бұзушылықпен күресті ұйымдастыруға байланысты проблемаларды бірлесіп шешкені жөн.

ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің криминалмен күрестегі бірлескен әрекетінің алғашқы ірі қадамы Ұйымдасқан қылмыскерлікпен және қылмыстардың өзге қауіпті түрлерімен күрес бойынша бірлескен шаралар Бағдарламасы (1993 ж.) болды, Достастық мемлекеттерінің басшылары Минск қаласында қол қойған Азаматтық, отбасы және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы Конвенция ол үшін құқықтық база болды. Шекараның ашықтығы, әлеуметтік-экономикалық жағдайдың күрделілігі себепті ТМД-нің көптеген мемлекеттерінде ынтымақтастықтың жаңа формаларын іздестіру керек болды.

Соған байланысты 1996 жылдың мамыр айында мемлекеттер басшылары Кеңесінің шешімімен ТМД-ға қатысушы мемлекеттер аумағында Ұйымдасқан қылмыскерлікпен және қылмыстардың қауіпті басқа түрлерімен күресу жөніндегі бірлескен шаралардың мемлекетаралық бағдарламасы бекітілді. Ол ТМД елдерінің құқық қорғау органдарының өзара әрекеттестігін реттеуде және кеңейтуде елеулі рөл атқарды.

2000 жылдың 25-қаңтарында Достастық мемлекеттері басшыларының Кеңесі Қылмыскерлікпен күрестің бірлескен шараларының Мемлекетаралық бағдарламасын бекітті, ал Қазақстан оны іске асырудың ұлттық жоспарын жасады.



Халықаралық Конвенцияларға қосылып Қазақстан өзіне бірқатар маңызды міндеттемелер қабылдады. Мысалы, Консулдық қатынастар құралы Вена Конвенциясына (1983 ж.) сәйкес Қазақстан өз аумағында құқық бұзған шет ел азаматының ұсталғандығы туралы шетелдік дипломатиялық өкілдікке уақтылы хабарлауды міндетіне алды. ҚР Конституциясына сәйкес республикадағы шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар, егер Конституцияда, заңдарда, халықаралық шарттарда өзгедей көзделмеген болса, Қазақстан азаматтары үшін белгіленген құқықтар мен бостандықты пайдаланады, міндеттерді көтереді. Қазақстан Республикасының азаматы емес, өзінің басқа мемлекеттің азаматы екендігіне дәлелі бар адам Қазақстан Республикасындағы шетел азаматы деп танылады.

Жалпы тәртіп бойынша шет ел азаматтары құқық бұзғандық (қылмыс) үшін өзі жүрген елдің азаматтарымен теңдей және сол мемлекеттің заңдары бойынша жауапкершілік көтереді. Кейбір шетелдіктер өздерінің лауазымдық жағдайына және халықаралық мәртебесіне байланысты иммунитетпен (қол сұқпаушылықпен) пайдаланады. Ондай адамдардың тізбесі дипломатиялық қатынастар туралы Вена Конвенциясында берілген. Бірақ өмірде, құқық бұзушылық жасады деген күдікпен ұсталған нақты шетелдікке қатысты заң қолдануда қиындық болуы мүмкін. Ондай жағдайда адамда иммунитеттің бар екендігі туралы мәліметті Сыртқы істер министрлігінен алуға болады.

Азаматтарды **қылмыстық қудалау** мәселелері бойынша мемлекетаралық қатынастар қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек туралы шарттарға негізделеді. Республика жасаған және бекіткен шарттардың басым көпшілігі екіжақты шарттар. Қылмыстық қудалау, әдетте, прокурордың, тергеушінің, анықтаушының ынтымағымен жүргізіледі, ол мемлекеттің құқығы және оған Бас прокурордың шешімі керек. Халықаралық шарттарда «қылмыстық қудалау» ұғымына анықтама жоқ. Ол мемлекеттердің ұлттық заңдарында бар, мысалы ҚР ҚІЖК-нің 7-бабының 13-тармағында берілген — қылмыстың жасалған жеріне және қылмыс жасады деп күдік тудырған (айыпталушы) адамның қай ел азаматы екендігіне қарай қылмыстық қудалау

шет мемлекеттің құзіретті мекемесінің тапсыруы бойынша немесе ҚР Бас прокурорының немесе ол уәкілеттік берген прокурордың тапсыруы бойынша, орталықтандырылған тәртіпте, құзіретті мекемелер арқылы қатынасып жүзеге асырылады. Құқықтық көмек туралы шарт болмаған жағдайда бір Тарап екінші Тараптың тапсыруы бойынша қылмыстық қудалауды жүзеге асыру міндетін өз мойнына алады. Бұл принцип ҚР ҚІЖК-нің 521-бабының 1-тармағында көрініс тапқан.

Сонымен, халықаралық ынтымақтастық саласындағы **қылмыстық қудалауды** мемлекеттер арасындағы, халықаралық шарттардың баптарына не өзаралық принципке және ұлттық заң нормаларына негізделген, қылмыстық қудалауды жүргізу туралы тапсырма болған жағдайда сезікті немесе айыпталушы адамға қатысты қолданылатын құқықтық көмек актісі.

Шет мемлекеттің аумағында қылмыс жасап, Қазақстан аумағында жүрген Қазақстан Республикасының азаматын қудалау шет мемлекеттің құзіретті мекемесінің оны қудалау туралы өтінішінің негізінде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының аумағында қылмыс жасап, Қазақстаннан сыртқа шығып кеткен шетел азаматын қылмыстық қудалауды сол қылмыс бойынша іс жүргізуші орган жүзеге асырады. Мысалы, іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру туралы қаулы, сондай-ақ қылмыстық істі беру туралы қаулы шығартылады, істегі әрбір құжат куәлендіріледі және мөрмен бекітіледі; қазақ немесе орыс тілінде жасалған құжаттардың және қылмыстық істің (материалдардың) сұратқан Тараптың мемлекеттік тіліне немесе халықаралық шартта белгіленген тілге аудармасы тіркеледі.

Қылмыстық қудалауды жүзеге асырудағы маңызды құралдардың бірі — қылмыс жасаған адамдарды **экстрадициялау**. Ондағы мақсат — қылмыс жасаған адам өзі қылмыс жасаған елде, не ұсталған елде не қылмыстан көбірек зардап шеккен елде қатаң жаза алуға тиіс.

Экстрадиция (беру) — қылмыс жасаған адамда қылмыстық жауапқа тарту не сот үкімінің орындалуы мақсаттыда егемен мемлекеттер арасында орын алатын халықаралық-құқықтық көмек актісі. Экстрадиция субъектісі қылмыс жасаған деп айыпталушы немесе қылмыс жасағаны үшін сотталған адам бо-

лады. Адам шартқа отырған мемлекеттердің қылмыстық заңы бойынша жазалауға жататын болса ғана экстарадияция жасалады. Есірткемен, ленкестікпен және ұшақ қуып кетумен байланысты қылмыстар жасаған адам, жазалау шарасына қарамастан, барлық жағдайларда да экстарадиялауға жатады.

Сонымен, экстарадияны, мемлекеттер арасындағы, халықаралық шарттардың баптары мен ұлттық заңдардың нормаларына негізделген, адамды қылмыстық жауапқа тарту немесе сот үкімінің орындалуы мақсатында беруді көздейтін қылмыстық көмек актісі.

Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде қылмыс жасаған және Қазақстан аумағында жүрген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының халықаралық шартына сәйкес қылмыстық жауапқа тарту немесе жазасын өтеу үшін шет мемлекетке ұстап берілуі мүмкін (ҚК-нің 8-бабы). Қазақстан бұрын Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде қылмыс жасаған өз азаматтарын ұстап бермеу жағына зейін қойып отыр. Оның үстіне Конституцияда (11-бап), «Азаматтық туралы» Заңда (8-бап), Қылмыстық Кодексте (8-бап) Қазақстан өз азаматтарын бермеу принципін ұстанады деп көрсетілген.

Сонымен қатар, басқа мемлекеттің аумағында, қылмыс жасаған адамды беруден бас тарту оның сол бетімен жазасыз қалатындығын білдірмейді. Оған қатысты қылмыстық қудалау оның қылмыстық ісін сұратушы жақтың құзыреті мекемесіне жіберу арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Беруден бас тарту адамның қай мемлекеттің азаматы екендігіне де байланысты.

Экстарадиялау туралы талап экстарадия жасаудың негізіне алынады, ол Бас прокурордан немесе ол уәкілеттік берген прокурордан шығатын ресми мемлекетаралық құжат.

Ұстаған кезден бастап 72 сағат ішінде, прокурордың сотқа тиісті өтініш жіберуі арқылы, **экстарадиялық тұтқындауды** қолдану туралы мәселе шешілуге тиіс. Ол үшін тұтқындауды қолдануға негіз болатын барлық материалдармен мұқият танысып, Қазақстан Республикасына келудегі мақсатын, қай жерде қанша уақыт тұрып жатқандығын, азаматтығын, қылмыстық қудалаудың мән-жайын анықтау керек.

Бас бостандығынан айыруға сотталған, Қазақстан

Республикасының азаматы емес адам, жазасын әрі қарай өтеуі үшін өзін шет мемлекетке беру туралы облыс прокуратурасына жүгінсе, ол прокуратура сотталғанға қатысты, ұлттық заңдар мен халықаралық шарттарда көзделген барлық қажетті материалдарды ҚР Бас прокуратурасына жіберіледі.

### **15.3. Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы тапсырмаларды қарау тәртібі**

**Шет мемлекеттің құзыретті мекемесінің** ҚР Бас прокуратурасына келіп түскен тапсырмасын, оны орындауға кедергі келтіретін себептер болмаса, Халықаралық қарым-қатынас Департаментінің бастығы не оның орынбасары, аумағында тапсырылған іс жүргізу әрекеттері өтетін облыстың прокуратурасына жібереді, ол қабылданған шара жайында ведомстволық бақылау жасайтын орталық аппаратты және шет мемлекеттің құзыретті мекемесін хабардар етеді.

Халықаралық шарттарға сәйкес облыс прокуратураларына келіп түскен тапсырманы облыс прокуроры не оның міндетін атқарушы адам бақылауындағы тиісті органға жіберіледі, ол жайында шет мемлекеттің құзыретті мекемесін хабардар етеді.

Облыс прокурорлары өз құзыреті шеңберінде қылмыстық істер бойынша іс жүргізу әрекеттерін, прокурор санкциясы керек жедел-ізвестіру іс-шараларын жүзеге асырумен, сондай-ақ қазақстан Республикасы прокуратура органдарының құзыретіне жататын құжаттармен байланысты мәселелер бойынша Азаматтық, отбасы және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы Конвенцияның (Жишинев, 2002) ережелерін іске асыруға құқылы.

Облыс прокурорлары:

- 1) конституциялық құрылыстың негіздеріне және мемлекет қауіпсіздігіне қарсы қылмыстардың белгілері бойынша;
- 2) ланкестік, экстремизм және сепаратизм фактілері бойынша;
- 3) заңсыз жолмен тапқан ақша қаражатын және өзге мүлікті жылыстату фактілері бойынша;
- 4) мемлекетке едәуір зиян келтірген қылмыстардың белгілері бойынша;

5) қоғамда кең қобалжыс тудырған қылмыстардың белгілері бойынша;

6) жауапты мемлекет қызмет атқарушы адамдарға қатысты қозғалған қылмыстық істер жөнінде Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына жазбаша ақпарат береді.

Мұндай ақпараттар тапсырма келіп түскен кезден бастап 24 сағат ішінде жіберіледі.

Ба прокуратура, қылмыстық қудалау органының тапсырманың орындалғаны туралы хабарын алған бойда ол жайында шет мемлекеттің құзыретті мекемесін хабардар етеді. Тапсырма ҚІЖК-нің 55-тарауының талаптарына сәйкес қаралады, бұл жерде, құқықтық көмек көрсетілгенде нақты мемлекетпен өзаралық принципін сақталуына баса назар аудару керек.

Шет мемлекеттің құзыретті органның өтінішін орындау мүмкін болмаса қорытынды жасалады, оны Департамент бастығы бекітеді, қылмыстық істі (қылмыстық іс қозғауға керекті материалдарды) лауазымды адамдар кедергі болған мән-жайды көрсетіп қайтарады.

Шет мемлекеттің құзыретті мекемесінің өтініші қанағаттандырылған жағдайда қылмыстық істі Департамент бастығы тергеу ұйымдастыру үшін аумағында іс жүргізу әрекеттері өтетін облыстық прокуратурасына жібереді.

Жоғары тұрған прокуратураға:

1) қылмыстық іс бойынша біршама іс жүргізу шешімін қабылдағанға дейін — шет мемлекеттің құзыретті органының өтініші бойынша жүзеге асырылатын қылмыстық қудалаудың;

2) шет мемлекеттің құзыретті мекемесінің қылмыстық қудалауды жалғастыру туралы өтінішіне орай жүзеге асырылған адам іздестірудің нәтижесі туралы хабарланады.

Жоғары тұрған прокуратураға, ол белгілеген мерзімде шет мемлекеттің қылмыстық іс қозғау туралы өтініш бойынша жүргізілген тергеуге дейінгі тексерудің нәтижесі туралы ақпарат беріледі.

Қылмыстық қудалау органдарының тергеу және өзге іс жүргізу әрекеттерін жүргізу туралы тапсырмасы, егер халықаралық шарттарда өзгедей көзделмесе, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы немесе уәкілетті облыстық прокуратра арқылы шет мемлекеттің құзыретті мекемесіне жіберіледі.

Соттың жүргізуіндегі қылмыстық істерді шет мемлекетке жіберу Жоғары сот Төрағасы мен Бас прокурордың «Соттардың жүргізуіндегі қылмыстық істерді шет мемлекетке жіберу тәртібі туралы» бірлескен нұсқауына сәйкес жүзеге асырылады. Қылмыстық іс жүргізуші органдардың Қазақстан аумағынан сырт кеткен, Қазақстан Республикасының азаматы емес айыпталушыны қылмыстық қудалау үшін қылмыстық істі шет мемлекеттің құзыретті мекемесіне жіберу туралы өтінішін ҚР Прокуратура органдары 30 тәулік ішінде қарауға тиіс. Қылмыстық қудалау органдарының Қазақстан Республикасының азаматы емес адамдарға қатысты қылмыстық іс қозғау туралы мәселені шешу үшін қажетті материалдарды шет мемлекеттердің құзыретті мекемесіне жіберу туралы өтініші де осы мерзім ішінде қаралуға тиіс.

Өтінішті қараудың және қылмыстық іс материалдарын зерделеудің нәтижесінде тергеудің және анықтаудың заңдылығын қадағалау бөлімшесінің бастығы прокурордың халықаралық шарттардың қолданылуын қадағалау жөніндегі көмекшісімен (аға көмекшісімен) бірге қылмыстық істі шет мемлекетке жіберу жөнінде қабылданған шешімнің заңдылығы туралы қорытынды жасайды.

Қылмыстық қудалау органының өтініші қанағаттандырылған жағдайда, тергеу мерзімін прокуратура кемінде үш айға ұзартқан қылмыстық істің материалдары облыс прокуратурасының тиісті қорытындысы, алдын ала тергеуді қайта жандандыру және қылмыстық істі тергеуге тиісті органға жіберу туралы қаулыларды облыс прокурорының тиісті өтінішімен бірге Бас прокуратураға жіберіледі.

Қылмыстық қудалау органдары қылмыстық іс қозғау туралы мәселені шешуге қажетті материалдарды облыс прокуратурасына жібереді, ал прокуратура органдары оларды шет мемлекеттерге жіберуге жататын қылмыстық істерді зерделеу тәртібіне ұқсас тәртіпте қарайды: қанағаттандырылған өтініш қылмыстық іс қозғау мәселесін шешуге қажетті материалдармен бірге жоғары тұрған прокуратураға жібереді. Облыс прокуроры өтінішті қанағаттандырған жағдайда, Бас прокуратура қылмыстық істі тиісті тапсырмамен қоса шет мемлекеттің құзыретті мекемесіне жібереді, ол жайында облыс прокурорын хабардар етеді.

## **БАҒДАРЛАМА** **«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ** **ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ» ОҚУ КУРСЫ**

Қылмыстық істі шет елдің құзіретті органы кері қайтарған жағдайда Халықаралық қарым-қатынас Департаменті қорытынды шығарады, онда өтініштің қанағаттандырусыз қалғандығының себептері мен мән-жайы баяндалады. Бас прокуратура істі қайтарған жағдайда облыс прокуратурасы істің тергелуіне лайықты қадағалау жүргізе алмаған қызметкерлердің тәртіптік жауапкершіліктері туралы мәселені қарайды, ол туралы Бас прокурордың бұл салаға жетекшілік ететін орынбасарына бір ай мерзім ішінде баяндайды.

### **1-тақырып. «Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары» курсының пәні, міндеті және жүйесі.**

Құқық қорғау қызметінің ұғымы және оның негізгі белгілері. «Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары» оқу пәні және оның заң пәндері арасында алатын орны. Құқық қорғау қызметінің негізгі бағыттары. Құқық қорғау қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік органдар. Құқық қорғау органдарының негізгі функциялары мен міндеттері. Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының тұжырымдамасы.

### **2-тақырып. Сот билігі. Сот төрелігі және оның принциптері**

Сот билігі ұғымы және оның негізгі белгілері. Сот билігі — мемлекеттік билік тармақтарының бірі. Сот билігін іске асырудың формалары. Сот — сот билігінің органы. Азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандығын қамтамасыз етудегі сот рөлі. Сот төрелігі, оның сипаты мен принциптері. Сот төрелігін жүзеге асыру кезіндегі заңдылық принципі. Сот төрелігін тек соттың жүзеге асыру принципі. Судьялардың тәуелсіздік принципі. Сот төрелігін барлық адамдардың сот және заң алдында бірдейлігі принципі негізінде жүзеге асыру. Әркімді сот қорғауына құқықпен қамтамасыз ету принципі. Кінәсіздік презумпциясы принципі. Тараптардың сайыскерлік және тең құқылық принципі. Істі сотта қараудың жариялылық принципі. Ана тілін пайдалануды қамтамасыз ету принципі. Адамның арнамысы мен қадір-қасиетін қорғау принципі. Сот талқысының тікелей және ауызша өту принципі.

### **3-тақырып. Қазақстан Республикасының сот жүйесі**

Сот жүйесінің жалпы ұғымы және маңызы. Сот жүйесінің бірлігі. Мамандандырылған соттар. Бірінші инстанция соты. Аудандық соттардың өкілеттігі. Облыстық және оларға теңестірілген соттардың өкілеттігі. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты, оның өкілеттігі. Жоғарғы Соттың сот алқасы.

Судьялардың құқықтық мәртебесі. Судьяларды сайлаудың және тағайындаудың тәртібі. Судьяға және судьяға үміткерге қойылатын талаптар.

Жоғарғы Сот Кеңесі. Судьялар Одағы. Аралық сот. Алқабилер: ұғымы және құқықтық мәртебесі. Соттардың ұйымдық және ресурстық қамтамасыз етілуін жүзеге асыратын органдар.

#### **4-тақырып. Қазақстан Республикасындағы конституциялық бақылау**

Конституциялық бақылау институтының қалыптасуы және дамуы. Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі: оның қызметінің құқықтық негіздері. Конституциялық Кеңестің мәртебесі. Конституциялық Кеңесті құру тәртібі. Конституциялық Кеңес мүшелерінің тәуелсіздігі және қолсұқпаулығы. Конституциялық Кеңестің құзыреті және оны іске асыру формалары. Конституциялық іс жүргізу. Конституциялық іс жүргізуге қатысушылардың құқықтары мен міндеттері. Конституциялық Кеңес шешімдерінің түрлері. Конституциялық Кеңес шешімдерінің заңдық күші.

#### **5-тақырып. Қазақстан Республикасының әділет органдары**

Әділет органдарының қалыптасуы және дамуының негізгі кезеңдері. Әділет органдары қызметінің құқықтық негізі. Әділет органдарының міндеті және ұйымдастырылуы мен қызметінің принциптері. Әділет органдарының негізгі функциялары. Әділет органдары мен олардың лауазымды адамдарының құқықтары мен міндеттері. Әділет органдарының жүйесі. Әділет министрлігі. Аумақтық әділет органдары: олардың міндеттері мен негізгі функциялары. Мемлекеттік тіркеу.

Қылмыстық-атқару жүйесі және оның құрылымы. Қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерінің құқықтық жағдайы.

#### **6-тақырып. Қазақстан Республикасының прокуратура органдары**

Прокуратураның дамуының негізгі тарихи кезеңдері. Прокуратураның — республиканың құқық қорғау органдары

жүйесіндегі орны. Прокуратура органдарының құқықтық негізі, ұйымдастырудың және қызметінің принциптері. Прокуратура органдарының жүйесі. Мамандандырылған прокуратуралар. Құқықтық статистика және арнайы есеп комитеті. Прокуратура органдары қызметінің құқықтық кепілдігі.

Қадағалаудың жекелеген салалары бойынша қадағалаулық функциялардың заты мен мазмұны. Мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және қоғамдық бірлестіктердің қызметінің заңдылығын қадағалау. Жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асырушы органның қызметінің заңдылығын қадағалау. Анықтау және алдын ала тергеу органдарының қызметінің заңдылығын қадағалау. Прокурордың азаматтық және қылмыстық істерді соттың қарауына қатысуы. Әкімшілік іс жүргізудің заңдылығын қадағалау. Жазалардың орындалу сатысындағы заңдылықты қадағалау. Орындаушылық іс жүргізудің заңдылығын қадағалау.

#### **7-тақырып. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету органдары**

Ұлттық қауіпсіздіктің жалпы сипаттамасы. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Қазақстан Республикасы Президентінің күзет қызметі. «Сырбар» сыртқы барлау қызметі. Ұлттық қауіпсіздік органдары, олардың міндеттері мен негізгі функциялары. Ұлттық қауіпсіздік қызметінің құқықтық негіздері және міндеттері. Ұлттық қауіпсіздік органдарының жүйесі. Ұлттық қауіпсіздік комитеті, аумақтық және өзге ұлттық қауіпсіздік органдары. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ведомстволары. Ланкестікке қарсы орталық. Шекара қызметі. Ұлттық қауіпсіздік органдарының құқықтары мен міндеттері. Ұлттық қауіпсіздік органдарының кадрлары.

#### **8-тақырып. Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары**

Ішкі істер органдарының негізгі міндеттері, принциптері және құрылымы. Олардың қызметінің құқықтық негізі. Ішкі істер органдарының жүйесі. Ішкі істер министрлігі. Ішкі әскерлер

комитеті. Есірткі бизнесімен күрес және есірткі айналымын бақылау комитеті, Тергеу комитеті, Криминалдық полиция комитеті, Әкімшілік полиция комитеті және Жол полициясы комитеті.

Аумақтық, салалық және мамандандырылған ішкі істер органдары, олардың құрылымы және құзыреті. Ішкі істер органдарының құқықтары мен негізгі міндеттері. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің мәртебесі.

### **9-тақырып. Анықтау, алдын ала тергеу және жедел-іздігіру қызметін жүзеге асыратын органдар**

Тергеу органдарының қалыптасуының және дамуының негізгі кезеңдері. Анықтау және алдын ала тергеу органдары қызметінің құқықтық негізі, олардың міндеттері. Тергеу бөлімінің бастығы. Тергеуші, оның құқықтық мәртебесі. Анықтау органдары және олардың міндеттері, анықтаудың формалары. Анықтау органының бастығы. Анықтаушы, оның құқықтық мәртебесі. Қылмысты тергеуді ұйымдастыру. Қылмыстық істердің қайда тергелетіндігі. Алдын ала тергеу мен анықтаудың мерзімдері. Алдын ала тергеу ұйымдастыруды жетілдіру проблемалары.

Жедел-іздігіру қызметі. Жедел-іздігіру іс-шараларын жүргізуге негіздер. Жалпы және арнайы жедел-іздігіру іс-шаралары. Жедел-іздігіру қызметінің нәтижелерін пайдалану.

### **10-тақырып. Қаржы полициясы органдары**

Қаржы полициясы органдарының негізгі міндеттері, қызметінің жүйесі және ұйымдастырылуы. Олардың қызметінің құқықтық негізі. Қаржы полициясы органдарының ұйымдастырылу және қызмет принципі. Қаржы полициясы органдарының қызметінің негізгі бағыттары. Қаржы полициясы органдарының құқықтары мен міндеттері. Экономикалық және сыбайлас жемқорлықпен күресу Агенттігі (қаржы полициясы). Қаржы полициясының аумақтық және мамандандырылған органдары. Қаржы полициясы органдары қызметкерлерінің құқықтық жағдайы.

### **11-тақырып. Қазақстан Республикасының кеден бақылауы органдары**

Қазақстан Республикасының кеден бақылауы органдары. Кеден органдары ұғымы, олардың міндеттері және жүйесі. Кеден бақылауы органдарының негізгі міндеттері. Кеден бақылауы комитеті, оның аумақтық органдары. Кеден органдары қызметінің негізгі бағыттары. Кеден органдарының құқықтары мен міндеттері. Кеден органдары қызметкерлерінің құқықтық мәртебесі.

### **12-тақырып. Қазақстан Республикасының нотариаты**

Қазақстан Республикасында нотариаттың қалыптасуы және дамуы. Нотариаттың құқықтық негіздері мен функциялары. Нотариалдық қызметтің принциптері. Нотариалдық палата. Нотариалдық қызмет құқығына лицензия. Нотариустың құқықтары мен міндеттері. Кейбір нотариалдық әрекеттерді жасау тәртібі.

### **13-тақырып. Қазақстан Республикасының адвокатураның**

Адвокатураның қалыптасуы және дамуы. Оны ұйымдастырудың және қызметінің принциптері. Адвокаттар көрсететін заң көмегінің түрлері. Адвокаттардың құқықтық мәртебесі. Адвокаттардың көмекшілері мен стажерлары. Адвокаттар алқасы, оның міндеті, жарғысы, негізгі органдары. Адвокаттардың құқықтық жағдайы. Адвокаттық қызметті жүзеге асыру үшін лицензия алу тәртібі. Заң консультациясы, оларды құру тәртібі. Адвокатураның мемлекеттік органдармен және өзге ұйымдармен өзара әрекеттестігі.

### **14-тақырып. Кейбір шет мемлекеттердің құқық қорғау органдары**

Шет мемлекеттердің құқықтық жүйелері. Прецеденттік және статуттық құқық. Шет мемлекеттерде соттың, прокуратура және алдын ала тергеу органдарының ұйымдастырылуының және қызметінің негізгі принциптері. Сот жүйесі және прокуратура органдары. АҚШ-тың құқық қорғау органдары.

Ұлыбританияның құқық қорғау органдары. Францияның құқық қорғау органдары. Германияның құқық қорғау органдары.

Жапонияның құқық қорғау органдары. Соттың және прокуратура органдарының қызметіндегі айырмашылықтар. ТМД елдерінің құқық қорғау органдары.

### **15-тақырып. Құқық қорғау органдарының халықаралық-құқықтық ынтымақтастығы**

Халықаралық ынтымақтастықтың құқықтық базасы. Шет елдердің құқық қорғау органдарымен ынтымақтастықтың маңызы мен міндеттері.

Құқық қорғау органдарының қылмыскерлікпен күрес саласындағы халықаралық ынтымақтастығы. Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы тапсырмаларды қарау тәртібі.

## **НОРМАТИВТІК АКТІЛЕР МЕН ӘДЕБИЕТ**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 30.08.1995 ж.
2. Адам құқығының жалпыға бірдей Декларациясы, 1999.
3. Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт және Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакт, 16.12.1966.
4. «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» Конституциялық заң, 26.12.1995.
5. «Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заң, 25.12.2000.
6. «Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сот Кеңесі туралы» ҚР заңы, 17.11.2008.
7. «Алқабилер туралы» ҚР Заңы, 16.01.2006.
8. «Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» Конституциялық заң, 29.12.1995.
9. «Атқарушылық жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» ҚР заңы, 30.06.1998.
10. «Сот приставтары туралы» ҚР Заңы, 07.07.1997.
11. «Аралық соттар туралы» ҚР заңы, 28.12.2004.
12. «Әділет органдары туралы» ҚР заңы, 18.03.2002.
13. «Нотариат туралы» ҚР заңы, 14.07.1997.
14. «Прокуратура туралы» ҚР заңы, 21.12.1995.
15. «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» ҚР заңы, 26.06.1998.
16. «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы» ҚР заңы, 21.12.1995.
17. «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» ҚР заңы, 21.12.1995.
18. «Жедел-ізвестіру қызметі туралы» ҚР заңы, 15.09.1994.
19. «Қаржы полициясы органдары туралы» ҚР заңы, 04.07.2002.
20. «Адвокаттық қызмет туралы» ҚР заңы, 05.12.1997.
21. ҚР Азаматтық кодексі, 27.12.1994.
22. ҚР Азаматтық-іс жүргізу кодексі, 01.07.1999.
23. ҚР Қылмыстық-іс жүргізу кодексі, 1997.
24. ҚР Кеден кодексі, 05.04.2003.

25. ҚР Қылмыстық-атқару кодексі, 1997.
26. ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі.
27. ҚР Президентінің «ҚР Жоғарғы Соты жанынан сот әкімшілігін жүргізу жөніндегі комитет құру туралы» Жарлығы, 01.09.2000.
28. ҚР Президентінің «Алматы қаласында мамандандырылған қаржы сотын құру туралы» Жарлығы, 17.08.2006.
29. ҚР Президентінің «ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Ланкестікке қарсы орталығын құру туралы» Өкімі, 29.12.2003.
30. ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің Ланкестікке қарсы орталығы туралы ереже, 01.12.2000.
31. ҚР Ішкі істер министрлігінің кейбір мәселелері туралы ҚР Үкіметінің Қаулысы, 21.04.2006.

## МАЗМҰНЫ

|  |     |
|--|-----|
| Кіріспе мақала.....  | 3   |
| Кіріспе.....   | 6   |
| <b>1 ТАРАУ. Құқық қорғау қызметі. Құқық қорғау органдары ұғымы, олардың негізгі белгілері мен міндеттері</b> |     |
| 1.1. Құқық қорғау қызметі. Құқық қорғау органдары ұғымы, олардың негізгі белгілері мен міндеттері.....       | 9   |
| 1.2. Курстың заты, оның мақсаты. Құқық қорғау органдарының түрлері.....                                      | 19  |
| 1.3. Мемлекеттің құқық қорғау қызметін жетілдірудегі құқықтық саясаты.....                                   | 24  |
| <b>2 ТАРАУ. Қазақстан Республикасындағы сот билігі</b>   |     |
| 2.1. Сот билігі ұғымы және оның негізгі белгілері.....   | 30  |
| 2.2. Сот төрелігі ұғымы және оның принциптері.....   | 34  |
| 2.3. Алқабилердің қатысуымен сот ісін жүргізу.....   | 46  |
| <b>3 ТАРАУ. Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі</b>   |     |
| 3.1. Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі.....   | 54  |
| 3.2. Судьялардың құқықтық мәртебесі.....   | 61  |
| 3.3. Жоғарғы Соттық Кеңес. Судьялар одағы. Төрелік соттар.....   | 67  |
| 3.4. Ұйымдық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын органдар.....  | 79  |
| <b>4 ТАРАУ. Қазақстан Республикасындағы Конституциялық бақылау</b>   |     |
| 4.1. Конституциялық бақылау институтының қалыптасуы және дамуы.....  | 83  |
| 4.2. Конституциялық Кеңесті қалыптастыру тәртібі және оның құрамы.....                                       | 89  |
| 4.3. Конституциялық Кеңестің құзыреті және оны іске асырудың формалары.....                                  | 92  |
| 4.4. Конституциялық іс жүргізу. Конституциялық іс жүргізуге қатысушылардың құқықтары мен міндеттері.....     | 100 |



|  |     |
|--|-----|
| <b>5 ТАРАУ. Қазақстан Республикасының әділет органдары</b>   |     |
| 5.1. Әділет органдарының негізгі міндеттері мен жүйесі.....  | 107 |
| 5.2. Әділет органдарының негізгі функциялары. Әділет органдары мен олардың лауазымды адамдарының құқықтары мен міндеттері..... | 111 |
| 5.3. Әділет органдарының құрылымы және оның қылмыстық-атқару қызметі саласындағы функциялары.....                              | 121 |
| 5.4. Қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері.....  | 127 |
| <b>6 ТАРАУ. Қазақстан Республикасының прокуратура органдары</b>  |     |
| 6.1. Прокуратураның дамуының негізгі тарихи кезеңдері.....   | 131 |
| 6.2. Прокуратура органдарын ұйымдастыру принциптері және олардың қызметінің құқықтық кепілдері.....                            | 137 |
| 6.3. Прокуратура органдарының жүйесі және құрылымы.....  | 142 |
| 6.4. Прокурорлық қадағалаудың негізгі бағыттары.....   | 145 |
| <b>7 ТАРАУ. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін органдары</b>   |     |
| 7.1. Ұлттық қауіпсіздіктің жалпы сипаттамасы.....  | 155 |
| 7.2. Ұлттық қауіпсіздік органдары. Міндеттері мен функциялары.....   | 167 |
| 7.3. Ұлттық қауіпсіздік органдарының құқықтары мен міндеттері.....   | 174 |
| <b>8 ТАРАУ. Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары</b>   |     |
| 8.1. Ішкі істер органдарының негізгі міндеттері, принциптері және құрылымы.....  | 179 |
| 8.2. Ішкі істер органдарының құқықтары мен міндеттері.....   | 190 |
| 8.3. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің мәртебесі.....  | 199 |
| <b>9 ТАРАУ. Қылмыстарды айқындау және тергеу органдары</b>   |     |
| 9.1. Тергеу органдары институтының қалыптасуының және дамуының негізгі кезеңдері.....  | 202 |
| 9.2. Алдын ала тергеу органдары.....   | 209 |
| 9.3. Анықтау органдары және олардың міндеттері.....  | 214 |
| 9.4. Жедел-іздістіру қызметі органдары.....  | 218 |

|   |     |
|---|-----|
| <b>10 ТАРАУ. Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдары</b>                                |     |
| 10.1. Қаржы полициясы органдарының негізгі мақсаты, жүйесі және қызметін ұйымдастыруы.....          | 227 |
| 10.2. Қаржы полициясы органдарының жүйесі және олардың қызметін ұйымдастыру.....                    | 234 |
| 10.3. Қаржы полициясы органдары қызметкерлерінің құқық жағдайы.....                                 | 241 |
| <b>11 ТАРАУ. Қазақстан Республикасының Кеден органдары</b>  |     |
| 11.1. Кеден органдары ұғымы және олардың міндеттері.....  | 244 |
| 11.2. Кеден органдарының принциптері мен жүйесі.....  | 249 |
| 11.3. Тауарлар мен көлік құралдарын өткізу.....   | 252 |
| 11.4. Кеден құқығы бойынша жауапкершілік. Кеден органының шешімдеріне, әрекеттеріне шағым беру..... | 256 |
| 11.5. Кеден органдарында қызмет атқару тәртібі.....   | 259 |
| <b>12 ТАРАУ. Қазақстан Республикасындағы нотариат</b>   |     |
| 12.1. Қазақстан Республикасында нотариаттың қалыптасуы және дамуы.....                              | 261 |
| 12.2. Нотариаттың құқықтық негіздері мен функциялары.....   | 266 |
| 12.3. Нотариустың құқығы, міндеті және жауапкершілігі.....  | 272 |
| 12.4. Кейбір нотариалдық әрекеттерді жасаудың тәртібі.....  | 277 |
| <b>13 ТАРАУ. Қазақстан Республикасының адвокатураның</b>  |     |
| 13.1. Адвокатураның қалыптасуы және дамуы. Оның қызметі және ұйымдастырылу принципі.....            | 282 |
| 13.2. Адвокат және оның құқықтық мәртебесі. Адвокатураның ұйымдық құрылымы.....                     | 289 |
| 13.3. Адвокаттар көрсететін заң көмегінің түрлері.....  | 296 |
| <b>14 ТАРАУ. Шет мемлекеттердің құқық қорғау органдары</b>  |     |
| 14.1. Әлемнің негізгі құқықтық жүйелері.....  | 304 |
| 14.2. Америка Құрама Штаттарының құқық қорғау органдары.....  | 306 |
| 14.3. Ұлыбританияның құқық қорғау органдары.....  | 311 |
| 14.4. Францияның құқық қорғау органдары.....  | 314 |
| 14.5. Германия Федеративтік Республикасының құқық қорғау органдары.....                             | 317 |
| 14.6. Жапонияның құқық қорғау органдары.....  | 321 |

|  |            |
|--|------------|
| 14.7. ТМД елдерінің құқық қорғау органдары.....  | 323        |
| <b>15 ТАРАУ. Құқық қорғау органдарының<br/>халықаралық-құқықтық ынтымақтастығы</b>   |            |
| 15.1. Халықаралық ынтымақтастықтың құқықтық базасы.<br>Шет елдердің құқық қорғау органдарымен халықаралық<br>ынтымақтастықтың маңызы мен міндеттері..... | 327        |
| 15.2. Құқық қорғау органдарының қылмыскерлікпен күрес<br>саласындағы халықаралық ынтымақтастығы.....   | 333        |
| 15.3. Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету<br>туралы тапсырмаларды қарау тәртібі.....  | 341        |
| <b>Бағдарлама «Қазақстан Республикасының<br/>құқық қорғау органдары» оқу курсы.....</b>  | <b>345</b> |
| <b>Нормативтік актілер мен әдебиет.....</b>  | <b>351</b> |

*Сағындық Кемалұлы Жүрсімбаев*

**Қазақстан Республикасының  
құқық қорғау органдары**

*Оқулық*

*Редакторы Б. М. Джампеисова  
Аударған С. Ж. Әжібаев  
Беттеуші А. А. Сляднева  
Дизайн А. В. Милованов  
Оператор Б. С. Нұсипбекова*